Для определения жизненной емкости легких используется прибор - спирометр. У нас такого прибора нет. Но в интернете я увидела самодельный спирометр и решила его изготовить, чтобы провести исследование ЖЕЛ у одноклассников.

Для изготовления спирометра я использовала пластиковую бутылку 1.5 л, мензурку, воду. С помощью мензурки отмеряла по 200мл воды, выливая в бутылку, делала отметки маркером. Вот таков самодельный «спирометр».

Для определения объема легких «спирометр» заполняется доверху водой, закрывается горлышко пальцем, переворачивается и опускается в чашку с водой. Горлышко открывается, вода не выливается, так как этому препятствует атмосферное давление. В горлышко бутылки вставляется трубка [2].

Испытуемый набирает воздух в легкие и дует в трубку. По количеству вытесненной воды можно определить объем легких – это показатель ЖЭЛ.

Каждый человек имеет должную жизненную емкость легких ДЖЕЛ в зависимости от своих физических данных (возраста, роста, веса, пола). Для подростков она рассчитывается по следующим формулам:

мальчики: ДЖЕЛ (л) = 4.53 Р - 3.9

девочки: ДЖЕЛ (л) = 3.75 Р - 3.15, где Р - рост, м

Для исследования легочного объема в качестве испытуемых выступили мои одноклассники и я сама в том числе. Всего 11 человек (4 мальчика, 7 девочек).

Исследование заключалось в том, что мы измерили объем легких с помощью самодельного спирометра (ЖЕЛ).

Измерили рост каждого. Эти данные я использовала для того, чтобы определить должную емкость легких (ДЖЕЛ) по формулам. Все данные были занесены в таблицу. Произведен анализ, сделаны следующие выводы:

Каждый испытуемый имеет свои индивидуальные показатели. Показатели у всех в норме или выше нормы.

У некоторых девочек показатели намного выше нормы (возможно, связано с их занятиями в спортивной секции). Физическим показателем дыхания является его частота - количество вдохов за 1 минуту.

Частота дыхания увеличивается от физической нагрузки. Чем лучше тренированность, тем меньше различия показателей до и после нагрузки. Для проверки данного утверждения проводилась работа с той же группой испытуемых. Работа состояла в следующем: определяли количество вдохов-выдохов за 1 минуту.

Выполняли физические упражнения: девочки - 30 приседаний, мальчики – отжимов от пола в течении 30 сек. Посчитали частоту дыхания после нагрузки.

Эксперимент повторили 3 раза, нашли среднее значение. Определили разность между частотой дыхания в спокойном состоянии и после нагрузки.

Сделали вывод: каждый испытуемый имеет свои показатели частоты дыхания. Среднее значение 20, что соответствует норме. После нагрузки частота увеличивается (среднее значение 36). Различия в показателях оказались меньше у тех, кто занимается в спортивной секции.

Физическим показателем дыхания и состояния дыхательной системы является время задержки дыхания на вдохе (проба Штанге) и на выдохе (проба Генчи). Работа проводится в парах. Отмечается время задержки дыхания в секундах. Проба проводится после трех глубоких вдохов. Испытуемый делает глубокий вдох и задерживает дыхание, насколько сможет, зажав при этом нос. Экспериментатор, пользуясь секундомером, определяет время от момента задержки дыхания до момента его возобновления.

Время задержки дыхания на выдохе – проба Генчи. По команде после обычного выдоха испытуемый делает глубокий выдох и задерживает дыхание, насколько сможет, зажав при этом нос. Испытатель, пользуясь секундомером, определяет время от задержки дыхания до момента его возобновления [3].

Проведя испытания со своей группой, записав показания в таблицу, сравнила с нормальными показателями данных проб для подростков.

Анализ показал, что Проба Штанге – время задержки дыхания на вдохе у всех испытуемых ниже нормы. Проба Генчи – время задержки дыхания на выдохе – у всех испытуемых или в



норме, или выше нормы. Участникам эксперимента было предложено тренировать дыхание с помощью несложных упражнений.

В результате проведения исследовательской работы я узнала много нового и интересного о дыхании. Расширила свой кругозор, пополнила знания. Убедилась, что законы физики объясняют биологические процессы. С помощью несложных экспериментов оценивался уровень состояния дыхательной системы испытуемых, делались сравнения, выводы. В этом участвовали мои одноклассники, и, думаю, им было тоже интересно. Я изготовила модель легких для лучшего понимания процесса дыхания, спирометр для определения ЖЭЛ.

Думаю, что практическая значимость работы в том, что материалы исследования способствуют целостному представлению как об организме человека, так и единстве законов природы. Способствуют пропаганде здорового образа жизни. Полученные результаты можно использовать на уроках физики, биологии, физкультуре и во внеклассной работе.

### Литература:

1. <https://pulmono.ru/drugie/dyhanie/printsipy-i->
2. <https://medboli.ru/dyhatelnaya-sistema/ /что-такое-zhiznennaya-emkost-legkih-i-kak-ee-izmerit>
3. <https://megalektsii.ru/s59972t1.html>
4. [https://vuzlit.ru/74654/biofizicheskie\\_osnovy\\_dyhaniya](https://vuzlit.ru/74654/biofizicheskie_osnovy_dyhaniya)
5. <https://ru.wikipedia>.

### БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯ

Бестөбе кенті №1 орта мектебі, 10 сынып оқушысы

Қызыр Аружан

Бестөбе кенті №1 орта мектебінің физика мұғалімі

Дуйсенова Қымбат Рамазановна

[akhmetova\\_kymbat@mail.ru](mailto:akhmetova_kymbat@mail.ru)

Елбасы Қазақстан-2050 Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауында: «Біз энергияның баламалы түрлерін өндіруді дамытуға, Күн мен Желдің энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз» - деген болатын.

Қазір энергиясыз тіршілік жоқ. Бүгінгі ғылыми өрлеумен техникалық шарықтау осыны дәлелдеп отыр. Сол сияқты энергетика өнеркәсіптің өрлеуіне ғана емес, барлық салалардың өсіру мен ілгерлеуіне әсер етеді. Сонымен бірге қазіргі заманда энергияның тапшылығы тек мамандарды ғана емес, жұртшылықты да толғандырып отыр. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай «Энергетикалық тапшылық – бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі». Сол сияқты әлемнің пайдалы қазбалар қоры азайып келеді, енді бір 40-50 жыл өткенде түгесіледі деген әңгіме қазір ғалымдарды сан-түрлі ойға жетелеуде. Өйткені соңғы жылдары дүние жүзі халықтары энергияны көп мөлшерде қолданылуда. Жалпы қоғамның дамуымен ғылыми - техникалық прогрестің тек ғана осы энергия көздері арқылы іске асырылатыны кімге болса да белгілі. Энергетика саласы әр елдің стратегиялық маңызды салаларының бірі болып саналады. Оны өндіру, жеткізу және үнемдеуде алға шыққан ел дамыған елдердің қатарында тұрады.

Бүкіл әлем ғалымдары мен инженерлері ізденістің арқасында баламалы энергия көзін табуды мақсат етіп қойды. Ол сарқылмайтын қалпына келтіретін энергия көздері деп аталады. Оған жел, күн энергиясы, геотермиялық энергия, биомасса, су ағынының энергиясы, мұхиттардағы тасу мен қайту кезіндегі судық көтерілуінен болатын энергиясы жатады. Қалпына келтіретін дәстүрлі емес энергия көздерінің ерекшелігі қор көздері ешуақытта сарқылмайды және экологиясы таза. Бұларды пайдалану табиғат байланыстарын бұзбайды.

Энергия (грек. Energeia- әсер, әрекет)- материя қозғалысының әр түрлі формасының жалпы өлшеуіші. Материя қозғалысының әр түрлі формалары бір-бірінен айналып тұрады. ХІХ ғасырдың орта шенінде осы қозғалыстың барлық формалары бір-біріне белгілі бір сандық мөлшерде ғана

айналатындығы анықталды. Осы жағдайда «Энергия» ұғымын енгізуге, яғни қозғалыстың әртүрлі физикалық формаларын бірыңғай өлшеуішпен өлшеуге мүмкіндік береді. «Энергия» ұғымы сақталу заңына бағынады.

Энергия туралы түсінік мәңгі қозғалыс жасаудың мүмкін еместігін дәлелдеуге байланысты пайда болды. Жұмыстың қоршаған ортадағы немесе жүйедегі белгілі бір өзгерістің нәтижесінде ғана орындалатыны анықталды. Дененің бір күйден басқа бір күйге ауысуы кезіндегі белгілі бір жұмыс істеу қабілеті оның энергиясы деп аталады. Қозғалыстың әртүрлі формасына сәйкес энергияның да бірнеше түрі бар (мысалы, механикалық энергия, химиялық энергия, электромагниттік энергия, гравитациялық энергия, ядролық энергия, т.б.) Физиканың даму процесінде энергия ұғымы нақтыланып әрі жалпыланып отырды.

Денелер мен заттар өз жұмыстарын мүмкіндігінше ұзағырақ атқаруы үшін оларға энергияны толықтырып отыру, яғни энергия көзін пайдалануы қажет деген тұжырым жасауға болады. Энергия көзі – адамзат баласына тіршілік үшін қажетті энергия алуға мүмкіндік беретін заттар немесе табиғи үдеріс.

Баламалы энергия көздерін іздеудің бүгінгі күні маңызы артып отыр. Энергияны шеткен тыс пайдаланудан бүгінде жер бетінде жахандық жылыну үрдісі жүруде. Ал жер бетіндегі температураның көтерілуі, жахандық жылыну бүгінде әлем елдерінің басын қатырып отырған мәселе. Осы орайда баламалы энергия көздерін табу, табиғаттың өзін энергия көзі ретінде пайдалануға ынта жоғары болып отыр.

Энергия тапшылығы балама энергия көздерінің дамуына алып келеді. Бірақ балама энергия көздері дәстүрлі энергия көздерін толық алмастыра алмайды. Энергетикалық қорларға бай ел басқа елдер үшін нысанға айналды. Мұнай және газ үшін елдердің арасындағы қарым-қатынастар шиеленіске түсуде. Энергияның сарқылатын ресурстардан алынатын түрі бір күні бітетіні белгілі. Сондықтан әлемде балама энергия көздерін дамыту, энергияны тиімді пайдалану, оны пайдалануды басқару өзекті мәселеге айналып отыр.

Баламалы энергетика - энергияны дәстүрлі қазба көздерінен (көмір, мұнай, газ) емес, Күннен, геометриялық көздерден әрқалай температураны және т.б пайдалану арқылы алу. Оған энергияның аралас көздері де енеді. Дәстүрлі энергетикаға қарағанда, баламалы энергетика көздерінің бір бөлігіне экологиялық сыйысу тән. Баламалы энергетиканың мақсаты- туындаған проблеманы шешудегі энергетикалық сұранысты қанағаттандыра алатын энергия көзі - жел, биогаз, күн энергияларын пайдалану.

Күн энергетикасы дегеніміз - дәстүрлі емес энергетика бағыттарының бірі. Ол күннің сәулеленуін пайдаланып қандай да бір түрдегі энергияны алуға негізделген. Күн энергетикасы энергия көзінің сарқылмайтын түрі болып табылады, әрі экологиялық жағынан да еш зияны жоқ. Күн энергиясы арқылы тікелей жылытуға немесе фотоэлементтер көмегімен энергияны қайта өңдеу арқылы электр энергиясын алуға не басқа да пайдалы жұмыстарды атқаруға болады.

Қазіргі таңда күн энергиясын тікелей электр энергиясына айналдыратын құрылғы - күн батареясын ойлап тапты. Күн батареясы немесе фотоэлектрлік генератор – Күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына айналдыратын шала өткізгішті фотоэлектрлік түрлендіргіштен (ФЭТ) тұратын ток көзі. Көптеген тізбектей-параллель қосылған ФЭТ-тер Күн батареясын қажетті кернеу және ток күшімен қамтамасыз етеді. Жеке ФЭТ-тің электр қозғаушы күші 0,5-0,55 В-қа тең және ол оның ауданына тәуелсіз (1 см<sup>2</sup> ауданға келетін қысқа тұйықталу тогының шамасы – 35-40 мА). Күн батареясындағы ток шамасы оның жарықтану жағдайына байланысты. Яғни күн сәулелері Күн батареясы бетіне перпендикуляр түскенде, ол ең үлкен мәніне жетеді. Қазіргі Күн батареяларының пайдалы әсер коэффициенті – 8-10%, олай болса 1 м<sup>2</sup> ауданға тең келетін қуат шамамен 130 Вт-қа тең. Температура жоғарылаған сайын (25°С-тан жоғары) ФЭТ-тегі кернеудің төмендеуіне байланысты Күн батареясының пайдалы әсер коэффициенті кеміп, Күн батареяларының жиынтық қуаты ондаған, тіпті жүздеген кВт-қа жетеді.

Күн батареясы ғарыш кемелері мен аппараттарында электр энергиясының көзі ретінде қолданылады. Күн батареясы сондай-ақ, тұрмыс пен техникада қолданылатын көптеген бұйымдарды (калькулятор, қол сағаты, т.б.) токпен қоректендіру көзі болып табылады.

Күн, жел энергетикасы сынды қуат көздерін дамыту бүгінгі күннің басты қажеттілігіне айналып келеді. Тіпті, елімізде өткен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне ұсынылған тақырып та осыған орайлас, яғни, «Болашақтың энергиясы!»

Қорыта келгенде, энергия көздерінің пайдалануы адамзатқа да, пайдалы қазбаларға тиімді болып келеді. Өйткені, адамзат балама энергетика көздері арқылы энергияны үнемдеп отырады. Ал, энергия көздерінің арқасында пайдалы қазбаларды көп мөлшерде қолданбауға да болады.

Жел, күн, биогаз энергиялары- құндылығы ерекше бізге табиғаттың берген сыйы десе де болады. Осы балама энергия көздерін пайдалану көмегімен энергияны қайта өңдеу, электр энергиясын алуға да және басқа да пайдалы жұмыстарды атқаруға болады. Себебі, балама энергия көздері- сарқылмайтын ресурстар болып табылады. Сонымен қатар балама энергия көздерін пайдалану - экологияға, қоршаған ортаға жақсы әсерін тигізеді. Яғни, қоршаған ортаға зияны жоқ деп те айтуға болады. Пайдалы қазбаларды үнемдеуге қолайлы тәсілдің бірі.

Энергияны үнемдей отырып, экологияға зиянымызды тигізбейік!

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. П.С. Непорожний, В.Н.Попков. Элемнің энергетикалық қорлары. (1995ж.)
2. В.С.Лаврус. Энергия көздері. (1997ж.)
3. Интернет материалдары.

## СОЗДАНИЕ ПРИБОРА-СИГНАЛЬНАЯ КНОПКА ДЛЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ИГР

Миллер Д.А.  
ученик 8 класса, ШГ №1, г.Щучинск  
Кашкинова Р.А.,  
учитель физики, ШГ №1, г. Щучинск  
[r.kashkinova@gmail.com](mailto:r.kashkinova@gmail.com)

*«Жизнь — как вождение велосипеда.  
Чтобы сохранить равновесие, ты должен двигаться»  
Альберт Эйнштейн*

### «Создание прибора-сигнальная кнопка для интеллектуальных игр»

рассчитан на то, чтобы привлечь, как можно больше детей для участия в интеллектуальных играх. Интеллектуальные игры пользуются все большей популярностью во всем мире, это одно из любимейших форм организации досуга. Немаловажную роль играют атрибуты игры. В связи с этим наша работа была посвящена созданию сигнальных кнопок своими руками.

**Гипотеза:** повысить интерес к учебно-познавательной деятельности учащихся, по сравнению с существующей деятельностью, возможно, если:

- 1.будет создан прибор-сигнальная кнопка для интеллектуальных игр, который можно применять на уроках и внеклассных мероприятиях;
- 2.будет более эффективным способ определения очередности ответов команд и не будут возникать конфликтные ситуации.

**Актуальность** создания сигнальной кнопки заключается в растущей популярности интеллектуальных игр среди молодежи и участие в них. С одной стороны, интеллектуальные игры это массовая, развлекательная культура, а с другой-стремление к знаниям. Ведь именно они позволяют не только расширить кругозор, но и развивать творческие способности, смекалку и находчивость. Поэтому в наше время и возникает необходимость в различных атрибутах игры. Но приобретение профессиональных систем для интеллектуальных игр не только проблематично в некоторых местностях, но и дорого. А созданный прибор не требует особых затрат и, что немаловажно его можно сделать с минимумом затрат и самостоятельно. Кроме того, прибор поможет не только организовать игру, но и провести её без споров и конфликтов. Хотелось бы отметить, что в процессе создания сигнальной кнопки, мне невольно пришлось расширить кругозор по темам электричества и я стал разбираться в простейших схемах, а также узнал о современных брейн-системах.

Перед началом работы, как и полагается мной были изучены и проанализированы большое количество литературных источников и электронных ресурсов. Из всего многообразия исследований, хотелось бы выделить такие труды как:

- Проект «Quiz BuzzerButtons» Рона Провиса, участника сайта Thingiverse
- Учебное оборудование по физике в средней школе
- [igra-express.ru/.../\\_istema-dlya-intellektualnyx-igr-brainsystem-pro-na-8-komand/](http://igra-express.ru/.../_istema-dlya-intellektualnyx-igr-brainsystem-pro-na-8-komand/)
- <https://habr.com/ru/post/394359/>
- [https://ru.wikipedia.org/wiki/Интеллектуальная\\_игра](https://ru.wikipedia.org/wiki/Интеллектуальная_игра)

Это натолкнуло меня на вывод, что для интеллектуальной игры в школе, можно применить простые в создании и недорогостоящие сигнальные кнопки, которые можно изобрести собственноручно.

Для чего же нужен такой незамысловатый прибор? Ответить на данный вопрос нам помогла проведённая среди учащихся интеллектуальная игра соревновательного характера. В данной игре мы не использовали кнопку и что же оказалось:

во-первых, было трудно определить, какая команда первой подавала сигнал для ответа, в связи с чем возникают споры.;

во-вторых, даже если бы мы хотели использовать сигнальный прибор во избежание всякого рода споров, то сейчас не всегда можно найти подобные устройства для викторин.;

ну и в-третьих, создание сигнальной кнопки, использование в различного рода играх, на данный момент, актуально.

Само создание сигнальной кнопки включает несколько этапов:

- 1.знакомство с темами по физике, касающиеся принципа работы устройства.
- 2.поиск материала для создания кнопки с учётом его стоимости.

Ценовой фактор немаловажен, так как наша цель создать прибор, затраты на изготовление которого будут меньше стоимости коммерческого. Для создания сигнальной кнопки мной были использованы следующие приборы и детали:

- 1.Электрические провода сечение 2 мм<sup>2</sup>, длиной 4 м – 200 тенге;
- 2.Звуковой охранно-пожарный извещатель (2 шт.)– 900 тенге за 1 шт.;
- 3.Блок питания на 12Вольт универсальный от ноутбука 600 тенге;
- 4.Кнопка выключатель (2 шт.) – 200 тенге за 1 шт.;
- 5.Пластиковые бутылки емкостью 1 литр диаметром около 80 мм;

В сумме нам потребовалось 3000 тенге.

Для того, чтобы создать прибор, необходимо было соединить звуковой и световой сигналы, и я решил использовать охранно-пожарный извещатель, который применяется для внутренних помещений зданий. Первоначально я попытался в качестве источника использовать батарейки, но их мощность была недостаточна для работы извещателя. Поэтому я применил блок питания на 12В от неработающего ноутбука (можно также использовать зарядное устройство для сотовых телефонов). Кнопки выключатели и провода приобрел в магазине электротоваров.

Теперь необходимо было продумать и нарисовать схему цепи. Так как раздел электричество мы еще не проходили, консультации получил от учителя физики и также самостоятельно изучил темы «Электрических соединений» в учебниках и интернете.

Затем в пробке пластиковой бутылки просверлил отверстие по диаметру кнопки и закрепил в отверстии кнопку, зафиксировав её контргайкой. Отрезав от пластиковой бутылки верхнюю часть высотой 110 мм, завернул пробку с кнопкой предварительно просунув электрические провода в горлышко. После чего, установив аккуратно провода, надел отрезанную верхнюю часть пластиковой бутылки на охранно-пожарный извещатель. Пластиковая бутылка служит также для уменьшения звука, если же звук недостаточно громкий, то можно просверлить в бутылке отверстия. Так как в извещателе используются светодиоды, то надо правильно подключить электропровода к источнику питания (блоку питания). Принцип действия сигнальной кнопки довольно прост. Блок питания подключается к сети и при нажатии кнопки, извещатель издает звуковые и световые сигналы.

Созданная нами кнопка апробировалась при проведении интеллектуальной игры «Где логика?» среди учащихся 9-11 классов, «Счастливый случай» в 9-10 классах при проведении декады естественно-математического цикла, во внеклассных мероприятиях по географии в классах среднего звена. Игры проходили очень увлекательно. Участники игры показали хорошие знания предметов., а что касается конфликтных ситуаций, то они отсутствовали.

В заключении, хотелось бы отметить, что создание новых приборов принесет пользу учащимся, так как научит не только делать вещи своими руками, но познавать физические законы и явления. В будущем, я думаю, это поможет без особых трудностей разобраться в работе и устройстве машин, приборов, станков, и другой техники. Как показала практика, стоимость самодельных приборов намного меньше коммерческих. В ближайшем будущем, я планирую усовершенствовать сигнальную кнопку, сделав ее беспроводной и включить систему прерывания. Для этого мне потребуются знания радиоэлектроники, поэтому в этом году я записался в кружок радиотехники. Надеюсь у меня все получится.

### Литература:

1. Википедия – свободная энциклопедия. Режим доступа <https://ru.wikipedia.org>
2. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Интеллектуальная\\_игра](https://ru.wikipedia.org/wiki/Интеллектуальная_игра)
3. Учебное оборудование по физике в средней школе. Под редакцией А.А Покровского «Просвещения», 1973
4. Учебник по физике А. В. Перышкина, Е. М. Гутник «Физика» для 9 класса;
5. Учебник по физике 10кл., авторы Б. Кронгарт, В.Кем, Н. Койшибаев.
6. Физика: Справочные материалы: О.Ф. Кабардин Учеб. пособие для учащихся. – 3-е изд. – М.:Просвещение, 1991.
7. Творческие задания по физике в 6-7 классах, Р.И Малафеев 1991.
8. <https://habr.com/ru/post/241407/>
9. [igra-express.ru/.../sistema-dlya-intellektualnyx-igr-brainsystem-pro-na-8-komand/](http://igra-express.ru/.../sistema-dlya-intellektualnyx-igr-brainsystem-pro-na-8-komand/)
10. <https://habr.com/ru/post/394359/>

### СУ ҚҰБЫРЫ

Аршалы ауданы Ж. Тәшенов мектебінің 8 сынып оқушысы  
Накипбеков Асан Ерланович.  
Аршалы ауданы Ж. Тәшенов мектебінің физика пәні мұғалімі  
Игиликова Г.Е.  
[G02121965@mail.ru](mailto:G02121965@mail.ru)

Күнделікті тұрмыста жақсы өмір сүру үшін, алдымен ыңғайлы баспанамыз, тіршілікке қажетті қорымыз, қаражатымыз болуы керек. Ол үшін әр адам оқып үйренеді, білім алады, дамиды. Кез-келген адамзат тіршілік нәрі су мен ауа екенін біледі. Бірақ әрбір пайдаланған дүниеміздің қайтымы бар сұрауы мен есебі бар екенін білгенімізбен кейде оған мән бере бермейміз.

Мен мектепте алған біліміме сүйене отырып, өзім тұратын ауданда әрдайым су тапшылығы қиындық туғызады, оны шешудің қандай жолдары бар екен деп қарастырдым. Қазір адамдар технология дамыған заманда өзіне үй тұрғызып, оған су, электр энергиясын ыңғайлы етіп, өз қолымен жасай алады. Жер бетінде су қоры көп, бірақ - ауыз су тапшылығы, су тазалығы нашарлауынан денсаулық бұзылуы өте көп. Кейде ауылда су тапшылығы болып тұрады. Бір құбырлардың ақауынан ауданымызда бірнеше рет су болмай қалған уақыттар болған еді. Бұл әсіресе ыстық кездерде қиындық туғызды, адамдар ауыз суды дүкендерден сатып

алды,суға сұраныс ұлғайғаннан нарықта кейбір сауда орындары судың бағасын көтерме бағамен сатыпта жатты. Көп қабатты үйлерде кәріз құдығы су айналып тұрмағаннан гигиеналық жағдайы төмендеп иісі шығып, ауаны ластады.Су тасымалдайтын көліктер алып келген су құрамының тазалығы дұрыс болмағандықтан уақытша болсада ішек инфекциясы аурулары пайда болған кездері болды.Су тапшылығы қиындығы бала бақшалар мен мектепте зиянын тигізеді.Қандай да бір тығырықтан шығудың көздерін ойлап табуға болады. Ол үшін білім, тапқырлық, шыдамдылық қажет деп ойлаймын. «Судың да сұрауы бар»-демекші, осындай қиындықтардан шығу жолдары туралы ойландым.Болашақта ата-анаммен отбасыма жақсы үй тұрғызу, ол үйде барлық жағдайды тиімді тәсілмен жасау, таза су ішу, табиғи су көзін ысырап етпей үнемдеу, еңбек етіп тапқан қаражатымды да үнемдеу, білім деңгейімді кеңейту арқылы электр энергиясының баламалы көзін ойлап табу. Суға төлеуге, кәріз құбыры құдығын тартуға, электр энергиясына кететін қаражатты шығындамай үнемдеу.

*Мақсатым: қаражатты да суды да тиімді қолдану.* Физика пәнін өте бастағанда қысым тарауына байланысты су құбырының ережелерін үйрендім, су бұрқақты қалай жасауға болатын ережелерін үйрендім.Әрі қарай, үйтұрғызуға қажетті құрылыс материалдарын қалай таңдау қажеттігін үйренемін.Сызу пәні ережелерін пайдаланып үйдің жобасын сызып үйренемін,түп нұсқалық құрылыс төлқұжатын жасауды үйренмін.Бұрын 5-6 жас кезімде бала бақшада ойлайтынмын еліміз айналада өзен-көлдер мен теңізге бай ел деп жатады, бірақ неге ішуге су жетіспейді екен деп. Кейіннен біле бастадым: - табиғи суды сыртқы түріне қарап таза су деуге болмайды екен, себебі оның құрамында әртүрлі қоспалары бар екен:

су құрамы: а) қоспалар еритін ә) қоспалар ерімейтін болып екіге бөлінеді екен.

Осыған дейін су туралы өзім оқып танысқан және жинақтаған мәліметтеріммен бөлісем:

#### **Суға химиялық сипаттама:**

Су - табиғатта ең көп таралған зат.

Су - тіршілік көзі.

Су – адам өміріне қажетті оттегіден кейінгі 2-ші орын алатын маңызды қосылыс.

#### **Суға биологиялық сипаттама:**

Су- биосфераның ең маңызды элементі.

Су - өлі және тірі табиғат арасындағы зат алмасу процесінде маңызды рөл атқарады.

Жер бетінде тіршілік ең алғаш сулы ортада пайда болды.

#### **Сандық және сапалық мәліметтер:**

Су -жер бетінің 77,5%-н алып жатыр.

Су -жер шарының  $\frac{3}{4}$  -бөлігін құрайды.

Тірі ағзаның 60-70%-н,ал өсімдіктердің 90%-ы судан тұрады.

Адам организміне тәулігіне ең аз дегенде 2,5 л су қажет

Адамдар мен жануарлар организмі $\frac{2}{3}$ бөлігі су.

Ерте кезде адам басына тәулігіне 12-18 л су пайдаланылса, ХХ-ғасырдан кейін оның шамасы орта есеппен 200-400 л жетті.

#### **Су өнеркәсіпте:**

Судың көбі өнеркәсіпте жұмсалады:

1 т қағаз алуға – 250 т су,

1 т химиялық талшыққа – 1500 т су,

1 т мақта өсіруге – 1000000 т су жұмсалады.

Қосымша –жуыну, кір жуу, бақша өсіру қажеттіліктері бар.

#### **Суға географиялық сипаттама:**

Жер асты суы- Жер қыртысының жоғарғы бөлігіндегі сулар.

Су өткізгіш қабат-құм,қиыршық тас,малта тастар.

Су өткізбейтін қабат- саз,гранит,құмтас,сазды тақта тастар.

Еспе су- Жер бетінен есептегенде су өткізбейтін бірінші қабатқа дейінгі су.

Артезиан суы-Жердің терең қабатындағы қысымды су.

#### **Су құбыры :**

Суды тазартып, халыққа жеткізіп отырған-су құбырлары. Су құбырларының арқасында халық таза сумен қамтамасыз етіліп отыр.

**Қорытынды:** Менің болашақтағы үй құрылысымның жобасы –іргетасынан (фундаменттен) басталады. Үй жылы болу үшін және құбыр бөліктері кедергі келтірмеу үшін іргетасын жасағанда топырақты қазыңқырап іргетасын биіктеу етіп жасаймын.

Жер асты суын үйге дейін кіргізу және тұтынған су қалдығын қолданатын қосымша көзге арналған құрылғы жүйесі мынадай бөліктерден тұрады: (1-ші суретке қараңыз)

- 1) Жер асты суын көтеруге арналған су сорғысы
- 2) Су жинағыш-резервуар
- 3) Су тұндырғыш
- 4) Дезонатр –суды мөлшерлегіш
- 5) I-ші сүзгі
- 6) Су жинағыш
- 7) Су жинағыш
- 8) II-ші сүзгі
- 9) Лас суды тастауға арналған стояк
- 10) Су жылытқыш
- 11) Жылы және салқын су қоры
- 12) Үйдің ішкі бөлігінде тұтыну көздері
- 13) Қалдық суды тұндыру және қайта өңдеуге арналған реттегіш бөліктері.

Бұдан: табиғи су көзін үнемді пайдалануды- үй ішінде тұтынып кәріз құдығы арқылы ағып шыққан суды тазартып, қайта өңдеп, қажетті жерге пайдалануды мысалы, егін суаруға, су бұрқақ жасауға(фонтан), ауладағы жаздық шомылуға арналған және дәретханаға арналған су ретінде тұтынуды үйренеміз. Алғашқы кезде суды тасымалдауға XVIII-XIX –шы ғасырларда қыш немесе ағаш құбырлар пайдаланылған, 1933-35 жылдардан кейін темірбетон және керамика қолданыла бастады, кейіннен темірден жасалған құбырлар, ал қазір соңғы кезде қолжетімді түрі пластиктен жасалған құбырлар қолданылып жүр.

Сырттан келетін суға және кәріз құдығына төлеуге арналған қаражатты тұрғын үй коммуналдық мекемесіне (КСК) шығындамай-ақ өз қалтамызда қалдыра аламыз. Орта есеппен бір айлық шығынға есептеу жүргізіп көрдім: (ауылдық жер үшін есеп)

сулар	V= 1 м <sup>3</sup>	30 күнге (1 ай) орта есеппен	шығын	үнемделді
таза су	30 тг	$V = 5 - 7 \text{ м}^3 * 30$	150-210 тг	4000-5300 тг
кәріз суы	700 тг	$V = 5 - 7 \text{ м}^3 * 700$	3500-5000 тг	


Вакуумдық немесе тереңдік(глубинной) сорғы таңдап алынады. Суды үйдің ішіне дейін жеткізуге диаметрі 15-20 мм құбыр сатып аламын. Үйден қалдық суды шығаруға 40 мм, кәріз құдығына 110 мм құбырлар таңдап аламын. Тұтынылып шыққан қалдық суды екі ыдыста реттеп, тазалап бау-бақша суаруға, аулада су бұрқақ жасауға пайдалануға болады. Сүзіп алу құралын қойсақ кәріздің (септик) қатты шығындыларын 6-7 айда бір ақ рет тартқызамыз, сүзіліп шыққан судың кейбір бөлігі жер қойнауына ағып кетеді. Жер асты суы әрдайым ағын су болғандықтан олар шайылып кетеді. Біздің ауданымызда әртүрлі тереңдіктен су көтеріледі шамамен 5-8 метр тереңдіктен. Осылай етіп бір сорғыдан көрші 2-үйге жалғауға да болады.

### Түйін:

«Салауатты ұрпақ ел ертеңі» десек, деніміз сау болуы үшін таза су ішуіміз керек.

**Санитарлық жағдай туралы:** Су құбырлары алыстан тасымалданғанда топырақ астында жауын-шашын суларынан құбырлар коррозияға ұшырайды тозады, кейде сарғыш түсті лайланған су келеді, сондықтан өз су құбырымыз болғаны жөн.

Су қоры-халық байлығы. Жер бетінде тұщы су қоры өте аз. Планетада адамзат тұщы суды жыл өткен сайын көп мөлшерде тұтынуда. Адамзаттың денсаулығы таза су ішіп, салауатты өмір салтын сақтау. Ұқыптылықпен жасаған әрбір жұмыс нәтижеге жеткізеді деп сенемін.



### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К.Торғауытов, У.И.Кенесариев, Т.С.Хайдарова Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Шымкент. “Ғасыр-Ш”, 2005 жыл. [ISBN 9965-752-06-0](#)
2. Физика және астрономия. - Алматы: Атамұра,2007.[ISBN 9965-34-634-8](#)
3. Бейсенова Ә., Самақова А., Есполов Т., Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Алматы, «Ғылым»,2004.
4. «Экология және қоршаған ортаны қорғау» 2006 жыл Асқарова Н.И
5. Мамышев М. Қазақстандағы жердің экологиялық жағдайы // Жаршы, 2000
6. Семин В.А. Основы рационального водопользования и охрана водной среды. М., Высшая школа, 2001.-320 бет
7. Калицун В.И., Кедров В.С.и др., Гидравлика, водоснабжение и канализация. - М.: Высшая школа, 2004.-397 бет.
8. СНиП РК. Водоснабжение. Наружные сети и сооружения. - Астана, 2002- 216 бет.
9. Прозоров В.И. Николадзе Г.И. Минаев А.В. Гидравлика, водоснабжение и канализация городов. - М.: Высшая школа,1990.-252 бет.
10. Жумагулов Н.Ж. Водоснабжение. -Алматы: БШМ, 1995.
11. СНиП РК 4.01-41-2006. Внутренний водопровод и канализация зданий. Комитет по делам строительства МИИТ РК. Астана, 2007.- 50 бет.
12. Справочник проектировщика. Внутренние санитарно-технические устройства. В 4-х ч. 4.2. Внутренний водопровод и канализация. Под ред. И.Г.Старовойрова и Ю.И. Шиллера. 4-е изд., перераб и доп. - М.: Стройиздат, 1990. - 247 бет.
13. 7 сынып физика оқулығы Р.Башарұлы. Алматы «Атамұра» 2017 ж. ISBN 978-601-306-737-7.
14. В.М. Ударцева «Мой дом» Алматы-2009 ж.

### ФИЗИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

ДБАОММИ №2, Нұр – Сұлтан қ., 7 сынып оқушысы  
 Серикова Камила  
 ДБАОММИ №2, Нұр – Сұлтан қ., физика пәні мұғалімі  
 Тойшыбекова Дамеш Жаханқызы  
[damesh.t@mail.ru](mailto:damesh.t@mail.ru)

Табиғат әлемі адамдардың тіршілік ету ортасы. Ал, адамдар табиғатсыз өмір сүре алмайды. Техникалық үдерістің, экономиканың, жалпы адамның шаруашылық іс-әрекетінің қауырт дамуы, айналадағы ортаға үдемелі, көбіне бүлдірушілік сипатта әсер етуде. Адамның табиғатқа әсері мыңдаған жылдар бойында қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай-ақ, топырақты,



су көздерін, ауаны лаптау арқылы жүзеге асуда. Бұл табиғат ахуалының күрт төмендеуіне әкеліп соқты, көп жағдайларда орны толмас зардаптарды қалдырды. Экологиялық дағдарыс шын мәніндегі қауіпті төндіріп отыр: іс жүзінде тез өріс алып бара жатқан дағдарыстық жағдайларды кез келген аймақтардан көруге болады. Жұтатын ауамыз, ішетін суымыз, жейтін тамағымыздың құрамында улы заттар көбейді. Заводтардан шығатын қалдықтар сүзгіден дұрыс өткізбестен ауаға таралып, осының нәтижесінде өкпе, рак, жүрек, психикалық аурулар саны көбейіп барады. Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, аурулардың 80-90% ішетін асуынан және жұтатын ауадан туындап отырғаны көрінеді.

Қоршаған табиғи ортаның ластануы — қандай да бір экологиялық жүйеге (биогеоценозға), ондағы заттектердің айналымы мен алмасу процестерін, энергия мен ақпарат ағынын үзетін немесе өзгертетін, аталған экожүйенің бұзылуына әкеліп соғатын, оған тән емес жанды немесе жансыз компоненттердің, физикалық немесе құрылымдық өзгерістердің енгізілуі.

Ал, қоршаған ортаны қорғау – адамзаттың алдында тұрған басты проблемалардың бірі. Табиғатты қорғау тақырыбымен жеке таныстыруда физика сабағының да мүмкіндіктері көп. Мұның өзі физикалық заңдар мен құбылыстардың мәнін ашып, сабақтың қызықты өтуіне себеп болар еді. Оқушыларға табиғатты қорғау қажеттігін техниканың қауырт дамуы оған елеулі зиян келтіретіндігін ескерту орынды. Мысалы, жыл сайын әлемдік мұхитқа он миллион тоннаға жуық мұнай ағызылады. Қазіргі кезде ауа атмосферасында газ тектес және қатты қоспалардың үлесі елеулі артуда. Дүние жүзіндегі барлық энергетикалық қондырғылар атмосфераға жыл сайын 200-250 миллион тонна күл және 60 миллион тоннаға жуық күкірті ангидрид шығарады. Никель зауытының электр балқыту цехтарында пайдаланылған газдың құрамының  $\frac{3}{4}$  бөлігін металл құрайды. Міне, кәсіпорын тек ауаны лаптап қана қоймай бағалы шикізаттан да айрылып отыр.

Озон қабатының жұқаруы, улы тұзды жаңбырлардың жаууы, химиялық заттармен ластануы – адамның іс-әрекетінен жасалған қасірет болып табылады.

Лаптаудың тағы бір көзі автомобиль транспорты болып табылады. 300 миллионнан астам іштен жанатын двигателі бар автомобильдер жыл сайын ауаға миллиондаған тонна күкірт және азот тотықтарын, көміртекті тотығын шығарады. Мұның өзі адамға қауіпті. Ластанудың физикалық факторына электромагниттік өріс, шу, радиоактивті сәулелену, вибрация, гравитациялық өріс және өнеркәсіптік қондырғылардың жылыуы жатады.

Вибрация – әртүрлі механизмдер жұмысының нәтижесі. Ол жабық ғибратта жұмыс істейтін машиналар екені белгілі, онда вибрациядан адамдарды қорғау қажет немесе вибрациясын ауыр транспорттың жүрісінің әсерінен пайда болған вибрациядан архитектура ескерткіштері бүлінуде. Көне архитектура ескерткіштерін бүлінуден сақтау үшін физиктер темір бетон блоктардың арасына каучук блоктар салынған корзина жастықты асфальтталған жол салуды ұсынады.

Біз дыбыс әлемінде өмір сүреміз. Қажетті сигналдардан бөтен бізге транспорттың, жұмыс істеп тұрған машиналардың және бар дауысқа қойылған аудио аппаратуралардың үні әсер етеді. Дегенмен адам толық тыныштықта өмір сүре алмас еді. Адам дыбысты толық ести алады. Бұл жапырақ сыбдыры ақырын айналған музыка тағы басқалар. Қоршаған ортадағы сан алуан дыбыстың ішінде хаостық жағымсыз түрі шу. Шумен адам баласы ежелден күресіп келеді. Мәселен, Италиядағы Сибарис атты ежелгі грек колониясының тұрғындары өз қаласында түнде шулауға тиым салып, ұстахана мен шеберханаларда қала сыртына салғызатын болған. Қатты дыбыс зиянды. Шу адамда қан айналымын бұзады, зат алмасу өзгереді, асқазан жарасын, гипертонияны т. б. аурулады тудырады. Шу деңгейінің нормалары бар. Қауіпті деңгей, аса қауіпті табалдырығы, метр болу деңгейі.

Радиоактивтік ластану қауіпі уранның ыдырау реакциясы ашылғаннан бастап пайда болды. Бұл басқа ластану көздеріне қарағанда ерекше болып табылады. Радиоактивті нуклидтерді ядросы тұрақсыз химиялық элементтердің зарядталған бөлшектер шығаратын қысқа толқынды электромагниттік сәулелену деуге болады. Биосферада радиоактивті сәулеленудің екі түрі белгілі: сырттай және іштей сәулелену. Сырттай сәулеленудің көзі радиоактивтік нуклид арқасында болады. Ал, іштей сәулелену адам ағзасына су, тамақ және ауа арқылы түскен

радиоактивті элементтер арқылы жүреді. Көп жағдайда радиоактивті ластану биосферада адамның қолынан жасалады десек болады. Мұндай ластану атом электростанциялары, ядролы қондырғысы бар су асты қайықтары, уран өндірісі және т. б. өндірістерде радиоактивті қалдықтарды тиімсіз қолданудың нәтижесінен пайда болады. Қорғаныс жолдарын пайдалану заңдылықтарын білсе және орындаса мұндай ластанулар адам ағзасына және қоршаған ортаға зияны болмас еді.

Қазіргі таңда екінің бірінде ұялы телефон. Осы телефонның адам ағзасына қаншалықты зиян екенін білеміз бе? Қазір әлем ғалымдары бұл тұрғыда белгілі бір тұжырымдамаға келе бастады. Мәселен ұялы телефон адамның зердесін зардапқа ұшыратады. Есте сақтау қабілеті мүлде жойылады. Ұялы телефонмен ұзақ сөйлескен адам ашушаң мазасыз күйгелек болады. Ұялы телефон электромагниттік толқынның ортасы екені белгілі. Ал адамның өзі электромагниттік толқындардың жүйесі болып табылады десек қате айтпаған болар едік. Бәрімізге белгілі біздің қанымыз тұзды оң және теріс иондар (NaCl). Осыған сәйкес бізде диффузиялық ток туады. Одан әрі қандай процесс жүретіні белгілі, электр тогы, электромагниттік өріс, одан әрі аура, т. б.

Әлемдегі ғалымдар ұялы телефонның әсерінен адамның денсаулығына зиян келетініне еш күмәндары жоқ екенін айтады. Мәселен, жылына 500000 адам мидан зақымданған болса, көз ауруына шалдыққандар саны да осынша болатыны белгілі болып отыр. Мұның бәрі ұялы телефонның әсері. Әрине, бұл телефонды қолдануға болмайды деген емес. Ұялы телефонды қалтада жүрек тұсында белде қосулы күйде ұстамау, машинада, лифтіде және металлмен қоршалған аумақтарда қолданбау т. б. сияқты кейбір заңдылықтарын сақтау қажет.

Физикалық факторлардың бірі – жылулық ластану. Ауаға кәсіпорындар мен жеке қондырғыларда пайдаланылған бу мен газдар арқылы жылу бөлініп, оның жылдық үлесі мыңдаған қалаға жетеді. Энергияны пайдалану қарқынының өсуі жылулық баланстың яғни климаттың өзгеруіне әкеп соғады. Сонымен бірге қыздыру кезінде ауадағы су буымен көмірқышқыл газының молекулалары күннің қысқа толқынды сәулелерін өткізеді де оны жұтып алады, яғни жерден таралатын ұзын толқынды сәулелердің 78 пайызын ұстап қалады. Міне сол себепті CO<sub>2</sub>-нің атмосфераға таралу мен ажырауын білудің маңызы зор.

Осы аталған физикалық факторларды ескере отырып, егер мектепте физика курсы тақырыптарын оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып дайындалған, экологиялық элементтері бар сабақтар тұрақты түрде өткізіліп тұрса, онда оқушылардың сол пәннен алған білім сапасы мен пәнге деген қызығушылығы артады.

Экологиялық мәдениет негізі саласына жаратылыстану білімі жатады, бұл оқушылардың білім жүйесіне, қазіргі заманғы ғылыми әлем суретін құрастыру, экологиялық ойлау, әлемдітану, бағалы жобалар, экология заңын түсінуге көмек көрсету мүмкіндігі, тәжірибелі қызметтер, табиғатты пайдалану кіреді. Экологиялық мәдениет барлық оқушылардың ойларында құрастырылуы керек.

Қоршаған ортаны қорғау, жалпы адамзат мәдениетіндегі құрамдас бөлігі болып келеді, адам арасындағы құнды қарым – қатынас көлемі және әлеуметті табиғат ортасындағы процесстің пайда болуы және материалдық және рухани құндылықты және мінезін анықтайды, бағалы бағыт жүйесі пайда болады және қоғамның жауаптылық сатысы және тұрақты биосферадағы жеке адамды сақтау, экологиялық іс - әрекетті дәлелдеу және адамзат қызметінің шешімінде және барлық түрлерде игеріледі.

Нақты фактілермен, қызықты мысалдармен физика сабағында экологиялық білім беру оның пәндік мәнін жан-жақты ашумен қоса оқушылардың қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыра түседі.

Бұл жобаның негізгі өзектілігі: Табиғатты аялау, соның негізінде имандылыққа, ізгілікке баулу бала тәрбиесіндегі ұлттық тамырдан нәр алып, экологиялық ой-тұжырымдар баланың қоршаған табиғат ортасымен және өмір сүріп отырған қоғамындағы қалыптасқан ғылыми ұғым түсініктерімен байланыстырса, соғұрлым өз туған жерін, елін қорғауға, табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндеттейтін еді.

Сонымен, бүгінгі таңда адамзатты ерекше алаңдатып отырған зор мәселенің бірі - қоршаған табиғат ортаның бүгінгі жай-күйі. Табиғат тіршілік атаулының анасы, адамның өмір сүруінің бірден-бір кепілі. Табиғатта бар дүние бір-бірімен өте тығыз байланысты да, өзара тәуелді болып жаралған. Даму ырғағы бір-бірімен үйлесімді байланысты болғанда ғана табиғат заңдылығы бұзылмайды.

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. «Қазақстан 2030» стратегиясы
2. Бейсенова Ә.С., Шілдебаева Ж.Б. Экология - Алматы
3. Омарова А.А. Экологиялық білім мен тәрбиенің болашағы мен дамуы.
4. Е. Б. Байбарақов, ҚР ҰҒА академигі, э.ғ.д, профессор. «Табиғатты пайдалану»
5. Методика преподавания физики в 8-10 классах средней школы. ч. 1 и ч. 2/ В. П. Орехов, А. В. Усова, И. К. Турышева и др: Под. ред. В. П. Орехов, А. В. Усова.
6. «Физика в школе» научный методический журнал.
7. Жайсаңбаев Т.Р. Ғылыми-техникалық прогресс және оның экологиялық зардаптары.

## **ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОТОПЛЕНИИ ЖИЛЫХ ПОМЕЩЕНИЙ**

Ташкин Мейрали Кайратович,  
Бабенко Анастасия Максимовна  
ученики 9 класса, СШЛ № 6, г. Кокшетау  
Абильмажинов Сырымбет Есенбаевич  
учитель физики, СШЛ № 6, г. Кокшетау  
abilmaginov@mail.ru

В развитых странах запада, технологии обогрева уделялось и уделяется серьёзное внимание, в нашей стране также уделяют этому большое внимание. В нашей республике в основе обогрева жилого фонда и промышленных предприятий сохраняется введённая ещё в конце 30-х годов прошлого столетия т.н. теплофикационная система пароводяного отопления. Она основана на реализации тепловой энергии отработанного в турбинах ТЭЦ влажного водяного пара для обогрева жилых и производственных помещений.

Доставка горячего пара и воды к потребителям приводит к необходимости создания гигантской в масштабах страны, разветвлённой системы, для поддержания работоспособности которой необходимы:

- размещение в сети систем мониторинга и контроля за распределением тепла (тепловые пункты, сетевые насосы, аппаратура и др.)
- организация и содержание технически оснащённых служб аварийного и профилактического ремонта, проектирования и строительства новых трубопроводов и т.д.

Следует также иметь в виду, что в большинстве случаев укладка труб осуществляется безканально, что приводит к большим потерям при транспортировке тепловой энергии из-за утечек её в землю.

Этот далеко не полный перечень упомянутых факторов показывает, что практика использования тепловой энергии отработанного турбинного пара в действительности обходится государству очень дорого. На практике, однако, реальная себестоимость парового централизованного отопления систематически занижается ввиду очевидной невозможности населения и предпринимателей оплачивать его в полном объёме.

Львиная доля оплаты ложится на плечи госбюджета. Подобная ситуация, вполне допустимая при социализме, в условиях рыночной экономики аномальна и не может, длится неограниченно долго.



Рис.1

Это обстоятельство делает актуальными поиски и развитие альтернативных рациональных систем обогрева. В развитых странах Европы и Северной Америки уже давно осуществлён переход на иные принципы отопления. В жилых помещениях - это электричество.

Электрические котлы не имеют источника открытого пламени, не выделяют вредных отходов сгорания топлива, благодаря чему, не требуют монтажа дымохода. Это существенно снижает трудозатраты и материальные расходы на монтаж и установку отопительного оборудования. В работе электрические котлы отопления практически бесшумны и легки в управлении.

Электрокотлы имеют высокий коэффициент полезного действия (КПД). В некоторых электрических котлах значение КПД, при правильно смонтированной отопительной системе достигает 98%. Работа современных электрических котлов отопления автоматизирована. К тому же, они не нуждаются в каком-то особом и трудоемком уходе в эксплуатации.

В отоплении домов за счет электрических котлов есть один существенный недостаток – электрическое отопление очень дорогостоящее мероприятие.

Научная новизна и теоретическая значимость исследования заключается в следующем:

I) Снизить себестоимость электрического отопления дома, за счет совместного использования электрических сетей и солнечных станции.

- Электрокотёл использует электричество от центральных сетей электроснабжения, добавочно к этому подается электричество от солнечных модулей.
- При установке сетевого инвертора, электроэнергия вырабатываемая солнечными панелями, добавляется к потребляемой, от основного источника, снижая затраты и увеличивая доступную мощность.
- Солнечная станция работает бесшумно, она абсолютно безопасна для окружающей среды. Кроме того, вырабатывает электричество, которое можно накапливать в аккумуляторных батареях и использовать в зависимости от емкости последних.
- В летнее и весеннее время, когда дом уже практически не отапливается, вся электроэнергия от солнечной электростанции используется по дому, что существенно экономит расходы по электроэнергии.
- Важным достоинством фотоэлектрических модулей является простота обслуживания. Несложный механизм без вращающихся частей не требует особого ухода.
- Использование солнечной энергии для питания маломощных потребителей, какими являются жители сел и фермеры – это самый дешевый и долговечный способ получения электроэнергии, так как гарантия на вырабатываемую мощность солнечных батарей составляет 30 лет.

II) Снизить себестоимость электрического отопления дома, за счет использования водяного теплого пола (экономия тепловой энергии, в стандартном жилом здании экономиться до 30%, а в помещениях выше трех метров – до 50%).

Теплый пол – это система отопления, обеспечивающая нагрев воздуха в помещении снизу, где отопительным прибором выступает настил. Теплый пол водяной – это современно и

комфортно. Еще совсем недавно, такие поверхности были в диковинку, и далеко не каждый мог себе позволить это удовольствие. Однако сегодня к этому пришли многие.

- Монтаж не требует больших затрат (для многих потребителей это очень важно: приобретение необходимого оборудования уже предполагает определенные финансовые вложения);
- Элементы системы водяного теплого пола совместимы с любыми видами полов;
- Теплым полом можно пользоваться автономно, а можно подключить к существующей системе отопления (к котлу или центральному отоплению);
- Автоматическое управление теплым полом – терморегуляторами, которые экономят электроэнергию при их эксплуатации.

Использование дров в качестве отопления нежелателен в РК, так как занимая площадь свыше 2,7 млн. км<sup>2</sup>, мы имеем всего 4% деревьев и кустарников. К тому же большая часть территории подвержена опустыниванию. В качестве подтопки активно используется бумага, пластиковые бутылки, салафаны и резина, что негативно отражается на окружающей среде. Если учесть что сельское население Казахстана составляет 40% и в каждом городе имеются большое количество частных домов, особняков и коттеджей, то эта проблема наиболее актуально для современного Казахстана.



Рис.2

Электрическая система отопления частного дома с использованием солнечных электростанций, по сравнению с другими видами систем привлекает внимание прежде всего практичностью, удобством в эксплуатации, независимостью и автономностью:

- 1) экономит большое количество времени от рутинной и нудной ежедневной работы за традиционной печкой;
- 2) отпадает потребность подключаться к дорогостоящему паровому централизованному отоплению (которое возможно только в городах).
- 3) пожилые, одинокие и больные люди не будут стремиться жить в коммунальной квартире;
- 4) из – за постоянной температуре в доме, положительно скажется на здоровье людей проживающих в ней, так снизятся простудные заболевания.
- 5) молодым семьям будут предпочтительны именно такие дома как по цене, так и возможностью работы на приусадебном участке и т.д.

### Литература:

1. Лепеш Г.В., Сухов Г.С.. К проблеме электрообогрева помещения коммунального и промышленного назначения /Технико-технологические проблемы сервиса. №1(3) 2008 г. стр. 57 – 62.
2. Сухов Г.С., Лепеш Г.В., Карп Л.В. Теоретические основы технологии дифференцированного электрообогрева помещений. Постановка задачи и математическая модель. Технико-технологические проблемы сервиса. №1(11) 2010 г. стр. 29 – 36.
3. WWW. Teplyipol.kz

4. Гайтов Б.Х., Гайтова Т. Б., Кашин Я.М., Копелевич Л.Е., Самородов А.В. Нетрадиционные электромеханические преобразователи энергии в системе автономной электроснабжения // Изв. вузов Электромеханика. 2008 г., №1. – стр 21-28.

## «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ФИЗИКАЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАР

Макинск қ., Балуан Шолақ атындағы МЛ, 9 сынып оқушысы

Текен Ақерке Қанатбекқызы

Макинск қ., Балуан Шолақ атындағы МЛ, физика мұғалімі

Тенсел Бердгуль

[Akerketeken@mail.ru](mailto:Akerketeken@mail.ru)

Қазақ халқының ауыз әдебиеті - тәлім-тәрбие берудегі негізгі мектептердің бірі. Ертегілер, тұрмыс-салт жырлары, батырлар жыры, аңыз-әңгімелер, тағы басқа ауыздан ауызға таралып жеткен дүниелері арқылы тәлім мен тәрбиені, адами құндылықтарды, ұлттық дүние танымды қалыптастыруға жетелейді.

Қазақ ауыз әдебиеті саласының ауқымы өте үлкен болғандықтан, батырлар жырындағы физикалық заңдылықтар мен ережелер қалай қолданылғанын зерттеген едім.

«Батырлар жыры» - қазақ ауыз әдебиетіндегі асыл мұралардың бірі. Соның ішінде «Қобыланды батыр» жырын талдап көрдім. «Қобыланды батыр» жырын ең алғаш Шоқан Уәлиханов зер салған болатын. Ал ең алғашқы талдау жасаған Әлихан Бөкейханов болатын. «Қобыланды батыр» жыры - 7 буында жазылған, ең ұзақ жырлардың бірі. Бізге дейін «Қобыланды батыр» жырының 29 нұсқасы жеткен екен. Олар: Марабай, Б.Жасымбаев, Мергенбай, А.Айтабанов, К.Еламанов, Тұяқбайлар жырлаған. Марабай жырлаған толық нұсқасын талдап шықтым. Бұл жұмысты зерттеуіме себеп болған «Қобыланды батыр» жырын жатқа айтудан аудандық сайыс болған. Сол сайысқа қатысу кезінде жырды жаттап отырып, «физикалық құбылыстар әдебиетте де бар екен ғой, зерттеп көрейінші» деген ойдың келуі еді. Енді осы жырдағы физикалық заңдылықтарға кезек берейін.

Аналықтай бәйбіше

Қабырғасы майысқан,

– деген жолдарда қиындықты көп көріп, жер ортасы жасқа келген кездегі, сүйектердің қатып, қабырғаның майысуы дене пішінінің өзгеруі деформация құбылысын көрсетеді.

Жылқыда жатып Қобланды

Екпіні оттай қаулайды.

Қаршығасы қолында,

Құмай тазы соңында,

Көрсө киік, заулайды,

– деген жолдарда дененің уақыт өтуіне қарай басқа денемен салыстырғанда орнын өзгертіп, қозғалыс жасап, бір өлшем уақытта жылдамдық алып, Қобыланды жылдамдығын шапшаң өзгертуі арқылы үдеумен екпін алып қозғалғаны көрініп тұр.

Құлағына батырдың

Бір дауыс кеп шулайды.

Ту сыртынан сол таудың

Бұрқыраған бу шықты,

Шуылдаған шу шықты,

– деген жолдарда есту мүшелері қабылдайтын, серпімді ортада тарала алатын механикалық толқын дыбыстың таралғаны және бөлшектердің тығыз орналасуы тербелмелі қозғалыстың энергиясы жылдам тасымалдануына байланысты таудағы дыбыстың шағылуы жаңғырықпен ұласып, бірнеше дыбыстардың қабаттасуымен шу болып естілгенін көруге болады.

Қолына алып толғанып,  
Қозы жауырын жебені,  
Ат үстінен шіреніп,  
Сонда тұрып тартады,

- денелер бір-бірімен әрекеттескен кезде пішіні мен өлшемдерін өзгерте отырып, серпімді деформацияның әсерінен серпінділік күшінің пайда болғанын көруге болады.

Меніменен күресіп, Жықса, алар», - десіпті деген жолдарда дененің немесе дене бөліктерінің жылдамдығын өзгертетін күш ұғымымен байланыстыруға болады.

Мініп алып торы атқа,  
Дүрілдетіп жөнелді.  
Қызыл ерді сүйретті,  
Сүйреткі қылып үйретті.  
Ішінде шеңгел тікенге  
Өкпе-бауырын түйретті.  
Тақымға салып сүйретіп,  
Қабырғасын күйретті,

- бұл өлең жолдарында дене мен жер арасындағы өзара әрекеттің нәтижесінде қозғалысқа қарсы бағытталған үйкеліс күші бар екенін аңғаруға болады.

Арттыруға сайланды  
Қырық түйе қазына,

- түйелерге артылған жүктің Жердің тартылуы салдарынан дененің тірекке әрекет ететін күші салмақтың беріліп тұрғанын көреміз.

Қобландыдай батырын  
Көшті тартып барады.  
Бірнеше күн жол жүріп,  
Аз ғана емес, мол жүріп,  
Өткен күнді санады,

- бұл жолдарда Қобыланды батырдың өз еліне жол тартып, қозғалыстағы дененің бастапқы орны мен соңғы орнын қосатын бағытталған кесінді арқылы орын ауыстырып, дененің санақ денесімен салыстырғандағы қозғалыс кезінде белгілі бір траектория сызып, сол траекторияның бойымен жол жүріп бара жатқаны айтылған.

Батырдың сөзін есітіп,  
Елге шапты жосылтып.  
Бұрқыратып тозаңын,  
Желге қарсы есілтіп,  
Жылқыға жау тигендей  
Елдің шетін шошынтып,  
Байға жетіп келеді,  
Қарала атты көсілтіп,

- бірқалыпсыз қозғалыс кезіндегі дененің жылдамдығы өзгеретінін ескере отырып, дене жылдамдығының тез өзгеріп, жылдам уақытта белгілі бір үдеумен баратын жеріне тез жетіп, жолындағы бөгеттерге қарамай қатты жылдамдықпен шапқылап, шаң шығаруы молекулалар тозаңының пайда болуына әкелді.

Жеміне қосып, Қыз Құртқа,  
Қызыл дәрі жегізді.  
Бурылға Қыз Құртқа  
Түндікпенен күн берді,  
Түтікпенен су берді,  
Дәрілеген жем берді,

- жем молекуласы мен дәрі молекуласының араласуы диффузия құбылысы, түндік бойымен жарық көзінен келген жарық энергиясы тарайтын сызық жарық сәулесі арқылы жарықтың түзусызықтың бойымен таралатынын, түтікпен су беру қылтүтік құбылысқа негізделіп,

молекулалық күштердің әрекетінен жұғатын сұйық қылтүтіктер бойымен жоғары көтерілетінін байқауға болады.

Құртқа сұлу батырға

Қарағай найза сапталты.

Алмас қылыш соқтырып,

Күмістен қынын шақталты,

- бұл өлең жолдарынан Құртқа батырға арнап қылыш, найза соқтырту арқылы денелердің температурасы өзгергенде денелердің ішкі энергияның өзгергенін, ішкі энергияны өзгерту барысында механикалық жұмыс істеу арқылы өзгерткенін көруге болады.

Құбылып бурыл гуледі.

Табаны жерге тимеді,

Құлақтың түбі терледі,

Тер шыққан сайын өрледі.

Көлденең жатқан аңғарды

Жерошақ құрлы көрмеді,

- қозғалыстағы дененің жұмыс істеуге қабілетті болуы Бурыл аттың энергиясының тасып тұрғандығының көрінісі еді.

Астына мінген Бурыл ат

Жауатын күндей күркіреп,

Жанбырдай тері сіркіреп,

Құбылып ойнап жер басты,

- күндей күркіреп дыбыстың серпімді ортада таралуын, терінің тамшы болып тамуы ауасыз кеңістіктегі ауырлық күшінің әрекетінен еркін түсу үдеуінің бар екендігін көрсетіп тұр.

Ат тұяғы тиген жер

Тесіле жаздап солқ етті,

- деген жолдардағы солқ ету ауырлық күшімен әрекет еткен кезде сыртқы күштің жиілігі мен тербелмелі жүйенің меншікті жиілігі сәйкес келіп, тербелістердің амплитудасының артуы резонанс құбылысы еді.

Қанжарменен қармасты

Семсерменен серместі.

Қанжар қалды қайысып,

Семсер қалды майысып,

- батырдың энергиясын және қару-жарақтың бүлінуі деформацияланып, соның ішінде бастапқы орнына қайтып келмейтін пластикалық деформацияға ұшырап жатқанын көруге болады.

Шығын болмай, не қылсын,

Екпіндеп шапқан Тайбурыл

Етбетінен жығылды,

- бұл өлең жолдарынан Тайбұрылдың жерге құлауын инерция құбылысымен түсіндіруге болады, яғни денеге басқа денелер әрекет етпеген кездегі жылдамдығын сақтау құбылысы еді.

Анасын тұлпар білген соң,

Қайта-қайта кісінеп,

Шығарды қатты дауысты.

Бурыл аттың дауысын

Құртқаға жел жеткізді.

Қатуланып ақырып,

Дауыстап айқай салады.

Қобландыдай батырдың

Даусы жерді жарады,

Ертеңгі даусы батырдың

Айшылық жерді алады, - бұл өлең жолдарынан физикалық құбылыстардың ішіндегі **дыбысты** аңғаруға болады. Бурыл аттың дауысы, Қобыландының дауысы кеңістікте ауа арқылы



таралған механикалық толқындар **дыбыс** болып таралып, қандай да бір кедергіге шағылып, **жаңғырық** болып естіліп тұр.

Бұл жырды қысқаша осылай талдап көрдім. Физика күнделікті өмірмен тығыз байланысты, ол табиғат туралы ғылым дейтін болсақ, оның әдебиетпен байланысқан тағы бір қырын байқағандай болдым. Мені қызықтырған тақырыптарым көбейіп жатыр. Ол алдағы уақыттың еншісінде.

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. Әнесұлы Ж. «Қазақтың ауыз әдебиеті хақында» мақала//АВАІ.kz ақпараттық порталы, 2019.
2. Марабай жырау. «Қобыланды батыр» жыры//QAZAQSTAN TARINУ сайты, 2019.
3. Башарұлы Р. «Физика». Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. - 208 б.
4. Башарұлы Р., Шүйіншина Ш., Сейфоллина К. «Физика». Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018. - 224 б.
5. Закирова Н.А., Аширов Р.Р. «Физика». Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ, 2019. - 272 б.

#### **ФИЗИКА ЖӘНЕ АСТРОНОМИЯДАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ БАР ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ӨТКІЗУДІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ**

Көкшетау қ., С.Жүнісов атындағы № 18 орта мектеп-лицейі,  
10 «В» сынып оқушысы  
Токмолдина Адемай Кенжетайқызы  
Көкшетау қ., С.Жүнісов атындағы № 18 орта мектеп-лицейі,  
физика мұғалімі  
Акмагамбетова Галия Қажымұқанқызы  
[galiya\\_8\\_7@mail.ru](mailto:galiya_8_7@mail.ru)

Экологиялық бағытымен физика курсы ғылыми танымға қызығуды арттыруда елеулі рөл атқарады. Сабақта оқушылар табиғаттың бүтіндігі, қоршаған ортаның физикалық параметрлері және биосферада орын алатын ғылыми физикалық процесстер туралы білім алады. Оқушылар әрекеттің физикалық принциптерімен, мұнай шығаратын және энергетикалық кешендерде пайдаланылатын жұмысы қоршаған ортаны ластау мүмкіндігімен байланысты және тірі табиғатқа кері әсер ететін (мұнай шығаратын кешеннің технологиялық процесстерінде пайдаланылатын жылу қоғалтқыштары мен агрегаттар, электромеханикалық индукциялық генераторлар, электромагниттік толқындарды сәулелендіретін құрылғылар және т.б.) механизмдер құрылғысымен танысады.

Сонымен қатар жоғары сынып оқушылары зиянды әсерлерді анықтайтын әр-түрлі бақылау-өлшегіш құралдар, сондай-ақ осы әсерлерді жоятын немесе бейтараптандыратын құрылғылар (инерциялық немесе электрлік сүзгілер, сәулеленуді сіңіретін экрандар және т.б.) туралы біледі.

Физика - эксперименттік ғылым, сондықтан сабақта жетекші рөлдердің бірі демонстрациялық және зерханалық экспериментке тиесілі болуы қажет. Тәжірибе көрсететіндей [1], егер теориялық мәлімет экологиялық бағыты бар физикалық экспериментке жүгінсе, оқушылармен мәліметті меңгеру тиімділігі артады. Әрі оқушылардың санасына оқып білудің түпкілікті мақсаты - оны тәжірибеде адамзат қоғам мүддесінде пайдалану екенін әрдайым жеткізу қажет. Бірақ сонымен бірге адам құбылыстардың қоршаған ортаға зиянды салдардың алдын алу тәсілдерін білуі қажет. Ал бұл, егер адам құбылыстың өтуі жағдайын, осы құбылыстың басқа құбылыстармен себеп-салдарлық байланысын және осы құбылыстың өтуі

механизмін білсе мүмкін. Құбылыстар бағынатын факторларды және заңдарды білу, адамға оларды қоғам мүддесінде басқаруға мүмкіндік береді. Біз әр құбылысты оқып білуге дәл осы ұстанымда кірісеміз.

Тану жиі қоршаған ақиқатты сезім мүшелері арқылы адамның белсенді ойлау іс-әрекетімен сезімдік қабылдауынан басталады, яғни бақылаудан.

Бақылау - заттарды және қоршаған ақиқат құбылыстарын ұзақ, мақсатты және жоспарлы қабылдау. Ол ғылыми тануда зерттеудің маңызды әдістерінің бірі, ғылыми білім көзі болып табылады және табиғи немесе эксперименттік жағдайда жүргізілуі мүмкін. Бақылау танудың тек оңай, қарапайым тәсілі ғана емес, эксперименттің құрамды бөлігі де болып табылады. Эксперименттен басқа, бақылау танудың салыстыру және өлшеу сияқты тәсілдерімен байланысты.

Бақылау зерттеу тәсілі ретінде құбылыстар мен заттардың тек сыртқы белгілерін зерттеуге мүмкіндік береді. Құбылыстар болмысы және заттар қасиеттері туралы тереңірек білімдер зерттеудің эксперименттік және теориялық әдістері арқылы алынуы мүмкін.

Эксперименттік деңгейде зерттелетін құбылыстар туралы фактілерді жинақтау процесі өтеді, бақылаулар, өлшеулер, салыстырулар жүргізіледі, эксперименттер қойылады, білімдерді жүйелеу жүргізіледі.

Мысал ретінде келесі әдістемесі А.А. Бобровтың және А.В. Усованың эксперименттік білімдерін қалыптастыру әдістемесінде негізденетін демонстрациялық эксперименттерді қарастырайық[2]. Эксперимент мазмұны болып:

- құбылыстарды, олардың өту ерекшеліктерін экологиялық көзқарас жағынан зерттеу;
- құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды және өлшемдер арасындағы құбылыстарды және қасиеттерді негіздейтін функционалдық тәуелділікті (мысалы, фототоктың зерттелетін орта жағдайына тәуелділігі) зерттеу;
- Тәжірибелер негізінде немесе логикалық ой қорыту нәтижесінде тұжырымдалған, соның ішінде индукция әдісіне жүгінетін, заңдарды түйіндеу;
- Органың әр-түрлі жағдайлардағы ерекшеліктерін зертту және салыстыру.

Мысал қарастырайық. Диффузияны, экологиялық көзқарас жағынан, ластағыштардың өсімдіктер және жануарлар әлемінің тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін заттарға ену құбылысы ретінде қарастыруға болады. Сұйықтықтағы диффузия бойынша тәжірибелер үшін тотияйын немесе перманганат калийі сияқты заттарды пайдаланады. Бірақ жоғарыда аталған заттар экожүйеге кері әсер ететін заттарға жатады. Әрине қоршаған ортаға келтірілетін зиян шамалы, бірақ осы жағдайда бастысы оқушылардың экологиялық тәжірибесіне зиян келтірілетіні: оларға химиялық реагенттерді ойсыз пайдалану мысалы көрсетіледі. Эксперимент барысында бізбен осы құбылысты көрсетудің экологиялық таза нысаны пайдаланылады [3], яғни диффузияны қарастыратын зат ретінде біз қою шәй немесе қарқынды түсі бар қызылша шырынын пайдаланамыз. Осы заттар диффузиясы өтуінің механизмі суда сандық зертхананың «Архимед» микроскобын пайдаланғанда жақсы көрінеді [4].

Келесі мысал. Ұқсас заттарды біз капилырлық құбылыстарды көрсетуге пайдаланамыз. Құбылысты топырақтан "өсімдіктер капилары" арқылы тек суда еріген пайдалы заттар ғана емес, сонымен бірге өсімдікте жиналып және кейін асқа түсіп зиян келтіретін зиянды заттар көтерілетінін көрсететіндей жасап шығару маңызды.

Демонстрация үшін 10 см-ден артық сүзгіш қағаз кесіндісін пайдалануға болады. Түтіктің біреуіне таза су, екіншісіне қызылша шырынымен боялған су құямыз. Әр түтікке кесіндіні салып, кесінді - "өсімдік ұқсатқыш" бойынша біреуінде таза, екіншісінде, кесіндіні "ластаушыға" ұқсас түске бояп, ластаған су көтерілетінін бақылаймыз. Капиларлық құбылыстарды зерттеу барысында сұйықтардың көтерілу қарқынына әсер ететін тиісті заңдылықтарды анықтаймыз, капиларлар диаметрін есептейміз және т.б.

Қышқыл ашытқылар - бұл атмосфералық жауын-шашындар, олардың рН-ы 5,5-тен төмен. Жауын-шашынның ашуы атмосфераға күкірт оксидінің және азоттың түсуі салдарынан болады.  $SC_2$  көздері негізінен құрамында күкірторганикалық қосындар бар тас көмірдің, мұнайдың және табиғи газдың жануы процесстерімен байланысты. Атмосферада  $SO_2$  бөлігі

фотохимиялық ашу нәтижесінде күкіртті ангидридке айналып, атмосфералық ылғалмен күкірт қышқылын құрайды.  $SO_2$  маңызды көзі болып түстіметаллургия болып табылады: мыс, никель, кобальт, мырыш және тағы басқа металлдарды өндіру сульфидті күйдіру кезеңін еңгізеді.

Азот тотығы азот қышқылының бастамшысы - атмосфераға жылу электр станциялары қазандарының түтіндік газы және іштен жанатын қозғалтқыштардан шығат газ құрамында түседі. Осы құралғыларда дамидын жоғары температурада ауа азоты азоттың моно- және диқышқылы қосындысын беріп жартылай тотығады. Қышқыл жауын-шашындар (олардын  $pH$ -ы кейде 2,5-ке жетеді) биотаны, техникалық құрылыстарды, өнер туындыларын жояды. «Архимед» сандық зертхананың  $pH$ -метр датчигі (өлшеу диапазоны  $pH$  0-14 бірлігі)  $pH$  жауын-шашындардың деңгейін өлшеуге, сәйкесінше қоршаған орта жағдайы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Біздің Жеріміздің тіршілік етуі мерзімінде атмосферада көшет газдар концентрациясы өзгеруінің динамикасы бойынша көптеген болжамдарға қарамастан, ең маңыздыға адамның өндіргіш іс-әрекетінің антропогендік мінезін жатқызамыз [5]. Атмосферада көшет газдар құрамы соңғы уақытта қазба отындарды (көмір, мұнай, табиғи газ және т.б.) жағу, адамның ауыл шаруашылық іс-әрекеті (мысалға, жасанды суға батырылған күріш алқабында метан пайда болуы), ормандарды жою тенденциясы және т.б. арқасында  $CO_2$  шығарылуы едәуір артты. Көшет газдар күнмен қыздырылған Жер беті сәулеленуін ғарыш кеңістігіне кетуіне бөгет жасайды.

Жоғары сынып оқушылары сәулелену туралы және оны тіркеу әдістері туралы жеткілікті толық хабардар. Егер манометрмен қосылған жылу қабылдағыштың қараланған бетін көлемді қызған дене жанына орналастырса, микроанометр көрсеткіші сәулелену бар екенін айғақтайды. Бірақ егер олардың ортасына шыны орналастырса, микроанометр көрсеткіштері байқалмайды. Байқау негізінде шыны спектрдің көзге көрінетін бөлігін өткізе отырып, жылу сәулеленуді өткізбейтіні туралы қорытынды шығарамыз.


Көшет әсерін көрсету бойынша физикалық экспериментті келесі түрде іске асыруға болады. Картон жәшік алып, түбіне алдын ала жақсы қыздырылған қара металл тілімше жатқызып қоямыз. Алдымен жылу қабылдағышты ашық жәшіктің үстіне, бірақ одан тыс орналастырамыз. Бұл жағдайда манометр тілімше сәулеленуі және одан шегініп жатқан жылылық ауа арқасында жылу қабылдағыш қызуын тіркейді. Жәшікті шынымен жауып, оның металл тілімшемен шығарылатын жылулық сәулелер үшін күңгірт екеніне көзіміз жетеді.

Кейін жәшік ішінде жылылықты оқшалау тіреуіш үстіне термометр орнатып, температура өзгеруі динамикасын бақылаймыз. Термометр көрсеткіштерін бақылау, жоғарғы беті ашық жәшік анағұрлым тез салқындайтынына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Сенімді арттыру үшін түптеріне қара металл тілімшелер жатқызып қойылған екі көлемі бірдей жәшікпен тәжірибе жасаймыз. Жәшіктердің ішкі бөлігінің қыздырылуын ағыны азырақ бұрышпен жәшік бетіне бағытталған екі қуатты жарық көздері көмегімен іске асырамыз. Жәшіктердің "көлеңкелі" қабырғалары жанында жылу оқшалайтын тіреуіштер үстіне термометрлер орнатып, олардың көрсеткіштерін ашық және жабық жәшіктерде бақылаймыз. Аз уақыт аралығында шынымен жабылған жәшікте қыздырыну тезірек өтіп жатқанын белгілейміз. Термометр орнына "Архимед" сандық зертхананың температура тетігін пайдалануға және алынған мағыналарды экранға кесінді, кесте түрінде шығаруға болады.

Экологиялық қолайсыз аудандарда лас суды тазарту, теңіз суын тұщыландыру үшін күн энергиясын іске асыру бойынша демонстрацияны 1 суретте бейнеленген құрылғы көмеген жүзеге асыруға болады [6].

Күнмен қыздырылған су булары жоғары көтеріледі және температурасы булар температурасынан төмен шыныда жиналады (шыны көлбеуі таза судың тетікшеге сорғалауын қамтамасыз етеді, ал ваннада лас немесе тұзды су қалады). Булану тезірек өтуі үшін ванна түбіне қарақоңыр құм себу арқылы су температурасын арттыруға болады.

Жер шарының әр түрлі бөліктерінің шағылдырғыштық мүмкіндігі Күннің жер бетімен жұтылатын және онымен ғарыш кеңістігіне шағылысатын энергия балансын анықтайды, оның өзгеруі климат өзгеруіне әкеледі.



1 сурет. Суды тазартуға арналған құрал.

Қарқынды дамудағы өндіріс айқын түрде Жер аудандарының әр түрлі шағылдырғыштық мүмкіндіктермен арақатынасын өзгертеді, ол үйренішті климаттың бұзылуы және басқа экологиялық зиянды салдар пайда болуы қатерін өзінде сақтайды. Жарық шағылысуын көрсетуде жасанды жарық көзін, демонстрациялық гальванометрмен қосылған сезгіш фотоэлемент пайдаланамыз. Фотоэлементті зерттелетін беттен шағылысқан жарық тікелей оған түсетіндей орнатамыз. Шағылдырғыш тер ретінде айна, су, құм, жер, таза және лас қар, мұз және т.б. бетін пайдаланамыз. Гальванометр көрсеткішін белгілейміз және оқушылармен бірге талдаймыз. Барлық беттердің айна бетімен салыстырғанда шағылдырғыш қабілеттігі төмендегені туралы қорытынды жасаймыз.

Түтіндеу, ластану салдарынан атмосфера, су мөлдірлігі өзгеруі олардың қыздырынуына әсер етіп, Жерде кері айналмайтын жылылық өзгерістерге әкелуі мүмкін. Демонстрациялық эксперимент қоюда жарықтанатын дене қызуын оның мөлдірлігіне тәуелділігін зерттейміз. Жарық көзі болып жеткілікті күшті жарықтық ағын беретін графопроектор пайдалану мүмкін. Зерттелетін орта (түтінге оранған және шаң басқан ауа, мөлдір және лас су және т.б.) арқылы өткен энергия өлшеуіші ретінде демонстрациялық гальванометрмен қосылған фотоэлемент пайдаланамыз. Жұтатын ортаны графопроектор және фотоэлемент арасында вертикальды жазықтықта орналастырамыз. Гальванометр көрсеткіші қорытындысы бойынша қандай да бір ортамен, онда ластағыштар болған жағдайда, жарықты жұту дәрежесі туралы қорытынды жасаймыз.

Сонымен бірге жарық жұтылуының таза және лас су қабаты қалыңдығынан тәуелділігін көрсетуге болады. Осы экспериментті «Архимед» сандық зертхананың жарықтылық тетігін пайдалану арқылы өткізуге болады. Жоғары сезгіш жарықтылық тетігі жарық қарқындығын өлшеу үшін пайдаланылады. Түтікте жоғары нүктелі фотоэлектрлік элемент орнатылған, оның ішінде «пин-диодтардан» орындалған шағын плата орналастырылған. Фотоэлектрлік ұяшыққа жапқыш кернеу тіркелген жағдайда фотонның әр пин-диодқа түсуі ұяшықтан электронның шығуымен сүйемелденеді. Нәтижесінде, фотоэлектрлік ұяшық жарықтығы күштірек болған сайын шығыста электрлік ток мөлшері соғұрлым үлкен болады. Пайда болатын ток деректерді тіркеу және жинау құрылғысының аналогты-цифрлық түрлендіргіші жұмыс диапазоны ретінде қабылданған 0-5В диапазоны ішінде жататындай болып кернеуі өлшенетін және реттелетін кедергі арқылы өтеді.

«Архимед» сандық зертхананың магниттік өрісі индукциясының тетігі көмегімен Жер магниттік өрісі индукциясының көлденең құрамдас бөлігі өзгеруінің динамикасын бақылауға болады.

Қарастырылған сұрақты қорыта отырып, оқушылармен құбылыстарды бақылау арқылы қабылдауда көрнекілікке қол жеткізіледі. Бірақ қабылдау әлі толық емес, өйткені оқушылар тек қана есту және көру талдауыштарын пайдаланады. Оның толық болуы егер құбылыстар тек қана көзбен және естумен ғана емес, сонымен қатар басқа бір-бірін толықтыратын басқа сезімдермен танылған жағдайда мүмкін. Соңғысы оқушылармен бақылаулар және тәжірибелер өз бетімен орындалған жағдайда, олар өдері қандай да бір құбылысты іске асырғанда мүмкін. Сонымен бірге қабылдауда көру мен қатар түйісу, қимылдау, кейде иіс сезу талдағыштары қатысады.

Егер бақылау құбылыс өтуінің қандай да бір параметрлерін жан жақты талдаумен, жазбалармен, суреттермен, сызбалармен, есептеулермен сүйемелденсе, онда бірінші және екінші дабылдық жүйелердің бірлескен іс-әрекетіне қол жетеді, ол қабылдаудың тереңдігін қамтамасыз етеді.

### Қолданылған әдебиет:

1. Иванов А.Ф. Физический эксперимент с экологическим содержанием // Физика в школе. — 1996. - № 3. - 32 – 34б.
2. Усова А.В., Бобров А.А. Формирование учебных умений и навыков учащихся на уроках физики. - М.: Просвещение. - 1988. - 112 б.
3. Левдик И.Ю. Экологически чистый вариант демонстрации диффузии // Физика в школе. - 2000. - № 4. – 20 б.
4. Цифровая лаборатория «Архимед». Методические материалы к цифровой лаборатории по физике. — М.: ИНТ, 2001. — 215 б.
5. Глобальное потепление климата (по материалам журнала «В мире науки» за 2005 год) // Физика в школе. - 2006. - № 4. - 3 – 11 б.
6. Рыженков А.П. Физика. Человек. Окружающая среда: прил. к учеб. физики для 8 кл. общеобразоват. учреждений. -М.: Просвещение, 1998. – 194 б.

## БЕСПРОВОДНАЯ ПЕРЕДАЧА ЭНЕРГИИ

Трифаяуцан А. А.

ученик 8 «Б» класса

КГУ «Многопрофильная школа-лицей №3 имени А.С.Пушкина», г. Степногорск

Пахомова Елена Анатольевна

Учитель физики, школа-лицей № 3, г. Степногорск

[trifautsan01@mail.ru](mailto:trifautsan01@mail.ru)

Последние время я всё чаще задумываюсь о создании механизма беспроводной передачи энергии. Я решил углубиться и изучить досконально эту тему. Прочитав множество книг, различных научных материалов в интернете, я пришёл к выводу, что ближе всего к созданию интересующего меня изобретения приблизился Никола Тесла. Сейчас я хочу поделиться своим мнением о возможных вариантах создания такого прибора.


Мне нравятся 2 способа передачи энергии без проводов: передача путём УВЧ и СВЧ излучения и путём создания двух электромагнитных полей, входящих в резонанс. Первым способом можно пользоваться в больших масштабах, а вторым – в области дома или квартиры.

**Способ 1.** Связь по Wi-Fi осуществляется методом передачи электромагнитного излучения, которое переносит некоторое количество энергии. Если увеличить объём излучения, то вполне можно передавать энергию. Антенна – это прибор для передачи, а ренктенна – для приёма. Этот способ имеет ряд плюсов: передавать энергию можно на очень большие расстояния; потерь энергии происходить не будет или они будут, но очень малы. Но у этого метода есть и минусы. Во-первых, передавать большое количество энергии не получится, даже второй способ в этом случаи более выгоден. Во-вторых, цена на передающий и принимаемый аппараты будет очень большая, да и установить их нужно правильно, иначе есть риск потери большого количества энергии. В-третьих, это плохо скажется на устройствах GPS-навигации, излучение просто «собьёт их с толку». В-четвёртых, низковольтные диоды не позволят выводить большое количество энергии из приёмника. В-пятых, микроволновое излучение в большом объёме очень опасно для здоровья, а учесть, что мы пользуемся телефонами и микроволновками, то такой способ передачи энергии не кажется безопасным с точки зрения здоровья. Я бы не использовал такую систему у себя в квартире. Такой способ передачи энергии подойдёт, например, для

зарядки электрического самолёта во время полёта или передачи энергии между домами или даже соседними городами.



**Способ 2.** Создать два электромагнитных поля можно с помощью двух катушек из ферромагнетика: одну подключить к розетке, а вторую к телефону. Такое возможно согласно Теории электромагнитного поля, сформулированной английским физиком Джеймсом Клерком Максвеллом. Теория гласит, что **имеющееся магнитное поле порождает имеющееся электрическое поле, а переменное электрическое поле порождает переменное магнитное поле. Вначале одно из полей создаётся источником зарядов или токов, но в дальнейшем эти поля могут существовать независимо от таких источников, порождая друг друга.** Так вот, согласно этой теории, сначала ток в первой катушке создаст электромагнитное поле, которое породит электромагнитное поле во второй катушке, передавая ей энергию. В данном случае мы имеем неплохую выгоду. Объем передачи энергии здесь довольно большой, а стоимость сравнительно мала. Инструкция для подключения такого прибора будет состоять из двух пунктов: 1) включить в розетку; 2) поднести телефон. Механизм очень лёгкий в использовании. То есть это можно выгодно использовать в быту, а из-за маленькой стоимости пользоваться может практически каждый. Но у этого способа есть много минусов: он не будет работать на расстоянии более 3-5 метров, в лучшем случае 7 метров; КПД у такой установки 35-40%; это может пагубно сказаться на человеческом здоровье; может сбить работу других электрических устройств в доме. Поэтому, я считаю, прибор на основе этого механизма можно использовать в пределах одной комнаты. Теперь наличие розетки у постели не будет необходимостью.



Таким образом, у нас есть 2 способа передачи электрической энергии без проводов, которые действительно будут работать. Если учесть вышесказанные минусы, мы сталкиваемся с проблемой – мы можем передавать ток или в сравнительно большом количестве, или на дальние расстояния. У меня есть вариант решения этой проблемы – в этом поможет литосфера. Но я пока не уверен, поскольку эксперименты хотел начать летом.

В любом случае, устройства беспроводной передачи энергии имеют значительные преимущества над передачей по проводам:

1. Безопасность. Линии электропередач, расположенные в степях и проходящие вдоль автомобильных дорог, очень опасны как животным, так и человеку. В случае аварии,

провод может оборваться и одним концом упасть на землю и создать вокруг некоторое напряжение. А так как высоковольтные линии чаще всего расположены вдоль дорог, это становится причиной многих смертей. Также из-за этого умирают дикие животные и особенно домашний скот, причём в большом количестве и зачастую с пастухом. А единственное, что связывает антенну и ренктенну – это электромагнитные волны, что определяет практически полную безопасность.

2. Стоимость. Прокладка линий электропередач занимает очень много времени, сил и ресурсов, что очень сказывается на дальнейшей стоимости. Создав систему беспроводной передачи электроэнергии, мы сможем здорово сэкономить. И обслуживать такую систему проще и дешевле.
3. Потери. При транспортировке электроэнергии по линиям электропередач потери составляют 30-40%. Если же передавать энергию в виде микроволнового излучения, то потери будут составлять всего 1-3%.

Исходя из вышеуказанных преимуществ, я считаю, что человечеству нужно переходить на беспроводную передачу энергии, это будет выгодно и удобно всем. Я считаю, что будущее за беспроводными технологиями.

### **Литература:**

1. Никола Тесла. Колорадо-Спрингс дневники 1899-1900г. - Самара. Издательский дом «Агни». 2008г.
2. Касаткина Ирина Леонидовна. Физика. Электромагнетизм. Ускоренная подготовка к ЕГЭ. – Ростов-на-Дону. Феникс. 2018г.

### **«МАТЕМАТИКА» СЕКЦИЯСЫ СЕКЦИЯ «МАТЕМАТИКА»**

#### **МАТЕМАТИКАНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ**

Ерейментау қ., № 3 ОМ, 7ә сынып оқушысы

Булан Мансура

Ерейментау қ., № 3 ОМ, математика мұғалімі

Жапабаев Е.Т.

[mansura.bula@bk.ru](mailto:mansura.bula@bk.ru)

Математика ғылымдардың ішінде ең ерте шыққан, оның тарихи ғасырлар түкпірінде жазу мен сызу жоқ кезінде басталған. Адамзат тағылымның даму дәуірінің табалдырығын аттап басқан заманда «артық», «кем», «үлкен», «кіші» ұғымдары туған. Заттарды санаудан 1,2,3,4,5..т.с.с натурал сандарды жазуға, нәрселердің мөлшерін өзара салыстыруға, жыл мезгілдерін ажыратуға мәжбүр еткен. Ең алғаш сандар, яғни цифрлар б.з.д 2 мыңжылдықта пайда болған. Тарих жағынан келсек, сандардың ежелгі Вавилонда қолданғаны айқындалады. Осылай математика саласы одан әрі қарай дами түсті. Қаншама ғалымдар өз шығармаларын есеп арқылы өшпес мұра қылып қалдырған.

Тақырыпты таңдау себебім:

- Жер шарында қанша қызық пән және оның ғалымдары бар, соның ішінен таңдап алған пән бұл математика пәні. Бұл пән ерте ғасырдан келе жатқан пән және оның қаншама атақты ғалымдары бар. Солардың математикаға қосқан үлесі мен өмірі туралы баяндап беремін.

Жұмыстың өзектілігі:

- Қазір оқушылар математиканы тек мектеп бағдарламасы бойынша білім алады, ал математиканы тереңдеп оқуға қызығушылығы төмендеп барады. Сондықтан да, сол қызығушылықты оятып және дамыту үшін «Математиканың шығу тарихы» атты ғылыми мақаланы бастап отырмын.

Басты мақсатым, осы отырған барша халыққа, сыныптастарым мен достарыма математика тарихынан толымды дүниелерді тартымды қылып жеткізу, математика пәніне деген қызығушылықты арттыру.

### **Математиканың шығу тарихы.**

Математиканың шығу тегі және даму барысы ұзақ мерзімге созылды. Арифметиканың өзі дербес ғылым ретінде біртіндеп қалыптасқанымен, оның негізгі сан ұғымы өте ертеде, тарихқа дейінгі заманда, санау қажеттілігі туған кезде пайда болған. Геометрияның бастапқы карапайым ұғымдары табиғатты бақылау, тікелей практикалық өлшеу тәжірибелерінен алынған. Математиканың бастапқы мағлұматтары барлық халықтарда болған:

### **Көне Мысыр математикасы**

Көне Мысыр әлемдегі ең байырғы мәдениет ошақтарының бірі. Ніл өзенінің екі жағалауына орналасқан бұл ел б.з.б 3200-ші жж біртұтас мемлекет болып бірікті. Ніл өзені әр жылда тасып, жағалаудағы егістік жерлерді шайып кетіп отырған, тасу мезгілі аяқталған соң тұрғындардың жерін қайта өлшеп бөлу керек болады, ұзақ жылғы жер өлшеу тәжірибесінің арқасында геометрия ғылымы пайда болған (геометрия – грекше сөз, гео – жер, метро – өлшеу деген мағына береді).

Б.з.б 2900-шы жж кейін патшаларының мазары ретінде көне мысырлықтар көптеген алып пирамидаларды тұрғыза бастаған. Пирамидалардың құрылысына қарай отырып, сол кездегі көне мысырлықтардың геометрия мен астрономияны аз білмегенін аңғаруға болады. Мысалға, пирамида табаны мен бүйір бет ауданы арасындағы қатынас пен табанындағы бұрыштарды атауға болады. Қорыта келгенде көне мысырлықтар көптеген нақтылы тәжірибелер топтаған, бірақ оны бір тұтас теорияға айналдырмаған.

### **Араб математикасы**

Орта ғасырдағы Орта Шығыс, Солтүстік Африка және Испания сынды мұсылман мемлекеттеріндегі араб жазуы арқылы жазылған математикалық шығармаларды айтады. Араб математикасының дамуына арабтар ғана емес, парсылар, сүриянилер, т.б. үлес қосты. Бұл шығармалар қолжазба түрінде осы күнге жеткен, олар әлемнің әр түкпіріндегі кітапханаларда сақтаулы тұр.

VIII ғасырдан бастап XIX ғасырдың ортасына дейін әл-Мансұр халиф Бағдатта ішінде телескоп пен кітапханасы бар «Даналық үйін» (арабша: بيت الحكمة Bait al-Hikma) ашып, оған сол кездегі Сүрия, Үндістан т.б мемлекеттерден ғалымдарды жинаған. Бұл кезең негізінен басқа тілдегі математикалық шығармаларды аударып, оны үйрету кезеңі деп айтуға болады. Ең алдымен Евклид «Геометрияның бастамалары», одан кейін үнді математигі Брахмагупта еңбегі араб тіліне аударылады. Содан бастап, Архимед, Аполлониус, Диофант, Птолемей сынды ертедегі гректің ұлы математиктерінің шығармалары бірте-бірте араб тіліне аударылды. Бұл дәуірдегі атақты математик әл-Хорезми болды. Ол тек аудармамен айналысып қана қоймай, сонымен бірге «Хорезми арифметикасы» (көптеген кітаптарда «Liber Algorithmi» деп аталынып жүр), «Әл-жәбр уә-л-Мұқабала» т.б атты атақты кітаптары бар. Қазіргі кездегі математиканың маңызды бір саласы болып табылатын алгебраны осы әл-Хорезми енгізген.

IX-ғасырдың ортасынан XIII ғасырға дейін араб математикасының гүлдену дәуірі деп қарауға болады. Араб математикасының негізгі жетістіктерінен, арифметика жағында: ондық санау жүйесі, жазбаша есеп, дәрежеге көтеру, біріз қатарлардың қосындысын табу формуласын зерттеген.

XII ғасырдан бастап, араб математикасы Солтүстік Африкадағы Жерорта теңізі жағалауы арқылы өтетін мәдени жолдар арқылы Испания мен Еуропаға тараған. Әсіресе ондық санау жүйесі мен жазбаша есеп, Евклидтің «Геометрия бастамалары» кітабының аударма нұсқасы т.б. Бұлар бүкіл Еуропаның, тіпті дүние жүзінің математикасының дамуына орасан зор ықпал еткен. Бірақ, араб математикасының керемет туындылары латын тіліне аударылып, Еуропаға



тарамаған, тек XIX ғасырдан кейін араб математикасы реттеліп бір жүйеге келтіріле бастаған. Араб математикасы ертедегі гректің, Үндістанның, Қытайдың, Шығыс пен Батыстың математикалық жетістіктерін пайдаланып және оларды бір қалыпқа түсіріп, Еуропаға таратқандықтан мәдениеттің қайта гүлденуі кезеңінде математика керемет дамыды, сондықтан да араб математикасы әлемдік математика тарихында ойып тұрып орын алады.

### **Орта ғасырлар математикасы**

Математика ғылымның кіндігі де, тұсауы да кесілген жері ертедегі шығыс (Қытай, Үнді). Одан кейін, ол Вавилон мен Египет, Грекияға ауысады. Грекия математиктері математиканы өзінің нәтижелері мен түпкі қағидаларын логикалық қорытынды арқылы келтіріп шығаратын дедукциялық ғылымға айналдырды. Гректер әсіресе бастапқы геометрияға жататын мәселелерді түгел зерттеді деуге болады.

Жаңа заманнан ілгері 47 ж. Рим әскерлері Грекияны басып алып Александрия портындағы Мысыр кемелерін өртегенде, өрт кітапхананы да шарпып, нәтижеде екі жарым ғасыр бойы жинап сақтаған кітаптар мен 500 000 парсы қолжазба күйіп түгейді. IV ғасырда христиандар Грекия пұтханаларын өртеген кезде Серапис пұтханасындағы 300 қолжазба күйіп түгейді. Міне, осындай тарихи себептерден, әрі Грек математикасының өзіндегі олқылықтар себебінен, ежелгі Грекия математикасы тоқырайды. Осыған байланысты бүкіл Еуропада ғылым дамымақ түгіл, уақтысында болған ғылымдардың өздері жоғалып, Еуропаны қара түнек басады. Ақыл берген ғасырлардың орнына мың жарым жыл бойы үздіксіз созылған оянбайтын ұйқыға батқан «Ақыл-ой» ғасырлары келді. Адамзат тарихында бұдан үлкен, бұдан ғаламат ауыртпалық болған жоқ. Шығыс математикасы V ғасырдан XV ғасырға дейінгі мың жылдан астам уақыт аралығында есептеудің әсіресе астрономияның қажетінен шұғыл дамыды, бұрынғы Грекия математиктерінің көпшілігі философ болса, кейінгі шығыс мәдениетінің көбінің астроном болуы міне осы себептен болса керек.

### **Үнді математикасы**

Математика тарихында, Гректердің мұрагерлері Үндістандықтар делінеді. 200 жылдан 1200 жылға дейін Үндістан математикасы жоғары толқынға көтерілген дәуір болып есептеледі. Бұл дәуірдің бастапқы мезгілінде, олар Гректерден геометрияны Вавилоннан алгебраны үйренді, әрі Қытайдан үлгі алып, арифметика мен алгебраны одан ары дамытты.

### **Ұлы математиктер**

780-850жж Араб математигі Әл-Хорезми адамзат өркениетінің дамуына және қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан, көне өркениеттер тағылымының тал бесіктерінің бірі Ежелгі Хорезм еліндегі Хиуа қаласында дүниеге келген. Ол әйгілі «Шығыстың жеті жұлдызының» бірі, әлемдік қазіргі алгебра ғылымының негізін салушы ретінде белгілі. Орта ғасырлық Ұлы ғалым – математик, астроном(жұлдызшы), тарихшы. Математика бойынша ол жазған екі кітап бүкіл әлемге араб цифрлары мен нөлдің тарауына септігін тигізді. «Арифметика» және «Алгоритм» терминдері ол жасаған сөздіктерден бізге келді, ал алгебра сөзі оның «Хибас әл-жабр уа-л мукабала» кітабы тақарыбының бір бөлігі болып табылады.

### **Әбу Насыр әл-Фараби**

Әбу Насыр Мұхамма ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870-950 жж) – әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Әбу Насыр әл-Фараби – түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, «Әлемнің 2-ұстазы» атанған ғұлама.

Арифметиканың негізгі ұғымы сан. Фарабидің түсіндіруі бойынша, сан объективті ақиқат нәрселердің сезіп-түйсінуге болатын, яғни «көзбен көріп, қолмен ұстауға» болатын жақтарын елеусіз қалдырып, тек саналуға, есептелуге тиісті қырларын бейнелейді. Фарабидің айтуынша, теориялық арифметика үш тарауды қамтиды: 1) сандардың бір-біріне қатыссыз жеке-дара қасиеттерін қарастыратын тарау (жұп және тақ сандар, кемел, жазық т.б сандар теориясы); 2) сандардың бір-біріне қатысты қасиеттерін қарастыратын тарау (теңдігі, теңсіздігі, қатынасы, пропорция, өзара жай сандар, еселі сандар т.б.); 3) сандарға амалдар қолдану.

Қорытындылай келгенде ұлы математиктер математиканы дамытуда адамзатты ғажайып жаңалықтармен әлі талай қуантады. Ғылым тарихына көз салғанда адамзаттың асыл перзенттері ашқан ұлы жаңалықтарға тоқталмай өте алмаймыз, өйткені басқалармен салыстырғанда бұлардың ойлары орасан зор. Таланттары ерекше биік тұрады. Бұлардың ғылыми идеялары болашаққа өзінің нұрын шашады.

«Ғылым математиканы пайдалану арқылы жетіледі» - дей келе, менің сыныптастарым мен достарым өздері дұрыс қорытынды шығарып, өмірдің өзі математикасыз, есепсіз болмайтынын, математика пәні қандай қиын болса да, ол пәнге деген көзқарастарын өзгертер деп үміттенемін. Қазақстанның болашағы нұрлы, жоспарлы жан-жақты білімді болар деген сенімдемін.

### **Қолданылған әдебиет:**

1. Л.М.Фридман. Учитесь учиться математике. Москва. «Просвещение» 1985.
2. С.Х.Сираждинов, Г.П.Матвиевская. Ал-Хорезми-выдающийся математик и астроном средневековья и Люди науки. Москва. «Просвещение», 1983.
3. Б.В.Гнеденко. Математика в современном мире. Москва. «Просвещение» 1980.
4. «Математика және физика» журналдары, 2009-2016 жж.
5. Интернет материалдары.

### **КАК МЕТОД КООРДИНАТ МОЖЕТ ОБЛЕГЧИТЬ РЕШЕНИЕ ЗАДАЧ?**

Виноградский Евгений Витальевич  
ученик 10 класса, СШ№ 33, Целиноградский район, с. Родина  
Гуменюк Елена Леонидовна  
учитель математики, СШ№ 33, Целиноградский район, с. Родина  
[evgeniy\\_vin@mail.ru](mailto:evgeniy_vin@mail.ru), [gumenuk80@yandex.ru](mailto:gumenuk80@yandex.ru)

На сегодняшний день большая часть специалистов из разных сфер знаний имеют представление о прямоугольных декартовых координатах, так как эти координаты дают возможность при помощи графика изобразить соотношение одной величины с другой. Область использования данного метода координат очень обширна. Сила его заключается в алгоритмичности.

Метод координат сводит решение широкого круга задач к небольшому числу методических приемов. Выбрав систему координат, можно каждую точку охарактеризовать ее координатами, а каждую линию – уравнением. Через метод координат геометрия и алгебра, соединяясь и взаимодействуя, дают богатые плоды, которые они не могли бы дать, оставаясь разделенными.

Актуальность данной статьи состоит в том, что в наши дни метод координат широко применяется в различных сферах жизни и умение владеть им необходимо специалистам любой области. Учитывая это, можно выдвинуть гипотезу: зная метод координат многие задачи можно решить проще и быстрее.

Метод координат - это способ определять положение точки или тел с помощью чисел или других символов. Числа, с помощью которых определяется положение точки, называются координатами точки. Существуют различные виды систем координат:

1) Координаты точки на прямой. На прямой выбирают начало отсчета, единичный отрезок и направление, которое будет считаться положительным. Для определения расположения точки достаточно назвать одно число.

2) Прямоугольные координаты на плоскости. Прямоугольная система координат на плоскости образуется двумя взаимно перпендикулярными осями X и Y. Оси координат пересекаются в точке O (начало координат) и на каждой оси выбрано положительное направление. Положение точки определяется двумя числами.

3) Прямоугольные координаты в пространстве. Прямоугольная система координат в пространстве образуется уже тремя взаимно перпендикулярными осями координат ОХ (абсцисс), ОУ (ординат) и ОZ (аппликат). Оси координат также пересекаются в точке О и на каждой оси выбрано положительное направление. В данном виде положение точки определяется тремя числами.

4) Четвёртое измерение, или четырёхмерное («4D») пространство. Четырёхмерное пространство в математике абстрактное понятие, производимое путём обобщения правил трёхмерного пространства. Алгебраически оно получено путём применения правил векторов и координатной геометрии к пространству с четырьмя измерениями. В частности, вектор с четырьмя компонентами может быть использован для представления позиции в четырёхмерном пространстве. Это Евклидово пространство, поэтому имеет метрику и норму, и таким образом все измерения рассматриваются одинаково: дополнительное измерение неотлично от трёх других.


5) Полярные координаты. Полярная система координат — двумерная система координат, в которой каждая точка на плоскости определяется двумя числами — полярным углом и полярным радиусом. Полярная система координат особенно полезна в случаях, когда отношения между точками проще изобразить в виде радиусов и углов; в более распространённой, декартовой или прямоугольной системе координат, такие отношения можно установить только путём применения тригонометрических уравнений.

6) Сферические координаты в пространстве. Сферическую систему координат удобно определять, соотносясь с декартовой прямоугольной системой координат. Сферическими координатами называют систему координат для отображения геометрических свойств фигуры в трёх измерениях посредством задания трёх координат  $(r; \varphi; \theta)$ , где  $r$  – расстояние до начала координат,  $\varphi$  и  $\theta$  – зенитный и азимутальный угол соответственно.

Координатный метод является одним из эффективных инструментов решения задач. Он позволяет решать геометрические задачи, алгебраические задачи на построение, задачи на доказательство, исследование графических уравнений и неравенств и решение их, а также доказывать теоремы из школьного курса. Зачастую решение задач с использованием метода координат является более простым. Это и послужило обоснованием заявлению изобретателя метода координат, французского математика Рене Декарта: «Я решил все задачи!». Ведь координатное решение позволяет охватить всевозможные частные случаи.

Пример решения задачи методом координат (алгебраические неравенство):  
Задание: Постройте множество точек на плоскости, координаты которых удовлетворяют

следующему соотношению: 
$$\begin{cases} |x| + |y| > 3 \\ y \leq \sqrt{3 - x^2} \\ y \geq x^2 + 1 \end{cases}$$
 Решение:



Системы координат пронизывают всю практическую жизнь человека. Ее значение велико: она позволяет определить положение того или иного объекта. Например: почтовые адреса и номера телефонов, в поезде номер вагона и номер места, в многоэтажном доме номер подъезда и номер этажа; географические координаты (долгота и широта) представлена на картах, туристических маршрутах; шахматы, где вертикали обозначаются цифрами, а горизонтали латинскими буквами; игра « Морской бой».

Не обойтись без системы координат и в математике, физике, статистике, бухгалтерском деле. Составим и решим задачи с практическим применением метода координат.

#### 1) Метод координат и математика.

	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	к	л	м	н	о	ь	ъ	ы	э	ю	я	«пробел»
2	п	р	с	т	у	ф	х	ч	ц	ш	щ	,
3	а	б	в	г	д	е	ё	ж	з	и	й	.

Расшифруйте следующее сообщение с помощью таблицы:

(9;3) (1;3) (12;1) (5;3) (5;1) (2;3) (2;2) (5;1) (12;1) (5;3) (5;1) (2;3) (2;2) (5;1) (3;1)  
(12;1) (10;3) (12;1) (1;2) (2;1) (1;3) (4;2) (11;1) (4;2) (12;3)

Ответ: За добро добром и платят.

2) GPS навигация.

На звездное небо также наложена система координат и каждая звезда на небе имеет 2 координаты, как объект на земле. Однако наука не стоит на месте и система координат все больше входит в нашу жизнь. GPS – это спутниковая система навигации, часто именуемая GPS. Позволяет в любом месте Земли, почти, при любой погоде, а также в космическом пространстве вблизи планеты определить местоположение и скорость объектов. Основным принцип использования системы — определение местоположения путём измерения расстояний до объекта от точек с известными координатами — спутников. Расстояние вычисляется по времени задержки распространения сигнала от посылки его спутником до приёма антенной GPS-приёмника.


3) Метод координат в физике

Движение точки на плоскости описывается уравнениями:

$$x = 6 \text{ м} + 3 \text{ м/с} \cdot t; y = 4 \text{ м/с} \cdot t.$$

Определить траекторию движения точки и построить ее на плоскости XOY.

Решение: Исключим из обоих уравнений параметр  $t$ . Для этого выразим время из первого уравнения и подставим во второе, получим:  $y = 4x/3 - 8 \text{ м}$ . Это уравнение прямой линии с угловым коэффициентом  $4/3$  и пересекающая ось OY в точке  $-8$ . Можно построить ее по точкам, при  $x = 0$   $y = -8$  и при  $y = 0$   $x = 6$  м.



Направление скорости движения точки укажем стрелкой.

4) Шахматные задачи Белые ходят и объявляют мат

Решение:

Ответ: Король ходит с f6 на f7. В то время, как король защищает поле g8, Ферзь объявляет чёрному королю шах и мат. Остальные ходы королём не защищают поле g8, и чёрный король может спастись от мата пойдя на это поле.



Координатный метод является одним из эффективных инструментов решения задач. Он позволяет решать геометрические задачи средствами алгебры, сводит построения к вычислениям. Зачастую преобразования формул ведут к цели более простым и коротким путем. Поэтому считаю, что метод координат очень полезен при решении геометрических, а также алгебраических задач. В данной статье я изложил информацию о различных видах координат. Показал решение алгебраических и геометрических задач с помощью координатного метода. Рассмотрел практическую значимость метода координат, его связь с физикой и применением в GPS навигации.

Моя статья может найти практическое применение, может являться дополнительным и наглядным материалом для уроков математики, геометрии, физики. А также её можно использовать выпускникам для подготовки к выпускным и вступительным экзаменам.

### Литература:

1. «Векторно-координатный метод при решение стереометрических задач» научно-методический журнал «Математика в школе» (1995 год №1, стр.23-25).
2. Г.Н.Никитина «Решение задач на построение метода координат» научно-методический журнал «Математика в школе» (1978 год №3, стр.51\_54).
3. Л.С.Понтрилгин «Метод координат».
4. И.М.Гельфранд, Е.Г.Глаголева, А.А.Кириллов «Метод координат»(1966 год).
5. З.А.Кузичева «Рене Декарт» научно-методический журнал «Математика в школе»

- (1996 год №6, стр.75-78).
6. В.А.Гусев «Преподавание геометрии в 6-8 классах » сборник статей (Москва «Просвещение» 1979 год, стр.116-124 ).
  7. Спутниковые системы местоопределения (Публикация интернет (<http://www.coolreferat.com/>)).
  8. Метод координат (Публикация интернет([ru.wikipedia.org](http://ru.wikipedia.org))).
  9. Решение шахматных задач (Публикация интернет([www.pensionerka.net](http://www.pensionerka.net))).
  10. Т. Зяблицева «Геометрический смысл системы алгебраических неравенств» газета «Математика»(1 сентября) № 5 1999г (стр.26-30)
  11. Т. Зяблицева «Геометрический смысл системы алгебраических неравенств» газета «Математика»(1 сентября) № 5 1999г (стр.26-30)

## ҒАЖАЙЫП П САНЫ

9-сынып оқушысы, IT-мектеп лицейі, Көкшетау қ.  
 Кошанов Асылхан Талғатұлы  
 Математика пәнінің мұғалімі, IT-мектеп лицейі, Көкшетау қ.  
 Бектасова Амина Ергалиевна  
[adilhan\\_koshanov@mail.ru](mailto:adilhan_koshanov@mail.ru)  
[amina.bektasova@mail.ru](mailto:amina.bektasova@mail.ru)

Мен  $\pi$  санымен ең алғаш 6-сыныпта математика пәнінен шеңбер ұзындығы тақырыбын өткенде таныстым.  $\pi$  саны неліктен тұрақты және неге шамамен 3,14-ке тең, дәл  $\pi$  саны қандай деген сұрақтар мені қызықтырды.

$\pi$  – оның диаметріне бөлінген шеңбер ұзындығы. Осы шама олардың көлеміне байланыссыз барлық шеңберлер үшін бірдей. Мұны жіп шумағының көмегімен өлшеп тексеріп көруге болады. Ол үшін мынадай тәжірибе жасайық. Жиегі шеңбер болатын стакан(тарелке, шелек, т.б) алайық. Оның жиегін жіппен орап, жіптің ұзындығын сызғышпен өлшейміз. Жіптің ұзындығы шамамен стакан шеңберінің ұзындығына тең. Сонан соң стакан диаметрін сызғышпен өлшейміз.

Шеңбер ұзындығы мен диаметрінің қатынасын есептейміз.

Тәжірибелер нәтижесінде кез келген шеңбер үшін шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты санға тең екендігі анықталды. Бұл сан гректің  $\pi$  (оқылуы : «пи») әріпімен белгіленеді.

$$\pi = 3,141592665\dots$$

$\pi$  саны – шектеусіз, периодсыз ондық бөлшек. Есептеулерде  $\pi$  -дің жуық мәні үшін  $\pi \approx 3,14$  мәні алынады. Шеңбердің ұзындығын  $C$  әріпімен, ал диаметрін  $D$  әріпімен белгілесек:  $\pi = \frac{C}{D}$

$$\pi \approx 3,14 \text{ шамамен алынған мәні.}$$

Біз оны дәл анықтай алмаймыз, өйткені  $\pi$  санының ондық белгілері шексіз.

Әлемдегі кез келген телефон нөмірін  $\pi$  саны белгілерінің арасынан табуға болады. Қазірден бастап және мәңгілікке  $\pi$  сандарының таңбалары – тек шексіз ғана емес, сонымен қатар мүлде кездейсоқ таңбалар, олар ешқандай математикалық тізбекті құрамайды. Бұл  $\pi$  сандары таңбаларының шексіз созылуында әлемдегі барлық телефон нөмірлерінің болуын білдіреді. Ал егер сен сандарды әріптерге ауыстыратын болсаң, онда сен барлық жазылған кітаптардың және тіпті болашақта жазылатын кітаптардың аттарын толық анықтайсың.

Енді  $\pi$  санын іздеу жолдарымен тарихына кішкене тоқталып кетейін.

$\pi$  санының тарихы барлық математиканың дамуымен параллель жүрді. Кейбір ғалымдар  $\pi$  санының даму тарихын 3 кезеңге бөледі:

### 1. Геометриялық кезең.

$\pi$  санын есептеп шығару мүмкін еместігі адамдардың оны есептеуге деген талпынысын бәсеңдеткен емес. Шеңбердің айналасындағы дәл қашықтықты есептеп шығару ең күрделі міндет болатын (диаметрді өлшеу мүлдем қиын емес еді). Ежелгі гректер геометриялық есептерді жалғыз сызғыш пен циркульдің көмегімен шығарғанды ұнататын.

1. Циркульдің көмегімен шеңбер сызылады, оның ішіне көлемі бірдей доғалар сызылады.
2. Қиылысу нүктелерін жалғайтын тік сызықтар сызылады.
3. Міне – мінсіз алтыбұрыштар дайын

Алтыбұрыш тең қабырғалы алты үшбұрыштан құрылған. Шеңбер ұзындығы алтыбұрыштың периметріне жуық, ал алтыбұрыштың периметрі алты қабырғаға тең, ал кесе көлденең ені 2-ге тең. Сондықтан алтыбұрыш пен оның диаметрінің қатынасы 3-ке тең. Ал шеңбер ұзындығы алтыбұрыш периметрінен артық екені анық, сондықтан  $\pi$  саны 3-тен артық болуға тиіс.

$\pi$  санының мәнін зерттеуде үнді математиктері Арьябхата мен Бхаскара көп үлес қосты. Олар 3,1416 жуықтау шамасын дәлелдеген.

Қытай математиктері Лю Хуэй мен Цзу Чунчжи  $\pi$  санын есептеудің дәлірек мәнін ұсынды. Лю Хуэй 3072-бұрыш үшін есептеу жүргізіп, төмендегі формула бойынша  $\pi$  -дің жуық мәнін анықтаған.

$$\pi \approx 1,1013 \cdot 3 \cdot 2^8 \cdot \sqrt{2 - \sqrt{2 + \sqrt{2 - \sqrt{2 + \sqrt{2 + \sqrt{2 + \sqrt{2 + \sqrt{2 - \sqrt{2 - 1}}}}}}}}}} \approx 3,14159.$$

### 2. Классикалық кезең.

2000 жылға дейін  $\pi$  санының 10-ға жуық мәндері белгілі болды.  $\pi$  санының әрі қарай ауқымды дамуы математикалық анализдің дамуымен бірге дамыды. 1400 жылы Мадхава алғаш рет  $\pi$  санының үтірден кейінгі 11 санының дәл мәнін анықтайтын қатар тапты:

$$\pi = \frac{4}{1} - \frac{4}{3} + \frac{4}{5} - \frac{4}{7} + \dots$$

Бұл нәтижесі Мадхава – Лейбниц қатары деген атпен белгілі. Бірақ бұл есептеу  $\pi$  санын анықтау үшін күрделі есептеулерді орындауды талап етті.

Бұл рекорд 1424 жылы Әл-Кашидің «Тракт об окружености» еңбегінде жаңарды. Әл –Кашидің өз еңбегінде  $\pi$  санының 16 дәл мәнін келтіреді.

1596 жылы голландиялық математика Ван Цейлон Лудольф(1540-1610)  $\pi$  санының үтірден кейінгі 20 дәл мәнін жариялады. Ол бұл мәнді табу үшін 10 жыл уақыт жұмсаған. Лудольф бұл нәтижеге Архимедтің ежелгі әдісін  $n = 60 \cdot 2^{29}$  болған кездегі  $n$  –бұрышты екі еселеу арқылы қол жеткізеді. Лудольф өзінің жетістігін «Об окруженности» еңбегінде көрсетіп, мына сөздермен аяқтаған: «Кімде –кім әрі қарай жалғастыруға талпынса, әрі қарай жалғастырсын». Ғалым қайтыс болғаннан кейін оның қолжазбаларынан тағы да 15-ке жуық дәл мәні табылған. 1615 жылы бұл жаңалығы жарық көреді. Лудольфтің құрметіне  $\pi$  саны кейде «Лудольф саны» немесе «Лудольф тұрақтысы» деп те аталады. Ғалымның құлыптасына өзінің өтініші бойынша осы сандар жазылған екен.

$\pi$  санын гректің  $\pi$  әріпімен белгілеуді ең алғаш 1706 жылы ағылшын математигі У. Джонс(1675-1749) пайдаланғанымен, жаппай қолданысқа 1737 жылы Леонарда Эйлердің (1707-1783) еңбегінен кейін ғана қолданысқа ене бастады. Ағылшын математигі Вильям Шенкс  $\pi$  санының үтірден кейінгі 707 таңбасына дейін есептеуге 15 жыл жұмсады, бірақ ол 528-ші таңбада қателестіде, оның одан арғы есептері бұрыс болып шықты.

### 3. Сандық – компьютерлік кезең.

Қызғылт сары: 1000-нан 1200 °С-қа дейін (1800-ден 2100 ° F)  
Ашық сары: 1200 - 1400 °С-қа дейін (2100 - 2500 ° F)  
Ақ: 1400-ден 1600 °С-қа дейін (2,500-2900 ° F) [4]

Көгілдір отты шығаруға болатын жоғары температура өрттерде ерекше емес, сондықтан металдарды дәнекерлеу кезінде қолданған кезде жиі байқалады.

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. Жылу энергетикасы мамандығының бакалаврлары үшін дәрістер жинағы // Отын жағудың арнайы сұрақтары – Алматы 2013. 13-39 б.
2. Койчубеков Б.К. және Бражанова А.К. Биофизикадағы оптикалық зерттеу әдістері – Қарағанды 2011. 19-24 б.
3. <https://www.target-fire.co.uk/resource-centre/what-is-the-temperature-of-fire/>
4. <https://maggimaggio.com/color/2011/08/fire-ii-color-and-temperature/>

### **ТАРИХ, ЗАҢТАНУ, ӨНЕР ЖӘНЕ СПОРТ ФАКУЛЬТЕТІ ФАКУЛЬТЕТ ИСТОРИИ, ЮРИСПРУДЕНЦИИ, ИСКУССТВА И СПОРТА**

#### **«ТАРИХ ЖӘНЕ ӨЛКЕТАНУ» СЕКЦИЯСЫ СЕКЦИЯ «ИСТОРИЯ И КРАЕВЕДЕНИЕ»**

### **АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ИДЕЯСЫ**

Красный Яр селосы, №3 Красный Яр көпсалалы орта мектеп-гимназиясы,  
8 сынып оқушысы Әшім Әсем  
Красный Яр селосы, №3 Красный Яр көпсалалы орта мектеп-гимназиясының  
тарих пәнінің мұғалімі Нуралинов Ренат Мусжанович  
[renat\\_s93@mail.ru](mailto:renat_s93@mail.ru)

Адамзат баласы өзі өмір сүретін қоғамды оның бар болмысымен, заңдылықтарымен өзі қалыптастырады. Себебі ол қоғам мүшесі. Әрбір ұлт өзінің ұлттық бірегейлігін сақтап, сол қоғамның заңдылықтарына бағынып, интеллектуалды тұрғыда өсіп-өнуі керек. Дегенмен заман өткен сайын интеллектке деген көзқарас та, оған қойылар талап та өзгеруде. Бүгінгі күні қоғамда өкінішке орай рухани құндылықтан материалдық игіліктер алға шығып кетіп жатқан тұстар кездеседі.

Ойшылдықтан гөрі ойын алға озған тұста, адам бойындағы қабілет-қарым, талант, парасат, ақыл-ой, ар мен адамдық бағаланбай жүргені қоғамдағы ащы шындық. Дамыған елдің басты қағидаты ойшылдық, жоғары интеллектуалдық.

Ал бүгінгі қазақ жастарының интеллектуалдық әлеуеті қаншалықты бәсекеге қабілетті, ертеңгі күні ел тірегіне айналып интеллектуалды ұлт, орта қалыптастыру мүмкіндіктері жоғары болуы үшін қажетті мәселелер шешімін таппай жатқаны анық. Осыған орай, интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясын басқадан емес, өз халқымыздың ойшылдарының мұрасынан іздеу керек екенін ұғынып, Абай қарасөздерін зерттеу нысанына айналдыруды жөн деп санадық. Интеллектуалды ұлт боламыз десек, алдымен киелі интеллектуалдық қорымыздың көзін ашып, ұрпақ кәдесіне жаратпақ абзал.

Қай халықтың болмасын ғасырлар бойы сақталған, көненің көзі, ата-бабаның асыл мұрасы тәлім мен тәрбие, ғибратты ой-тұжырым интеллектуалды ұлт болып қалыптастыруға ерекше күш болары сөзсіз. Әлемнің «екінші ұстазы», философ Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылығы мен өз ұлтымыздың ұлы ақыны Абайдың еңбектері осы ретте аса маңызды рухани бай қазынамыз болып табылады.

Әл-Фарабидің «Интеллект сөзінің мағынасы жайында» деген еңбегінде адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтындығын, интеллекттің өзі жүре келе естіп, көріп, барып қана дамитынын ескертеді. Осы ой, ғылыми пікір Абайдың «Он тоғызыншы» қара сөзінде өз жалғасын тапқан. Сондай-ақ Әл-Фарабидің «Қайырымды қала трактаттары» еңбектері мен Абайдың «Жетінші», «Он жетінші» «Жиырма жетінші» қара сөздерінде де өз сабақтастығын тапқан.

Елдің интеллектуалды әлеуетін дамыту – бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізі болып табылады. Бүгінгі күні бұл мәселе ел арасында өте өзекті әрі кейінгі уақытта да өз маңызын жоймайтыны анық. 2010 жылы 1 ақпанда Қазақстанда "Интеллектуалды ұлт - 2020" мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты - қазақстандықтарды жаңа формацияға тәрбиелеу, Қазақстанды бәсекелестікке қабілетті адам капиталына бай елге айналдыру. Бұл бағдарламаның негізгі үш басым бағыты бар:

1. білім беру жүйесінің инновациялық дамуы
2. ақпараттық революция
3. жастарды рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу

Біз бүгінгі күні өзіміздің зерттеу нысанымызға жобаның үшінші басым бағыты бойынша мәселені алып отырмыз.

Бұл жерде жаһандану үдерістерін назарға ала отырып, оған қарсы тұрудың бірден бір жолы ретінде жас буынның рухани тәрбиесіне, ұлттық-мәдени құндылықтарымызды нығайтуға көңіл бөлу керек [1]. Өйткені, ол кез келген ұлттың алдына мынандай таңдау қояды - өзіндік ұлттық реңкті жоғалту арқылы немесе өзіндік ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, заман талабына сай даму жолына түсу.

Біздің жастарымыз өзіміздің ұлттың ерекшелігімізді жоғалтпай заман талабына сай «Интеллектуалды ұлт» және «бәсекеге қабілетті ұлт» қалыптастыруы қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 9 қаңтарындағы «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет. Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн. Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» деп атап өтті [2]. Ел Президентінің мағыналы пікірін негізге ала отырып, халқымыздың дана ойшылы, ақын Абай Құнанбайұлының қарасөздеріндегі интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясына тоқталып өтуді мақсат етіп отырмыз.

Абай өзінің «Он бесінші» қарасөзінде: «Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім. Әуелі - пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен. Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен

дағы, күнінде өкінгені пайда болмай-ды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен» [3, 45]. деп есті адам мен есер кісінің сипатына тоқталады. Ұлы ойшыл жастық шақта уақытты босқа өткізбеу керек. Уақыт тез жылжиды. Жас кезінде оқысаң, ғылым үйренсең «өткен өмірдің өкініші» болмайды деген пікір айтады. Бүгінгі жастар үшін өте тағылымды дүние. Оқуға, үйренуге, алған білімінді жаратуға мүмкіндік болып тұрғанда неге өзінді жеке тұлға ретінде, интеллектуалдық тұрғыда дамытпасқа. Бұл әр жастың өз қолында. Бойда қуат, жалындаған жастық шақта оқып, зиялы азамат боп қалыптасып, елге қызмет ету жас буынның міндеті.

Абай өзінің «Отыз екінші қарасөзінде»: «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас. Әуелі - білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады. Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды» дейді [3, 65 б.]. Білім-ғылымға талаптанған жас қашанда ізденіс үстінде болу керек. Өзінің білмегенін қашанда іздеп тауып, оқып, білімге мейірленіп, көңіліне тоқып, одан ерекше рахат тапқан адам нағыз ғалым болмақ деген ой білдіреді.

Бүгінгі ХХІ ғасырда бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасу, әлемдік еңбек нарығында өз орнын табу деген мәселеге келсек, жан-жақты білім алу, инновация, ақпараттық технологияны меңгеру, тіл үйрену үлкен табандылықты қажет етеді. Абай осындай табандылық көрсеткен адамға ғана «білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі» деген идея көтереді.

Сондай-ақ Абай осы қара сөзінде «ақыл кеселі» деп «уайымсыз салғырттықты» атап өтеді: «Бесінші - осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі - құданың, екінші - халықтың, үшінші - дәулеттің, төртінші - ғибраттың, бесінші - ақылдың, ардың -бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды» [3, 66 б.]. десе, ойын әрі қарай былайша жалғастырады: «Алтыншы - ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!» деп мінезге ерекше көңіл бөледі [3, 65 б.].

Білім – адамтану ілімі. Абайдың «Он тоғызыншы қара сөзіне» назар аударалық: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады». [3, 25 б.]. Демек, Абайша тоқтам былай: «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады». Адам жақсыны көрсе, соған ұқсауға тырысуы қажет. Оны бойына сіңіріп, өміріне серік етсе ол адам қор болмайды. Жаманнан қашып, жақсылыққа жол таба білуді мақсат етуі керек.

Ойымызды тұжырымдай келе, ұлы ғұламалар мен ойшылдардың еңбектері уақыт өте кейінгі ұрпақ тарихында өзінің дәстүрлі жалғасын тауып, сабақтасып жатады. Оған дәлел ретінде Әл-Фарабидің философиялық, интеллектуалдық ой-тұжырымдары араға тоғыз ғасырдай уақыт салып, Абайдың еңбектерінде өз жалғасын тапқандығын айта аламыз.

Әл-Фарабидің көп еңбектері ақыл-парасат жайлы екенін ескерсек, Абай еңбектеріне келгенде олардың интеллектуалдық ой-тұжырымдарға бай екендігін ел президенті Тоқаев

Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады», – деп нақтылай түскен. [2].

Қазақ елінің жастары интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясын жүзеге асырып жатыр, келешекте интеллектуалды қоғам, интеллектуалды орта қалыптасып, төрткүл дүниенің төрінен орын алатынына сенім мол.

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. <http://www.akorda.kz>
- 2 Тоқаев Қ. //Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. 2020 жыл, 9 қаңтар
- 3 Абай. Қара сөздер. Алматы.: Жазушы, 1996. -198б.

### **ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ: АҚМОЛА ОБЛЫСЫНАН ШЫҚҚАН КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ.**

ІТ мектеп-лицейі Көкшетау қаласы, 9 сынып оқушысы  
Байканова А.Б  
Көкшетау қаласы ІТ мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі  
Кенжебаев Е.К  
[elaman240197@mail.ru](mailto:elaman240197@mail.ru)

Фашистік Германия мен империалистік Жапонияға қарсы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы (1941-1945жж.) КСРО-ның барлық жұмысшыларын өз Отанын қорғауға көтерді. Өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғаған Кеңес халқы әлемдік өркениетті құтқарып, бүкіл адамзаттың фашизмнің құлдырау қаупінің алдын алды.

Қазақ халқы, Кеңес Одағының басқа халықтары сияқты, ұлы шайқасқа қатысып, Кеңес Одағының патриотизмі мен социалистік ұлттық мақтаныш сезіміне толы батыр адамдар екенін дәлелдеді. Еңбекқор Қазақстан халқы өз Отанын қорғауға қосқан үлестерін мақтан тұтады, жоғары мемлекеттік наградаларға ие болған ұлдары мен қыздарының ерліктері үшін мақтанады. Фашистік басқыншыларға қарсы күрестегі батылдығы, қайсарлығы мен ерлігі үшін Қазақстанның 60 мыңнан астам жауынгері Кеңес Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталды. 4971 майдангер-республиканың елшілері Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды[1,353 б.].

#### **Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алғандар:**

- 1.Барлығы – 11600 адам;
- 2.Қазақстандықтар – 497, оның ішінде қазақтар – 97;
- 3.Қазақ қыздары- 2.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына жарты ғасыр толған мерейтойын Республика халқы зор қанағаттанғандық сезімімен атап өтті.

Республика халқы бұл сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталуына зор үлес қосты. Соғыс жылдарында Қазақстан халқы бар мүмкіндіктерді неміс-фашистеріне соққы беріп жеңіс күнің жақындату мақсатында жұмсады. Фашизмге бүкіл ел болып қарсы тұрды. Соғыс жылдарының ауыртпашылығы Көкше жұртшылығына да онайға түскен жоқ. Қаршадай баладан еңкейген қартқа дейін Отанын қорғауға ұмтылды [2].

#### **Ақмолалықтардың майдандағы ерліктері.**

Соғыстың барлық жылдарында майданға кеткен 9783 ақмолалықтың 7414-і қайтып оралған жоқ. Олар соғыстың әртүрлі майдандарында ерлікпен шайқасқан. 38 ақмолалық жауынгер Совет Одағының Батыры атағына ие болған, жетеуі үш дәрежелі Даңқ орденімен марапатталған.

Т.Ж.Бигельдинов 2 рет, В.К Булавский, А.М.Герман,И.М. Льяченко және т.б Совет Одағының Батыры атанған. В.С. Бабенко, А.А. Белокуров, В.А. Бовт, А.О. Сембинов және т.б Даңк орденінің толық кавалерлері атағын алған.

Батырлық пен ерлік көрсеткен көптеген жауынгерлер мен офицерлер ордендермен және медальдармен марапатталды. Олардың көбі соғыстан қайтып келмеді.

1942 жылы 18 қазанда «Правда» газетінде әйгілі советтік жазушы және публицист Илья Эренбург біздің жерлестеріміздің ерліктеріне тамсанып, былай жазған: « Бір фиц маған: «Бізге қарсы өте мықты жауынгерлер соғысты – оларды ешқандай оқ тоқтата алмады, олар бізге қарсы жүретін. Кейін маған олар қазақтар екенің айтты. Мен ондай халықтың барын да білмедім» деп айтты[3, 353. б.].

**Мәлік Ғабдуллин** – генерал-майор И.В.Панфилов атындағы Қызыл ту атқыштар дивизиясының 8-ші гвардиялық атқыштар полкінің 23-ші гвардиялық атқыштар полкінің батальоны әскери комиссары Калинин майданының 3-ші соққы әскері нұсқаушысы.

1915 жылы 15 қарашада Пухальское ауылында (қазіргі Ақмола облысы, Зеренді ауданы) шаруа отбасында дүниеге келген. Қазақ Ол 14 жасынан бастап әйгілі қазақ жазушысы Сәбит Мұқановтың отбасында тәрбиеленді, ол Мәлікке «аяқ басуға» және білім алуға көмектесті. Педагогикалық институтты бітірген. 1940 жылдан бастап ВКП (б) \ КПСС мүшесі.

1935-36 жылдары және 1941 жылдың шілдесінен бастап Қызыл Армия қатарында.

1941 жылдың қыркүйегінен бастап Ұлы Отан соғысында майданда.

1942 жылғы қаңтар-наурызда қала маңындағы шайқастарда М.Ғабдуллин қала маңындағы шайқастарда соғыстар тобын басқарды, бұл сәтті жауынгерлік тапсырма болды. Тең емес шайқаста оның тобының сарбаздары гранатамен 2 танкті жойып, көптеген фашистерді жойып, 12-сін тұтқындады. Ержүрек комиссар жараланды, бірақ ұрыс даласынан шықпай, жауынгерлік тапсырманы соңына дейін жеткізді [4].

#### **Марапаттаулары:**

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 30 қаңтардағы жарлығымен фашистік басқыншыларға қарсы күрестің майдандарындағы командалық миссияларды үлгілі орындағаны және аға саяси қызметкер Мәлік Ғабдуллинге көрсетілген күзеттің батылдығы мен ерлігі үшін Ленин орденімен және «Алтын Жұлдыз» медалімен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. (№ 1035)

- Қызыл Ту ордені (08.28.1942)
- 1 дәрежелі Отан соғысы ордні (04.10.1944)
- Қызыл Жұлдыз ордені (01.17.1942)
- «Мәскеуді қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдары және т.б
- Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасы.



№ 560 бастап: 07.10.1944 ж

Мұрағат: ЦАМО

Қор: 33

Түгендеу: 686196

Сақтау бөлімі: 5193

Жазба нөмірі: 27360280

1946 жылдан бастап подполковник М.Ғабдуллин Қазақ КСР-нің астанасы - Алматы қаласында тұрып, жұмыс істеді. 1959 жылы оған философия докторы ғылыми дәрежесі берілді. 1973 жылы 2 қаңтарда қайтыс болды [5].



## 1- сурет: Мәлік Ғабдуллин.



### Мәлік Ғабдуллиннің қызы Майдан Усеновадан сұхбат алған кезі:

Ол қайтыс болған кезде... мен тұрмыс құрған болатынмын. Біз осы уақытқа дейін осы үйде тұрдық. Жаңа 1973 жылды атап өтті, және менің әкем ешқашан денсаулығына шағымданбаған, оны үйіне жеткізуін сұрады. Таңертең мен қонырау шалдым: «ол қалай»? деп сұрадым, жатыр деп жауап берді, төсектен тұрмайды. Ешқашан олай болып көрмеген. Күні бойы төсек тартып шықты, ал таңертең екінші рет телефон шалған кезде, ол жұмысқа шығыпты. Жұмыста ол ауыр көрінгесін дәрігерге жіберіпті. Дәрігер оны тыңдап: "қорқынышты ештенесі жоқ, қарапайым өршу, демалыңыз, таңқурай шай ішіңіз. Ал ертең келіп, сізді қараймын". Үйге оралған соң, көп ұзамай төсек тартып қайтыс болды.

Ол оқыған мектепті, оның есімімен, барлық қалалардағы көшені оның есімімен атау туралы қаулы шықты. Көкшетау қаласында орталық көше Ғабдуллин деп аталсын және оның атындағы мұражай ашылсын деген бұйрық шықты. Мұражай директоры болып сол жерде тұрған туысымызды тағайындады. Оның барлық жеке заттарын, ордендерін, медальдарын, тіпті баспа машинкасын және оның барлық кітапханасын ашылған мұражайға алып кеткен. Бұл үшін жеке әскери ұшақ берілді: барлық заттар тікелей рейспен – Көкшетау қаласына жеткізілді. Оған осындай құрмет көрсетілді [2].

Өткен азапты жолдың ауыр сабақтарын халық ешқашан да ұмытпайды. Оның ауыр сабақтары біздің санамызға ұялап, қазіргі ұрпақтарды ерлікке әрдайым дайын тұруға шақырады. Сонымен бірге біздің ақын-жыршыларымызды да ұмытпау керекпіз [7]!

### Қолданылған әдебиет:

1. Абишев Казахстан в Великой Отчечественной войне 1941-1945г. Алма-Ата 1958г. 353стр.
2. <https://theopenasia.net/ru/post/doch-malika-gabdullina-o-lyudyakh-proshlogo-vragakh-naroda-i-novom-otnoshenii-k-geroyam>
3. «Соғыс күндері» Алматы, 1968ж.
4. «Рухы күштілер» Жанболат Аупбаев 2015ж 150-151 бет.
5. Великая Отчечественная война Советского Союза 1941-1945 г.3-издание.
6. В боях за Родину: (сборник)[под ред. П.С. Белана]. Алма-Ата: Казахстан 1966.
7. «Боздақтар» Көкшетау облысы 2-т (бас редактор Р.Нұрғалиев – «Алматы» «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакторы, 1996.)

## ЕРЛІК-ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА-ҮЛГІ

«Ж.Тәшенов атындағы орта мектеп» КММ, 8 сынып оқушысы  
Балташева Меруерт Асетқызы  
«Ж.Тәшенов атындағы орта мектеп» КММ, тарих пәнінің мұғалімі  
Муратова М.А.  
baltasheva2021@bk.ru

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де «Жеңіс!» деген сөз жүрекке соншалықты ыстық, көңілге соншалықты жақын сезіледі. Себебі, аузы күйген үрлеп ішеді дегендей, біздің халық соғыстың ащы дәмін татып, зардабын тартқан. Елімізге тыныштық әкелген осы Ұлы Жеңіс! Бізге осындай жеңісті күндерді сыйлаған ардагерлеріміз неткен батыр да батыл адамдар. Дәл осындай ардагерлеріміздің бірі- біздің жерлесіміз. Ол кісі -елім деп еміреніп, жерін жаудан сақтап, елін бейбіт заманда көргісі келген ауданымыздың құрметті азаматы Тоқабаев Қаматай Темірбекұлы. Оның өмірі мен басынан кешкен оқиғалары бізге үлгі боларлықтай. Қаматай атамен алғаш мектеп қабырғасында жеңіс күніне арнап өткізілген кездесу кешінде танысқан болатынымын. Ол кісінің өзі қатысқан шайқастары туралы айтқан әңгімелері менің көңілімді баурап, санама ой салды. Сондықтан мен ғылыми жұмысымның тақырыбын «Ерлік-елге мұра, ұрпаққа-үлгі» деп алып, өз ауылымдағы балалық шағынан айырылып жастайынан еңбекке араласып, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер аталарымыздың ерліктерін үлгі еткім келді.

Тоқабаев Қаматай Темірбекұлы 1924 жылы 5 тамызда Ақмола облысы Аршалы ауданы (бұрынғы Вишневский) Бабатай ауылында 42 разъезде дүниеге келген. Ол қиын-қыстау кезеңдерді: «Әкей төсек тартып жатып қалды. Біз болсақ жаспыз, үйде тамақ жоқ, далаға барып аршыған картоп қабығын жинап пісіріп жеп тамақ қылдық», - деп еске алады. 1935 жылдары Осакаровка елдімекеніне қоныс аударады. Әкесі қаза болып, бар ауыртпалықты өзі көтереді. Ол 1941 жыл болатын. Қаматай ата естеліктерінен: «1941 жылы маусым айында соғыс басталды деген суық хабар келді. Әкейді майданға алып кетті. Мен 1942 жылы тамыз айында 18-ге толдым. Кешікпей 31 тамызда шақыру қағазы келіп, мен де майданға аттандым». Осылайша сұм соғыс қаншама адамды тыныш ұйқыдан айырған еді.

Қаматай ата соғыс жылдарын күрсіне отырып еске алады. Оны 1942 жылы 31 тамызда әскерге алып кетеді. Ақмола қаласында 1,5 айлық жауынгерлік іс-қимылға дайындықтан кейін 310 атқыштар дивизиясының құрамында Ленинградқа аттанды. □1□ 1943 жылы 26 қыркүйекте Ростов облысының Попасная селосын жаудан босату барысында жараланады. Оны былай еске алады: «...қолымда автомат, жүгіріп келем. Жолымда ауыр жарақаттардан жандары қиналған солдаттар. Бір бомба дәл қасыма келіп жарылды. Қанша уақыт жатқанымды білмеймін, есімді жиып, қасымнан өтіп бара жатқан офицерді тоқтатып, жағдайымды түсіндіріп, тапсырманы тапсырдым.» Сол уақытта екінші бомба жарылып, Қаматай ата бір күнде екі рет жарақаттанып, аман қалған екен. «Немістерді шыққан үйіне қайта әкеліп тықтық, екінші соғыс жарияламасын деп. Жауды жеңдік, бірақ қандай сабаз жігіттер қаза болды»-деп, Берлинді алу операциясын күрсіне отырып еске алды Қаматай ата.

Қаматай Тоқабаев әскерден 1947 жылы босаған. Одан соң ол әдеттегідей еңбекке араласып, түрлі марапат, мақтауларға ие болған. Жарты ғасырдан астам теміржолда еңбек еткен. Өзі туып-өскен Ақмола облысы Аршалы ауданы Бабатай ауылындағы теміржол стансасында жұмыс істеп, станса бастығы қызметіне дейін көтерілген. 1984 жылы зейнет демалысына шықты. Төрт қыз тәрбиелеп өсірді. «Алты немерем, екі шөберем бар» дейді соғысты Прагада аяқтаған ақсақал мақтанышпен. □3□

Майданнан кейін үйдегі бір айлық демалыстан соң астықтың сапасын анықтау бойынша нан қабылдау пунктіне зертханашы болып жұмысқа тұрады. Бұл жұмыс Қ.Тоқабаевқа ұнамады. Атқыш болып орналасады, содан кейін теміржол көлігінің Бабатай станциясы бойынша кезекші

қылып ауыстырады. 1954 жылдың аяғында станция бойынша кезекші ретінде Сарыоба станциясына ауыстырады. □2□

Теміржол саласында станция бастығына дейін көтеріліп, 53 жыл қызмет атқарады. Өртүрлі жерлерде жұмыс істеді, қоғамдық жұмысты жүргізді.

Тоқабаев Қаматай Темірбекұлының барлық осы еңбегі оған соғыстағы секілді батырлық жолмен келді. Еңбек жолының тапсырмаларын ол тынымсыз батырлық қуатты талап ететін жауынгерлік тапсырманың жалғасы ретінде елестетті. Ол өзін әлі жауынгерлік сапта тұрғанын және адал ниетпен орындалған жауынгерлік тапсырмалар, пойыздардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін өндіріс жұмысы сияқты елестетті және әрқашан ұжым алдында барлық мәселер шешіліліп, ұйымдастыру және жай- күйдің қауіпсіздігі қамтамасыз етілді.

Сонымен бірге, қуаты жоқ және тұрмысы төмен ардагерлер мен зейнеткерлердің құқықтары мен ар-намыстарын қорғай отырып, кәсіпорындарының басшылығымен келісілген түрде жұмыс жасай білді. Бұл оған теміржол торабының ардагерлері және зейнеткерлерінің келелі әлеуметтік- тұрмыстық мәселелерін шешуге мүмкіндік берді.

Тоқабаев Қаматай Темірбекұлының барлық осы еңбегі оған соғыстағы секілді батырлық жолмен келді. Еңбек жолының тапсырмаларының ол тынымсыз батырлық қуатты талап ететін жауынгерлік тапсырманың жалғасы ретінде елестетеді.

Қаматай атаның майданда көрсеткен ерлігі бағаланбай қойған жоқ. Оның кеудесіндегі медальдары көздің жауын аларлықтай. Ерліктері үшін І және ІІ дәрежедегі Отан соғысы ордендері, батылдығы үшін медальдар, Берлинді жаулап алғаны үшін, Праганы босатқаны үшін, Германия фашистігін жеңгені үшін(1941-1945жж), «За витчини отчизни України» Украина Президенті Кузьмамен Табысталған медалі және көптеген бейбіт мерейтойлық медальдары, Отан мерейі мен ҰОС қатысушылар және Ұлы Жеңісті еске алғаны құрметіне орай жауынгерлік наградаларға ие.

Ұлы Отан соғысы мындаған отбасыларды әкелерсіз, көке-ағаларсыз қалдырған болатын. Осы қан майданда қазақ батырларының 70%-ы үйлеріне қайтқан жоқ. Осы соғысқа қатысқан аталарыма үлкен алғысымды білдіремін. Олар бізге алып келген бейбіт өмірді, ашық аспанды бағалап, сақтап қалу біздің парызымыз. Осы Ұлы Отан соғысының батырларының бірі Тоқабаев Қаматай Темірбекұлы. Отанының, болашақ ұрпағының бейбіт өмірі үшін он сегіз жасында қан майданына аттанады. Соғысқа аттанған кезінде қазақтың қарапайым қара домалақ баласы еді. Соғыстан ол кеудесінде жарқырап тұрған медальдары бар, елінің үлгі алар батыры ретінде Отанына оралған болатын.

2014 жылы наурыз айында Қаматай ата өмірден озды. Ол туралы жақсы естеліктер, оның жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Қаһарман жерлесіміздің есімі мен еңбегі мәңгілік ұмытылмай, жас ұрпаққа үлгі болса деген ой түйдім.

Соғыс – күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Ата-бабаларымыз қиын заманды көрген еді. Болашақ ұрпақтары осындай қиыншылықтарды көрмесін деп, олар өздерін құрбан еткен болатын.

Біз жас ұрпақ әрқашан да сіздердің ерлігіңізді, қаһармандық ісіңізді жадымызда сақтап, бас иеміз! Осындай бейбіт өмір, тыныштық, молшылық, бізге сыйлаған балалық шақ, тек қана сіздің және майданастарыңыздың арқасы деп білемін.

Сіздің ерлік ісіңіз Отанды сүюге, оны құрмет тұтуға, бойыма биік патриотизмді қалыптастыруға үйретті, жаныма жігер қосты. Менің ойымша, бүгінгі ұрпақтың парызы- бұл күнді есте сақтау.

Менің ұсыныстарым :

Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер ағаларымыз жылдан жылға азайып бара жатқаны бәрімізге аян. Осы кісінің құрметіне ауданымызда ескерткіш, тағзым алаңы орнатылса, Қаматай атамыз туралы естелік кітаптар жазылса, бұл бүгінгі ұрпақ үшін –патриоттық, адамгершілік тәрбиенің құны шексіз құралы екендігіне дәлел бола алар еді.

Ардақты ардагерлер, Ұлы Жеңіс мерекесімен сіздерді шын жүректен құттықтаймыз!

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Вечерняя Астана © [www.vechastana.kz](http://www.vechastana.kz)
2. «Арғын ішіндегі-Ақбурамыз!» Тоқабаев Қаматай Темірбекұлы Астана 2005ж.
3. Праганы азат еткен қазақ азаматы «Қызғылт танк» туралы шындықты 65 жылдан соң білді <https://www.azattyq.org/a/2046133.html>
4. Тарих толқынында. Алматы . Атамұра . 2003ж. 267 бет
5. Қаматай ата естеліктері

### НҰРМАҒАМБЕТОВ САҒАДАТ ҚОЖАХМЕТҰЛЫ «КҮРКІРЕП ӨТКЕН БІР СОҒЫС»

М.Ғабдуллин атындағы №3 көптілде оқытатын  
мамандандырылған гимназиясы, Көкшетау қаласы, 9 Ә сынып оқушылары  
Бектұрғанова Гулназ Берікқызы  
Тулешева Аружан Талғатқызы

М.Ғабдуллин атындағы №3 көптілде оқытатын  
мамандандырылған гимназиясы, Көкшетау қаласы, тарих пәні мұғалімі  
Оспанова Сауле Акимовна  
[Tulesheva.aruzhan@list.ru](mailto:Tulesheva.aruzhan@list.ru), [bektranovag@bk.ru](mailto:bektranovag@bk.ru)

XX ғасырдың алапат соғысы Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Ұлы Отан соғысы болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақтардың қолдарына қару бермесе де, ауыр тыл жұмыстарына алған, Ұлы Отан соғысы кезінде халқымыз бір кісідей қолға қару алып, Отан қорғауға өз үлестерін қосты. Қаншама қазақтар майданда қайтыс болған еді. Жеңіс бізге арзанға түспеген. Сол жеңіс үшін біздің ардақты ата-бабаларымыз соғыста қан мен тер төккені әрбір қазақстандыққа мәлім.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Кеңес Одағының әрбір азаматы, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Отанымыздың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектептерде отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Міне, осы жеңіске деген талпыныс арқылы Кеңес Одағымыз жеңіске жетті.

1940 жылы Ұлы Отан соғысы Гитлер “Барборосса жоспары” деп аталатын стратегияны іске асыруын бастады. Бұл стратегияның басты мақсаты КСРО-ны жаулап алу болатын. «Барбаросса» жоспарына сай Германия қысқа мерзім ішінде Архангельск-Еділ-Астрахань шебіне шығуды көздеді. 75 жыл бұрын, яғни 1941 жылы 22 маусымда Германия КСРО-ға таңғы сағат 4-тің кезінде тұтқиылдан шабуыл жасады.

Қазақстанда армия қатарына 200 мыңнан артық қазақстандық әскери міндеттілер шақырылды.

Ақмолалықтар да Ұлы Отан соғысы кезінде неміс фашист басқыншыларын жеңуге ат салысты, майданға қолдан келген көмегін көрсетіп эвакуацияға ұшыраған, күшпен елден қуылған түрлі ұлттардың отбасыларына жан жылуын көрсетіп тамақтандырып, орналастырды. Ақмола облысында жаумен шайқасқа жұмыстандыру жөнінде үлкен ұйымдастыру жұмыс өрістеді, 3 дивизия 29-шы, 310-шы, және 106-шы кавалерия полкі жасақталды және жабдықтандырылды.

Өз отанын қорғау мақсатында мыңдаған ардақты азаматтар қолдарына түскен бар қаруды алды. Әйелдер, балалар мен қарт адамдар бар күшін салып көмектесуге ұмтылды. Сол заманда өз елінің намысын қорғап жеңіске жету барша халықтың бас мақсаты болды. Біздің Көкшетаудан да азаматтар майданға аттанды. Көкшетаудан 200 адам кеңес Одағының батыры атағын алды. Олардың қатарында Нұрмағамбетов Сағадат Қожахметұлы болды.

Сағадат Қожахметұлы 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысы Ақкөл ауданы Қосым ауылында дүниеге келді. Сағадат Нұрмағамбетов дүние есігін ашпай әкесінен айырылды. Анасы Айса екі баланы тәрбиеледі. Ол Сағадат және ағасы Сағит болды. 1932 жылы Сағадатқа 7 жас болғанда ол анасынан айырылады. Сағит, кішкентай Сағадатқа анасы мен әкесінің орнын алды. Бірақ ағасы да көп ұзамай майданға аттанады да Новгород түбегіндегі шайқаста өмірден өтеді. «Ағам шымыр денелі, қой көзді, анама ұқсайтын еді», - дейді Сағадат. Ол Алексеев мектебінде даярланып география пәні мұғалімі болуды армандады. Себебі география пәні оның жанына жақын болатын. Бала кезінде ол картадан кез келген мемлекетті көрсете алатын. Бірақ сұрапыл соғыс салдарынан оның арманы орындалмайды. Сағадат өз ағасының хаттарын оқып, тезірек майданға аттануын аңсады. 18 жасында Қызыл Армия қатарына қабылданып 1943 жылы сәуір айында әскери училищені бітіріп майданға аттанады.

Әскери жолын Ұлы Отан соғысында пулемет взводының командирі болып бастап, бұл іске 50 жыл уақытын арнайды. Сонау Кавказдан жаудың ұясы Берлинге дейін 1052-атқыштар полкі құрамында соғысқан болатын. 1945 жылы 17 ақпанда Польша аумағындағы Пилица өзенінің сол жағалауындағы плацдарм үшін болған соғыста ерлік көрсетіп көзге түседі. Варшава қаласынан 60 шақырым жерде орналасқан Мангушев плацдармында Сағадат Нұрмағамбетов басқарған пулемет ротасы 2 күн ішінде 12 пулемет пен 120 фашисті жояды. Бұл тапсырмада Сағадат Нұрмағамбетов өзін әскери сауатты әскер ретінде көрсетеді. Батальонның жеке құрамы жеңіске жеткеннен кейін мемлекеттік маңызды объектілерді қорғау бойынша тапсырмалармен айналысады. Осылайша, өз ісін үлгілі орындағаны, ерлік пен батылдық көрсеткені үшін оған 1945 жылы 27 ақпанда «Кеңес Одағының Батыры» атығы берілді. Бұл күнді қаһарманымыз былай сипаттайды: «Медальдарды армия қолбасшысы жеке өзі табыстады. Ол кеудемізге «Ленин» ордені мен «Алтын жұлдызды» тақты. Бізді шынайы ниетімен құттықтады. Толқынысымды жасыра алмадым. Қазақтың жетім баласына мұндай зор құрмет көрсетілгеніне сене алмадым. Әкем мен анам, Сағи ағам, отандастарым бұл жетістігімді көрсе екен деп ойлады», - дейді.

Қазақстан тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін С.Нұрмағамбетов: 1969-1989 жылдары әскердің Оңтүстік тобы қолбасшысының іс-орынбасары, М.И. Фрунзе атындағы Әскери академиясын, Орта Азия әскери округ қолбасшысының орынбасары, КСРО Қарулы күштері Бас штабының Әскери академиясы жанындағы жоғары академиялық курстарды аяқтады. Ал 1991 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарлығымен мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалады.

"Мен 1991 жылы Қорғаныс комитетінің төрағасы болдым. Қарулы Күшіміз әлі құрылмаған. Сол кезде кадр мәселесі төңірегінде ойлана бастадық. Себебі өзге ұлттың өкілдері елдеріне кеткісі келді. Оларды ұстап тұра алмайсың.

Сол тұста жеке-жеке шаңырақ құрған республикалар өз жеріндегі әскерилерге "Ант қабылдаңдар. Қабылдамасандар, кетіңдер" деп өз елдерінің антын қабылдатып жатқан-ды. Біз президентпен кеңесіп, елде қалған әскери қызметкерлердің бетін бері бұрдық", - деп С.Нұрмағамбетов есіне алады. С.Нұрмағамбетовтың сөзі бойынша, қазақстандық армияның қалыптасуы үлкен жолды жүріп өткенін, оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін әскери білім мен ерен еңбек қажет болғанын байқамау мүмкін емес. "Бізде әскери кадр да, тәжірибе де болған жоқ. Тіпті Егемен Қазақстанның армиясы қандай болу керектігі туралы да түсінік болмады. Ел қорғайтын армияны құру бойынша жұмыс көп болғанына қарамастан, оларды қысқа мерзімнің ішінде жүзеге асыру керек болды. Алайда, біздер бұл сыннан да сүрінбей өтіп, бәрін еңсердік және бүгінде Қазақстан армиясы – жас та болса да, күшті" – дейді бұқаралық ақпарат құралдарының сұрақтарына берген сұхбаттарында. Армия генералы С.Нұрмағамбетов ағамыз негізінен қоғамдық жұмыспен айналысты, жас офицерлермен және Отанымыздың болашақ қорғаушыларымен кездесулер өткізіп, өзінің мол тәжірибесімен таныстырып, әскери қызметтің қыр-сырын үйретіп, сыр шертіп отырды. Міне, бүгінгі күні үлгі алам деген өскелең ұрпағымыз бен ұланымызға үлгі болар аға буын – Сағадат Нұрмағамбетов әр сарбазға үлгі болары даусыз.

С.Қ.Нұрмағамбетов өз есімі берілген «Жас ұлан» республикалық мектебінің өмір тіршілігімен хабардар болып, реті болғанда келіп тұратын, ұландармен әңгімелесіп, оларға

ақыл-кеңестерін айтып, келе алмаған кездерде телефонмен жағдайларын біліп тұратын еді. Мектебімізде тәрбиеленіп жатқан ұландарымыз Сағадат Нұрмағамбетовтың өмір жолын өздеріне үлгі тұтады және ол кісінің атына кір келтірмеуге тырысады. Ол кісінің есімі берілген мектепте оқып жатқандарын мақтан етеді.

1992 жылғы 7 мамырда Сағадат Нұрмағамбетов қорғаныс министрі болып сайланады. Нұрмағамбетов қорғаныс министрі қызметіне тағайындалғаннан кейін, сапалы әскери мамандарды дайындау үшін бар күшін салады.

"Жаңадан құрылғалы тұрған Қарулы Күшімізге қажетті мамандарды "қайда даярлаймыз?" деген сұрақ туындаған еді. Сонда біз қайттық, Ресейдің Бас штабымен республикаға кадр дайындау жөнінде шарт жасастық. Ресей әуелі келісім бере қойған жоқ, біз түгілі Украина мен Белоруссияны да жолатпады.

Не керек, түбінде келісімге келіп, жыл сайын 40 офицерді әскери академияға, 250-300 офицерді әскери училищеге оқуға қабылдайтын болды. Менің жіберген сол офицерлерімнің көбі қазіргі кезде генерал шенін алып, жоғары лауазымдарға ие болып отыр. Академияларға оқуға қазақтың офицерлерін іріктеп, елдің мүддесі үшін қызмет етер, қол бастар деп жібердім. Үміт ақталды", - деп айтқан біздің қаһарманымыз.

Сонымен қатар ол өз естелігінде егемендіктің алғашқы жылдарында Алматыдағы әскери училищеге сол кездегі подполковник, қазіргі мәжіліс депутаты Абай Тасболатовты басшы етіп тағайындағанын жазады.

Оған "Жігіттерді өсіресің және қазақтың баласын аласың" деп міндет жүктедім. Қазір онда 95% қазақ жігіттері оқиды. Әскери училищеге бұрын төрт мамандық болса, қазіргі уақытта оның санын 11-ге жеткіздік. Осының барлығы кадр даярлау мәселесі төңірегінде атқарылған істер еді", - дейді.

"Сағадат Қожахметұлының қарамағындағы қызметкерлерге тапсырма беріп, орындалуын талап еткенде, оның табандылығында шек болмайтын. Осы бір тұста Сағадат ағамыздың зейіні зерек болғандығын да атап өтпеске болмайды. Өйткені ол қызметте жүрген жылдарында да, зейнеткерлікке шыққан кезеңінде де қарамағында қызмет еткен офицерлердің барлығының дерлік аты-жөні мен әкесінің есіміне дейін жатқа біліп, туған күндерінде арнайы қоңырау шалып құттықтап жатуы көптеген кісінің таңданысын тудыратын һәм көңілдерге риясыз қуаныш сыйлайтын еді", - деген еді.

Кеңес одағының батыры атағын алған Бауыржан Момышұлы Сағадатты "сыпайы генерал" деп есте сақтаған.

1994 жылдың 23 мамырында Қазақстан тұңғыш президенті жарлығымен Сағадат Нұрмағамбетовке Халық Қаһарманы атағы мен №1 "Алтын Жұлдыз" табыс етілді.

1995 жылғы қарашада армия генералы атағымен отставкаға шығып, Қазақстан президентінің кеңесшісі болды.

Сағадат Нұрмағамбетов 1971 – 1994 жылдары республика Жоғарғы Кеңесіне бірнеше мәрте депутат болып сайланды. Үкімет қаулысымен Астана қаласындағы "Жас ұлан" мектебіне армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі берілді. Оның жауынгерлік және қайраткерлік өмір жолындағы ерліктері мен еселі еңбектері жоғары бағаланып, көптеген КСРО наградаларымен, Қазақстанның және шет елдердің ордендерімен марапатталды.

Сағадат Нұрмағамбетов Қазақ ұлтының, Қазақстан мемлекетінің аясында шектеліп қалған жоқ. Ол – берісі посткеңестік елдерге, арысы жарты әлемге аты танылған айбынды тұлға. Сол себепті ұлт мақтанышы биігінде тұр. Ол «В памяти нет тишины» және «Мой передний край» атты кітаптар жазып қалдырды. Оның өнегеге толы өмір жолы мен атқарған қызметтері жайында құнды дүние ретінде жуырда ғана жарық көрген белгілі қаламгер Болат Жүнісбековтің «Отасу» роман-дилогиясын айтуымызға болады.

Сондай-ақ Сағадат Нұрмағамбетов Алматы, Астана, Донецк (Украина) қалаларының, Ақмола облысының, Ақкөл ауданының құрметті азаматы атанды.

2013 жылдың 24 қыркүйегінде Сағадат Нұрмағамбетов 90 жасқа жеткенде көзін жұмды. Оның артында Лира Сәбировна атты әйелі, Талғат пен Айсұлу атты балалары мен 4 немересі қалды.

Бүгінде тұғырлы тұлғаның жауынгерлік жолын жас ұрпаққа насихаттау үшін Ақкөл ауданының орталығында осы жердің тумасы, Кеңес Одағының батыры, халық қаһарманы, армия генералы, еліміздің тұңғыш қорғаныс министрі – Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтің құрметіне мемориалды мұражай ашылған. Мұнда сонау сұрапыл соғыс жылдарынан сыр шертетін мұрағаттар, сирек кездесетін фотосуреттер, Сағадат Нұрмағамбетовтың ерлігі үшін алған медальдары мен кәдесыйлары қойылған. Жауынгердің өзі қолданған қару-жарақтарын, отбасылық альбомдарын да осы арадан табуға болады. Музей қорын толықтыруға тарихи тұлғаның өзі қолқабыс еткен. Міне, бүгінгі күні Сағадат Нұрмағамбетов өскелең ұрпағымыз бен ұландарымызға, сарбаздарға үлгі болары даусыз.

Тарих ұлттың айнасы болып саналады. Қазақ халқының ұғымында өткен тарихын білмеген және өзінің ұлттық қасиеттерінен айрылған халық қасіретке ұшырайтыны ерекше орын алған. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағының барлық халықтарының, оның ішінде қазақ халқының азаматтық күш-қуатына қиямет сын болды.

**Қорытынды:** Нұрмағанбетов Сағадат Қожахметұлы нағыз батыр әрі ардақты тұлға болған. Батырымыз Отан үшін оттан да өтті! Сол себепті біздің халқымыз Нұрмағанбетов Сағадат Қожахметұлын ешқашан өз жадынан өшірмейді!

### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ер есімі-ел есімінде 1941-1945 (баспасөз беттерінен)
2. Облыстық архив материалдары
3. Баспасөз материалдары.
4. Өлкетану мұражайының материалдары
5. «Отасу»- Б.Жүнісбеков

### НЕТ НИЧЕГО БЛИЖЕ И ДОРОЖЕ, ЧЕМ РОДИНА

Булах Дарья Дмитриевна  
Ученица 7 «Г» класса СШЛ №2, г. Кокшетау  
Мукушева Айгуль Едигеевна  
Учитель географии, СШЛ №2, г. Кокшетау  
[a-mukusheva@mail.ru](mailto:a-mukusheva@mail.ru)

Каждый человек имеет свою родину, нет ничего ближе и дороже, чем его Родина, его родной край. Это место, которое для человека является самым родным. Где бы далеко не был человек, родной край всегда будет звать его. Здесь всё родное и близкое. Это место, где он родился и живёт [1, с. 187].

Хоть и Казахстан является огромной по размерам страна. Она простирается от берегов Каспия до заоблачных вершин Тянь-Шаня, но дорог нам родной край, наша Акмолинская область, наш Кокшетау [1, с. 187].

Акмолинская область занимает западную окраину Казахской складчатой страны между горами Улытау на юго- западе и Кокшетаускими высотами на севере .Климат в Акмолинской области резко континентальный. Акмолинская область бедна водами. Главные реки Акмолинской области это: Ишим ( приток Иртыша ) и его притоки: Терс-Аккан -слева , Жабай, Колутон и др.-справа. Почвенно - растительный покров Акмолинской области представлен степями и отчасти полупустынями . Растительность засухоустойчива , представлена ковылями типчаком , а по возвышенностям нередко встречаются сосновые боры . Крупнейшие города в Акмолинской области - Степногорск, Щучинск , Атбасар, Макинск [2, с. 198].

Центром Акмолинской области является город Кокшетау. Кокшетау город в северном Казахстане. Как известно, о малом и незначительном человечество легенд не слагает. На

протяжении веков Кокшетау посвящались песни, слагались легенды, которые передаваясь из поколения в поколение, остались в истории народа навсегда. «Киелі Көкше жері», «Жер шоқтығы Көкшетау», «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы», «Жер жәннаты Көкшетау», - так называли и называют наш родной край. Отдельного разговора заслуживает тема «Көкшетау», отраженная в творчестве великих композиторов и классиков казахской поэзии. Являясь неиссякаемым источником для творческого вдохновения, эта тема продолжает звучать и в многообразных жанрах современного искусства. Слово «көкше» переводится с казахского языка как синеватый, а «тау» - гора. «По вершинам горы постоянно кочуют облака с чистым азонируемым воздухом, которые создают впечатление синевы». Семантически горы соответствуют своему названию, а видеть мы их можем, проезжая по трассам северного и южного направления от нашего города [2, с. 198].

Город Кокшетау расположен на берегу озера Копа на севере Кокшетауской возвышенности. В окрестностях Кокшетау берет свое начало река Қылшақты, которая протекает по региону через наш город, впадает в озеро Копа. Исток реки, словно «только что рожденной», народ называл Бала Қылшақты. В одном из исторических источников конца XIX века говорится о том, что на юго-востоке от города Кокшетау расположена «Кокшетауская горная страна». Так буквально с казахского переводится «Жер шоқтығы Кокшетау» [3].

От главной горы Көкше на запад и восток протянулись не менее известные горы: Жалғыстау, Имантау, Жыланды, Сандықтау, Бұқпа, Қошқарбай, Айыртау, Зеренді, Үлкентүкті, Сырымбет, а также перевалы Шортанды и Бүркітті. Историческими легендами овеяны величественный Оқжетпес, таинственные Жекебатыр, Жұмбақтас, а по названию небольшой горы Бурабай впоследствии стал называться и курортный поселок. Кстати, об одном только Оқжетпес ученый Шокан Валиханов записал пятнадцать легенд [3].

Край богат крупными озерами с пресной водой: Көкшетау, Қарағайлы, Айдабол, Зеренді, Майбалық, Қопа, Шортанкөл, Атансор, Саумалкөл, Шалқар, Мамай, Теке, Сілетітеңгіз, Жолдыбай, Қалмақкөл и др. Более подробно остановлюсь на двух из них, исторические названия которых на сегодняшний день, к сожалению, забыты. Это; Көкшетау и Қарағайлы. За первым закрепился приобретенный гидроним Үлкен Шабакты или Большое Чебачье, за вторым Бурабай. Көкшетаудың Шалқары, по источникам XIX века, состоял из двух озер, соединенных узким проливом (шалқар с казахского; большой), как отмечалось выше, это исконное название двух Чебачьих озер и озера Майбалық. По-видимому, у озера Көкшетау было несколько эпитетов, и один из них, наиболее распространенный; Айнакол, что значит зеркальное. На озере есть красивые острова, а покрытые лесом скалы отражаются в хрустально-прозрачной голубоватой воде. Таким образом, еще с древних времен именем горы стало называться и озеро, самое крупнейшее в регионе [2, с. 198].

Кокшетау был основан в 1824 году выпускником Омского казачьего войска училища Михаилом Казачининым как военное укрепление Кокчетав. Население Кокшетау на 2019 год составляет 145 161 человек. В Кокшетау проживают много национальностей, но не смотря на это в нашем городе дружба и мир. Наш город хоть и маленький но очень красивый. В Кокшетау много парков, музеев, театров и других достопримечательностей. Так же в Кокшетау есть: дворец культуры Кокшетау, памятник Акану-серэ, Акмолинский областной историко-краеведческий музей, памятник Абылай-хану, музей истории города Кокшетау, бюст Талгата Бегельдинова, Акмолинская областная филармония, государственный природный парк "Бурабай", футбольный стадион "Оқжетпес". Кокшетау маленький город с большой историей и светлым будущим [3].

Порой люди заняты своей работой, заняты своей быстротечной жизнью. Современный век требует большой скорости. Нередко люди устают от всего этого, и тогда на выручку приходит родной край. Именно здесь люди могут отдохнуть душой. Для них нигде нет красивее этого места [4, с. 336].

Люди по-разному проявляют свою любовь к родному краю, малой родине. Кто-то посвящает любимому уголку стихи, рассказы. Кто-то старается сделать свой город, деревню красивее и уютнее, создавая парки, ухаживая за историческими памятниками. Любое



проявление заботы о природе и людях - это и есть подлинная любовь к Родине. Нельзя забывать о том, что только при передаче культуры и истории своего края молодому поколению можно воспитать в них патриотизм [5].

### Литература:

1. Баринов В.П. Введение в историю географии Казахстана // Методические рекомендации. – Кишинев: КПУ, 1987. -187 с.
2. Цветкова Л.М. География туризма. – Самара: Наука, 1999.- 198 с.
3. <https://clck.ru/NCGVnb>
4. Гончарова В.В. География Казахстана // Методические рекомендации. – Омск: Омский вестник, 1985. -336 с.
5. <https://clck.ru/NCxp5и>

## ФОРМИРОВАНИЯ СРЕДНЕВЕКОВОЙ ГОРОДСКОЙ КУЛЬТУРЫ В КАЗАХСТАНЕ

Васильев Илья Петрович  
ученик 10 класса, СШ №19, г. Кокшетау  
Канафина Асельхан Зайроллаевна  
учитель СШ №19, г. Кокшетау  
[bananamen054@gmail.com](mailto:bananamen054@gmail.com), [aselhan-89@mail.ru](mailto:aselhan-89@mail.ru)

Понятие «город» в разное время и в разных обществах имело различное содержание. Нередко «городом» называли населенный пункт, жители которого в отличие от деревни занимались ремеслом и торговлей. На мусульманском Востоке важным критерием в определении статуса города являлась его административная роль. Города в Казахстане отличались от таковых в Европе или на Руси, так как были административно-торговыми центрами, а в Европе торгово-ремесленными центрами.

**Актуальность темы:** Исследование процессов внутреннего развития кочевых обществ на фоне изучения становления и формирования городской культуры позволит более детально проследить отдельные стороны эволюции кочевых обществ.

**Целью настоящего исследования** является выяснение причин формирования городов и городской культуры в период средневековья в Казахстане. Для ее достижения поднимается не менее важная тема: изучение архитектурно-строительных особенностей возведения стационарных поселений и укрепленных городищ, различных сооружений, возведенных тюрками, киданями, монголами. Выявление закономерностей появления городов и городской культуры в кочевых обществах Центральной Азии.

Рассвет средневековых городов приходится на VII-XIII вв. Самые крупные города того времени это: Отрар, Тараз, Сыгнак, Баласагун, Испинджаб и многие другие. Они возникли благодаря великому шёлковому пути, который проходил через южную территорию Казахстана. Проходя по Великому шёлковому пути купцы, ремесленники, путешественники, проповедники и многие другие могли основывать стоянки, которые могли перерасти в маленькое поселение, а далее и в города.

Итак стоит рассмотреть по подробней крупнейшие города того периода. Город Отрар был поистине огромным. Вместе с пригородными территориями Отрар занимал 200 гектаров. Он находился на слиянии рек Арыси и Сырдарьи. Сейчас это место называют Отрарским оазисом. В X–XII веках Отрар был торгово-экономическим центром, который буквально обволакивали дороги. По ним шли караваны с Кавказа, из Индии, Китая и Ирана. Это выгодное и одновременно опасное месторасположение. В исторических записях сказано, что в городе была библиотека, которая не уступала Карфагенской и Александрийской. На раскопках археологи

выявили квартал гончаров и печи для обжига кирпичей, также был обнаружен водопровод. В Отраре родился Аль-Фараби — великий философ, продолжатель учения Аристотеля, астроном Аббас Жаухари и географ Абу Ибрахим Исхак ал-Фараби. После полного разрушения монголами город так полностью и не восстановился.

Город Талхиз начал своё быстрое развитие в X веке а в уже к XIII столетию стал невероятно большим богатым и влиятельным городом. В городе развивалось кузнечное, гончарное, ювелирное дело; на высоком уровне находилась медицина, строительство и металлообработка, процветало сельское хозяйство и садоводство. Территория города и его окрестностей занимала 30 гектаров, что очень много. Так же город был обнесен стеной с башнями и рвом. Население проживало в домах, в которых было 4-6 комнат. Были амбары для хранения зерна и во дворах загоны для скота. Жилые кварталы состояли из 5-15 домов. Всего кварталов в городе было 60. Во времена Золотой орды город постепенно начала угасать и город Талхиз исчез.

Город Тараз - это один из древнейших городов Казахстана. Рассмотрим период, когда городом правила династия Караханидов (X- XII). Они утвердили ислам государственной религией. В тот период были построены такие памятники архитектуры, как мавзолеи Айша-Биби, Карахана, Бабаджи-хатун. При раскопках были найдены бани, медресе, стоянки для караванов, помимо этого множество керамики, изделия из металла и стекла, в том числе монеты отчеканенные в самом Таразе. Так же при раскопках были найдены водопровод, тратуар и мощёные улицы.

6) Если Ваши надписи вызывают добрую улыбку, повышают настроение или напоминают о важности Вашего существования, тогда используйте весь спектр своей фантазии для выбора идеи! Пусть Ваша одежда станет внешним проявлением вашего внутреннего богатства! Ведь в человеке должно быть все прекрасно: и лицо, и одежда, и душа, и мысли.

Не надо забывать, что judge not of men and things at first sight «встречают по одежке, а провожают по уму».

<i>Love-любовь</i>			
№ п/п	фото	слово	перевод
1		Love	Любовь
2		Love is...the first kiss	Любовь это...первый поцелуй
3		I love my mom and dad every day a little bit more	Я люблю моих мамочку и папочку с каждым днем больше и больше

#### **Литература:**

1. Мюллер В. К. Англо-русский словарь. 5300 слов М., 1997
2. Блохина В. Всемирная история костюма, моды и стиля. - Минск, 2009 г.
3. <http://ru.wikipedia.org>
4. <http://vk.com/club48531783> - М. Михайлова. История надписей
5. <http://rupor.sampor.ru/topic/34311>-сайтеупор «Что означают надписи на футболках»

## БІЛІМ – ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҮЛКЕН ҚАЗЫНАСЫ

Талапкер ауылы, №3ОМ, 10 сынып оқушысы  
Наркешова Фарида Мейрамқызы,  
Талапкер ауылы, №3ОМ, ағылшын тілі мұғалімі  
Жолаушина Гульзира Габдулловна  
[candy\\_girl.02@mail.ru](mailto:candy_girl.02@mail.ru), [red\\_rose\\_9393@mail.ru](mailto:red_rose_9393@mail.ru)

Ертеде жалғыз баласы бар бір жесір әйел өмір сүрепті. Жалған дүниемен қоштасатынын сезген кезде әлгі әйел баласын шақырып былай дейді; «Басымыздан қиын күндерді өткердік, кедейшіліктен бас көтермедік. Бірақ саған үлкенбайлық мирас етемін. Кезінде оны маған бір ғұлама берген болатын. Сол кітапта үлкен асыл қазынаға жету жолы жазылған. Оны оқитын менің уақытым болмады. Бірақ сен міндетті түрде оқы, өйткені кедейшіліктен құтылып бай болуың керексің!». Анасының жаназасынан кейін баласы кітапты қолына алып оқи бастайды. Кітаптың бірінші бетінде былай жазылған екен «Қазынаға жету үшін кітаптың әр бетін кезек-кезегімен оқыңыз. Бір бетін оқымай екіншіге өтпеңіз. Егер де соңында не бар екен деп, дереу кітаптың соңғы бетіне өтер болсаңыз – қазынаға ешқашан жете алмайсыз». Кітаптың алғашқы беттері парсы тілінде жазылса, бір жерінен бастап кітап араб білінде жазылған екен. Өзін қазірден бай сезінген жас жігіт, бұл құнды кітап туралы басқа біреу біліп қоймасын, өзінен басқасы қазынаға жете алмасын деп арабшаға аудартуды қимады. Содан кейін кітапты ары қарай оқу үшін араб тілін меңгеріп алады. Белгілі бір жерден бастап араб тілінде емес, ағылшын тілінде жалғасады. Сосын тағы-тағы басқа тілдерде. Жас жігіт бар ынта-жігерін қосып кітап қай тілде жазылса, сол тілдердің бәрін меңгереді. Көп тілдерді меңгергеннің арқасында қаланың ең жақсы аудармашысы, ең білгір атанады. Бұны естіген патша, сарайға уәзір қызметіне тағайындайды. Жас жігіттің өмірі реттеле бастайды. Осылай жүріп жігіт кітаптың соңына жетеді. Кітаптың соңғы бетін ауыстарғанда, бір-ақ сөйлем жазылғанын көреді: «Білім – әлемнің ең үлкен қазынасы». Білім - дүниенің ең үлкен қазынасы, қандай даналық сөз [1, 717]. Осыны естен шығармайық. Біздің көрші үйдегі Ернұрдың ойынша білімсіз де жақсы өмір сүруге болады. Ол құралпы балалардың бәрі оқу оқыса, ол ойнағанды ұнатты. Сонымен құрдастары білім алып, қызметке орналасқанда, ол үйде жұмыссыздықтан іші пысып, теріс әрекеттермен айналыса бастады. Еңбектеніп әуре болғанша, қасына жақындаған жанның ақшасын немесе бағалы заттарын қағып алуды әдетке айналдырды. Ұрлық түбі қорлық екенін білмеді. Міне, енді тиісті жазасын алуда. Онан басқа ауылдастарының бәрі білімді, ел сыйлайтын азаматтар. Алған білімдерінің арқасында үлкен жетістіктерге қол жеткізген. Яғни, дүниенің ең үлкен қазынасына. Бір азаматтың өз ана тіліне қанық болуы шарт астында өзге бір ұлттың тілін жеттік игеріп, сол ұлт азаматтарымен ойдағыдай тіл табыса білуін үлкен біліктіліктің белгісі деуге болады. Өмірде өзге бір ұлттың тілін игерген адам сол халықтың ішкі жан-дүниесін түсініп, күллі мәдени құндылықтарымен танысу орайына ие бола алады. Азаматтарымыздың қазіргі ай сайын алға ілгерлеп, күн сайын жаңарып, тез қарқынмен дамып бара жатқан өзгерісшең өмірге ойдағыдай сәйкесуі үшін, қос тілді болып қана қалмай, қайта көп тілді болуы төтенше қажеттілікке айналуға. Бұлай істеу әр азаматтың өзіне де, өзгеге де тиімді. Сондықтан қазіргі қоғамда көп тілді болу әрқандай адамды кең өріске, тың өмірге бастайтын жол есептелмек. Көптілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қортып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иелеп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері қақ. Көптілді білім- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік.

Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас

мәдениетін, толлеранттілігін және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Маманға шет тілін меңгеру кез-келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ.

Білімнің құралы – тіл. Рухани байлығымыз тіл арқылы жасалады. Кез келген халықтың тілі сол халықтың ұлттық ерекшелігін танытатын қойма тәріздес. Сол қойманы ашып, қазынасын танып білу – бізге мұрат. Адамның өз ана тілін жетік білуімен қатар өзге бір ұлттың тілін жетік игеріп, сол ұлт азаматтарымен өзара түсінісе алатыны үлкен біліктіліктің белгісі деуге болады. Өмірде өзге бір ұлттың тілін білетін адам сол халықтың ішкі жан-дүниесін түсініп, барлық мәдени құндылықтарымен танысу орайына ие бола алады. Азаматтарымыздың қазіргі ай сайын алға қадам басып, күн сайын жаңарып, тез қарқынмен дамып бара жатқан өзгерістерге толы өмірге ойдағыдай сәйкесуі үшін қос тілді болып қана қалмай, сонымен қатар көп тілді болуы басты қажеттілікке айналуға тиіс. Бұл іс әр азаматтың өзіне де, өзгеге де тиімді. Сондықтан қазіргі қоғамда көп тілді меңгеру кез келген адамды жарқын болашаққа бастайтын жол іспеттес. Кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзі дәл бүгінгі дамыған дәуірімізге сәйкес айтылғандай. Көп тілді меңгерген адам өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері анық. Бүгінгі таңда елімізде «көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр. Көптілділіктің үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Ұлттық құрамы бірыңғай, бір ғана этнос мекендейтін мемлекетте көптілділік сирек болып келеді. Халқымыз ежелден тіл абыройын биік көтеріп, «Өнер алды – қызыл тіл» деп, сөз өнерін бар өнердің алдына қойып, жоғары бағалаған. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені, бүгінгісі, болашағы. Қазақ тілі өзінің даласындай бай. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап, еркін есіп тұрады. Қазақ тілі қасиетті Қазақ домбырасының үнімен үндесіп жатады. Ана тілі – бұл әкенің тілі, туған халықтың тілі. Ана тілін біз кішкентай кезімізден әкешемізден, әжеміз бен атамыздан біле бастаймыз. Ана сүтіндей бойымызға біртіндеп сіңеді. Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадыр-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан кез келген мемлекет өзінің аумағында салт-дәстүрін, ана тілін айрықша қорғайды. Еліміз Қазақстан Республикасы егемен ел атанды. Ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді. Тіл туралы заң қабылданды. Тіл адамдар арасындағы қатынас құралы, өйткені адамдар қоғамдық өмірде бір-бірімен тіл арқылы сөйлеседі, пікір алмасады, ойын жеткізеді. Тіл арқылы біз оқып, білім аламыз, қалаған мамандықты игереміз. Тіл арқылы даналар сөзін оқып білеміз, одан ғибрат аламыз. “Өнер алды – қызыл тіл” деген осыдан шыққан болар. Тіл халықпен бірге жасайды, дамиды, өркендейді. Әдетте тіл жөнінде, тіл – адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы деп, оған жай-жадағай анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы ғана болып қалмастан, қайта онан да маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі, халықтың халықтық қасиеті, оның жалпы тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті қатарлыларды тұтастай өз бойына қамтып жататын күрделі ұғым.

Сондықтан тіл - мейлі қайсы ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымының, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйтқысы болып келген.

Тәуелсіздік тізгіні қолымызға тиіп, егеменді ел болған алғашқы күндерден бастап-ақ елімізде тіл саясаты жүзеге асырылуда. Әрбір адам өз туған халқының, өзі өмір сүретін елдің тілін білу қажеттігі – ертеден келе жатқан қағида. Алайда, жаһандану қалыптасқан осы қағидаға түзетулер енгізуде. Қазіргі кезде халықаралық қатынас тілін білу қажеттігі туындап отыр. Бұл

біздің жастарымыз үшін аса қажет. Бүгінгі таңда елімізде «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Және оған қамқорлық та сондай дәрежеде болады» деп сендірді. Орыс және ағылшын тілдерін оқып үйрену білімнің, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түсетін, экономикалық мүмкіншіліктерімізді арттыратын бірден-бір тетігі дей келе, жаһандануға бейімделуді, замана көшінен қалмай, осы үш тілдің үйлесіміне қол жеткізу арқылы тілімізді, дінімізді, дәстүрімізді, салт-ғұрпымызды сақтап қала аламыз, – деді. Бірақ «Үш тұғырлы тіл» мәселесін дұрыс түсінбей жүргендер де бар. Алдымен ақты ақ, қараны қара деп, мәселені жеке-жеке бөліп, мемлекеттік тілге ешқандай зиянын тигізбейтінін насихаттау мәселесі жетіспей отыр. Үш тұғырлы тіл, негізінде, қазақ жеріндегі қазақ тілінің соңында қалған орыс пен ағылшын тілін қоса пайдалану болып табылады. Яғни, орыс тілі мен ағылшын тілі қазақ тілінің көлеңкесінде, ығында жүреді. Тұңғыш президентіміз айтқандай, үш тілдің ішінде қазақ тіліне басымдық беріліп, қалған екі тіл сол ана тілімізге бағынышты күйде болады. Әрине, дамыған өркениетті елу елдің қатарына қосылу мақсатында жүргізіліп отырған «Үш тұғырлы тіл» саясаты, шын мәнінде, елдің ертеңі үшін керек нәрсе. Мәселен, Қазақстанда заң мамандары, экономика мамандары өте көп және жұмыссыз. Бірақ, көп компаниялар мен кәсіпорындар заңгерлер мен экономистерге зәру. Осы олқылықтарды толтыру мақсатында «Үш тұғырлы тіл» идеологиясы дүниеге келіп отыр. Яғни, елімізге қажетті, үштілді меңгерген, кез келген жерден ақпарат ала алатын, өз ісінің білгірі, бүкіл әлем бойынша коммуникацияға түсіп, жер бетінің кез келген нүктесінде бизнес жасайтын кадрлар ауадай қажет. Аталмыш кадрлар мәселесін «Үш тұғырлы тіл» саясаты оп-оңай шешіп бере алады. Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Әсіресе, өскелең ұрпақтың, жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр. Тіл білу – байлық. Әсіресе, өркениетті еліміздің дамуына үлес қосқымыз келсе, көп тілді игерген азаматтарға қарап қуанатынымыз да белгілі. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді. Әр азамат ана тілінің бай қорын игерумен бірге орыс, ағылшын тілдерінің де асыл қазынасынан сусындап, оны іске асыра білгені де жөн. Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін білуге тиіс деген талап қойып отыр. Бұл талаптарды орындауда елімізде шаралар жасалып жатыр. Соның нәтижесінде қазірдің өзінде еліміздегі оқушылардың 60 пайыздан астамы мемлекеттік тілде оқиды. Мемлекеттік тіл барлық мектептерде оқытылады [3, 14]. Осындай шараның қолданылу барысында, біздің ойымызша, елімізде он - он екі жылдан соң жаппай қазақша білетін қазақстандықтардың жаңа ұрпағы қалыптасады деген сенімдеміз. Қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Демек, «Тілі бірдің - тілегі бір», «Тіл тағдыры - ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету қазақстандықтардың ортақ парызы.

Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу мақсатына өз үлесімнің бар екендігін мақтан тұтамын!

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. Бас.ред. Р.Н. Нурғалиев; Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедиясы. \ Алматы; Қаз. Сов. Энциклопедиясы. 1989 ж. - 717 б.
2. Бас.ред. Думан Рамазан; \ Астана; Әлем әдебиеті. Әдеби-көркем және публицистика-лық журналы. 2013 ж. - 224 б.

## АНГЛИЙСКИЕ СЛОВА В ИНСТАГРАМ АККАУНТАХ ПОДРОСТКОВ

Рыспаева Малика Джанибековна  
ученица 6 класса, средняя школа-гимназия №1,  
г. Кокшетау  
Герфанова Эльмира Фиратовна  
магистр, ст. преподаватель кафедры английского языка и МП,  
Кокшетауский государственный университет им.Ш.Уалиханова  
[goldensunrise@mail.ru](mailto:goldensunrise@mail.ru)

Глобализация, распространение массовой культуры, всеобщая модернизация и возможности, которые дает знание иностранного языка, на сегодняшний день размывают границы и позволяют находиться во взаимодействии со всем миром. Английский язык стал неотъемлемой частью процесса глобализации, и он с каждым днем набирает популярность. Программа обучения в школах нашей страны направлена на изучение не только родного языка и языка межнационального общения, но и языка международного общения – английского языка.

На сегодняшний день в больших мегаполисах, равно как и в небольших городах, можно увидеть надписи на английском языке: названия компаний, фирм и организаций, кафе и ресторанов, рекламные объявления. Владение английским языком дает значительные преимущества. На английском языке говорят более чем в 67 странах, и это один из шести языков ООН. Поэтому неудивительно, что английские слова проникают в речь подростков. Переход элементов, слов, оборотов, морфем и фонем из одного языка в другой в результате контактов языков является заимствованием [1]. Заимствование может быть устным (воспроизводит общий фонетический облик слова) или письменным, книжным (когда производится транслитерация слова) [2].

Заимствование из английского языка или слово, созданное по образцу английского слова/выражения, называются англицизмами. В речи подростков англицизмов много, и они становятся частью ежедневно употребляемых слов. В качестве примеров англицизмов, которые в своей речи часто употребляют подростки, можно привести такие слова как: фейк - (fake), погуглить (google), пипл (people), лол (lol), лузер (loser), плиз (please), шузы (shoes), хейтер (hater), логать (log) и т.д.[3].

Наиболее яркое использование англицизмов и английских слов мы можем наблюдать в социальных сетях. Современный мир невозможно представить без интернета. Интернет – это обучение онлайн, обмен информацией, покупки, книги, игры и конечно, общение. Подростки разных стран переживают одинаковые сложности, мечтают об одном и том же, открыты всему новому и желают достичь успеха. На сегодняшний день есть возможность общаться со своими сверстниками не только в школе или во дворе, но и далеко за пределами страны.

Английский язык дает возможность подросткам общаться со всем миром и делиться своими достижениями, мыслями, обсуждать общие интересы. Для того чтобы увидеть, как часто подростки используют английские слова в речи, мы обратились к такой популярной социальной сети как инстаграм. Инстаграм – это приложение для обмена фотографиями и видеозаписями с элементами социальной сети, позволяющее снимать фотографии и видео, применять к ним фильтры, а также распространять их через свой сервис и ряд других социальных сетей [4]. Мы выбрали данную социальную сеть, так как на основе опроса, проведенного исследовательской группой BRIEF, было выявлено, что Инстаграм является одним из наиболее популярных приложений среди подростков в возрасте от 13 до 19 лет[5].

Нами было проанализировано 20 Инстаграм аккаунтов, а также подписи к 216 фотографиям. Собранные подписи к фотографиям были разделены по категориям. В результате



анализа было выявлено, что наиболее часто используются подписи на английском языке. Так, 80 подписей – это слова, фразы и предложения на английском языке. 65 подписей представлены на русском языке, и под 51 фото были использованы смайлы и эмоджи.

Таблица 1 – Распределение подписей к фото из Инстаграм по категориям

Инстаграм аккаунт	Фото с подписями	Английские слова	Русские слова	Смайлы/Эмоджи
20	216	80	65	51

Все выписанные подписи к фотографиям были разделены на группы. Анализ показал, что большая часть лексических единиц используемых подростками, связаны с выражением эмоций – 45%; 30 % – слова, связанные с описанием природы и временами года; 15% - это подписи к праздничным фото, 10% – это слова, описывающие повседневную жизнь. Далее приведем примеры в Таблице 2.

Таблица 2 – Примеры подписей к фото из Инстаграм

Группы	Примеры	%
Слова и выражения, раскрывающие эмоциональное состояние	#mood; #love; I'm lonely; it's so crazy and good; live without regret; keep smiling; Life is beautiful; Live more, worry less; There is always the way, if you are determined	45%
Слова, связанные с описанием природы и временами года	Autumn time; Sunset is beautiful; Let it shine; nasty; Enjoy sunrise; Memories about my fascinating winter; There is sun in everyone	30%
Слова, связанные с праздниками	Happy New Year; Happy Halloween; 1 <sup>st</sup> September; Happy birthday	15%
Слова, связанные с повседневной жизнью и увлечениями	Dance choreography; school time; my friends; way home; Coca Cola; my bookshelf; movies; at the cinema	10%

Примеры показывают, что доминирующие лексические единицы более эмоционально окрашены, но употребляются в своем первом значении, в коротких предложениях и подразумевают своим адресатом подростков одинакового возраста.

Полученные результаты показали, что подростки чаще используют английские слова и англицизмы. Для того чтобы понять почему подростки предпочитают использовать английские слова на своих Инстаграм страницах, нами было проведено онлайн анкетирование среди подростков 12-15 лет. В анкетировании приняли участие 50 человек.

Результаты представлены в таблице.

Таблица 3 – Результаты проведенного анкетирования

Вопросы	Да	Нет	Другие ответы
Употребляете ли вы английские слова в социальных сетях?	85	10%	5%

Продолжение таблицы – 3

Употребляете ли вы английские слова в речи?	70%	19%	11%
Понятны ли вам значения английских слов?	80,8%	19,2%	-
Считаете ли вы модным употреблять английские слова?	73,1%	7,7%	19,2%
Хотели бы вы свободно владеть английским языком?	100%	-	-

Результаты анкетирования показали, что среди основных причин использования английских слов подростками на своих Инстаграм страницах можно выделить следующие:

- во многих программах и приложениях есть английские слова, и поэтому их употребление становится привычкой;
- подросткам кажется, что такие слова более эмоционально окрашены и передают точнее мысль и настроение;
- большинство просто хотят выучить английский язык и поэтому стараются использовать знания в повседневной жизни.

Опрос показал, что 100% опрошенных подростков желают свободно владеть английским языком. Дополнительные знания являются причиной и высокой самооценки. При этом 19,2 % ответили, что не до конца понимают значения слов.

Английский язык прочно утвердился в современной жизни молодежи и подростков, этому способствуют интенсивное изучение языка в школе и дополнительные занятия, средства массовой информации и социальные сети, приложения и программы для телефонов, планшетов и компьютеров все это также вызывает и интерес и повышает мотивацию к изучению языка. Проведенный анализ фактологического материала и результаты анкетирования показали, что современные подростки желают изучать английский язык, понимая, что это часть современного мира, средство коммуникации. Знание языка расширяет границы и дает больше возможностей во всех сферах: учебе, общении и будущей профессии.

### Литература:

1. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка [Электронный ресурс]// <https://gufo.me/dict/ozhegov/>
2. <https://bigenc.ru/linguistics/text/1985739>
3. Доронина П.Д. О языке подростков в социальных сетях. Вестник РГУ им. С.А. Есенина, № 4. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Instagram>
5. Тренды казахстанской молодежи: наиболее популярные социальные сети у молодежи Казахстана. Исследовательская компания BRIF Research Group. [Электронный ресурс]//<https://www.brif.kz>
6. [Instagram \[Electronic resource\] : \[sotsial'naya set'\]](#). – Mode of acces

## «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» СЕКЦИЯЛАРЫ СЕКЦИИ «КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА»

### ЖАЛЫНДЫ ЖЫР- ӨШПЕС МҰРА, БИІК РУХ

Степногорск қаласы, Бестөбе кенті № 1 орта мектебінің,  
10 «А» сынып оқушысы

Аренова Венера

Степногорск қаласы, Бестөбе кенті № 1 орта мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Мухаметжарова Алмагуль Байжановна  
[amukhametzharova@bk.ru](mailto:amukhametzharova@bk.ru)

Қазақ халқы ерте заманнан тәрбиеге, білімге, ұрпағының өнегелі болуына ерекше көңіл бөлген. Бүгінде тәрбие мен білім беруде бұрынғы өткен көреген, ақын, шешен қолбасшылардың өмірі мен олардың шығармашылығын жастарға үлге - өнеге етіп отыр.

Оған дәлел, Ұлы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында біз өзіміздің ғылыми зерттеу баяндама жұмысымызда Ұлы Отан соғысы жылдары ұранға айналған Жамбыл өлеңін талдап-зерттеп ұсынудамыз.

Бұны біз қашықтықтан онлайн - сауалнама жүргізу барысында да анықтаған едік.

1941 жылдың басында кәрілікке мойын бере бастаған, екі дәуірдің куәсі болған Жамбыл ақын сол кезде 15 республикадан құралған мызғымас Кеңестер Одағына фашистік германия тұтқиылдан шабуыл жасағанда қаламын қолға алып, қайтадан қайраттана, жігерлене түсті.

Бұл тұста Жамбыл ақын жауға қаламмен қарсы шығып, «Ата жаумен айқастық», «Өлім мен өмір белдесті», «Ленинградтық өренім!», «Москваға», «Аттан, батыр, ұрпағым», «Майданға хат», «Отан әмірі», «Балама хат», «Воронеж батырларына» тағы басқа да өлеңін жауға оқ етіп жаудырды. Өмір мен өлім белдескен шақта ақын қуатты жырларымен кеңес жауынгерлеріне жігер берді. Оның жырлары жыл құсындай болып майданға аттанды. Жауынгерлерге Ленинград, Москва, Сталинград сынды ірі қалаларды жау қолына бермендер деген ақын жырларында өршілдік рух басым болды.

Бұл өлең плакатқа басылып Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург қаласы) көшелерінде ілінген жыр жолдары халықты рухтандырды. Ел еңсесін тіктеді. Солдаттар соңғы күшін жиып, жауға тойтарыс берді. Жамбылдың ақырғы жыры 1945 жылы 9 мамырда айтылды. Ол жырда неміс басқыншыларын халқымыздың қаһармандықпен жеңгендігі дәріптелді. Кеңес жауынгерлеріне қайратына қайрат, жігеріне жігер қосқан өлеңдерінің ішінен «Ленинградтық өренім» өлеңін ерекше атауға болады:

Ленинградтық өренім,  
Мақтанышым сен едің.  
Нева өзенін сүйкімді,  
Бұлағымдай көремін...  
Уа, қаһарман, өренім,

Мақтанышым, беделім!-деп рухтана жырлаған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында патриоттық рухта жазылған өлеңдері үшін КСРО Халық Комиссарлар кеңесі 1941 жылы Мемлекеттік сыйлық берді.

«Бұл кісінің жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халықтың қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» деген С.Сейфуллин. Сондықтан біз оның өмірін, жырларын білуіміз керек. Сәкен аға дәл бұны бізге арнап айтқандай. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ол Ленинград қорғаушыларына арнап «Ленинградтық өренім» өлеңінің ерекшелігін көрсетуде. Бұл өлең – 1941 жылы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) жау қоршауында қалған кезде шығарылған өлең. Жамбыл бұл өлеңінде Ленинградтықтардың қаһармандығын көрсетіп, ауыр қиындықтарды бастан өткізген өрендерді жыр етеді. Қала халқының әрі жау шабуылына, әрі азық-түлік тапшылығына ұшырап тұрған кезінде Жамбылдың бұл өлеңі Ленинградты қорғаушыларға зор қуат береді. Соғыстың

қиын кезеңінде Отанға деген ыстық сезімнен туған бұл өлеңнің идеялық маңызы өте зор болды. Ленинград қаласы 900 күн қоршауда қалды. Халқымыз үшін өте ауыр күндер туды. «Ленинградтық өренім» атты өлеңнің аудармасы радио арқылы қала тұғындарына естірілді, көшелерге, үйлердің қабырғасына, плакаттарға жазылып ілінді. Тарковский 1941 жылдың қыркүйегінде Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім» атты өлеңін орыс тіліне аударды.



1-сурет. Аударма



2-сурет. Блокададағы Ленинград

Ал бүгінде біз, жастар, бұл өлеңді Facebook, Instagram парақшаларымызда челлендж негізінде үлкен мақтанышпен орындадық.

Зерттеу жұмысы барысында тағы бір тоқталар сәт ол сөзді түсініп, меңгермеген адамның бойында мәдениеттіліктің өзі түгіл нышаны болуының мүмкін еместігі. Осы пікіріміздің дәлелі ретінде Абай өлеңінің шумағын толық келтірейін:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы...

Абайдың осы бір өлең жолын жұртшылық жиі қолданады. Кейде ретімен, өз орнына лайықты айтса, көбінесе істің мән-жайына түсінбей, әншейін айта салушылық та бар. Осы өлеңнің бір ғана жолында иірім-иірім ойлар жатыр.

Негізгі ұғым «сөз» болса керек. Себебі сөздің патшасы – өлең. Мәселе сөзде. Сөз болған соң өлең бар, оның патшалығы бар. Сөз – істің, қарекеттің көрінісі. Екіншіден, сөз идеяға байланысты. Идеяның өзі сөз арқылы анықталмақ. Сөзсіз идея айқындалмайды. Идеяны сөзбен теңестіру Платон философиясынан бастау алған. Үшіншіден, сөз – ойлаудың нәтижесі әрі оның процесі. Қорытындылай айтсақ, қандай сөзде болсын қорытынды бар, ойлау жүйесі, яғни ой тұтастығы бар. Міне, Жамбыл ақынның жоғарыда біз қарастырып отырған өлеңі осыған тура дәлел емес пе?

Сөзді меңгеру, оны қабылдай білу және қолдана, пайдалана білу дегеніміз мәдениеттіліктің ғана емес, даналықтың белгісі. Абай сөзді осы мәнде айтып отыр.

Қазақтың кемеңгер ақыны Абайдың 175 жылдығын тойлап отырған шақта халқыма екі зор тұлғалы ақынының осы бір екі шығармасының орны мүлдем бөлек. Олай болса, шығармашылығы екі ғасырды қамтып жатқан ұлы жырау туралы ҚР тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның бас себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес

рухының алдында басымызды иеміз»,- деген . Поэзия әлемінде Жамбыл ақын туған халқының мақтанышы, әлемдік деңгейдегі жыр алыбына айналды. Оның ақыл-ойға, парасатқа, терең тарихқа, мөлдір сырға, нәзік сезімге, бай образға толы поэзиясы өлеңге құштар, өнерсүйер әрбір жанды сүйсінтті. Жамбыл бабамыз — есімі қазақ әдебиетінде алтын әріптермен қалған ғажайып құбылыс. Оның өлеңдері Азия мен Еуропа және басқа да континенттер ұлттарының елу шақты тілдеріне аударылған.

«Жамбыл жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Ол әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі», — деп толғанған екен кезінде даңқты жазушы Сәбит Мұқанов.

Бұл сөздер – ақын өмірі мен шығармашылығына, оның ғасыр жасаған, ерлікке толы поэзиясына берілген әділ баға, біздер үшін мән-мағынасын ешқашан жоймайтын құнды деректер. Бұл мәліметтер Жамбыл бабамыздың кейінгі ұрпақ үшін , біздер үшін , тек танымдық дүние, аңсап, сусап оқитын, тәлімдік, тәрбиелік мәні зор өнегесі, біздерге қалдырған өлшеусіз фибраты. Біздей ұрпақтары барда ұлы ақын жыры ғасырдан ғасырға жасай береді.

Зерттеу барысында айтарымыз, Жамбылдың ақындық мұрасы көп зерттелген. Оның шығармаларының баспа бетін көруіне кезінде С.Сейфуллин араласқан. М.Әуезов, С.Мұқанов бастаған қазақ ақын- жазушыларының көбі Жамбыл жайында мақалалар, естеліктер жазған. Арнайы зерттеулер де бар. Ал біз болсақ, ақынның «Ленинградтық өренім» атты өлеңін интернет желісінен Facebook, Instagram парақшамыздан баршаға ұсынып , лайк басқандары арқылы , халықтың патриоттық рухын байқап қуандық. Басқа да оқылған өлеңдермен салыстыра зерттеп, біршама қуанышқа бөлендік .

Осы ретте Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы - қоғам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болған тарихи бастама. «Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру- баршамыздың міндетіміз. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана», -деп баса айтылған.

Нәтижесінде алдағы уақытта Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім» атты өлеңі желісіне патриоттық рухта бейнероликтер түсіру және кент , жалпы жастар арасында кең аумақта челлендж ұйымдастырып, рухани құндылығымызды арттыруды мақсат етудеміз .

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 2017 ж. 12 сәуір
2. Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы //Жазушы. – Алматы: Алма-Ата, 1982. -440 б.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия // Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ АЗАМАТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Красный Яр селосы, №3 Красный Яр көпсалалы орта мектеп-гимназиясы,  
8 сынып оқушысы Арынбек Мадина  
Красный Яр селосы, ККОМГ №3, мектеп – гимназия директоры м.а.  
Бактыбаева Гульзат Оразбаевна  
Көкшетау қ, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің  
доценті, ф.ғ.к. Смагулова Нургул Каирбековна  
Smaghulova13@mail.ru

Адамзат баласының талай ғасыр жүріп өткен жолы, басынан кешкен тарихы бар. Осы бұралаң жолда талай қиындықты, жеңіліс пен жеңісті бастан кешірді. Жеке адам баласы сол қоғамның бір мүшесі болып табылады. Демек оның әрбір іс-әрекеті сол қоғамда қалыптасқан заңдылықтарға байланысты екені анық. Өкінішке орай қоғам дамуында оның өрістеуіне кері әсер ететін құбылыстар болады. Соның бірі бүгінгі күні қоғам дертіне айналып отырған сыбайлас жемқорлық мәселесі болып отыр.

Қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістер жағдайында елде қабылданған бағдарламалық құжаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне айрықша назар аударылады. 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының басты ерекшеліктеріне қазіргі кезеңдегі жұмыстың басым бағыттарының бірі – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жатады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда барынша табысқа жеткен елдердің тәжірибесін талдау қоғамда сыбайлас жемқорлықты рухани-этикалық деңгейде қабылдамау ахуалын қалыптастыру мейлінше тиімді тәсіл екенін көрсетті.

Сыбайлас жемқорлық» сөзі (латын тілінен «соупрег») көптеген мағынасы бар: бүлдіру, құлдырау, параға сатып алу, азғыру, тура жолдан тайдыру, притон, құбылмалылық, істі бұзу, күйреуге әкелу, бұрмалау, алдау, қорлау, ар-намысын таптау, «supreg» көп мағыналы (бұзу, қирату, заңнан аттап өту, шартты бұзу) етістігімен қатар қолданылатын «со» қосымшасы сыбайлас жемқорлық – бұл бірнеше субъектілердің қатысуымен іс-қимыл жасау екенін көрсетеді.

Бұдан өзге, латынша «corruptio» «параға сатып алу», «іріп-шіру» дегенді білдіреді, «сыбайласу» етістігі «біреуді ақшамен немесе өзге де материалдық игіліктермен параға сатып алу» дегенді білдіреді.

Рим құқығында «соупреге» сөзі «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, алдау, бұрмалау, параға сатып алу», сондай-ақ «құлдырау, бұзылғандық, нашар жағдай, (пікір немесе көзқарастың) құбылмалылығы» деген мағынаны білдіреді [1].

Сыбайлас жемқорлық ұғымының жалпыға танымал тұжырымдарымен қатар, латын термині «corruptio» екі түбірлі сөзден «cor» (жүрек, жан, рух, ақыл-ес) және «ruptum» (бүлдіру, бұзу) шығады деген пікір бар. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың мәні лауазымды тұлғаны параға сатып алуда немесе оларды байытуда емес, ал әлеуметтік жүйені, оның ішінде мемлекеттік билік жүйесінің бірлігін бұзуда (ыдырату, іріп-шіру), мемлекеттің, азаматтардың заңды мүдделерін қоғамдағы өзінің жағдайын жеке мақсатына пайдакүнемдік арқылы сатып кетуде.

Мектеп оқушыларының бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолдарын пайдалану қажет. Сондай-ақ бұл құзырлы орындар өткізген мәжіліс және сынып сағаттарын өткізумен ғана шектелмеу керек. Оқушыға қазақ әдебиеті мұраларын оқыту барысында ар-ұждан тазалығына, біреудің ақысын жемеуге, арам жолмен күн көру, жетістікке жету рухани тұрғыдан азғындану екенін ұғындыру қажет. Осы тұрғыдан келгенде қашанда ұрпақтың рухани таза, өр намысты, адал болып өскенін армандаған ата-бабамыз ұлттық құндылық ретінде артына қалдырған мол мұрасындағы оймен өріп, сөзбен кестелеген ұлағатын түсініп өскен абзал.

XIX ғасыр әдебиетінде өзіндік орны бар ақындардың өлең- толғауларының тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін ашып көрсете отырып, жас буынның бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың мүмкіндігінің мол екені анық.

Біз бүгінгі көтеріп отырған өзекті мәселені Шәкерім Құдайбердіұлы мұрасы негізінде қарастыруды мақсат еттік. Дегенмен бұл келелі проблема, қоғамның дертіне айналып отырған кесір құбылысты сынаған, адам баласына бұдан аулақ болуға шақырған ойды халық ауыз әдебиетіндегі мақалдардан да байқауға болады. Атап айтсақ,

Қарақұрт жеп қой семіреді,  
Қансоқта жеп ит семіреді,  
Пара жеп би семіреді.  
Дәніккен қарсақ құлағымен ін қазар.  
Ұры өле өлгенше ақпын дейді.  
Елін сатып асаған,  
Екі күн ғана жасаған.  
Ұрымен жақын болсаң, ұятқа қаласың.  
Бұзауды ұрлаған, өгізді де ұрлайды.  
Ұрлық, ұрлықтың түбі қорлық.  
Арам әрекет елден кеткізер.  
Арамның ісі өрге баспайды,  
Өрге басса да, өрден аспайды. [2]

Осы мақал-мәтелдің өзегінде «ұрлық қылу», «арамдық жасау» адамдықтан кету екені, ондай істеген адамның жолы болмайтыны туралы насихат тұнып тұр. Әдебиет – сөз өнері. Ендеше, осы бір қастерлі өнердің мүмкіндігін жас ұрпақтың бойына жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптатыруға пайдалану қажет екені анық.

Ақын – өзі туып өскен қоғамның, заманның төл перзенті, ұлтының рухани рухынан сусындаған жан. Сондықтан да қай ақын болмасын оның поэзиясында өзі ғұмыр кешкен кезеңнің сыр-сипаты дәуір алға тартқан өзекті мәселелер көрініс табады. Қазақ ұлтының ұлы ақыны Шәкерім Құдайбердиевтің шығармашылығынан өз заманының бет-бейнесін көреміз.

Ақынның өз шығармаларында көтерген тақырыптар – қоршаған орта, табиғат әлемі, қоға бейнесі және мінез-құлық, тәрбие мәселелері. Шәкерім ақын үшін нағыз адам деген атқа лайық жандар – ең биік идеал. “Ескіден қалған сөз теріп” өлеңінде осы нақты суреттелген:

*Жүрегі таза адамдар,  
Зұлымдықтан амандар,  
Қиянатсыз надандар  
Әулиеден кем емес. [3,79 б.]*

деген өлең жолдарында ақын арлылықтың қарсы беті саналатын надандықтың өзі қиянатсыз болса, сол да жетерлік деген ой айтқан. Адамның жүрегі таза болса, ол ешкімге қиянат жасамайды, біреудің маңдай терімен тапқан ақысын жемейді, өз еңбегімен күн көреді. Оңай пайда табуға талпынбайды. Сондықтан да жалпы адамзатқа тән асыл қасиеттер адалдық пен әділдік, білімділік пен еңбекқорлық, парасаттылық пен зиялылық мәселелерін жырлауға келгенде Шәкерімге жетер ақын жоқ. Осынау ізгі қасиеттердің маңызын ашып, және оған терең мән бере отырып, ақын айналасындағы адамдар бойындағы қасиетсіздікке жирене қарайды. Егер қоғам мүшелерінің бәрі әділетсіздікке жирене қараса, оған жол бермесе, жемқорлық деген кесепат біздің ортамызға тарамас еді.

Ақынның «Насихат» өлеңінде:

*Адалдық жолы болар заман бар ма,  
Жем болдық шын жексұрын надандарға. Адастың деп отырмын айғай салып,  
Бар тапқаным сол болды, амал бар ма... – [3,93 б.]*

деп күйінеді. Шәкерім ақын ұлтының бойына бәле болып жабысқан осы бір жағымсыз қасиеттерден арылтуды мақсат еткен. “Үйретуден жалықпау” қағидасын ұстанған Абайды дана ұстаз таныған Шәкерім ұлы ақын ұсынған адамды адамдыққа тәрбиелеу атты жанды идеяны одан әрі дамытты. Данышпан Абай:

*Болмашы кекшіл,  
Болсайшы көпшіл.  
Жан аямай кәсіп қыл! [3,175б.]*

деп нақыл айтса, Шәкәрім де ұлтқа қызмет етуді адам баласының ең басты міндеті, қасиетті парызы санайды.

*Адамдық борышың, Халқыңа еңбек қыл.  
Ақ жолдан айнымай,  
Ар сақта, оны біл [3,175б.]*

Шәкәрім өлеңдеріндегі азаматтық тұлғаның болмысын айыратын басты көрсеткіш «ақ жол», «ар сақтау», «біреудің ақысын жемеу». Яғни ұлт алдындағы борыш ұғымы алдыңғы қатарға шығып, азаматтың халқына сіңірген еңбегіне қарай бағалануы. Ал өмірде адам болып қалу үшін, адамгершілікті жоғалтпау үшін не қажет?! Абайдың «бес асыл ісін»

Шәкәрім ақын “Талап пен ақыл” өлеңінде сегізге жеткізеді:

*Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,  
Анық төмен болмай ма хайуаннан.  
Бінсап, рахым, ар, ұят табылмаса, Өлген артық дүниені былғаған. [3,105б.]*

Шәкәрім өмір шындығын нақты, әрі бейнелі суреттеуген. Өз ортасынан ойып алған оқиғалармен, сол ортадан тапқан кейіпкерлерін бүкіл қоғамға тән типтік бейне дәрежесіне көтеріп, көркем образ жасаған

*Ойласам, сол тышқандай бұзықтар көп,  
Сыртты сопы, іші арам қылықтар көп.  
Пара алып, не қазынаның ақшасын жеп,  
Адалымсып жүретін ұлықтар көп...  
Бір ұрты май, бір ұрты қандар да бар,  
Қой терісін жамылған жандар да бар. Жазасыздан жазалап атақ алып,  
Ақ жүрексіп жүретін паңдар да бар... [3,189 б.]*

“Епті тышқан бидайды таси берген” деп басталатын осы мысал өлеңде пернелеу арқылы жеткізген ақын кейіпкерінің шынайы иесі кім екені бесенеден белгілі. Бұл – қоғамдағы ілгершіл ой пікірге тұсау болар, кері кеткен, кесірлі жандардың нақты бейнесі. Олардың іс-әрекетін көрсету арқылы ақын одан жирендіре отырып, оқырманды адамдық ұлы мақсатқа жетелейді.

Қорыта айтқанда, өкінішке орай бүгінгі күні бүкіл ел болып күресіп отырған «сыбайлас жемқорлық» мәселесі өткен ғасырлардың бәріне тән болған екен. Бірақ жас ұрпақты рухани тұрғыдан тазалыққа тәрбиелеу, халқымыздың «біреудің ақысын жемеу», «басқаның ала жібін аттама» деген тағылымға толы қағидалары негізінде жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бүгінгі білім беру жүйесі мен отбасының басты мақсатына айналуы тиіс.

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. Большой юридический словарь. <http://slovar.cc/pravo>.
2. Мақал-мәтелдер жинағы. Алматы.: Рауан, 2008 ж.- 201 б.
3. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Өлеңдер жинағы. 1 том. Алматы.: Дәуір.1999. -265 б.



## МАХАМБЕТТІҢ «ҚАРА НАРҒА» АРТҚАН ЖҮГІНЕ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА СІЗ ӨЗ ТАРАПЫҢЫЗДАН ҚАНДАЙ МІНДЕТТЕРДІ ЖҮКТЕР ЕДІҢІЗ?

Көкшетау қаласы, М.Ғабдуллин атындағы  
№3 көптілде оқытатын мамандандырылған гимназиясының  
8 «А» сынып оқушысы Ахметжанова Меруерт Галихановна  
Қазақ тілі мен қазақ әдебиет пәнінің мұғалімі  
Шахманова Батия Рамазановна  
[a.mikolla@mail.ru](mailto:a.mikolla@mail.ru)

Махамбет жырлары -дәуір шындығы, көтеріліс айнасы. Махамбет өлеңдерінің бастан аяғына дейін жырлаған негізгі өзекті тақырыбы – елін, туып өскен жерін қорғау үшін «егеулі найза қолға алып, жарақты жауды тоқтатып» , елі үшін кездескен қиыншылықты жеңе білуге жас ұрпақты үгіттеу. Өзінің «Қара нар керек біздің бұл іске» атты өлеңінде қайратты, қиындыққа еш мойымайтын ер жігіттер туралы айта келіп, оларға бірқатар міндет жүктейді.

Толарсақтан саз кешіп,  
Тоқтамай тартып шығарға  
Қас үлектен туған қатепті  
Қара нар керек біздің бұл іске.  
Қабырғасын қаусатып,  
Бір-біріндеп сөксе де  
Қабағын шытпас ер керек  
Біздің бүйткен бұл іске.

Ақынның пайымдауы бойынша, ер жігіт қашан да ерлерге тән қажыр-қайраттың, ерік-жігердің, ақыл-парасаттың иесі болғаны жөн. Жолындағы небір қиындықтардан қажымай өтетін, жора-жолдастарын сол өткелден құтқарып алып шығатын нар жігіттер керек, қабырғасын қаусатып бір-бірлеп сөксе де, жасымайтын, мойымайтын жігіттер керек деген ойды айтып, ер азаматқа тән қасиеттерді сипаттайды.

Мен де ақынның жүктеген міндеттеріне қосыла отырып, өз тарапымнан бірқатар міндеттер қосар едім. Ең бастысы: азаматтарға өз сөзіне, ісіне жауапты нағыз ер болуын міндеттер едім. Себебі сөзі мен ісі қабыспайтын басшыларды көргенде налитыным бар.

Екіншіден, заманның көшіне ілесе алатын, мақсаты айқын, арманы асқақ, еліміздің үкімет басында отырған басшыларымызға ұлтымыздың рухын көтеру секілді мәселелерді артар едім.

Үшіншіден, екі сөйлемейтін, ел басына күн туған шақта еш мойымайтын батыл, жігерлі, ұлттық тілді насихаттайтын, тіліміздің дамуына үлес қосар ер азаматтарымыздың көп болғанын қалаймын. Себебі, тіл-біздің тірегіміз, түп тамырымыз.

Төртіншіден, өз жерімізге өзіміз иелік ететін, намысы биік, атадан қалған асыл мұраны көзінің қарашығындай сақтап жүретін есіл, ер азаматтар болуын қалаймын. Себебі «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қорғап қалған ата-бабаларымыздың батырлығы мен қаһармандығы ұрпақтан-ұрпаққа өнеге болуға тиіс.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің әрі қарай өркендеп өсуіне осындай ер жігіттер керек. Сол себепті Махамбет Өтемісұлының осы өлеңін ер азаматтарымыз оқып, өзіне үлгі алса екен деймін. «Сабыр-ақыл серігі» дегендей ер азаматтарымыздың сабырлы, білімдар, көзі ашық, көкірегі ояу, намысшыл, отбасын өрге сүйрейтін, егеменді еліміздің еркін де еңселі азаматтары болуын көздеймін.

### Қолданылған әдебиет:

1. Махамбет Өтемісұлы «Қара нар керек біздің бұл іске» өлеңі

## «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНЫҢ МОНГОЛ ТІЛІНДЕГІ АУДАРМАСЫ ХАҚЫНДА

Астрахан ауданы, «Астрахан №1 ОМ»,  
11-сынып оқушысы Әділбекқызы Шәрбат  
Астрахан ауданы, «Астрахан №1 ОМ»,  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Ахыт Еркегүл  
[sharbat0215@mail.ru](mailto:sharbat0215@mail.ru), [erke1978@mail.ru](mailto:erke1978@mail.ru)

Қазақ халқын әлемге танытқан «Абай жолы» роман-эпопеясы екені баршамызға мәлім. Көптеген шетелдіктер: «Абай жолы» романын оқыған соң, дүние жүзінде қазақ деген халықтың барын таныдық-деген пікірлер айтады. «Абай жолы-қазақ тарихының-шежіресі. Ол оқырман қауымның көңілінен шыққан, әлемдік әдебиет дәрежесіндегі алтын қорымыз, сарқылмас қазынамыз.

Ұлы ғұлама Махмуд Қашғари айтқан түбі бір түркі тілдес тілдер тобына монғол тілі де біріктірілгенін білеміз. Ал біздің қозғамақ мәселеміз - «Абай жолы» романының монғол тіліне аударылу жайы. Монғолия Республикасында тұратын қазақтардың шоғырланған орталығы-Баян-Өлгей аймағы. Осы мекендегі тілін, дінін, салт-дәстүрін берік сақтаған ат төбеліндей қазақтардың арасынан талай дарынды ғалымдар, ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері шығып қоғам өмірінің дамуына өз үлестерін қосты. Солардың бірі-Жамлиха Шалұлы.

«Мен Монғолияда туып, өмір сүрген күндеріме ризамын деп жүре беруіме болар еді. Бірақ, қазақ деген халық барын, қазағымның әлемдік атақ-даңқын монғол халқына да таныту парыз деген ой, шетте жүрген менің жүрегіме мәңгі ұялап, қалайда осы жолда қызмет етемін деп ант еткенмін»-дейді, Монғолия және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, танымал аудармашы-жазушы Жамлиха Шалұлы. 1960 жылы Монғолия Ұлттық университетінің филология факультетін тәмамдап, аударма саласында сүбелі еңбек қалдырған Жамлиха Шалұлы «Абай жолы» романы ғана қазақты әлемге паш еткен туынды болғандықтан, осындай күрделі еңбекті монғол тіліне аударуға үлкен тәуекелмен бел буғанын айтады. Яғни, осындай қайсарлықтың ар жағында қазақи қанға сіңген намыстың, ұлтын сүйген жүректің ісі байқалғандықтан да болар, бұған дейінгі аударма саласындағы шығармашылық тәжірибесі демеу болып, М.Әуезовтің «Абай жолы» романын «Абай зам» деген атпен аударып шығарды.

«Абай жолының» монғол тіліне аударыла бастауы Монғолияда елуінші жылдардың ортасынан басталады. 1952 жылы басылған «Абай жолының» I кітабы «Абайды» Монғолиядағы қазақ зиялылары сол жылдары монғол тіліне аударады. Романды редакциялау монғолдың атақты ғалымы, Алтай тектес тілдерді зерттеген тюрколог Ринчин Бямбаевқа табысталған. Әртүрлі себептерге байланысты аударма сол кісінің қолында сақталып қалады. «Мен іздеп барғанымда «Әр ұлттың өз жоқтаушысы бар деген осы»-деп, қызыл шүберекке түйілген ауқымды дүниені табыстап тұрып, маған сенім артатынын білдірді. «Хасагийн улаан ваадант», «Қазақтың қызыл шаршысы» деген сөз осы оқиғаға негізделіп көпке дейін ұмытылмады»-дейді Ж.Шалұлы.

Осы бірінші кітап толықтырыла келіп авторлар ақылдастығында 1972 жылы жарық көрді. Мұнда әр тарауды әртүрлі аудармашылар аударғандықтан, бәрін бір стильге салу, романдағы Абай өлеңдерін аудару Ж.Шалұлының жауапкершілігінде болады. Атап айтсақ: романның I-тарауы «Қайтқанданы» Ж. Ахмет, «Қат-қабатта», «Жолда», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» сынды тарауларын О.Тілейхан, Б. Құрметбек сынды қалам иелері тәржімелейді. «Жайлауда», «Тайғанақта» бөлімдерін тарих ғылымының докторы, профессор А.Мініс, «Еңісте», «Оқапта» тарауларын Абай өлеңдерін алғаш монғол тіліне таныстырушы С. Хайрулла, ал «Асуда», «Тарауда», «Эпилог» бөлімдерін Ж.Шалұлы аударды.

«Абай жолының» II кітабын аудару Ж. Шалұлының тікелей өз қолына өтеді. «Ендігі жүктің ауырлығы маған ауды. Романның жалғасын ізін суытпай шығару талап етілді» - дейді Ж. Шалұлы «Құбылам» естелігінде.

Аудармашы «Абай жолын» аударғанда мына мәселелерді негізге алғанын айтады:

1. Бұған дейін «Абай жолы» орыс тіліне аударылған. Романды қазақ нұсқасымен салыстыра отырып, мағына ерекшелігін нақтылай түсу керек.
2. Монғол-қазақ тайпалары тарихы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы жағынан ұқсас киіз туырлықты көшпенділер болған.
3. Монғол-қазақ тілдері жалғамалы түркі тілдер тобына жатады.
4. Сөздік қоры ерекше бай екі тіл көп жағдайда мағыналас, халық мақал-мәтелдері де мәнделі болып келуінде.

Әр сөздің синонимдік қатарларын, аударатын сөздің мағынасын ашатындай саралай білу-үлкен өнер. Мысалы: М.Әуезов халықтың «Кебенек киген келеді, кебін киген келмейді»-деген мақалын қолданады. Ал монғолдарда «кебін»-деген ұғым жоқ. Өйткені өлікті олар кебінмен орамайды. Бірақ монғолда осы мәнделі «Көлденеңінен кеткен келмейді, қол-аяғымен кеткен келеді» мәтелмен ауыстырады. Мұндай ұтымды қолданыс Ж. Шалұлы аудармасында көп пайдаланылған. Тағы бір мысал: «Ойына түк кірмеді Кәкітай **шоңның**»-деген өлең жолын «Абай замда» былай берген: «Нэрэн шүү! Какитай **шонд** ю ч эс бодогдов»-деп **шоң** сөзін аудармасыз беріп, мағына ашудағы көрнекті тәсіл ретінде қолданады. Бірақ мағынасын сілтемеде түсіндіреді. **Шоң** сөзінің баламасы жоқ емес, өлеңнің көркемдік ерекшелігіндегі бар салмақ осы сөзде тұрғандықтан аударып жіберсе сөздің айқындаушы қасиеті жоғалып қарапайым бір сөз болып қалар еді. Бұл-аудармашы шеберлігі.

Міне, Ж. Шалұлы «Абай жолын» аударуға кеткен 5 жылдық еңбегінде осындай әдеби көркемдік сөз қолданыстарын асқан ыждағаттылықпен айшықтайды.

Ж. Шалұлы 5 жыл бойы «Абай жолындағы» жүздеген кейіпкерлермен бірге болып, біте қайнасады. «Шығарманың соңғы нүктесін қойғанда, Абаймен мәңгілікке қоштасып жан дүнием алай-дүлей болғаны әлі есімде»-дейді, Ж. Шалұлы естелігінде.

Қорыта келе, 1978 жылы Монғолияда «Улсын Хэвлэлийн газар» мемлекеттік баспаханасында М.Әуезовтің әлемге танылған «Абай жолы» дәуірнамасы «Абай зам» болып монғолша жарық көреді. Бұл «Абай жолының»- Азиядағы ең алғашқы аудармаларының бірі. Ол кезде Қытай, Жапон, Корея елдері бұл туралы мәселе қозғамаған.

Жамлиха Шалұлы Монғол жұртына Әуезовтің кім екенін, Абайдың ұлылығын, қазақтың қандай халық екенін таныта білді. Бұл шығарма-әдебиетіміздің алтын қазынасы.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы. 1994 ж. I, II т.
2. М. Әуезов «Абай зам» монғол тіліндегі аудармасы. I том-1972, II том-1978.
3. Ж. Шалұлы туралы дерек «Қазақ елі» газеті 1997 жылғы сандары.
4. Ж. Шалұлы, «Құбылам» естелік-эссе.
5. Б. Базылхан. Монғолша-қазақша сөздік. 1997 ж.

## **ҚАЗАҚ ӘЗІЛ-ҚАЛЖЫҢДАРЫН ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ҚАРАСТЫРУ**

Астрахан ауданы, Жалтыр аулы, «Жалтыр №4 орта мектебі» ММ

9 «А» сынып оқушысы

Баймұхан Ерасыл

Астрахан ауданы, Жалтыр аулы, «Жалтыр №4 орта мектебі» ММ-нің

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Сейтжанова Жибек Социаловна

[Seytzhanova1973@mail.ru](mailto:Seytzhanova1973@mail.ru)

Соңғы жылдары қазақ тіл білімі саласында кеңінен зерттеліп, айтылып жүрген мәселе прагматика термині. Бұл термин жөнінде қазақ ғалымдарының басым көпшілігі Ресей

ғалымдарының тұжырымдарына сілтеме жасай отырып, прагматиканың зерттеу аясын анықтайды. Прагматиканың негізгі зерттеуі сөздің, сөйлеушінің, тыңдаушының арасындағы айтылуы мен мақсаты, іс әрекетті орындау барысындағы эмоциясы мен көңіл күйін түсіну, байқау, білу деп келтіреді [1.1]. Әрине ғалымдардың көпшілігі бұл пікірмен келісе отырып, контекстік семантика, сөйлеу актісі, мәтін лингвистикасы т.б мәселелерді қарастырады дейді. Бізде бұл тұжырымдарды дұрыс деп есептейміз. Себебі, басқа тілдермен салыстырғанда біздің қазақ тілінің қолданылуы, сөйлеу ерекшелігі оның ішінде әзіл-қалжыңның айтылу ретіне үнемі тыңдарманға арналады. Тағы бір мәселе, әзіл-қалжың табиғатында эмоция, көңіл күйдің әсерінің басым болатындығы. Сөйлеу формалары тыңдаушының деңгейіне қарай бағытталады. Қазақ тіліндегі «Әзілің жарасса атаңмен ойна» мәселі осының дәлелі. Әзіл айтылу үшін сенің тыңдаушының шамасы, деңгейі сол қалжыңға сәйкесі шарт. Біз жоғарыда тілдік форма, сөйлеу формасы деген терминді қолданып өттік, қалжыңның қазақ арасында айтылуына форманың маңыздылығы ерекше. Әзіл-қалжың құрдастар арасында, жеңге мен қайын іні немесе жезде мен балдыз арасында айтылатындығы белгілі форманың болатындығын көрсетіп отыр. Эмоциялық тұрғыдан әзіл күлкі тудыру арқылы жеңіл ой берсе, ызалы күлкі арқылы айтылып, негатив мәнінде де түсінік қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан да, халқымыз қалжың сөз деп көп жағдайда жеңіл-желпі мағына үстемелеп, адамға терең әсер бермеуін қадағалайды. Бұл да болса, тіліміздің әлі де зерттеуді қажет ететін саласы. Сөз дегенің жәй зат емес, ол жанды құбылыс, іс әрекет, белгілі мақсат деген Зейнолла Қабдолвтың сөзін ескере отырып, мәтіннің ұсақ бөлшегі сөйлем мен сөздерді зерттеу оның танымдық мәнін ашу, мағынасын тану ең қызықты әрі күрделі еңбек екенін түсіндік. Лингвистикалық факторлармен мәтін бойына әсер беретін, демек, адресат айтушының тілдік картинасымен адресатқа (көпшілік оқырман аудиториясына) бағдарлаумен, яғни коммуникативтік потенциалмен кең өрістетілген контексті түсіне отырып, жұмыста біз екі құраушы – айтушы мен жауап берушінің күлдіргі яғни әзіл-қалжыңды құрастырушыны (комикалы бағыттағы дискурс) мәтіндерді өзара байланыстырып қарастырамыз.

Әзіл-қалжыңдардың тілін меңгере отырып, өзіміздің сапалық құрамы жағынан әртүрлі мәліметтермен айналысамыз. Әзіл қалжыңдар тақырыптары мен олардың әртүрлілігі заңды түрде шығады; әркелкі эмоционалды мәнерлілігі; құрылымдық, тілдік және жанрлық безендірілуі. Алайда, әрбір жеке мәтіннің барлық үйлесімсіздігі кезінде жалпы" ауыз екі стильдің " нысаны мен мазмұнының қатынасында мағыналық константалармен ерекшеленетін, ескеру керек. Біз оларды күлкілі бағыттағы мәтін ретінде анықтаймыз.

Біз бұл зерттеу жұмысымызда, қазақ әзіл-қалжыңының тілілік табиғатын оның ішінде прагматикасына кеңінен тоқталуды мақсат еттік. Жоғарыдағы ғалымдардың тұжырымына сәкес өз зерттеуіміздің негізгі нысаны мәтінге байланысты екенін болжауға болады. Шама шарқымыз келгенше біз зерделеген мәліметтерге талдау жасап көрейік. Прагматика таным мен түсінікке, эмоцияға тікелей қатысты болғандықтан, әзіл-қалжыңдардың мәтіндерін қысқа, нұсқа алуға келмеді. Себебі, біз зерттейтін мәселелер кеңінен көрінбей қалады. Осы үшін мәтіндерді толықтай алып талдау жасауды жөн көрдік.

Біз зерттеу нысанына айналдырған әзіл, қалжыңдар халық арасында кең тараған «деген екен» атауымен белгілі жинақ әзілдер топтамасы болды. Мысалы, Халық ақыны Омар Шипин (1879-1963) бірде Қостанай облыстық газеті редакциясына келіп, егін орағына орай жазылған екі жүз жолдық өлеңін тапсырады. Ақсақалдың өлеңін қабылдап алып қалған редакция қызметкерлері оның жүз жолын қысқартып, жүз жолын газетке шығарыпты. Омекең келесі жолы редакцияға барған кезде жігіттер:

- *Ақсақал, гафу өтінеміз, өлеңіңіздің жүз жолын ғана басуға мүмкіндік болды, - деп кешірім өтінген болады.* Сонда Омекең сәл ғана езу тартып:

- *Сендердіңде қақ жарымын қысқартатын «қасиеттеріңді» біліп, өзім де, есеппен көбірек жазып әкеліп ем... Егер газетке шыққан осы жүз жолды әкелген болсам, онда сендер елу жолын ғана қалдырар едіңдер,-* деген екен. [2.25]

- Қазақ әзіл-қалжыңының айтылу формасына қарай өзіндік басты ерекшелігі бар. Біріншіден, құрдастар арасында айтылатын әзілдердің көпшілігі ауыз екі стилде қолданылады,

екіншіден, қарапайым халық арасындағы қалжыңдардың мәтінін де тұрмыстық қарапайым сөздермен айтылып отырады. Үшіншіден, тілші, әдебиетшілер немесе зиялы қауым арасында айтылатын қағытпа қалжыңдардың көпшілігі сыпайы тілмен жеткізіліп отырады. Әрине бұл мәтіндерді көркем әдеби немес публицистикалық стилдің жанрына кіргізе алмаймыз дегенмен, ұнамды, өрескел емес кей жағдайда, ресми стилдің элементтері қолданылып, сыпайы жеткізілетінін ескеру керек. *«Ақсақал, гафу өтінеміз», өлеңіңіздің жүз жолын ғана басуға мүмкіндік болды, - деп кешірім өтінген болады, бұл жерден, бірінші сөйлеушінің тарапынан ешқандай әзіл немесе қағытпа қалжың байқалмайды. Ресми түрде кешірім сұрау мағынасында айтылып тұр. Бірақ, тыңдарманнан жасқанған, қысылған мәндегі рең бұл сөйлемнен көрінеді. Оның дәлелі: «өлеңіңіздің жүз жолын ғана басуға мүмкіндік болды»- деген өзінің жағдайын түсіндіріп отырған мәнді аңғарамыз. Бұл нақылы тыңдарманға арналған форма. Ал тыңдаушы қандай формада тіл қатуы мүмкін, ашулануы немесе үнсіздік, кейде жәй ғана келісе салып айтушының сөзін қолдап, ризашылығын білдіруі де мүмкін. Сендердіңде қақ жарымын қысқартатын «қасиеттеріңді» біліп, өзім де, есеппен көбірек жазып әкеліп ем... Егер газетке шыққан осы жүз жолды әкелген болсам, онда сендер елу жолын ғана қалдырар едіңдер,- деп әзіл арқылы жауап беріп, өзінің бұл іс әрекетті қабылдауын тұспалмен жеткізеді. «Қысқартатын қасиеттерің» сөзі арқылы өзінің ренішін, өкпесін білдіп тұр. Қасиет сөзінің мағынасы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «әрбір затқа тән айрықша белгі, ерекшелік, жақсы белгі» [3.491] мәнімен түсіндірілген. Сондықтан да сендер осындайсыңдар, мен білемін, мағынасы бұл сөйлемде басымдық алып тұр. Ал екінші сөйлемдегі, ... «Егер газетке шыққан осы жүз жолды әкелген болсам, онда сендер елу жолын ғана қалдырар едіңдер» сөйлемін тұтастай қарастыруға тура келеді. Қазақ тілінің синтаксистік заңдылығына орай аяқталмаған ойды толықтырып тұрған бұл сөздер сөйлеу формасына күлкі реңін білдіріп, қалжың туғызып, жоғарыдағы жағдайды жәйлі шешуге үлес қосып тұр. Дегенмен, әзіл қалжыңның негізгі мәні мен мақсаты сөзден ұту, тапқыр ой айту болғандықтан, ақынның сөзінің ұтымды айтылып, жеңгенін байқауға болады.*

Ғалым Тұғышбаева Ғ.Ж «Қарым қатынас пен сөйлеу әрекеті прагматиканың бір- бірнен ажырамас бөлігі. Прагматикалық сөйлеу әрекетінің негізінде адамдардың бір-біріне тіл арқылы ықпал ету, әрекетке итеру ұғымдары жатады. Бұл ұғымдар қарым-қатынасқа қатысушы коммуниканттардың мақсатынан туындайды. Демек, сөйлеу әрекетін тудыратын – сөйлеушінің мақсаты. Жалпы қайсыбір сөйлесімнің прагматикасы болмасын, нақты жағдайдағы адамдардың қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын анықтауды мақсат тұтады»-деп келтіреді [4.1]. яғни, біздің талдап, қарастырып отырған мәселеміздің тікелей прагматикаға қатысты екенін көреміз.

*Қадырға ағалық лебіз білдіріп тұрған Қазақ мәдениет қоры облыстық бөлімшесінің төрағасы Жайсаң Ақбаев:*

- *Қадыр – қазақы ақын, даланың жаршысы. Оның гимні – таңсәрідегі малдың мөңірегені, -деп еді,*

- *Қадыр ағасының сөзін сәл түзетті:*

- *«Мен даланың гимні – малдың үні», -деп едім...*

*Жайсаң:*

- *Мен өз тілімде жеткізіп тұрғаным зой.*

*Қадыр:*

- *Оны да қаперлеу керек екен-ау.*

- Бұл мәтінен тең дәрежедегі адамдардың арасындағы шынай әзілді көруге болады. Біз жоғарыда атап өткен зиялы қауым өкілдерінің тілдесулері екені кейіпкерлерінен біліп отырмыз. Сонымен қатар ақынға берілген бағалау, мадақтау түріндегі ақын шығармашылығына көрсетілген құрметті сөйлеушінің тарапынан көрінеді: *«Қадыр – қазақы ақын, даланың жаршысы. Оның гимні – таңсәрідегі малдың мөңірегені, -деп еді»* бұл сөйлемнің ішіндегі негізгі бағалауы *«гимн», «малдың мөңірегені»* тіркестері. Гимн сөзінің қазақ тіліне кірме сөз екені дыбысталуынан белгілі. Ол грек тілінен шыққан «салтанатты эн»-деген мағынаны береді. Мемлекеттік рәміздердің бірі. Ал «малдың мөңірегені» тіркесі төрт түлік үй жануарлары оның ішінде сиыр малының дыбыс шығаруын мөңіреу деп түсінеміз. Гимн сөзінің мағыналық

жағынан терең мәні мен дәрежесін түсінуге болады ал малдың мөңірегені теңеуі аса жақсы, сәтті айтылған дей алмаймыз. Дегенмен, даладада гимн бар, даланың өзіндік, үні, гимні болады деп түсінік келеді. Оны аңғартатын себеп, тыңдаушының берілген жауабында тұр. *Қадыр ағасының сөзін сәл түзетті:*

- «Мен даланың гимні – малдың үні», - деп едім...

*Жайсаң:*

- Мен өз тілімде жеткізіп тұрғаным зой.

*Қадыр:*

- Оны да қаперлеу керек екен-ау.

Ақын өзінің әдеби тілін айтып, жауап ұсынып еді, бірақ сөйлеуші тапқыр ойды әзіл арқылы ұтымды жауап беріп тыңдаушыны сөзден тұқыртып кетті. Сол ойды мен өз тілімде жеткізіп тұрмын деген өзіндік сөйлеу әдеби бар екенін ескерту арқылы күлкі реңін туғыза отырып, берілген жауаптан өзінің ойын дәлелдеп шықты. Тыңдаушының соңынан айтылған оныда қаперлеу керек екен-ау сөйлемінен, сөзден тосыла отырып, мойындағанын көреміз. Коммуникацияға түскен тұлғалардың көңіл күйлері мен эмоциялары анық көрінбеген диалогта, астарлы әзіл бар екені анық. Себебі, сөз таластырудағы сөздің ұтқырлығы, жеңіске жету, білдірмей ұта отырып, күлкі реңін тудырған басымдылықты байқаймыз.

Біз өз зерттеу жұмысымызда әзіл-қалжыңдардың прагматикалық қырларын қарастыра отырып, прагматиканың зерттелу аясы кең көлемді екеніне көз жеткіздік. Себебі тілдің сөйлеуі тек сөйлеу немес айтылу үшін жасалмайтыны анық. Кез келген сөйлеу әрекеті белгілі бір мақсатты көздейді. Сол әрекетті жүзеге асыруда ең алдымен сөздің жүйелілігі маңызды, ойыңызды жинақы жеткізуде рөл атқарады. Ал ұтымды айтылған әзіл, кез келген адамның қызметіне жарап, мақсатын орындайды.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Тұңғышбаева Ғ. Ж. «Прагматика» ұғымының мағынасы мен қолданылу аясы, 2010, Алматы
2. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі, «Дайрк-Пресс», баспасы 2008
3. Мақұлбекұлы С. «Отыз тістен шыққан сөз» Тараз-1997ж.
4. Майлин Б. "Сойқанды содылар" 1928.
5. . Жансүгіров І. "Сықақ" 1929., "Құқ" 1935.

### **ШОЛПЫ - ҚЫЗДЫҢ СӘНІ**

Астрахан ауданы, Астраханка ауылы,  
Астрахан №2 орта мектебінің 7 сынып оқушысы  
Будко Валерия Сергеевна  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Зейнелхан Қарлығаш  
kzejnelxan@inbox.ru

Адамзат тарихында барлық уақытта және барлық халықтардың ортасында нәзік әйелдердің дарынды болымысы болғанын білеміз. Қазақ ұлтының таным түсінігінде -қазақ шежіресі анадан бастау алып, қызбен өрбіп, ұрпақ жалғастығы мен өмір сабақтастығын қыз балаға теңеп жатады. Ұлы даланың тарихнамасында есімдері аңызға айналған әндер, өлеңдер, поэмалар жазылған әйелдер аттары аз емес. Осы бір табиғаттың сұлу жаратылысының құпиясы қазақ әйелінің бойына ерекше дарыған. Оған себеп қазіргі күнге дейін сақталып жеткен салт дәстүрлеріміз бен ғұрыптарымыз. Қазақ әйелінің әлем сұлуларынан ерекшеленетін бірден бір белгісі қолаң шашы. Тек қана шашқа байланысты ақын, жазушылардың қалам тербеген бірнеше еңбектері бар екені жасырын емес. Бүгін біз осы қазақ әйелі ұғымы мен шаш және шашқа тағылатын әшекей бұйым

туралы сөз қозғамақпыз. Әрине шаш пен шашбау туралы қазіргі күнге дейін зерттелеген мәліметтер жеткілікті. Біздің мақсатымыз шашбаудың қадір қасиетін, өз ортамызда жаңғырта отырып, оқушылар арасында насихаттау. Ұлттық дәстүр мен құндылықтарды біле отырып, білімдерін шыңдау, ел азаматтарының міндеті.

Бұл – ұлттық санадағы сұлулыққа деген іңкәрліктен пайда болған эстетикалық талғам. Зерделі зергерлер әсем бұйымдарды дүниеге әкеліп, сұлулықтың санадағы бейнесін жасаған. Сол арқылы ұрпақты тәрбиелеп, көркем дүние менгеріп, одан әрі жетілдіре берген. Бұл бұйымдар адам қажеттіліктерін өтеп қана қоймай, олардың өнер әлемі жайындағы көзқарасынан да хабар береді. Шынайы шеберлердің туындылары ғасырлар елегінен өтіп, бізге жетті.

Қазақ қолөнерінің басқа түрлеріне қарағанда, зергерлік өнімдердің жасалуы оның кәсіптік сұранымына байланысты. Әр зергердің өз ерекшелігі болған. Ол құпиялар жанұядағы осы кәсіпке бейімделген адамға мирас болып қала берген. Дәстүрлі зергерлік өнерде шеберлер әр түрлі құралдарды өздері жасап пайдаланған. Зергерлердің аса көп жасайтыны – әйелдердің әшекей бұйымдары. Қазақ қыз-келіншектері кеуделеріне алқа, құлақтарына сырға, шаштарына шолпы, білектеріне білезік, саусақтарына жүзік таққан.

Бір-біріне үзбелеп бекітілген үлкенді-кішілі өрнекті алқалардан құралатын салмақты да салтанатты өңіржиектер аса көзтартарлық әсем болады. Қатар-қатар тізбектелген тастар қондырылып жасалған тамақ алқа асыл матамен өрнектеледі. Ал інжу-маржан қадалған тамақшаларды қыздар жиі тағады. Қыз баланың бұрымына, шашына деген құрмет, сезімталдық әр халықтың дәстүрінде бар. Бір қызығы барлық ұлттарда да шашты киелі санап кесуге болмайды деп сенеді. Тарихтан білетініміздей әйелдің шаш бойынша мәртебесін анықтайды. Мысалы, орыс халқының қыз немесе үйлену тойында жасалатын "өрмелеу" рәсімі бар. Қыз шашының ұшын өріп, шаштарға салып, бас киімнің астына жасырынған. Осы уақытта ол еркін өмірімен қоштасқан ән шырқады. Бұл бас киім ол адамдардың көзінше шешпейтін болған, осындай дәстүрдің қазақ халқында бірнешеуі бар. Белгілі шығыстанушы-түркітанушы В. В. Радлов 25-40 жастағы әйелдер кимешек киген, бас киім киген, ол басын, мойнының, кеуде мен арқасын жабатын. Әйелдер бастарын повязывали жаулық, былайша айтқанда, орамал. Егер әр түрлі ұлттардың дәстүрлерін салыстырсақ, көпшілігінде басы жабылмаған адамдардың, тұрмыстағы әйелдердің пайда болуына тыйым салынғанын байқауға болады. Әдетте бұл күйеуінің қызғанышымен байланыстырады, бірақ шаш сиқыр мен зұлымдардан өзін қорғау үшін жабылған тағы бір нұсқасы бар. Ол әрдайым сиқырлы күш көзі сияқты шаштарға ұқсайды деп ойлады. Қазақтардың салтында ұзын бұрымдар сұлулықтың белгісі болып саналды, олар туралы әндер, өлеңдер және тіпті ертегілер айтылды. Мысалы, қыздың сұлулығын сипаттағанда: "Қыпша бел қолаң шаш" ("жұқа тал, ұзын сәнді шаш"). Мысалы, "Ой көк" халық әнінде "Шашын он күн тарап, бес күн өрген" деген сөздер бар. Иә, қызды әдемі шашының арқасында ғана сүйе алады деп айтуға болады! Мысалы, "Құламерген" ертегісінде батырдың әйелі Құламерген ұзын және сәнді шаштарға ие болды. Бір күні ол өзенге шомылғанда оның бірнеше шашы ағысқа түсіп кетті. Бұл шашты жалмауыз кемпір, таңдап алып, оларды ханға жеткізеді, бұл шаш ханды сұлулығымен баурап алып, оның иесіне сырттай ғашық болды. Нәтижесінде Құламерген қараңғы жерге тасталған, ал оның әйелі ханға алып келді және күштеп үйленгісі келді. "Аламан және Жоламан" ертегісінде де осындай сюжеттік желі бар. Ұзын бұрым ғасырлар бойы сұлу қыздың көркі саналып келеді. Қыздың сұлулығын оның шашы мен бағалы.

Білектей арқасында өрген бұрым,  
Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын.  
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,  
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

– деп ұлы Абай жырлағандай, халқымызда қыз-келіншектің көркі – шаш, шаштың сәні – шашбау, шолпы, шаштеңге, шашқап. Әйел шашы табиғатына қарай: қолаң шаш, сүмбіл шаш деп, өріміне қарай жалғыз бұрым, қос бұрым деп аталады. Қазақ халқы шаш күтімін, яғни оны тарауды, өсіруді, өруді үлкен тәрбие мектебі деп түсініп, «Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген,

шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», - деп жырға қосады. Біздің данагөй ата-бабаларымыз, мейірімді ақ әжелеріміз ежелден-ақ: «Шаштың киесі бар», – деп айтып кеткен. Олардың ақыл-кеңесі бойынша, шашыңның бір талын да кез - келген жерге тастауыңа болмайды, оны құс ұясына салуға алып кетсе, бас ауруына тап боласың. Қазір ғалымдар бұл сөздің астарында ақиқаттың жатқанын анықтап отыр. Олардың пайымдауынша, адам шашы ғарыш энергиясын қабылдайтын антенна. Бұл ғылыми тұрғыда дәлелденген ақиқат.

Осы орайда зерттеушілер Шәкәрім, Төле би тәрізді ұлыларымыз бен ақылман аталарымыз шаш, сақал, мұртын әдемі қоя білгендігімен олардың бойындағы көптеген ізгі қасиеттердің арасында байланыс барын айтады.

Шаш күтімі, оларды өсіру үлкен шыдамдылықты талап етеді. Шаш тарауға арнайы қос тарақ үшін кейде нақты зергерлер арнайы жасайтын болған. Шеберлер мүйіз тарақтарын да жасады. Шашты жылтырату үшін сары май мен жұмыртқа ақуызының қоспасынан дайындалған шаш-май (шашқа арналған бальзам) қолданылды. Шашқа арналған әшекейлердің арасында шолпылар ерекше орын алды (шетінің ұшына бекітілген). Шолпы безендіріп қана қоймай, шаштың өсуіне ықпал етті. Әдемі шолпыларды тек қыздар мен жас әйелдер киген. **Шолпы, шаш теңге** – бұл бұйымдарды қыз-келіншектер шаштарының ұшына тағады. Шаш теңгелер мен шолпылар әсем шиыршықталған күміс үзбе бауларға бекітілген тоғыз теңгеден тұрады. Тоғыз – қазақ ұғымында киелі сандардың бірі. Олар бір-бірімен ұзыннан-ұзақ жалғасып, шаштың ұшына бірге өріледі. [1.92] Қазақ тарихы туралы еңбектерде шолпы – қыздардың бұрымға тағатын әшекейі. Шолпыны екі үзбелі етіп, күмістен соғады. Қақталған күмістен соғады. Қақталған күмістен үш бұрышты немесе сопақша пішінді етіп жасалады да, ортасына асыл тас орнатылады. Үлкен тұмаршасының етегіне шынжырлап немесе үзбелеп соғып, сөлкебай тіркелген біреше салпыншақ тағылады. Ол баулары арқылы бұрымға қоса өріледі. Дәстүрлі қазақ қоғамында шолпының – көзді шолпы (асыл тас қондырылған), қозалы шолпы, қоңыраулы шолпы, шынжырлы шолпы, қос үзбелі шолпы, маржанды шолпы, меруертті шолпы, ақықты шолпы т.с.с. түрлері мен атаулары кездеседі. Шолпыны о баста әйелдер қара ниетті тылсым күштерден қорғану үшін тағып жүрген. Халық адамның жарты жаны шашта болады деп, оны қорғау мақсатында шолпы, шашпау таққан. Кейде олардың салмағы 3 кг-ға жеткен. Шолпы қыздардың жүрісі мен бойын тік ұстау мәнерін қалыптастырған [2.530]

Қазақ қыздары киімінің тұрақты элементі шашбау әшекейлері болды, ол әйел затының өзіндік ерекшелік белгісін білдірді. Шашбау әшекейлері құрылымы бойынша екі түрге бөлінді. Бірінші, оның жинақы болып келетін түрі шолпы деп аталады, ол сырғымалы құрама бөліктерден: жылтыр меруертпен біріктірілген дөңгелек, гүл тәріздес әшекейден, жартышеңбер немесе орыстың (оның ішінде жалған) тиындарынан, әртүрлі пішінді жұқа медальоннан, күміске бекітілген түрлі түсті тастардан құралады. Екінші түрдегі әшекейдің жалпы атауы – үзбелі шашпау, ол – ұзындығымен ерекшеленеді, оның сәндік элементтері мынадай: күміс шынжырлармен немесе жүн, жібек баулармен, маржан моншақтармен, тапсалармен безендіріледі. Бұл әшекейлердің элементтері шолпыға ұқсас жасалуы мүмкін. Шашбаулар бұрымға бекітіліп, олардың ұзындығын көрсететін, сонда ұзын үзбелі шашбау бұрымға ілінетін, не олар күміс шынжырлар мен түрлі түсті сымдар арқылы шашпен бірге өріліп, шашқа айқын нақты сән береді. Кейде бұл әшекей қара баулармен де бірге өріліп, шаштың жетіспейтін ұзындығы мен қалыңдығын толықтырып тұрады.

Бұл күнде күнделікті тұрмыстан қолданудан шолпы мен шашбаудың қалғаны жасырын емес. Бірақ, әлі күнге ұзату тойлары мен сырға салу дәстүрлерінде қазақ қыздары шолпы мен шашбау тағып өз шаштарын әсемдеп өреді. Әрине заман талабына сай жаңарған шашбау түрлері бұл күнде тек күмістен емес басқа да дүниелерден жасалып қолданылуда. Қазақ қызының сұлулығын әйгілеген шашбаудың адам денсаулығына да пайдасы бар екендігі ғылымда дәлелденген. Қыз баланың тік жүріп, бойының сұңғақ өсуіне әсері бар делінеді. Әйгілі Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романында шашбаудың сылдырына қарап, қыз баланың мінез-құлқына баға беретіндігі айтылады. Сонымен бірге шашбаудың сынғыры естілсе, артық ауыз сөз бен ауыл арасындағы әңгімені тоқтатып, қыз бала келе жатыр -дейтін болған.



Біз қарастырып отырған бұл мәселе терең талдау мен жан-жақты саралауды қажет ететін тақырып, дегенмен, оқушылар үшін пайдалы әрі қызықты ақпарат. Сондықтан да қазақ қызының шашы мен оған тағылатын әшекей бұйымдар оның ішінде шашбау туралы мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Зергерлік өнер әлемі Алматы 2017ж
2. Қазақ салт дәстүрлері "Балауса" баспасы Алматы 2017ж
3. Қазақстан ұлттық энциклопедия-"Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы" Алматы 2007 ж

## АНИМАЦИЯЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ БҮЛДІРШІНДЕР МЕН БАЛДЫРҒАНДАР САНАСЫНА ӘСЕРІ

Көкшетау қ. №3 Мәлік Ғабдуллин атындағы мамандандырылған көпбейінді мектеп-гимназиясы, 9 сынып оқушысы  
Бураканова Дильназ Серикбаевна  
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің  
доценті, ф.ғ.к. Кажихбаева Гульден Кенесовна  
[guldenkgk@mail.ru](mailto:guldenkgk@mail.ru)

Мультипликациялық кино (латын тілінде *multiplicatio* – көбею; ағылшын тілінде – жандандыру) – суреттердің, қуыршақтардың қозғалысы фазаларын жеке кадрларға түсіріп, ретімен көрсетуден туатын кино өнерінің бір түрі [1]. Анимациялық туындылар арқылы балаларға белгілі бір ойды жеткізіп, олардың танымын кеңейтуге және тәрбиесін қалыптастырып, өнеге тұтуға, қиял көкжиегін дамытуға ықпалы бар кино өнерінің ерекше бұл түрі қазіргі заманауи технология дәуірінде өте жетілген.

Біз мақаламызда отандық мультфильмдердің бүлдіршіндер мен балдырғандар санасына әсерін, тәрбиесіне ықпалын және сол анимациялық туындылардың сапасын, жас ерекшелікке қарай жіктелісін қарастырамыз.

«Қазіргі мультфильмдердің тәрбиелік мәдениет тудырушы белсенділігін шартты түрде келесі үш топқа бөлуге болады: әлем жайындағы қарапайым білімдер; жаңа сөздер мен ағымдар; адамдар арасындағы қарым қатынастар моделі; адамдардың құндылықтары, эстетикалық компонент. Мультфильмдер балаға жалпыадамзаттық тәжірибе, мәдениет, дәстүрлер мен халықтың тарихын қол жетімді етеді, сонымен қатар ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды жас ұрпақтың санасына сіңіруге жол ашады» деп мультфильмнің қызметін, әсері мен ықпалын атайды [2,153 б.]. Яғни, анимациялық туындылардың бала санасына ықпал етерлік мәні зор.

Жалпы анимациялық туындылар балалардың жас ерекшелігіне қарай жіктелуі де қажет. Мысалы, 3-5 жастағы мультфильмді 6-9 жастағы балалар қызығып қарамайды. Сондықтан әр жастағы балалардың оқиғаны қабылдау деңгейі, түсіну, қабылдау өресі ескерілуі тиіс. «Мұзбалақ», «Қазақ елі», «Күлтегін», «Аңшы», «Отырарды қорғау», «Тұрлыхан», «Тастүлек», «Қанатты барыс», «Ақ қасқыр», «Керей мен Жәнібек» т.б. мультфильмдерін 7-9 жастағы балалардың көріп, түйсінуіне, осы жастағы балалардың философиясына сіңімді келетін анимациялық өнімдер болып табылады. Себебі, бұл өнімдерде уақыт ұзақтығы бар, ал бұл жастағы балалар мұндай мультфильмдерді шаршамай көре алады. Олардың физиологиялық жас ерекшелігіне сай келеді. Екіншіден, оқиғада тартыс бар. Жас ерекшелікпен үндес келетін шағын шиленіскен тартысқа құрылған сюжетті 7-9 жастағы балалар қабылдай алады. Ал 3-6 жастағы балалар үшін уақыт ұзақтығы тым қысқа болуы тиіс. Екіншіден, бұл жастағы балаларға шағын ойын түрінде, оқиғасы ықшамды, юморлы болуы керек.

Бүгінде бүлдіршіндер мен балдырғандарды елжандылықты, достықты, адамгершіліктің алғашқы әліппесін үйрететін, жас буынға елінің, ұлтының тарихын, ұлттық құндылықтарын дәріптеп, санасына сіңіретін, танымына жеткізетін анимациялық фильмдер қазақтың ұлттық кино қорында молынан кездеседі.

1967 жылы жарыққа шыққан Әмен Қайдаровтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмі қазақ мультипликациясының тарихының көшін бастайды. Ол – ертегі негізінде түсірілген тұңғыш отандық мультфильм. Фильм 1968 жылы Ленинградта өткен Бүкілодақтық фестивальде екінші жүлдеге ие болды. Бұл туынды – әлем елдерінің экрандарында көрсетілуімен және күні бүгінге дейін телеэкранда қойылып келе жатуымен өміршең қалпын жоймаған ерекше мультфильмдік сапалы өнім. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмінің ерекшелігі сонда: кез келген жастағы балалар жалықпай көре алатын туынды. Мультфильмнен бала мәңгілік тақырыптардың бірі: зұлымдықтың зиянын, ізгіліктің қадірін түсінеді.

Әмен Қайдаровтың түсірген “Ақсақ құлан”, “Құйыршық”, “Қожанасыр – құрылысшы” атты фильмдері қазақ мультипликациясының алғашқы жетістіктері болып, соның негізінде 1970 жылдары қазақ мультипликациясы Орта Азиядағы жетекші орынды иеленді. Режиссер-суретшілер Ж.Даненов пен Ұ.Қыстауовтың «Алпамыс батыр», «Айдаһар аралы», Е.Әбдірахмановтың «Тапқыштар», «Бозторғай», Б.Омаровтың «Үш шебер», «Қаңбақ шал» анимациялық туындылары да сапалы болды. Белгілі бір кезеңде балалардың мультфильмдік өнімге деген сұранысын өтеді.

Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасы қашанда, қай кезеңде болмасын ізгілікті, мейірбандылықты дәріптейді. Ұрпақты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығы тал бесіктен басталған. Әңгімелер, ертегілер баламен қарым-қатынас жасаудың ең сапалы құралы болса, қазіргі заманауи дамыған қоғамда *бүлдіршіндер мен балдырғандар тәрбиесінде* мультфильмдердің әсері мол, ықпалы айрықша деуге болады.

Кез-келген мультфильмнің баланың психологиясына не жағымды, не жағымсыз әсер етеді. Олардың ішінде балаға жақсы қырынан әсер ететін және жаман қырынан ықпал жасайтын мультфильмдер де бар. Отандық өнімдер көбіне баланың жағымды эмоциясын қалыптастыруға арналған. Бүлдіршіндер мен балдырғандар тәрбиесінде Ә. Хайдаровтың («Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан», «Құйыршық», «Қожанасыр-құрылысшы», «Қырық өтірік») анимациялық туындыларының балалардың қиялын, тәрбиесін жетілдіруде пайдасы басым. Ал қазіргі шетелдік кейбір анимациялық өнімдер баланың жағымсыз эмоциясын қалыптасуына ықпал етіп жатыр («Маша мен аю», «Монстрлар мектебі», ««Винкс клубы – сиқыршылар мектебі», «Спанч Боб – төртбұрышты шалбар» т.б.).

Қазіргі таңда мультфильм түсірумен айналысып жүрген «САҚ» (бұрынғы «Жебе») киностудиясының түсірген «Толағай», «Қошқар мен Теке», «Момын мен қарақшылар», «Маймақ қаз» т.б. мультфильмдерінің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен тәрбиелік мәні бар. «Қошқар мен Теке» мультфильмінде қошқар мен теке бақыт іздеп, сапарға шығады. Еркіндікте және бейтаныс жерде өмір сүру алғашында қызық болып көрінеді, алайда әр түрлі шытырман оқиғаға тап болады. Тіпті қатерден әрең қашып құтылады. Мультфильм оқиғасы балаларға бақыт, қуаныш әркімнің өз үйінде екенін түсіндіреді. Сәуле Досжанованың сценарийі бойынша түсіріліген «Маймақ қаз» мультфильмінде кемтар болып туған қаздың балапанының тағдыры суреттеледі. Өзге балапандар оны кемсітіп, ойын ойнағанда үнемі оның кемтарлығын бетіне басады. Әкесі: «Көктүйнекті қырғи алғанша, әлгі маймақты неге алмаған» деп анасына қатты зілденіп айтқан сөзін естіп, намыстанған маймақ қаз көлге жалғыз кетіп қалады. Оны өзге қаздар тауып алып, өздеріне асырап алғысы келетінін айтады. Отбасы іздеп келсе де, үйіне маймақ қаз оралмайды. Күз болады. Барлық құстар жылы жаққа оралады. Маймақ қаз да асырап алған ата-анасымен жылы жаққа ұшып кетеді. Туған жерге қайта ораламыз деген әсем көңілмен ұшады. Мультфильмде ешқашан адамның туа бітті кемістігін бетке баспау, оны қорламау тәрізді адамдық өлшемге тән қасиеттерді жеткізеді. Сонымен қоса туған жер құндылығын бала санасына сыйдырады.

Қазақ мультфильм өнімдерінің үлкен шоғырын елжандылық, ерлік, ұлттық құндылықтар тақырыбына арналған анимациялық туындылар құрайды. Атап айтсақ, «Мұзбалақ», «Қазақ елі», «Күлтегін», «Аңшы», «Отырарды қорғау», «Тұрлыхан», «Тастүлек», «Қанатты барыс», «Ақ қасқыр», «Керей мен Жәнібек» т.б. мультфильмдері – ерлікті, елдікті дәріптейтін, батылдыққа, жігерлілікке баулитын, ұлтының тарихын, батырларының ерлігін үлгі ететін туындылар.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша түсірілген «Мұзбалақ» мультфильмінде бүркіт пен адамның достығы туралы баяндалады. Фильмді режиссер-аниматор – Тұрдыбек Майдан және Тілек Төлеуғазы жасап шыққан. Мультфильмінде аңшы Шегір батырдың зұлымдығы, бүркітті қорлықпен ұстауы, оның зұлымдығы үшін елді жыланның жеп кетуі, жас аңшы Ақтайдың ізгілігі, бүркітке жасаған қамқорлығы суреттеледі. Ақтайдың жыланмен шайқасып, елді құтқару ерлігін көрсетеді. Авторлар сонымен қатар «Мұзбалақ» атты анимациялық фильм арқылы тарих қойнауына сіңіп, ұмыт болып бара жатқан қазақтың саятшылық мәдениетін көрсетеді. Адам мен бүркіт арасындағы сенімді, достықты жас ұрпақ санасына сіңіруді мақсат тұтқан.

Аспан әлемінде тілдескен,  
Он сегіз мың ғалам.  
Тікенегі мен гүлі өскен,  
Өзгермейтін заман.  
Самал желі өбіп бетімнен,  
Шыққан кезде шыңға.  
Айтамын деп сөзім бекінген,  
Жүрегімді тыңда.  
Ай, ай, жолымды бер,  
кең жазиралы даламын.  
Мекенімді табамын.  
От пен судың даласы...  
Адамзаттың баласы.

Сен де маған қарашы, деген «Мұзбалақ» мультфильміндегі әннің өзі де ұлттық рухқа жетелейтін әуен, сонымен қатар осы анимациялық өнімнің мазмұнын ашуға ықпалы да бар. «Мұзбалақ» атты анимациялық фильм – көркемдігі жоғары, сапалы туынды.

*Анимациялық туындылардың бүлдіршіндер мен балдырғандар санасына әсері қандай?*

Біріншіден, адамгершілік тәрбиесін қалыптастырады. Бала мультфильмдерден мінез-құлық үлгілерін байқай отырып, өзін қалай ұстауы керек екенін, мақсатына қалай қол жеткізуге болатынын үйрене бастайды. Қазақтың, яғни ұлттық мультфильмдердің басым бөлігі адами қасиеттерді дамытуға бағытталуымен ерекшеленеді. Мұндай анимациялық өнімдер балаларды кейіпкерлермен бірге уайымдатып, жанашар болуға, дос бола білуге, ата-ананы құрметтеуге жетелейді. Жақсылық пен жамандықтың не екенін, жақсылықтың қадірін, жамандықтың зиянын ұғындырады.

Екіншіден, азаматтық тәрбиені қалыптастыруға жетелейді. Елдікке, ұлттық құндылықтарды тануға негіз болады.

Үшіншіден, еңбек тәрбиесін шыңдайды. Мультфильмдердің кейіпкерлері балалардың ата-аналарына, бауырларына, достарына көмек көрсетуіне, жәрдемдесу қажет екеніне үйретеді.

Төртіншіден, эстетикалық тәрбиесін жетілдіреді. Мысалы, егер мультфильмдерде табиғаттың әсемдігі көрсетілсе, оның кейіпкерлері арқылы балаларда табиғатты қорғау сезімі қалыптасып, аялау, құрметтеу қасиеттері қалыптаса бастайды. Сұлулық, әсемдік, әдемілікті кішкентай танымындарына сыйдырып, сол әсемдікке қарай қадам жасайды.

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. Отандық телеарналардағы анимациялық туындылар: мазмұндық сапасы мен пішіндік ерекшеліктері [.stud.kz/referat/show/43464](http://stud.kz/referat/show/43464)

2. А.Н.Жәнібекова. Бүлдіршіндердің дамуына қиял-ғажайып ертегілер мен жаңашыл мультфильмдердің әсері. «Ғылыми зерттеулер әлемі» журналы. №1-12(115-126), January-December, 2017.

## ЖАҢЫЛТПАШ ЖАНРЫН ЖАҢҒЫРТАЙЫҚ

Целиноргад ауданы, Жаңаесіл аулы №32 орта мектептің,  
7 «В» сынып оқушысы

Денежко Юлия

Целиноргад ауданы, Жаңаесіл аулы №32 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Атошева Жазира Беибитовна

[zhazken\\_7@mail.ru](mailto:zhazken_7@mail.ru)

Қазақ фольклорының жекелеген жанрлары бойынша көптеген ғалымдарымыз ғылыми зерттеу еңбектер жазды. Жаңылтпаштардың балалар фольклорынан алатын орны айрықша. Бала тәрбиелеуде бұл жанрдың ерекше маңыздылығына халық ертеден үлкен мән берген. Қазақ халқы балалар тәрбиесіне, ұрпағының саналы болып өсуіне жіті көңіл бөлген. Бұл ұғымды саналы ұғынған қазақ халқы ұрпақ тәрбиесін бала дүниеге келген күннен бастаған. Мұндай тәлім-тәрбие жүргізу ерте кезден қазірге дейін жалғасып келе жатқан құнды дәстүріміздің бірі. Мұны, әрине, қазақтың қазыналы ауыз әдебиеті үлгілерінен көре аламыз.

Жаңылтпаш жанрының дәстүрлі тәлімдік-тәрбиелік мектебіне айналу мәнісі, әрине, оның танымдық қуаты мен тәрбиелік маңызынан, көркем бояулы эстетикалық күшінен, ойлы-сезімді тереңдігімен айқындалады деп түсінеміз. Сонымен қатар, дүние сырларын танытып, білім берерлік, білік-дағды қалыптастырарлық ерекшелігі де бар. Жаңылтпаш ана тілінің бай қорын, мол мұрасын бала жастан игеруге, жатық сөйлеп, тіл саздылығын тануға көмектеседі, көркем сөзді қастерлеуге тәрбиелейді.

Жаңылтпаш мазмұнында халық өмірінің түрлі қырларын таныстыратын танымдылығымен қатар, балаларды тағылымдық өнегеге баулитын ғибраттық сарындар да мол кездеседі.

Қамаштан көріп қалашты,

Қалашқа Жарас таласты.

Бөлінсін десең қалаш тең,

Таласпа Жарас, Қамашпен, – тәрізді кейінірек шыққан жаңылтпаштар бұл ойымызға дәлел бола алады. Жаңылтпаштардың өлең құрылысы тым шағын, қарапайым болып келеді. Дегенмен ішінара:

Жаңбыр жауып келеді қар аралас,

Бір топ қатын келеді шал аралас.

Тауға қайың бітеді тал аралас,

Бір топ сиыр келеді тана аралас, – сияқты қара өлең үлгісіндегі шумақтар да кездеседі.

Немесе:

Айыр атанды жүк қартайтар,

Семіз қойды май қартайтар.

Күйгелек менің атамды

Жас қартайтпас, ой қартайтар, – тәрізді нақыл деуге келетіндей жаңылтпаштар да бар. Жалпы, жаңылтпаштың ұйқасты, үйлесімді тілмен келетін өлеңдік өрнегі де балаларға үлкен ләззат береді. Жаңылтпаш – қазақ балалар өлең-ойындарының ішінде салмақты орын алатын тәрбиелік мәні жоғары, көркемдік кестесі де күрделі жанрлық түрлердің бірі. «Жаңылтпаштың сөздері айтуға қиын, көбінесе ұяң, қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады. Жаңылтпаштың әрбір сөзі шапшаңдата, тездете айтылуға тиіс. Ол әрбір сөзді жылдамдата айтумен қатар нақышына келтіре, мүлт кетпей оралымын таба айтуға тиіс», - деген ғалым

М.Ғабдуллиннің пікірінде жаңылтпаштардың тәрбиелік мәнінің жоғары екендігін дәлелдей түседі.

Жаңылтпаштар тақырып жағынан алуан түрлі. Тұрмысқа қажетті күнделікті қолданылатын заттар, табиғат және табиғи құбылыстар, шаруашылық түрлері, жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі, т.б. тақырыптарды қамтиды.

Шығарма астарында жатқан ойды аңғарып, ой қорытындысын жасау алғашқы кезде балаларға қиынырақ түсуі мүмкін. Бірақ үлкендердің көмегімен бала астарлы мағынаны табуға дағдылана бастайды. Соның нәтижесінде кейін бала өлеңнің, әрбір жұмбақтың, әрбір жаңылтпаш пен өзге де шығармалардың байыбына барып, мазмұнына терең үңіліп, қорытынды шығара білуге үйренеді. Бұл бір жағынан баланың ақыл-ойын, санасын, тілін, логикасын дамытса, екінші жағынан оған рухани, этикалық және эстетикалық тәрбие береді.

Айтылмақ ой жаңылтпаш арқылы тыңдаушыға қызықты да әсерлілігімен көкейге қонымды болып, қарапайым жеткізіледі.

Мысалы: Асан бақша жақтан ақ сабақ асқабақ әкелді,  
Басқа жақтан басқарақ асқабақ әкелді.

Мұнда Асанның өз маңдай терін төгіп еңбек еткен бақшасынан алынған асқабақ пен басқа жақтан әкелген асқабағын әдемі де, астарлы, ұтқыр да тапқыр жаңылтпашпен айқындап беріп отыр. Жаңылтпаштар көп жағдайда шағын көлеммен шектеліп, заттың барлық қасиеттерін айтпай-ақ, негізгі белгілерін басшылыққа ала отырып, қысқа да нұсқа түрінде айтылады. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тіліне деген құштарлығы артып, ойлау қабілеті шыңдалады. Сондай-ақ баланың аңғарымпаздығы, алғырлығы ұштала түседі. Бұлар, бір жағынан баланың ойлауын жетілдірсе, екінші жағынан сөздік қорын да молайта түседі.

Жаңылтпаш адамды өнерге, ойын дамытуға, тілін жаттықтыруға үйрететін этнопедогогикалық туынды болып есептеледі. Жаңылтпаш - баланың ойлау қабілетін дамытуда, тілін ширатуда, дүниетанымын дамытуда маңызы зор. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ойы қиялы дамиды, тәлім-тәрбие алады.

Жаңылтпаштың басқа жанрлармен байланысын зерттеу, оның қалыптасуы, даму жолдары, көркемдік ерекшеліктері жайлы ғылыми еңбектер жазу әдебиеттану ғылымына қосылған нәтижелі іс деп білеміз. Жаңылтпаштар фольклордың басқа жанрларымен де тығыз байланысты. Халықтық шығармаларды басқа жанрларымен салыстырудың өзгешеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Басқа жанрлармен байланысты зерттеу арқылы жаңылтпаштардың тарихи шығу жолын, даму және өзгеру жолдарын байқаймыз.

Кейбір шешендік сөздер мен қанатты сөздердің және ертегілер мен мақал-мәтелдердің төркіні осы жаңылтпаштармен де ұштасып, жалғасып жататынын көруге болады.

Жаңылтпаштардың басым көпшілігі халық өлеңдерімен байланысты айтылады. Тіпті аллегориялық сипатта айтылатын халық өлеңдері көбіне жаңылтпаштарға жақын болады. Әсіресе, қазақ халқының айтыс өлеңдерінде жаңылтпашпен айтылатындары өте көп. Мұнда ақындық өнермен қатар, өмірді көп біліп, көп көрген айтысушы адамның парасаттылығы мен білімділігін қажет етеді.

А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде жаңылтпашқа мынадай түсініктеме береді: «Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма – жаңылтпаш деп аталады». Қай халықта болсын жаңылтпаш сөйлеу аппараттарына күрделендіріліп берілетін синтаксистік жағынан дұрыс құрылған фраза болып есептеледі. Мағыналық жағынан әр түрлі болғанымен дыбысталуы жағынан жақын сөздерден, фонемалардан түзіле отырып, жаңылтпаш белгілі бір ырғақ пен әуезге негізделеді. Жаңылтпашта ырғақтың, аллитерациялық, тәсілдің болуы заңды құбылыс. Қазақ тіліндегі жаңылтпаш жанры туралы аз-кем айтылып қалатыны болмаса, осы уақытқа дейін аталған жанрдың құрылысы мен жасалу жолдары, тәсілдері туралы әлі зерттелмей келеді.

Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ой-қиялы дамиды, тәлім алады. Жаңылтпаштарды халық бала психологиясы мен тілінде болатын мүкістерге сәйкес шығарған. Тілі шыға бастаған жас бөбекпен, тілі шыққан балдырғандардың тілінде көбінесе «р» дыбысы мен «и» дыбысын, «ш» дыбысын «с» дыбысымен шатастыру байқалады. Әсіресе, тілдің алдыңғы (тілалды) дірілмен айтылатын «р» дыбысын айту алғаш көптеген бөбектерге қиын сияқты болып көрінеді. Сондықтан жаңылтпаштар да, көбінесе сол «р» дыбысы мен «и» дыбысын қатар айтуға құрылған. Бала тіліндегі «ш» дыбысы мен «с» дыбысын шатастырып айтуды түзету үшін халық жаңылтпаштарды шығарған. Сол сияқты «қ-к», «ж-ш», «т-д», «н-ң» т.б. дыбыстарды шатастырмай айтуға жаттықтыратын жаңылтпаштар бар.

Халық педагогикасының бұл саласын қазақ ақындары дамыта түсті. Олардың бір ерекшеліктері, ол жаңылтпаштар көбінесе әрі тіл ширату, әрі дүние таныту, әрі білім беру, тәрбиелеу. Сонымен бірге жаңылтпаштар баланы табиғатты қорғауға тәрбиелейді, баланың тілін ширатады.

Жаңылтпаштар тек жас балалардың тілін ширату үшін ғана қолданылмайды, сонымен қатар жаңылтпаш айтысып, тіл ұстартуды үлкендер де салтқа айналдырған болатын.

Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тіліне деген құштарлығы артып, ойлау қабілеті шыңдалады. Сондай-ақ баланың аңғарымпаздығы, алғырлығы ұштала түседі. Бұлар, бір жағынан баланың ойлауын жетілдірсе, екінші жағынан сөздік қорын да молайта түседі. Жаңылтпаш (аз қолданылатын атаулары – тез айтқыш, таза айтқыш, тіл сындырғыш) – халық фольклорының әзіл жанры, шағын өзіндік өлең. Жаңылтпаштар өлеңдерден сөздердегі ұқсас және айтылуы қиын дыбыстар мен әріптердің тіркесі мен орын алмастыруына негізделетіндігімен ерекшеленеді.

Жаңылтпаштардың авторы – халық. Бұрын жаңылтпаштар балаларды күлдіру және ойнату үшін ойлап табылатын. Заманауи Қазақстанда қазақша жаңылтпаштарды оқытушылар мен логопедтер мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сөйлеу қабілетін жақсарту үшін жиі пайдаланады. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тіліне деген құштарлығы артып, ойлау қабілеті шыңдалады. Сондай-ақ баланың аңғарымпаздығы, алғырлығы ұштала түседі. Бұлар, бір жағынан баланың ойлауын жетілдірсе, екінші жағынан сөздік қорын да молайта түседі. Жаңылтпаштар өз ұлтын, өз мұрасын түсінуге үйретеді. Жаңылтпаштар баланың дүниетанымын, тілін дамытып, кішкене кезден бастап мақсатты іс-әрекетке үйретеді.

Бала тәрбиелеуде ғасыр бойы пайдаланып келген ауызекі поэтикалық шығармашылығының асыл тіректерін – бүгінгі күнге дейін құнын жоймай келген мұраны оқу – тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану көкей тесті мәселе. Себебі, олар біріншіден, оқушылардың білім, білік, дағдысын қалыптастырады; екіншіден, логикалық ойлау қабілетін дамытып, ақыл-ой ұшқырлығына, шапшаңдыққа баулиды; үшіншіден, халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен мағлұмат беріп, ата – салт-дәстүріне аялы көзқарасты қалыптастырады; төртіншіден, әрбір оқушы осы ата дәстүрі мен әдет-ғұрлы арқылы жалпы адамзаттық әлемге аяқ басып, өз халқының игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алуға мүмкіндік алады; бесіншіден, оқушыда ұлттық сананы, адамгершілік ізгі қасиеттерді, отан сүйгіштікті дамытуға жәрдемдеседі.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы, 1998 ж
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том, 1948 ж., 23-бет
3. Дәуітұлы Т. Жаңылтпаш - тәрбие құралы // Ұлағат . - 2009. - Б. 130-136.
4. Жаңылтпаштардың әдеби жанрлық қызметі. <http://baq.kz/kk/blog/article>.

## «АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ БАСТАУЫ»

Астрахан ауданы, Колутон орта мектебінің  
11-сынып оқушысы  
Дьяченко Валентина

Астрахан ауданы, Колутон орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Шокыбаева К.К.

[04\\_k.96@mail.ru](mailto:04_k.96@mail.ru), [Minmineonni@gmail.com](mailto:Minmineonni@gmail.com)

Қазақ халқының ұлы ақыны, гуманист-философ, композитор, әдеби сөз зергері, ағартушы-демократ, шешен, заңгер, әділ би, аудармашы, қоғам қайраткері, тәрбиеші-ұстаз Абай атамызға биыл 175 жыл толып отыр.

Абай Құнанбаев елінің, жұртының болашағын ойлап, халқына ауыр тұрмыстан, азаптан құтылудың жолын меңзеп, оқуға, білімге шақырған. Адамның бойындағы сол кездегі жаман қасиеттерінің бәрін атап көрсетіп, содан арылуға, жақсылықты өн бойына жинауға баулыған, яғни тәрбиеге көп көңіл бөлген.

Қазіргі психология ғылымы тұрғысынан, Абай атамыз «адам» деген ұғымға қазақ даласында бірінші болып анықтама берген. Абай атамызды тұжырымына сүйенсек, «адам» – ақылдылық пен еңбек сүйгіштіктің, әділдік пен білімділіктің, махаббат пен адалдықтың, адамгершіліктің жиынтығы.

Абай халықты «Адам бол!» деп тәрбиелеген. Адам болу дегені – шын мәнінде азамат болу, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, өзін - өзі зор тұтып, надандарды менсінбейтін, дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат адам болу. Абай қазақ жастарын әр нәрсеге көрсеқызар болмай, өнерді үйренуге, тиянақты білім алуға шақырды.

Жастардың мінез-құлық, адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген Абай:

«Тез үйреніп, тез жайма,

Жас уақытта көңіл – гүл» деп жазған.

Менің зерттеу жұмысымның мақсаты - Абай Құнанбайұлының айтып өткен ақыл өсиеттерін айта отырып, қазіргі жастардыар-ұяты бар жастар етіп, адамгершілікке баулу.

Менің ойымша, менің таңдаған тақырыбым қазіргі күн талабына сай, себебі ар-ұят, адамгершілік бар жерде әділдік, бейбітшілік, шыншылдық, ең басты тәрбие орнайды. Мен Абай атамыздың қара сөздерін оқып, ар-ұят, адамгершілік, тәрбие барлық жерде керек екеніне көзім жетті.

Абай ата – бүкіл қазақ еліне танылған, өмір еңбектің шытырман жолдарынан өтіп, шыңдалған, болашақты көрегенділікпен саралап, болжай білген азамат. Ақынның өткен өмірінің өзі – көпке үлгі болар өмірбаян.

Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Қарабұлақ жайлауында дүниеге келген. 1904 жылы Балашақпақ жайлауында қайтыс болған. Бейіті Жидебайда орналасқан. Ақынның арғы бабасы – Олжай батыр. Олжайдан Айдос, Айдостан Ырғызбай, Ырғызбайдан Өскенбай тарайды, Өскенбайдың әйелі Зереден Құнанбай дүниеге келеді. Құнанбайдың әйелі Ұлжаннан Абай дүниеге келеді. Абайдың шын есімі Ибраһим. Әжесі Зере өзінің сүйікті немересі Абайды «ақылды, абай бол» деп, «Абай» атап кеткен. Абай би және ақсүйектерден шыққан асыл да бай отбасынан шыққан. Абайдың үш әйелі болған. Бәйбішесі Ділдәдән – Ақылбай, Әбдірахман, Күлбәдән, Әкімбай, Мағауия, Райхан; екінші әйелі Әйгерімнен – Тұрағұл, Мекайыл, Изкайыл, Кенже, барлығы жеті ұл, үш қыз сүйген. Өменгерлік жолмен үйленген әйелі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ.

Абай Ескітам қонысында әкесі ашқан медреседе, оқып, ауыл молдасы Ғабитханнан дәріс алған. Әкесі Абайды он жасқатолғансоң, Семейдегі Ахмет Риза медресесіне береді. Ондаушжылоқиды. Абай осы қаладағы «Приходская школаға» да қосымшатүсіп, ондауш ай орысшаоқиды. Осы жылдарышығысклассиктері Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Жәмиенбектеріноқыса, екіншіжағынан А. С. Пушкин, А. И. Герцен, И. А. Крылов, Ф. М. Чернышевский мұраларыноқыптанысболған, БатысЕуропаәдебиетінен Гете, Дж. Байрон

сияқтыақындардыда оқып, зерттеген. Есейген соң, осы ақын-жазушылардың өзіне ұнаған еңбектерін аударып, болашақ ұрпаққа қазақ тілінде жеткізген. Абай өлеңжазуды он жасындабастаған. «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абыралыға», «Жақсылыққа», «Кеңжайлау» өлеңдері 1870 - 80 жылдараралығындажазылған. Ақынныңұлкеншығармасы – «Қансонарда» 1882ж. жазылған.

Абай музыка саласында да мол мұрақалдырып, қазақтың музыка өнеріндамытты. Қазіргіуақыттаақынның 27 әнінің 36 нұсқасынотағатүсірілген.

Абайдың қара сөздерін мағынасына қарай: ел мінезі жөнінде, оқу ғылым жөнінде, мақал афоризмдері, тәлім-тәрбие жөнінде, адамгершілік жөнінде деп бөлуге болады.

Мысалы: Адамгершілік жөніндегі қара сөздерге 7, 17, 19, 20, 31, 32, 34, 38, 43, 36-қара сөздерді жатқызуға болады.

Солардың бірі отыз алтыншы қара сөзі.

Пайғамбарымыз салалаһу һайлайһи уәсәләнің хадис шарифинде айтыпты:

-«Мен лә хаяһу уә лә иманун ләһу» кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ, деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «Ұят кімде болса, иман сонда» деген. Енді бұл сөзден білінді, ұят өзі иманның бір мүшесі екен. Олай болғанда, білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе?

Бір ұят бар – надандықтың ұяты: жас бала сөз айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдында жазықсыз – ақ әншейін барып жолығысудан ұялған секілді. Не шарифатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылып, ұялмаса нәрседен ұялған ұялу – ақымақтық жамандық.

Шын ұят сондай нәрсе: шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абыройлы бойға теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреу – ондай қылық өзіңнен шақпай – ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі, сол ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады. «Япырмай, мына байғұсқа не болды. Бірнәрсе іштен рақым секілді болып келіп, өзінді қысып, қызарып кетеді.

Біреуі сондай ұят, шарифатқа теріс, я ақылға, я абыройлы бойға теріс я адамшылыққа кесел қылық, қатеден, яки нәпсіге еріп, ғапылдықтан өз жаза тарттырады. Кірерге жер таба алмай, кісіге бетіне қарамай, бір түрлі қысымға түсесің. Мұндай ұяты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін - өзі өлтіретұғын кісілер де болады. Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінің ішіннен өз мойнына салып, сөгіп қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді.

Көзінің жасын мұрныңның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың. Көзің кісі бетіне қарамақ түгіл, еш нәрсені көрмейді. Мұндай қылыққа жетіп, ұялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе, яки, оның үстіне, тағы аямай, өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ, десе болар.

Осы күнге менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да. «Ол істен мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар? – дейді. Я болмаса, «жә, жә, оған мен – ақ ұятты болайын, сен өзің де сүйтпеп пе едің?» - дейді. Немесе «пәленше де, түгенше де тірі жүр ғой, пәлен қылған, менікі оның қасында несі сөз, пәлендей, түгендей мәнісі бар емеспе еді?» - деп ұялтамын десең, жап – жай отырып дауын сабап отырады. Осыны ұялған кісі дейміз бе, ұялмаған кісі дейміз бе? Ұялған десек, хажис анау, жақсылардан қалған сөз анау. Осындай адамның иманы бар дейміз бе, жоқ дейміз бе?!

Абайдың осы қара сөзінде «ұят болса – иман сонда» деген мәселеге көңіл бөлсек алдымен «иман» сөзіне тоқталайық. Иман – араб тілінен шыққан сену деген сөз.

Иман ол сенім, адам сенімсіз, үмітсіз, армансыз өмір сүре алмайды.

Сенім дегеніміз – адамның өмірде өзі ұстанатын принциптері мен мұраттарына терең негізделген наным.

Имандылық бастаулары - әдептілік, кішіпейілділік пен қайырымдылық, жомарттық, арнамыс, ұят-абырой тағы басқа әдеп, имандық.

Ар-ұят, иманды жан ешкімнің ақысын, жеп ала жібін аттамай, өз еңбегімен дүние жинап күн көріп жатқан, кісіге қиянат жасамайтын жан. Бұл адамның ең тамаша қасиеттерінің бірі. Өз бойына осы бір қасиеттерді дарыта білген адам иманды деп танылатыны сөзсіз.



Иман-деген қазақ даласында ар білімінің басты ұғымына айналған. Халқымыздың жақсы адамды иманжүзді дейтіні де содан. Мұсылмандық түсінікте иманды адам ғибратсыз болмайды.

Абай адамның адамгершілік, имандылық, ар - ұят сезімдеріне айрықша мән береді. Осындай сезімдерді бойға дарыту үшін адам жаман мінезден арылып, өзін - өзі тәрбиелеуі керек деп есептеймін.

Бұл жұмыста Абай шығармашылығының қара сөздері алынып отыр. Ұлы ақын шығармалары зерттеліп келді, әлі де зерттеле бермек.

Абай Құнанбаевтың жазған қара сөздерінің тәрбиелік мәні өте зор. Біз одан үлкен ғибрат аламыз. Әр сөзі терең ойға, өзінді, ортаңды тануға, жақсы қасиеттерді бойына дарытуға, жаманнан аулақ болуға жетелейді.

Абай сол заманғы қазақтың басты проблемасы философиямен көп айналысты. Абай атамның әрбір сөзін қайта оқып, тереңірек барлай бастасақ, олардың қыр – сырлары қайта ашыла түседі. Шындығында Абай тағылымын дәріптеу, оны терең түсіне білу, меңгеру оңай емес. Абайдың шығармаларында даналық толып жатыр. Өмірде ар – ұят пен иманды қатар ұстау керек. Сонда адам баласы артына жақсы ұрпақ қалдырады. Ұят пен иман – адам өмірінің негізгі қасиеттерінің бірі. Адам баласының бақыты оның ар – ұяты таза болуында. Абайдың қара сөзіндегі ар – ұят қазіргі жас ұрпақтарымыздың бойында аз да болса бар екенін дәлелдедік. Сонымен қатар үлкен кісілер мен жастардың ар – ұят түсінігінде айырмашылық бар екенін анықтадым. Абайдың поэзиялық мұрасына қоса қара сөздері беретін бір заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына – деп ойлаймын.

Адамгершілік қасиеттер отбасында, қоршаған ортада, балалар бақшасында, мектепте, адамдардың іс - әрекетінің барысында бір – бірімен араласуы нәтижесінде, қоғамдық тәжірибе алуын өмірмен байланыстыру арқылы қалыптасады. Халықта: «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал бар. Сондықтан адамгершіліктің іргетасы отбасында басталады.

Тәлім – тәрбие болмаған жерде адамгершілік мәдениеті мен қасиеті де қалыптаспайды дегеніне көзім толық жетті. «Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» Әбу Насыр Әл – Фарабидің сөзін әрдайым жадымызда сақтауымыз керек деп ойлаймын.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Шығармалары . I том А, “Жазушы”, 1995
2. Абай. Шығармалары . I том А, 1961
3. Әбдібекқызы Қ. “Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту” А, “Рауан” 1994
4. Бітібаева Қ. “Әдебиетті оқыту әдістемесі” А, “Рауан” 1997
5. Жұмалиев Қ. “Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі” А, 1974
6. Қазақ әдебиеті . Хрестоматия 10-сынып А, “Мектеп” 2003
7. Қазақстан ұлттық энциклопедия I том А-Ә А, 1998
8. Бітібаева Қ. Абай шығармашылығының оқыту.- Алматы: "Мектеп" баспасы, 2003. - 232 бет.
9. Абайдың қарасөздері. - Алматы: Өнер, 2010. - 124 бет.
10. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. - Алматы, «Санат», 1995. - 320 бет.
11. Досжан Д. Абай айнасы. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 368 бет.
12. Абай педагогикасы «Келешек - 2030» Көкшетау, 2003
13. Абай қарасөздері «Көшпенділер» баспасы Алматы, 2007
14. Қазақ әдебиет энциклопедиялық анықтамалық «Аруна» баспасы Алматы, 2007
15. «Шапағатнұр» журналы 2006
16. Хадистержинағы

## МҰХТАР ШАХАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Целиноргад ауданы, Жаңаесіл аулы №32 орта мектептің,  
11 «А» сынып оқушысы  
Елдашбаева Динара  
Целиноргад ауданы, Жаңаесіл аулы №32 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Канапина Жулдыз Умирзаковна  
[kanarina1983@bk.ru](mailto:kanarina1983@bk.ru)

Бүгінгі таңда Шаханов шығармаларын тек қазақ халқы емес, әлем әдебиеті мойындайды, оған да себеп адам және адмгершілік қағидаларды бүгінгі таңдағы адамзаттық құндылықтарды әдебиет әлемінде айқын көрсетуінде. Әдебиет дегеніміздің өзі адамды рухани жағынан байытып, нәрлендіру емес пе? Қазір адамның ақыл-парасатымен бірге нәпсісі үстемдік құрған кезең. Нәпсі қуаты бүгінгі жылтырақ «бұқаралық мәдениетті» туғызады. Адамды өлтіру, қорлау, зорлау, азаптау - міне қазіргі күннің қызықтырақ басты тақырыптары. Ал, қазір жер жүзі «соғыс алаңына» (ойындар, кинофильмдер арқылы) айналды. Мұның бәрі жас ұрпақ санасына мысқалдап сіңе бермек. «Нәпсі философиясынан Рух философиясын жоғары қою адамзат мүддесіне сай екенін Мұхтар Шаханов тамаша дәлелдеп шыққан және ол Рух болмысын қорғауды проблема етіп көтерген. Бұл биік гуманистік позиция автордың әлемдік деңгейдегі ой-санасының көрінісі». Біздің ойымызша, адамзаттың бүгінгі таңдағы рухани көркем ойының биігінен қарай отырып, М. Шаханов рухани-адамгершілік құндылықтар тұрғысынан сан қырлы, еліміздің таза ұлттық рухынан тыныс алған күрделі туынды – тұлпарларын әлемдік әдебиеттің үйіріне қосты. Поэзия есігін алғаш ашқанда, М. Шаханов әлі ешкім бастамаған жол іздеуге мақсат ұстанған болатын. Бұл күнде оның өз жолы бар. Оқырман қауым сол жолдың әлі де болса кеңі түсіп, ақынның алда талай татымды дүниелер беретініне сенімді. []

Ақын шығармасына ойлы сөз жазған Шыңғыс Айтматов «Қазақ поэзиясында бұрын-соңды мұндай қуатты дүниені кездестірген емеспін», - деп өте жоғары бағалапты. Шыңғыс айтса айтқандай, адамзат тарихынан сыр тартқан небір тағлым аларлық жәйттер, кесек-кесек қанатты тың ойлар, батыл тұжырымдар жан-дүниенді баурап алып, асыл армандарға жетелейді. Тек өзің емес еліңнің, бүкіл адамзаттың болашағы үшін ақынмен бірге толғанасың.

Поэзия - сөз өнері, көркемдік шеберліктің тендесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол - айналамыздағы дүниені, өмірді танып – білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой – санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің үлкен, өнімді саласы. Сондықтан поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, соған тікелей жалғас туады. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз өмір құбылыстарын танып – білу, ұғып – түсіну қабілетімен, көркем ой – сезім қуаттылығымен терең тамырласып, қабысып жатыр.

Поэзияда тек тіл, сөз ғана көркем емес, ой да көркем, бейнелі. Өлең тіліне көркемдік сипат дарытатын, қуат беретін сол ой – сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлігі. Поэзия өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді десек, тіл, сөз әлгі ақындық, көркем ой – сезімді жеткізудің құралы ғана. [3]

Поэзия адам сезімін бейнелеуде тура айтуды да, тұспалдауды да, қарапайым түсінікке лайық ұғынықты өрнектеуді де, сипаттап жеткізуді қиын күрделі мегзеу, шартылықты да кең пайдаланады. Бәріде өмір күрделілігі: оны ешқашан да танып біту мүмкін еместігін оның шексіздігін ескеруден туады. Демек бір қарағанда «түсініксіз» болып көрінген жәйттар да ұғымсыздық, бұлдырлыққа емес, күрделілікке бас игізуді бірінші орынға шығаруға бастайды. [4, 67]

Нені жырласада – достықты ма, махаббатты ма, табиғатты ма тереңнен тартып, философиялық ойға құру, күтпеген тың байламдар жасау – Мұхтар творчествосына тән бір

ерекшелік. Достық ол үшін тек екі адамның бірін – бірі жақсы көруі емес, ол тіршіліктің негізгі мәні және өмір сүрудің негізгі шарты деп дәлелдейді. [5, 89]

Шаханов шығармаларындағы «достық» тақырыбының жырлануы бір оқыған көзі қарақты оқырманның өзін бей – жай қалдырмайтын өзекті дүние. Өлеңдеріндегі достық проблемасының жырлануындағы бірінші ерекшелік, үндестілік. Мысалы:

«Достық өлкесінің заңы» өлеңінде

Сәби кезім

Бірге ойнайтын досымды.

Ертіп бардым нағашымның үйіне деп бастайды, балғын сәбилік шақтан басталатын достықты айтса, келесі шумақтарында

Айыппа екен, өзін беріп қатерге

Ер жігіттің досын қорғап қалғаны деп осы өлеңдегі оқиғаның кейіпкері нағашысының сөзін яғни ақыл, кеңес ретінде жеткізеді. Ал, «Танкөз» поэмасында:

Біздер іштей серт етістік ана үмітін ақтауға

Достық гүлін кеудемізде мәңгі тірі сақтауға деп достық проблемасын дамыта түскендей. Аталған поэманың өзі достық тақырыбына құрылғанын ескеріп, мұндағы бірнеше детальды мысалғы алайық

Бір-бірінен жан аяспас дос болыпты оларда

Дос болыпты. Біздің достық содан өнген боларма – деп, поэманың сюжеті бойынша балаға әкелерінен мұраға достық қалғанын меңзейді, кейін оқиға барысында достықтың өзі бірге туған бауырлыққа ұласатынын жырлайды, бұл өмірдің шындығы екенін дәлелдейді.

«Серт» атты өлеңінде.

Мүмкіндігім бола тұра

Саған жәрдем бермесем.

Менің қолым кесілсін.

Мүмкіндігің бола тұра

Маған көмек бермесең

Досым сенің қолың кесілсін

Досым біздің тағдырымыз – дәл осылай шешілсін деп өз шешімін айтады. Осылайша бірнеше өлеңінде алынған достық проблемасы дамытылады және жоғардағы өлеңдерді толықтырып, үндесіп тұрғандай. Дәл осы ойын келесі өлеңдерінде, оқиғаға арқылы суреттей келіп, адамның жанын тербеп, нұрға бөлейтін, нәзік қылды достықты жырлап, оқып отырған оқырманға рух беретіндей шеберлік шыңында көрсетеді.

«Байқаймысың» өлеңінде

Бұдан асқан қайғылы түн қонған емес басына оның,

Досы бар да алшысынан тұрушы еді асығы оның.

О, сұмдық – ай,

Жаулық сезім парасатты паналапты,

Исатайдың өлімімен Махамбетті жаралапты - дей келе келесі өлеңінде әлемнің бар ажарынан бізге достық сымбаттылау мен жадырап жүрсін десең сен мықты бол қымбаттым-ау деп жоғардағы өлеңдерімен үндестіреді. Сәби шақтан бастап жырлаған достықты болашаққа жетелейді. Адамның жасына сай өсетіні секілді, достықты да өсіреді, дамытады. Өзін мысалға ала отырып жырлаған өлеңінде «мені қазір үш топ адам қоршап тұр»

Бүгін менің пәс болсада аспаным,

Бүгін мені сатсада кей достарым,

Бүгін мені сөз ететін тамсана,

сендер барсыңдар достарым, мені өмір сүруге құлшындыратын да сендердің маған деген кіршіксіз сенімдерің деп, барлық адамда дос болған мен «сенім» деген аса бағалы дүние болмаса достықтың өзі жоқ екенін ұқтырғандай, яғни адамның бала шағынан бастау алған достықтың, өмірдің әр аттаған қадамдарында қолтықтан демейтін достарының арқасында жүзеге асып жүргенін айта келіп, мадақтайды және келесі өлеңінде ойын одан әрі өзіне тән ерекшелікпен екі жолға сыйдырып жеткізеді.

Қара аю мен түлкі бұққан мына сайлы өлкеде

Жалғыз емес екенінді сезу қандай мәртебе деп адамның өмірінің мәні де дос пен көрікті, дос арқылы шаттықа бөленетінін, қайғы мен қуаншта сенімен бірге болатын достардың бар екенін сезінуден асқан бақыт жоқ екенін дәлелдейді. Осылайша достық тақырыбын жырлай келіп

Жалғыз терек орман болмас, ал мен орман өсірсем,

Достарымның жүрегіне орман егіп тастасам деп айта келе «танакөз» поэмасына қайта оралсақ

Ізгілік пен ізеттің байлауында

Мама қаздар самғайтын қойнауында,

Достық атты қазына аралы бар

Сонау Мақсат тауының жайлауында.

Жұрттың бәрі баруға құштар оған,

Құштар бол деп ешкім оны қыстамаған,

өзін мәңгі бақытты санайды екен

Сол аралдан от алып ұшқан адам.

Алаулаймыз шығыстың ақ таңындай,

Кезіміз жоқ жататын ақтарылмай .

Сол аралға, арман не жетіп өлсек,

Тек жете алмай қалудан сақта, құдай! Түйіндейді. Өмірде адамдар арасындағы достықтың бар екені рас та, достық атты шеңбердің дәл центрін басып жүргендер тым аз. Ал өмірдің маңызы адамдар мен қоғамда өмір сүру ендеше Шаханов шығармаларындағы маңызды мәселелердің бірі «достықтың» жырлануы басқа ешкімен ұқсатуға келмейтін, өз шығармаларының ішінде жазылып бөлек, бөлек тақырып болса да, детальдар арқылы жинақтала келіп үндесетін, балашақтан басталатын достықтың өзін өміршең етіп, өмір өзегіне айналдырған бір құдірет бар, құдіреті сол оқырманын бей – жай қалдырмай «достық аралына» баруға, соған жетуге шақырады. Оған шығармаларындағы жазылған жәйттардың шындығы мен қоса өмірмен ұштасып, үндесіп жатуының өзі жеткілікті.

Мұхтар шығармаларының ерекшелігі, аңыздан өлең туғызуы, адамды селт еткізер тұсы - өлеңнің ішкі мазмұны, өлеңдегі ойдың тереңдігі мен көкейкестілігі. Табиғатында суреткерлік қасиеті басым болғандықтан ол ашынған жүрек, ақырған ашу, қан жылаған қайғыны мезгіл, мекенсіз өлеңнің өзегіне итере салмайды, соған әкелген жағдай мен заманды, тарих пен тағдырды баяндап, тұтас бір өмір келбетін жасайды. Айтар ой, айшықты сезім кейіпкер тағдырымен, ақынның өз тағдырымен тікелей астасып жатады

Қазір әдебиет пен бірге мәдениетті қастерлеу аса қажеттілік тудырған заманда Мұхтар Шаханов шығармаларын зерттеуде, зерделеуді аса қажеттілік екенін тағы бір мәрте мойындадық. Себебі қоғам дамуының көшінде әдеиетсіз жүру мүмкін емес. Қазіргі қоғам адам мүддесімен бірге рухани тазалықты қажает етеді. Бұның бәрін Шаханов әлемі мен мөлдірлігінен көреміз.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. М.Шаханов «Эверестке шығу» - Алматы: Атамұра, 2003
2. М.Шаханов «Дәуір дастандары» - Алматы: Жазушы 1992
3. З.Ахметова «Өлең сөздің теориясы» - Мектеп Алматы – 1973

## ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰРАСЫ

Көкшетау қаласы, №2 Красный Яр орта мектебінің 8 «а» сынып оқушысы  
Мамзина Жанель Жасанқызы  
Көкшетау қаласы, №2 Красный Яр орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
гуманитарлық ғылым магистрі  
Махыметова Жадыра Асылбекқызы  
[zhadyra.1984@mail.ru](mailto:zhadyra.1984@mail.ru)

Адамзат тарихында түрлі мәдениеттің жасампаз сұхбатының гуманизм мен әділдіктің жалпы адамзаттық идеяларын жемісті жүзеге асырған, жаңа философиялық жүйелердің пайда болуына жеткізген ұлы тұлғалар бар. Солардың бірі Әл-Фараби.

2020 жылы ұлы ойшыл, шығыстың Аристотелі атанған, атақты жерлесіміз Әбу Насыр Мұхамед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толып отыр.

Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз 870 жылы сол кезде дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі болған Отырарда дүниеге келді. Әл-Фарабидің ілім-білімге деген алғашқы ынтасы, ғылыми ойының алғашқы ұшқындары туған жері Отырарда, оның тамаша кітапханасында пайда болды. Кейіннен ол Шаш, Самарқан, Бұхара, Хорасан, Бағдат, Дамшық (Дамаск), Каир қалаларына барып білімін тереңдете түскен. Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеген ол, өзінің көптеген ғылыми мұраларын қалдырды. Бүгінде ұлы даламыздың ұлы тұлғасына 1150 жыл толып отыр.

XII-XIII ғасырларда Әл-Фараби еңбектері Еуропада латын және иврит тілдеріне, аударыла бастады. Оның еңбектері Еуропалық Қайта өрлеу дәуіріне үлкен әсер етіп, Батыс пен Шығыстың мәдениеттері мен философияларын жақындастыратын байланыстырушы көпір болды.

Қазақстанда әл-Фараби мұрасын зерттеу мәселелері XX ғасырдың екінші жартысында жалғасын тапты. 1960 жылы 15 қазанда академик Ақжан Машанов (Машани) Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті, академик Қ. Сәтпаев әл-Фараби мұраларын зерттейтін және оның еңбектерін аударған ғалымдардың идеясын қолдауды сұрап, «ұлы әл-Фараби біздің жерлесіміз, біз ол туралы аз білеміз ...» деп атап өтті [1]. Осы сәттен бастап ғалымдар әл-Фарабидің өмірі мен шығармаларын үздіксіз зерттей бастады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бұл саланың даму қарқыны тездей түсті, бұған Қазақ ұлттық университетінің 1991 жылдың 23 қазанынан бастап әл-Фараби есімі беріліп келе жатқандығы дәлел. Фараби зерттеулеріне философ, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми орталығының негізін қалаушы А.Х. Қасымжановтың, араб тілінде сөйлеген және математика бойынша докторлық диссертацияны қорғаған әйгілі математик А.Көбесовтің, академик, философ М.Бурабаевтың, белгілі қазақ жазушысы А.Әлімжановтың ерең еңбектері тиді.

Әл-Фараби шынымен де әлемдік деңгейдегі тұлға болған, ол өз жұмысында араб, парсы, грек, үнді және түркі мәдениетінің ең құнды жетістіктерін ұштастырды. Әсіресе оның әйгілі «Китаб аль-музыка аль-Кабир» (Музыканың үлкен кітабы) еңбегінде ерекше байқалады. Әл-Фараби әртүрлі мәдени дәстүрлерді біріктірген жай ғана гуманист ғалым емес, ол өз заманының білімдерін жүйелеуге ұмтылған ғылымның реформаторының данышпаны болды, бұл оның «Ғылымдардың жіктелуі туралы» трактатында көрініс тапқан. Бұл трактатта әл-Фараби әрқайсысы үшін зерттеу тақырыбын анықтай отырып, сол кездегі ғылымдарды қатаң тізімге алған. Ғалым тілді, логика, математика, физика және метафизика, азаматтық ғылымдар мен заң ғылымдарын бөліп, ғылымды 5 түрге бөлген. Оның осы ғылымдарға арналған негізгі ғылыми еңбектері: «Философиялық трактаттар», «Логикалық трактаттар», «Ақыл мен ғылым туралы», «Математикалық трактаттар», «Музыка және поэзия туралы трактаттар», «Этика трактаттар», «Птолемейдің Алмагест туралы пікірлері».

Ұлы ойшыл адамның ақылмен адам болғанын айта келіп, «даналық ғылымының бастауына ұмтылған адам, әдепті, жақсы тәрбие алып, Құранды және заң ғылымдарын бірінші кезекте

оқып үйренуі керек. Ақылды, пәк, ар-ұжданды, шыншыл болып, сатқындықтан, өтіріктен, қулықтан алшақ болуды айтты. Жетістіктерге жету үшін ғылымды материалдық байлыққа жетудің құралы ретінде алға ұмтыл»- деген [1].

Яғни ойшылдың ықылым заманда айтып кеткен осы бір насихаты бүгінгі күні актуалдылығын жоғалтқан емес. Білім алу, жоғары ғылыми жетістіктерге ұмтылу, жаңа ойлар - жастарға қазіргі уақытта бәсекеге қабілетті болу үшін қажет нәрсе.

Кеңес ғалымдарының әл-Фараби философиясын зерттеуге қосқан үлесін елеусіз қалдыруға болмайды. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарына дейін жарық көрген бұл жұмыстарға шолу Лунин Б.В., Абдурасулов М.К. өз еңбектерін оның философиясының әртүрлі аспектілеріне арнады. Ғ.С.Құрманғалиев, М.С. Бурабаев, С.Н. Григорян, А.Х. Қасымжанов, А.А. Қасымжанова, Н.С.Қирабаев, А.Н. Таукелев, Г.С.Сапарғалиев, М.М. Хайруллаевтар зерттеу жұмыстарын жүргізген. С.Н. Григорян өз еңбектерінде Фарабидің философиялық, қоғамдық-саяси көзқарастарын зерттеген. М.М. Хайруллаев болса Әл-Фарабидің саяси мұрасын, метафизика мен физика ілімдерінің философиялық аспектілерін зерттеді. Сонымен қатар, ғалым әл-Фараби философиясының ортағасырлық мұсылман философиясының дамуына ғана емес, сонымен қатар Батыс Еуропа философтарының философиялық көзқарастарының дамуына өз ықпалын тигізіп, оның нақты ғылымның дамуындағы атқарған ролін атап өтті. А.Х.Қасымжанов өзінің еңбектерінде жалпы философиялық көзқарастармен қатар оның саяси, этикалық және эстетикалық көзқарастары туралы ойларын атаған болатын. Әл-Фараби философиясының әлеуметтік-саяси және этикалық мәселелері А.А.Қасымжанованың «Әбу Насыр әл-Фараби мұрасындағы саясаттанудың негіздемесі» еңбегінде толық қарастырылған.

Қазақстандық тарихи-философиялық ғылым соңғы онжылдықтар бойы әлемдік философияның дамуына қомақты үлес қосқан ортағасырлық Шығыстың ұлы ойшылы Әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасына тұрақты түрде қызығушылық танытып келеді. Бұл қызығушылық Әл-Фарабидің отаны Оңтүстік Қазақстан жері болып, оның түркі отбасынан шыққандығынан емес, өткен кезеңнің рухани мұрасының бізге қазіргі дәуірімізді күрделі өзгерістерге, қайшылықтарға толы жан-жақты пайымдап, зерделеуге мүмкіндік беретініменен де сипатталады. Қазіргі заманғы фарабитанулық зерттеулердің даму ерекшелігі, алдымен, ғылыми қауымдастықта өткен кезеңнің шығармашылығын оқып-үйренудегі ғылыми парагдигманың алмасуы болып табылады. Жалпы белгілі ғалым Ә.Дербісәлінің зерттеулеріне сүйене отырып, Отырар-Фараб қаласынан шыққан жиырмаға жуық Фараби аттас ірі тұлғалар шыққандығын байқаймыз. Шығыстанушы-ғалым “Қазақ даласының жұлдыздары” атты тарихи-филологиялық зерттеуінде мынадай әл-Фарабилер туралы мағлұмат береді: Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Ибраһим Исхақ әл – Фараби, Исмаил әл-Жауһари әл-Фараби, Бурхан ад-Дин Ахмад әл-Фараби, Әбу-л-Қасым әл-Фараби, Махмуд әл-Фараби, Қауам ад-Дин әл-Фараби, Маула Мухаммад әл-Фараби, Бадр ад-Дин әл-Фараби, Исмаил әл-Хусайни әл-Фараби және т.б. [2].

Ұлы ғалымның Отырарда туып өсіп, жігіт шағында араб еліне кеткені жайында өзбек ғалымы Хайруллаев: “Әл-Фараби алғаш білімін Отырар медреселерінің бірінде алған болуы керек. Өйткені көне дәуірден қалған бір деректерге қарағанда, Мәуреннаһрда балаларды түрлі қолөнер мен ғылымға үйрету, баулу, оқыту олардың бес жасар кезінен басталатын болған [2].” – десе, әл-Фараби зерттеушілерінің бірі М.Бурабаев: “Әл-Фараби 20 жасына дейін Отырарда оқып, тәрбиеленіп, кейін Самарқанд, Бұхара, Хиуа және Шығыстың көп жерлерін аралаған, ұзақ уақыт бойы араб халифатының саяси, мәдени орталығы Бағдатта тұрған деген деректі келтіреді” [2]. Ал, әл-Фараби төңірегіндегі дауға біржола нүкте қойған көрнекті ғалым А.Машанов “Әл-Фараби және Абай” атты еңбегінде ұлы ойшылдың Отырардан шыққанын былайша дәлелдейді: Фараб атты мекен бір ғана жер емес, бірнеше жерде бар. Соның бірі Амудария бойында, тәжік жерінде. Сол бойынша әл-Фараби ирандық нәсілден деген жалған пікір қалыптасқан. Оны қазір ешкім қолдамайды. Ал, әл-Фарабидің туған жері Сырдария бойындағы Фараб (Отырар) екенін дәлдеп жазып, картаға түсірген атақты ғалым-географ ибн Хаукал. Ол өзінің “Китабу Масалик уа мамалик” аталатын географиялық еңбегінде Түркістан аймағының сипатын берген, қалаларын картаға түсірген. Ол Отырарды жазғанда, картаға түсіргенде әдейі арнайы, тоқтап:

“Бұл жер атақты ғұлама, асқан философ әл-Фарабидің туған жері”, – деп жазған [3]. Міне осылайша қазақтың қара топырағында кіндік қаны тамып, содан нәр алған болашақ энциклопедист ғалым әлемнің барлық философтарын, ақындарын, жалпы ғылым адамдарын құшақ жая қарсы алып, олардың ғылыммен алаңсыз айналысуына жағдай жасаған араб халифатына жол тартады. Ол кезде Халифатта Ғаббастықтардың әулеті билік жүргізіп тұрған еді. Алғашқы фарабитанушы ғалым А.Машанидің айтуы бойынша Бағдат халифаларының сенімді серіктері көбінесе түркістандықтар болған. Сол себепті әл-Фарабидің бұл жерден ғылым үйренуіне толық жағдай болады [3]. Ғаббастықтар дәуірі тұсында ғылым мен білімге, өнерге ден қойған адамдарға кең жол ашылды. Халифат астанасы Бағдатта ғалымдар үйі (арабша: дәр-ул-Хикма) ашылып, ғалымдардың жиналатын ордасына айналады. Әбу Насыр осында Грекия мен Римнен қуғын көріп, ығысып келген Йуханна бин Хайлан, Әбу Башр Матта, Әбу Бәкір бин Сираж секілді ірі ойшыл, атақты ғалымдармен таныс болып, олардан ғылым үйренеді. Ол грек ғалымы Әбу Маттадан грек тілін үйреніп, грек тіліндегі ғылыми кітаптарды аударумен шұғылданса, ибн Хайланнан медицина мен логиканы үйренеді. Ал, Әбу Бәкір бин Сираждан астраномияны үйренеді. Арабтың мәдениеті мен ғылымы дәуірлеген шақта, сонда білімін жетілдіріп, ғылыми жұмыстармен айналысады. Ғұлама ғалым өмірінің соңғы жылдарын Кайра, Халепте, Дамаскіде өткізген.

Қазақстанда әл-Фараби мұраларын зерттеп, саралау XX ғасырдың II жартысынан бері қарай жолға қойылды. Көрнекті ғалым, үлкен фарабитанушы-ғалым Ақжан Машановтың мынадай естелігінде: Батыс елдерінен соғыстан ығысып келген ғалымдар Алматыда о жылдары көп болатын. Әсіресе, олар КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық филиалы маңында шоғырланды. Чехословакиядан келген Э.Я.Кольман деген математика ғылымының тарихын жақсы білетін ірі ғалым, профессор филиалда біздерге баяндама жасады. Сол баяндама маған зор әсер етті. Ол 1943 жылдың басы болатын. Баяндаманың негізгі мазмұны Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарының орта ғасырлардағы ғылымға қосқан үлесі туралы еді. Ол кісі сонау алғашқы құрылған араб халифатынан бастады. “Мың бір түннің” атақты қаһарманы Арон Рашид, әл-Мумин кездерінен бастап, ғылымға қандай жақсы жағдай туғанына тоқталды, оның мындаған жыл бойы дүние жүзіне үлгі болғаны айтылды. Осы араб ғылымын жасауда Орта Азия мен Қазақстан жерінен шыққан ғалымдардың қосқан үлесін ол кісі барынша талдап көрсетті. Әл-Хорезми, әл-Фараби, әл-Жауһари, әл-Бируни, Ибн Сина, Абул-Вафи, әл-Ферғани, Омар Хайям, ат-Туси, Ұлықбек, әл-Хазин тағы бірсыпыра адамдарды атап өтті. Европа елдерінің орта ғасырдағы ғылыми өрлеуіне ерекше зор әсер еткен осы адамдар екені айтылды. Баяндамасының қорытындысында Кольман “Адам баласының ғылымға көзін ашқан осы сияқты шамшырақтарды неміс фашистері жоққа шығарғысы келеді. Олардың елін кембағал ел деп қорлауда... Мұның өзі адам баласының саналы тарихына істеген хайуандық, қиянат”, – деп қатты тебіреніп барып, тамамдады... ” [4]. Әрі қарай Ақжан Машани осы аталған ғалымдардың ішінен әл-Фараби мирасын іздестіріп, Қазақстанда оның ешқандай еңбегінің жоқ екеніне көз жеткізеді. Кезінде әл-Фарабиді ұстаз тұтқан Әбу Али Ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни сияқты ғалымдардың мұрасы том-том болып шыққан, ал әл-Фарабидікі мүлде жоқ.

Орта ғасырдағы бабаларымыздың ғылыми-мәдени мұраларын, олардың тарихын зерттеу, игеру ғылым жолындағы әрбір азаматтың борышы болуы тиіс. Сонда ғана қазақ халқының тарихын терең танып біле аламыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары, Алматы, 1995.
2. Конрад Н.И. Запад и Восток. – Москва: Наука, 1972. – 496 б.
3. М.Хайруллаев. Эпоха и учение, Ташкент, 1975.
4. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті, Алматы 1991. 264 б.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭПИГРАММАЛАР

Целиноргад ауданы, Жаңаесіл аулы №32 орта мектептің, 9 «Б» сынып оқушысы  
Николаева Анастасия  
Целиноргад ауданы, Жаңаесіл аулы №32 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі Куспанов Фархат Бегімқанұлы  
[ertis-alakol@mail.ru](mailto:ertis-alakol@mail.ru)

Эпиграмма - әр дәуір әдебиет өкілдерінің туындыларында жиі кездесіп жүрсе де аса терең зерттеле қоймаған сатираның бір арнасы.

Ал адам, қоғам, сатира деген үш ірі ұғымды бір бірінен ажыратып, бөліп- жаруға келмейді. Себебі олар тарихымен тамырлас, дамуымен тағдырлас. Енді мұны сатира тұрғысынан алып қарастырайық. Сатира проблемаларын зерттеушілердің бірі Д. Николаевтың айтуынша, «...бір нәрсе анық: сатира «сатира» деген сөздің өзі тумай тұрып пайда болған». Анығын айтсақ, сатира адаммен, адамзат қоғамымен бірге пайда болған деп айтуға болады. Адам баласы әзіл-оспақ, күлкіні өзімен бірге ала келуге мәжбүр. Себебі адам бар жерде өмір бар, өмір бар жерде сәттілік-сәтсіздік, күрес-талас, жеңіс пен жеңіліс бар. Сәттілік пен жеңіске қуанбау, сәтсіздік пен жеңіліске қынжылмау мүмкін емес. Осы сәтте С.Торайғыровтың мына бір өлең жолдары еске түседі:

Сезімнің сыртқа шықпас түсі бар ма?

Оны жасырар адамның күші бар ма.

Біреу сөз, біреу - пішін, біреу күймен

Көрсетпейтін жүректің іші бар ма?

- дегендей сол сезім, көңіл күйлерінің сыртқа теппеуі, сатира, юмор болып көрінбеуі тағы мүмкін емес. Сондықтан да орыстың ұлы драматургі А.Островский адамдар күлкі-әзілмен өмір сүріп, күлкі-әзілмен өледі деген. Бұл пікірді Абай да айтқан. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен», - деген ол. Ұлы ақынның бұл пікірінде әр түрлі ой жатыр. Оны адам дүниеге шыр етіп келіп, кеткенде ел-жұртын, туыс-жұрағатын күңіретіп, күрсінтіп, жылатып кетеді деп те, адам баласы өмір бойы өлең айтып, әзіл-қалжың жарастырып өтеді деп те түсінуге болады. Демек, адам бар жерде әзіл-қалжың бар, күлкі бар, яғни сатира мен юмор бар. Ал қоғамдық билік жүргізу мен қарапайым халық арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан алып қарасақ, езілген еңбекші халық бірте-бірте сатираны өзінің фольклорлық туындыларында пайдаланып, құдайлар мен патшаларды, помещиктер мен алпауыттарды, басқа да үстем тап өкілдерін әшкерелеуге бағыттаған. Сол арқылы қоғамның дамуына, адамдардың мінез-құлық психологиясының өзгеруіне әсер етіп отырған. Қазақ фольклорындағы сатира мазмұны да осыған саяды. Қазақ халқы да өмір үшін талай алыс-жұлыс, талас-тартысқа түскен. Әділетсіздік пен теңсіздікке, жамандық пен оңбағандыққа еш төзбеген. Ондай дерттерге ызалы жырымен, уытты тілімен соққы беріп отырған. Осыған орай фольклорлық сатира да таптық қоғамның, ондағы теңсіздіктің тууымен байланысты пайда болған.

Әр халықтың күлкі-сықағының ұзақтан басталар тарихы, дәстүрі, қоғамдық-әлеуметтік мәні мен таптық бағдары бар.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде сатира, юмор толыққанды жанр ретінде де, белгілі бір болмыс-құбылысты суреттеп, айтып берудің әдіс-тәсілі ретінде де көрінеді. Әдіс-тәсіл сапасында ол халқымыздың ең көне досы, өмірінің айнасы - тұрмыс-салт жырларының өзінде-ақ мол кездеседі.

Әдетте күлкі-сықақ, әзіл-оспақ халықтың өз күш-қуатын сезінген, көңіл-күйінің көтерілген сәттерінде туады. Үй - ішіндегі қуаныш-қызық, қыз ұзату, келін түсіру сияқты жайлар соған себеп болады. Сондықтан да сатира, юмор соларда айтылатын той бастар, жар-жар, беташарларда көбірек ұшырасады. Әзіл-оспақ, ақылды қалжың мол болса ғана, той қызықты өтеді. Тойға жұрт қызық көреміз, көңіл көтеріміз деп келеді. Той бастаудың бірінде:

Жиналар той дегенде тірі-тірлік,

Жарасар қыз-жігітке күлкі, серілік,



Той-базар, той-той - базар, тойлай келдік,  
Қолға алып алтынсақа ойнай келдік.  
Тойларға мұндай-мұндай келмес те едік,  
Өтерін дүниенің ойлай келдік,

- деп жалғастырып, қайнысына бір сәлем еткізіп қояды. Бұл тұста жұрт қыран-күлкі болады. Қайнысы көрімдікке атан түйе береді деп қайрағанға емес, «ендігі қатын алу кезегі менікі деп ол жылмың- жылмың етеді» дегеніне күледі. Бұл күлкі басылар-басылмаста бет ашушы:

Ана отырған бикеші,  
Жібектен ескен шүйкесі.

Мен де келін болам деп,  
Құрып бір отыр жүйкесі,

- деп тағы бір ду-ду еткізеді. Мұнда, бір жағынан, сен ғана емес, қыз біткеннің бәрі сенің кебінді киеді деп келінді жұбатса, екінші жағынан, үй бойжеткенінің «мен кашан келін болам деп діңкесі құрып отыр» деп жұртты күлдіреді.

Ескерер ерекшелік мұндағы күлкі, юмор сөз жүйесінде емес, айтылған пікірдің мәнінде, мазмұнында жатқандығында.

Осылайша ауыз әдебиетіндегі тұрмыс-салт жырларының өзінде сатира сақтандыру, олардың таптық санасын қалыптастыру ниеті көзделеді. Сатира, юмор қазақ ауыз әдебиетінің шешендік сөздер саласында мол. Ол көбінесе сөз жарыстырып, пікір андысып отырғанда, үстем тап өкілдерінің кекетіп ұрынуына жауап беру үстінде туады. Сол андысуда жеңіп, дауда істі өз пайдасына шешіп, тиіскен шонжарды шоққа отырғызып кету үшін шешендік сөз шенемей-түйремей тұра алмайды. Шешендік сөздерде сатира кейде астарласып, байқалмай тұрады:

Кейбір шешендік сөздер дидактикасыз, таза сатира түрінде айтылады.

Мысалы:

Байды құдай ұрарда,  
Барымталасып дау бастайды.

Кедейді құдай ұрарда,  
Егін салып сусыз тастайды.

Қатынды құдай ұрарда,  
Ел қыдырып, үйін иесіз тастайды.

Ұлықты құдай ұрарда,  
Елдегі ақымақтың сөзін қостайды.

-деген шешендік сөзде ешбір дидактика жоқ. Байдың барымташыл, даукестігі, кедейдің салақтығы, қатынның қыдырымпаздығы ашық та тура сыналған.

Сөйтіп, қазақ ауыз әдебиетіндегі асыл мұраның бірі - шешендік сөздер бірде әзілдей айтылып, күле отыра рухани азығы ретінде пайдаланылса, енді бірде ұлықтардың өзіне ауыз салып, оларды сынап-мінеп тұқырту арқылы, қоғамдық тәртіп пен жөн-жосықтың жаңа сипат алуына ықпал етіп отырған.

Эпиграмманың бастаулары батырлар жыры мен ғашықтық дастандарда да молынан кездеседі. Бұл жырлардағы кейбір кейіпкерлердің бейнелері сатиралық тұрғыда берілген. Ол турасында зерттеуші, ғалым Л.А.Юркина: «Внешность персонажей низких жанров (басен, комедий и.д.р) указывает на разного рода телесные несовершенства. В изображений комических персонажей преобладает гротеск; это определяет выбор черт портретируемого. Автор комического портрета выбирает - живот, щеки, уши, нос...» - дейді.

«Алпамыс» жырында кездесетін осындай сатиралық түрде суреттелген бейне

- Ұлтан. Онда:

Кеуделері кепедей,

Мұрындары төбедей,

Күрек тісі кетпендей,

Кеңірдегі жүһиттің көріндей,

Отырған орны алты қанат үйдің төріндей,

Құлақтары қалқандай,  
Мұрыны сығымдалған талқандай,  
Көздері терең зындандай,  
Басқан ізі от орнындай,  
Аузы ошақтай,  
Азу тісі пышақтай,  
Мұрын тесігі үңгірдей,  
Иегі сеңгірдей,

- деп суреттелген Ұлтанның түрін көргенде, жаныңнан түңілесін. Портретті беруде небір ұсқынсыз теңеу, жексұрын сипаттарды жиып-терген.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырындағы Қодар бейнесі де осы тәріздес былай суреттеледі:

Жылқысы суға қанды тойып алды,  
Қодардың әр нәрседе ойы бар-ды.  
Қайтіп күйеу болады ол антұрған,  
Бес кез жарым өзінің бойы бар-ды  
Әйтеуір, тоқсан мынды суарды тез,  
Ақылы жоқ, ойы жоқ Қодардан без.  
Қайтіп күйеу болады ол антұрған,  
Жаурынының жалпағы бір жарым кез.

-деген шумақтарда Қодар бейнесі іс-әрекет және портрет арқылы жасалған.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі эпостық жырларда Ұлтан мен Қодар тәрізді «Қобыландыдағы» Қараман, «Ер Тарғындағы» Ақшахан, «Айман -Шолпадағы» Көтібар, «Қыз Жібектегі» Бекежан бейнелері де сатиралық тұрғыда берілген.

Жоғарыдағыларды қорытындылайтын болсақ ауыз әдебиеті үлгілерінде көрінген сатира, юмор уақыт өте келе Абайға дейінгі Шал, Шернияз, Шөже, Сүйінбай, Махамбет сынды көптеген көмейіне жыр ұялаған, сөз өнері дүл-дүлдерінің шығармашылығында да көрініс тапты, Бірақ бұл кезеңдегі сатира мен юмор ауыз әдебиеті үлгілерінің ізімен дамыса да оныңөзіндік ерекшеліктері де байқалады. Қазақ ауыз әдебиетінде сыналатын, ажуаланатын, сатираның өткір жүзіне бірінші ілінетін діни адамдар: қожа, молда, имам, ишандар болған. Сонымен қатар ол кездегі сатираның бойында шарттылық, жалпылай айта салу, басымдылық танытса, Абайға дейінгі ауыз әдебиеті өкілдері тұсындағы сатираның нақтыланатүскені байқалады. Бұған Шал ақынның Баспай байды, Шернияздың Баянас, Баймағамбетті, Шөженің Балтаны, Алшынбайды сынап-мінеп, ажуалап, көзінше бүкіл жұртқа күлкі етуі дәлел. Сонымен қатар осы кездегі сатирада объектісіне кейінгі Абай шүйілген адам бойындағы моральдық, этикалық мін, ұнамсыз қылықтар, ел ішіндегі тұрмыстық кемшіліктерді сынап, атап көсету белең ала бастады.

### Қолданылған әдебиеттер:

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 2003.
- 2 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1960.
- 3 Қожакеев Т. Сатиралық жанрлар. Алматы, Мектеп 1983.
- 4 Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы, 1991.
- 5 Кәкішев С. Ахаң туралы ақиқат. Алматы, 1988.
- 6 Торайғыров С. Шығармалар жинағы. Т.1. Астана, Фолиант, 2002

## БАЛА ЕСІМІН ҚОЮДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН МАҢЫЗЫ

Степногорск қаласы, Бестөбе кенті № 1 орта мектебінің 10 «А» сынып оқушысы  
Нургалиева Алтын

Степногорск қаласы, Бестөбе кенті № 1 орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Мухаметжарова Алмагуль Байжановна  
amukhametzharova@bk.ru

Әр адам - жеке тұлға. Адамның өмірге келуінен бастап, өмірінің соңына дейін оның өмір сүруі ең алдымен, біздің ойымызша, тікелей оның есіміне де байланысты деп ойлаймын. Себебі, бала дүниеге келгенде ең алдымен оған есім береді. Есім берген кезде ең алдымен ата-анасы, кейін туысқандары, ата-әжесі де бірнеше мәрте ойланып, сосын барып тоқтамға келіп, сәбиге ат қойғаны жөн. Біздің ғылыми жұмысымыздың тақырыбы да осыған байланысты.

Мен бұл тақырыпты алмастан бұрын, ең алдымен, жан- жақты қарастырып, зерттеп , қашықтықтан онлайн – сауалнама жүргізіп тоқтамға келдім. Себебі бұл мені қызықтырған тақырыптың бірі .

Бүгінгі таңда, 2019 жылы, дүниеге келген балалар саны Қазақстан бойынша статистикаға жүгінсек, 142 896 нәресте. Осының бәріне де ат қойылып, ата-анасы үлкен үміт күтуде , қуануда . Кейбір зерттеулерге қарасам, ата-аналар балаларға ат қойғанда үлкен, танымал тұлғалардың есімін беруге тырысады. Сонымен қатар, әр тарихи кезеңге байланысты да қойылған есімдер жоқ емес.

Мысалға, қазақ заман талабына қарай балаларының есімін де өзгертіп отырған. Кеңес заманында Октябрь, Пионер, Совет, Марлен деген сияқты ат қойса, қазір діни есімдерді қою сәнге айналды. Тіпті бала өмірге келген күні болған оқиғамен де байланыстырып қойған есімдер де бар.

Белгілі тұлғалардың есімін ырымдап қоятын дәстүр бар. Мысалы ер балалар арасында Нұрсұлтан ең көп қойылған есімдер қатарында. Тіпті ата-аналар өз балаларын ЭКСПО, Шырша, Окилахон, Бриллиант деп атап, елді таңқалдырған жағдайлар да кездесіп отырады.

Жалпы адамға таңдалған есім болашақты таңдаумен бірдей деп айтқым келеді. Яғни, ата-анасы осы ретте жауапкершілікті сезіне білуілері керек. Себебі, көп балалы отбасыларда немесе ұлды зарыға күтіп жүрген бірнеше қыз балалардың ата-аналары аса қатты мән бере бермейді. Ал ол ертең ес біле бастаған балаға есімнің мағынасы үлкен әсер етуі әбден мүмкін. Ал қазір түсініксіз есімдер көп. Ал есімнің түсініксіз болуы баланың өзіне деген сенімін жоғалтады. Ол жағдайларда бала не мағына беретінін білмегендіктен әрі түсініксіз болғандықтан өз атынан өзі намыстанады .

Мысалы, Арман деген есім қазақтарда ауыр ат болып есептеледі. Соны үйде дастархан басында баланың есіне сала берсе, ол болашақта ауыр тағдыр күтіп тұрғанын болжап қояды. Алдында кездескен қиындықтарды да тағдырынан көріп тұрады екен.

Сонымен қатар, мысалы, Жамбыл, Абай, Ғабит, Мақпал, Ләззат, Тоқтар, Талғат, Әлия, Мәншүк тағы да көптеген аттарды осылай ретімен жаза беруге болады. Яғни, халық сол кездегі тұлғалардың, танымал болғандардың аттарын осылайша қойып отырған. Бүгінгі таңда, Нұрсұлтан, Қайрат, Ерке, Баян тағы басқа көптеген бүгінгі тұлғалардың аттары өте-өте көп.


Дәлел ретінде, менің көршім кішкентай баласын Қасым-Жомарт деп те атап отыр. Сондағы айтайын дегенім, әлгі кішкентай балаға: «Атың кім?»,- деп сұрасам, үлкен бір мақтанышпен «Қасым- Жомарт», - деп мақтанып айтады. Сонда кішкентай баланың өзі оның атының ерекше таңдалып қойғанын біліп, сезіп отыр. Мысалға, менің әжем ағамның есімін Серікболсын деп қойған еді. Себебі, ол кезде Серікболсын Әбдильдин деген үлкен азамат болған екен. Сонда, әр ата-ана перзентіне үлкен сенім артып, оның болашағына сеніммен қарап, есімін солай таңдайды екен.

Осы ғылыми жұмысты жүргізу барысында кент тұрғандарымен, оның ішінде, көбінесе жас отбасылар , жастар арасында WhatsApp арқылы онлайн-сауалнама жүргіздім. Сауалнамада қойылған сұрақтар 1-кестеде көрсетілген.

Қатысқандар саны : 75 адам

№	Сұрақ	Иә	Жоқ	Білмеймін	Ескерту
1	2	3	4	5	6
1	Отбасын құруға үлкен жауапкершілікпен қарау қажет пе ?				
2	Дүниеге сәбидің келуі ата-анаға қосымша жауапкершілік жүктей ме?				
3	Нәрестеге есім беру кезі үлкен жауапкершілікті қажет ете ме ?				
4	Отбасы үлкендерімен ақылдасудың қажеті бар ма ?				
5	Нәрестеге қойылған есім оның болашағына әсер ете ме ?				
6	Танымал азаматтардың есімдерін өз нәрестеңізге қояр ма едіңіз ?				

Сауалнама нәтижесін 1-суретте PowerPoint программасында қорытындылап, сыздым.



1-сурет. Жүргізілген сауалнама нәтижесі

Осы WhatsApp арқылы онлайн-сауалнамамен бірге мен кентіміздің қария ата –әжелерімізден де балаға ат қою дәстүрі жайында WhatsApp арқылы видео - онлайн сұрақтар қойып , біршама жұмыс жүргіздім.

Сауалнаманы қорытындылайтын болсам, бүгінгі таңда да, жастар,жалпы отбасы , өз перзентіне есім таңдарда дәл ата-бабаларындай, үлкендердей танымал, елге танылған, өзін көрсеткен, белделді адамдардың атын қояды.

Елімізде соңғы кезде ең көп қойылған ұл баланың есімдері - Әлихан, Айсұлтан, Нұрислам, Әмір, Әлинұр, Санжар, Алдияр болса, қыздардың арасында Медина, Раяна, Айлин, Асылым, Айзере, Кәусар және Томиристер көп.

Бұл Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің сайтында көрсетілген ақпарат.

Есім адамның тағдырына, болмысына әсер ете ме деген сауал төңірегінде ғалымдар да XX ғасырдан бері зерттеулер жүргізіп келеді екен . Соның негізінде адам есімдерін зерттейтін антропонимика ғылымы пайда болған. Ғалымдардың зерттеуінше адам аты оның өміріне айтарлықтай әсер етеді екен, баланы неғұрлым көркем есімдермен атаған сайын, тұла-бойы да соған сәйкес көркемделеді. Қазақ отбасыларында сонымен қатар өзге халықтардан сіңген есімдер де өте көп. Айтылуы да, естілуі де әдемі, өзге тілде жақсы мағына беретін есімдерді қою

соңғы жылдары кең танымал болып отыр . Әсіресе, қазақтарда ежелгі түркі, араб, Иран есімдері көп.

Қазақ ұлтында сонымен қатар ырымның да түрі өте көп. Ат қоюға байланысты да ырымдар көптеп кездеседі.

Мәселен «елге танымал, өз ортасының беделді азаматтарына ұқсасын» деген ырыммен сол адамға баласының аузына түкіртіп ат қоюына қолқа салып та жатады. Ырымдап ат қою ғұрпы бойынша есімінің тарихын есейе келе көпшілігі интернет желісінен оқып біліп жатады .

Бүгінде егер есіміңіз ұнамаса, онда алмастыруға болады деп айтылуда. Бұл туралы АХАТ секторының мамандары айтып берді. Сонымен қатар, Қарнақбаева Ақбота Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің АХАТ секторының меңгерушісі:«Адам есімін өзгертуге болады. Бірақ халық кез-келген адам қалауынша атын өзгерте береді екен деп түсінбеу керек. Мәселен, туу туралы куәлігіңізде жазған атыңыз Айгүл делік. Алайда сізге бұл есім ұнамайтын себепті отбасыңыз, туған-туысқандарыңыз басқаша атпен атайды. Мысалы Гауһар деп. Осы тұста егер сіздің Гауһар екеніңізді дәлелдейтін қандай да бір құжат болған жағдайда есіміңізді алмастыра аласыз.

Мысалы мектептегі журналда сіз Гауһар деп жазыласыз немесе қандайда бір байқаулардан алған марапатыңыз Гауһар деп берілсе, ондай жағдайда есіміңізді алмастыруға мүмкіндік бар.

Ал, мұндай дәлелдер болмаған жағдайда атыңызды өзгерту мүмкін емес. Өйткені заңда өрсетілмеген. Есімін алмастыру өтініш берілген соң, 7 жұмыс күн ішінде дайын болады.

Мемлекеттік баж 4810 теңге төленеді. Осы құжаттарды халық шаршамай-ақ үйде отырып e.gov.kz арқылы электронды түрде жолдауға да, Халыққа қызмет көрсетуі орталығы арқылы да жазбаша түрде тапсыруға болады.

Қорытындылайтын болсам , дәл қазіргі уақыттағы халық арасында жиі қолданылатын есімдерді stat.gov.kz сайтынан көруге де болады.

Сонымен қатар, өз атыңыздың да қаншалықты жиі қолданыста екенін білуге болады.

Зерттеу нәтижесінде болашақта мен жас отбасылар арасында, туу куәліктерін алатын орындарда, Facebook,Instagram желілерінде ат қоюға байланысты безендірілген , көркем роликтер орналастыруды қарастырғым келеді.

Бала – әр отбасының жалғасы .Сондықтан да дүние есігін ашқаннан бастап оны шексіз сүйіп, бақытты болу жолында еңбек жасаған абзал.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ильясова Н.Б. Қазақ есімдері // Мемлекеттік тілді дамыту институты: -Алматы: 2013ж.- 256 б.
2. [Қазақ есімдері — Вконтакте vk.com/club77281998](https://vk.com/club77281998)
3. Дмитрий Зима. Тайна имени // Москва: 2004 г. -360 с.

## «ЛАТЫН ТІЛІНЕ КӨШУ –ЗАМАН ТАЛАБЫ»

Көкшетау қаласы, № 10 орта мектебі, 8 сынып оқушысы  
Рашит Султана Мақсатқызы  
№ 10 орта мектебі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі  
«Қазақ тілі мен әдебиеті»мамандығы  
бойынша педагогика ғылымдарының магистрі  
Мукушева Гульмира Байкеновна  
[gulmira.mukusheva.1975@mail.ru](mailto:gulmira.mukusheva.1975@mail.ru)

Біз, қазақ елі, уақыт көшіне ілесіп, қалып қоймай, әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылу үшін, жалпы ұлт ретінде сақталып қаламыз десек, көп кешікпей, әліпбиімізді латын жазуына көшіруіміз керек. Бұл – бүгінгі күннің талабы.

Латын әліпбиіне ауысу – біздің ұлттық санамыздың отарсыздануының бір жолы. Бір ғана мысал, еліміздің латын әрпіндегі транскрипциясын Kazakhstan деп емес, *Qazaqstan* деп жазған болар едік.

Менің бұл тақырыпты таңдаған себебім дәл қазіргі уақытта осы тақырып ересектер мен оқушылар арасында көп айтылуда. Мені де осы сұрақ ойландырды. Яғни «Латын әліпбиіне көшу қажет пе?» деген бүгінгі күннің сауалы – ел келешегін ойлаған әрбір азаматтың көкейкесті мәселесі болып отыр.

13 Қыркүйек 2017 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті.

Тілдері ұқсас, діні бір, түп негізі ортақ түркі тектес елдер осы күнге дейін әртүрлі әліпбимен жазып келеді, латын әліпбиін пайдаланатын түркі тілдес мемлекеттердің жазуы да бірізге түсірілмей келеді, барлығына ортақ әліпби құрастыру (жазу) түркі мемлекеттерінің тарихи, рухани, мәдени байланыстарының нығаюына, ынтымақтастыққа, өзара интеграцияға алып келер еді.

Қандай да істің бастамасында қиындық болатыны белгілі, бірақ әліпби мәселесінде ондай қорқыныш болмауы керек. Себебі бұл бір-екі жылда емес, Тәуелсіздік алған жылдардан бастап сөз болып келе жатыр және Елбасы атап көрсеткендей, оқушылар ағылшын тілін оқу арқылы латын әріптерін меңгерген, ғалымдардың, барша қоғам өкілдерінің көмегімен қазақ әліпбиінің жаңа нұсқасы қабылдануы керек, жаңа әліпби үйрететін мамандар, оқулықтар дайындалып, бір-екі жылда әдістемелік жұмыстар жүргізіледі. Яғни жаңа әліпбиге көшу бірнеше кезең арқылы жүзеге асады. Ең бастысы, жаңа әліпби төл дыбыстарымыздағы ерекшеліктердің сипатын нақты

көрсете алатындай, қазір қолданылып жүрген басы артық әріптерден құтылатындай, орфографиялық заңдылығымыздың табиғатына сай келетіндей болуы керек. Бізден бұрын латын жазуына көшкен түркі халықтарының қателігі бізге сабақ болып, сол қателіктерді қайталамау үшін жаңа қабылдайтын әліпбиіміздің ғылымилығына баса назар аударғанмыз жөн.

Қазақ халқы кеңестік қызыл империяның пәрменімен XX ғасырдың 20-30 жыл ішінде 3 рет әліпбиін (алфавитін) ауыстырған екен. Мұның астарында халықтың ғасырлар бойғы жинақталған бай рухани тарихын біржолата ұмыттыру, отарлау, орыстандыру, жалған «сауаттандыру», мәңгірттендіру саясаты жатқандығын бүгінгі ұрпақ жақсы біледі.

1929-1940 жылдар аралығында ресми түрде қолданылған латын әліпбиімен үкіметтің қаулы-қарарлары, мемлекеттік баспасөзі, көркем әдебиеті т.б. жарық көріп тұрды. Кейіннен бұл жазу кеңестік идеологияның саясатын мүлтіксіз жүргізуге кедергі келтіреді, біртұтас кеңес халқын жасаймыз, барша жұрт орыс тілінде сөйлесе, солғұрлым коммунизмге тез жетеміз деген желеумен әліпбиді кириллицаға көшіріп жіберді.

Соңғы уақытта осы латын жазуына қайта көшу немесе қайта оралу мәселесі көпшілік арасында біраз пікірталасқа айналып отыр.

Білім, ғылым, өндіріс саласына еніп жатқан жаңа технологияларға латын әліпбиі арқылы қол жеткізудеміз. Сондықтан латын әліпбиіне көшумен халықаралық ақпараттық кеңістікке шығу жеңілдейді, яғни ғаламтор жүйесін халқымызға ана тілінде меңгеруге жол ашылады. Қазір бәріміздің көзіміз ашық, көкірегіміз ояу, бірнеше тілді бес-алты айдың ішінде қорықпай, еркін үйреніп алып жатқанда, ана тіліндегі дыбыстарды басқаша таңбалауды ғана меңгеріп алу біздерге көп қиындық келтірмейді. Әрі бүгінде ұялы байланыстағы хабарламалардың көбі осы графикамен жазылуда.

Латын әліпбиіне көшу мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік жасайды. Тіл тазалығы мәселесіне келсек, тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Қазақ тілін оқытуда басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелер қысқарып, мектептен бастап барлық оқу орнында оқыту үдерісі жеңілдейді.

Қазақстанның кириллицаны тастап латынға көшуі – көршіміз Ресеймен достық байланыстарынан бас тартуы деген сөз емес. Бұл – тәуелсіз елдің ішкі ұлттық мәдени мәселесі. Ол мәселенің көрші елдермен қатынастарға қатысы жоқ. Ресей мен Қазақстанның достық негіздегі байланыстары екі ел үшін де пайдалы екені анық. Сондықтан Қазақстанның латын әліпбиіне өтуі Ресеймен достық байланыстарды жалғастыруға еш кедергі келтірмейді.

Өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуіне де өз әсерін тигізер еді. Мәселен, бұған дейін кириллицамен жазылып келген қазақ тіліндегі сөздерді латын әрпімен таңбалайтын болсақ, тіл үйренушілер ол сөздерді басқаша қабылдайды, олардың ойында басқа ассоциация пайда болады: Қазақстан – Qazaqstan, өнер – öner, өзен – özen, өмір – ömir т.б

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры десек, бүгінгі компьютер заманында әлемдік ғаламтор жүйесіндегі ақпарат кімнің қолында болса, сол өз билігін емін-еркін жүргізе алады. Ал ақпараттың басты құралы – жазу. Яғни ғаламтор жүйесінде үстемдік жасаушы – ол латын графикасы.

Сондай-ақ, латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымыз: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартатыны, мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады.

Біз, қазақ елі, уақыт көшіне ілесіп, қалып қоймай, әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылу үшін, жалпы ұлт ретінде сақталып қаламыз десек, көп кешікпей, әліпбиімізді латын жазуына көшіруіміз керек. Бұл – бүгінгі күннің талабы.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы.
2. Городкова Ю.И. Латинский язык. Учебник-6-е изд,
3. Боровский Я.М , Болдырев А. Учебник латинского языка изд-4
4. Ақпараттық көздер.

### АТБАСАРДАН ШЫҚҚАН ӨЛКЕТАНУШЫ

Атбасар қ., №7 ҚОМ 5-сынып оқушысы  
Траркан Гүлнар Әділқызы  
Сағындық Аружан Қайратқызы  
Көкшетау қ., №7 ҚОМ  
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі  
Әуезова Зәмзәгүл Тұрғанқызы  
zamzagul-aezova@mail.ru

Атбасар тарихи-өлкетану мұражайының 40 жылдан астам тарихы бар. 1911 жылы құрылған Атбасар тарихи-өлкетану музей ғимараты (көпес А.Беловтың тұрған үйі) – тарих және сәулет ескерткіші. 1978 жылы 5 қараша күні музейдің ірге тасы қаланды. 1919-20 жылдары осы ғимаратта 1-ші уездік революциялық комитеті орналасқан Музей №2 Атбасар қалалық кітапханасының өлкетану бұрышы ретінде қалыптасты. Музейдің ірге тасын қалаушы Әмірова Клара Әмірқызы мәдениет саласының және халық ағарту ісінің үздігі, өлкетанушы.

Соңында өнегелі із қалдырып, халқына еңбегін сіңірген Атбасар өңірінен шыққан тұлғалар аз емес. Солардың бірі – өлкетанушы, қаламгер публицист Клара Әмірова. Қазақстан Республикасының оқу-ағарту ісінің үздігі Клара Әмірқызы Әмірова 1925 жылы 13 наурызда Атбасар ауданына қарасты Ерікті ауылында дүниеге келген. Ол кісінің жастық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарымен тұспа-тұс келеді. 1944 жылы Көкшетау педагогикалық техникумын бітірген соң туып-өскен ауылында бастауыш сынып мұғалімі болып балаларға дәріс берген. К.Әмірова 1963 жылдан бастап мәдениет саласындағы жұмысқа ауысады. Біраз жыл Атбасар қаласында орталық кітапхананың кітапханашысы болды. Туған өлкесінің тарихын зерттеп, «Ауылым – атамекенім», «Аза тұтар ардағымыз», «Қиылған ғұмырлар», «Атақоныс – аманат», «Атақоныс ақиқаты» кітаптарын жазды. Алғашқыда кітапхананың бір бөлмесінде музей ашу үшін жәдігерлерді жинап, оны музейге айналдырған еді. Кейін ол орын кеңейтіліп, 1978 жылдың 5 қарашасында жеке ғимарат берілді. Сөйтіп, Атбасар тарихи-өлкетану музейі бой өтерді.

Міне, осылайша өңіріміздің шежіресін айшықтайтын өлкетану музейінің іргетасы қалыптасты. Осындай үлкен шаруалардың басында Клара Әмірқызы жүрді. Ол кісі көлікті өзі жүргізіп, ел арасынан көне жәдігерлерді жинаудан жалықпады. Клара Әмірқызының өлкеміздің тарихы мен белгілі азаматтары туралы жазған еңбектері өскелең ұрпақ, біздер үшін қалдырған өшпес мұра. Клара Әмірованың ұзақ жылдардағы еңбегі бағаланып, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», тағы да басқа көптеген медальдармен марапатталды. Есімі «Қазақ ССР-інің Алтын кітабына» жазылды және 1995 жылы 17 ақпанда «Атбасар қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. Төрт бала тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған асыл ана 2002 жылы 77 жасында өмірден өтті. Клара Әмірованың еңбегі тек аудандық тарихи-өлкетану музейін ашумен ғана шектелмейді. Ол 1999 жылы Атбасар қаласында ұлы жазушы І.Есенберлин әдеби музейінің ашылуына да атсалысып, оны ұйымдастырушылардың бірі болды. Атбасар өңірінің тарихы мен шежіресіне байланысты көптеген мақалалар жазып, кітаптарын шығарды. Оның «Ауылым – атамекенім» кітабында осы өңірдің ежелгі тарихы мен жер-су атауларына, өмір сүрген атақты



адамдарға қатысты бай мәліметтер бар. Кейінірек бір кезде жаппай бұрмаланып кеткен жер-су, елді мекен атауларын қалпына келтіруде өлкетанушының осы кітабы көп көмегін тигізгенін атап өткен артық болмас. Клара апамыздың ізін басқан шәкірті -Сәулет Шақайұлы Балғазин оның ісін жалғастырып, тарихи-өлкетану музейінде бірнеше жылдар бойы басшылық жасаған болатын. Бүгінгі таңда музей қоры жаңа жәдігерлермен толығып, халыққа одан әрі қызмет көрсетуде. Атбасар тарихи-өлкетану музейінің бүгінгі директоры Анар Әлкешқызы Ілиясова ұжым мүшелерімен бірлесе отырып, айтарлықтай шаруалар атқарып жатыр. Музейде өлкенің бірнеше ғасырлық тарихын баяндайтын құнды жәдігерлер көп және олардың саны уақыт өткен сайын молая түсуде.


Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек.

Сондай – ақ таңдаған мамандығы болашақта өз сұранысын жоғалтпауына көңіл бөледі. Бұл мамандықтарға деген бірқалыпты тұрақты сұраныс деп аталады. Өз ісіне сенімді дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан өздерің сияқты жас мемлекет, сондықтан біздің болашағымыз да жастар», - деп біз сияқты жастарға айтқан еді. Мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде болғандықтан біз сауатты, білімді, бәсекеге қабілетті болуымыз үшін өз мамандықтарымызды дұрыс таңдап, дұрыс игеріп өмірден өз орындарымызды дұрыс таба білуіміз керек! Елбасы Жастар жылының ашылуында болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтар туралы өз ойын білдірді. Орнын алмастыруға болатын мамандықтар жойылады. Олардың орнына жасанды интеллект жұмыс істейді. Алайда, жасанды интеллект орнын алмастыра аламайтын мамандықтарға сұранысы кемімейді, оның ішінде IT мамандар мен дәрігерлер, мұғалімдер, мәдениет қызметкерлері сияқты. Елбасы жастарды мамандық таңдау мәселесіне мұқият әрі тыңғылықты қарауға шақырған болатын.

«Мамандығың – өмір таңдауы» - демекші, мамандығыңды қалай таңдасаң, ары қарай өмірің сол арнада жалғасады. Бәрі тек өз қолыңда!

Олай болса, болашақ мамандығын таңдауда ойланып жүрген мектеп түлектері үшін төмендегідей сұрақтарға жауап іздеуге болады.

Мамандықты қалай таңдау керек?

Мамандық таңдау - бұл өмірдегі күрделі шешімнің бірі. Өз ісінді таңдар алдында қандай мамандықтар бар екендігін және бұл мамандықтың не үшін керек екендігін біліп алған жөн. Мамандық жайлы толық түсінік алу үшін:

- Маман иесі не істейді?

- Оның қызметінің нәтижесі неге алып келеді?

- Маман иесі қандай жағдайда жұмыс істейді? деген сұрақтарға жауап табу керек. Кәсіби қызметтің нәтижесі кез- келген жұмыстың негізі. Біздің өмірде неге қол жеткізгіміз келетін туралы түсініктің өзі біздің арманымызға жетуге мүмкіндік береді. Әрине, мамандық таңдағанда маманға тек қана білімі мен іскерлігі ғана емес, сондай-ақ оның қабілеті мен жеке қасиеттерін дамыту деңгейін жағынан да қандай талаптар қойылатынын білу маңызды.

Мұндай ақпаратты қайдан алуға болады?

Өз мамандығы туралы кәсіби маман ғана жақсы айтып бере алады. Мамандық таңдау алдында кез келген жасөспірім белгілі бір мамандықтың иесі болып табылатын ересек адамдардың қасында болады. Олардың өз мамандықтары туралы қызықты әңгімелері жасөспірімді қызмет саласындағы белгілі бір қызығушылықты дамытудың себепкері болуы мүмкін.

Олармен қалай кездесу керек?

Ең қарапайым тәсіл - ашық есік күндеріне барып, өзіңді қызықтырған университет, колледж қызметкерлерінен тиісті ақпарат алу. Сонымен қатар Жоғары оқу орнының кәсіби қызмет туралы, сол мамандық бойынша оқудың ерекшеліктері туралы нақты ақпарат бере алатын қызметкерлерімен жеке кездесу жөнінде келуіңізге болады. Енді таңдалған мамандықтың бағыты туралы түсінік. Бірнеше мамандық бойынша осындай түсінік алып, өзіңе не ұнайтынын, ненің ұнамайтынын немен сәттілікке жететіңді немен жете алмайтындығынды шешесің.

Таңдаған мамандығыммен жоғары еңбекақы аламынба?

Сен өзіңнің болашақ мамандығыңды таңдамас бұрын тағы да бір өте маңызды сұраққа жауап беруге тиіссің. Бұл жұмыс маған не береді?. Көпшілігі жоғары еңбекақы алғылары келеді. Шындығында, кейде ол да жұмыстан адам күткендей қуаныш сыйламайды, өйткені адамға даму, жаңашылдыққа ұмтылу тән. Өзгеріске деген ұмтылыстың қаншалықты күшті болса, соншалықты тұлғалық және кәсіби өсу үшін өз жұмысыңнан мүмкіндіктерді көп таба аласың.

Білікті мамандық алу үшін оқу орнын қалай таңдау керек ?

Ал мамандық алып, кәсіпті игеру үшін оқу орнын таңдау керек екені түсінікті. Бұл жерде неге назар аудару керек. Кез келген оқу орнының басты құндылығы оның оқытушылық құрамы болып табылады. Мамандар қалай дайындап шығаратындықтары оның кәсіби

шеберлігіне байланысты екендігі саған белгілі. Оқу процесінің техникалық және материалдық жабдықталуына да компьютерлік сыныптар, арнайы жабдықталған бөлмелер т.б. назар аударған жөн. Студенттердің, әсіресе осы оқу орнының түлектерінің пікірін тыңдау керек.

Мамандық таңдау - қиын және еңбекті қажет ететін іс және сіз қаншалықты іздесеңіз, нәтижесі де соғұрлым жақсы болады. Мамандық әлімімен танысуды 5-6 сыныптардан бастаған тиімді. Адам жан дүниесінің қалауына сай келетін салада табысқа жетеді. Сондықтан мамандықты таңдағанда немен айналысқан қызықты, немен айналысқанда жан рақатына бөленесіз,соған назар аударған жөн.

- Мамандық - бұл сіздің ақылмен сүретін өміріңіз. Өзіңізді қызықтырған саланы қорғай біліңіз және сонымен бірге өзіңіз де дамыңыз, сонда ғана биікке жетесіз.

- Мамандық – бұл әрбір адамның сүйіп, әрі қуана жасайтын ісі, оның ертеңгі болашағы. Әр адам мамандығын қарауы керек. Себебі мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді.

Қазіргі цифрлы дамыған Қазақстанда интернетті ашып, мамандықтар туралы деректерді іздесем әлем бойынша ақпараттық технологиялар мен маркетинг саласында даму қарқындап келеді. Біздің елімізде осы салаларды қамтитын көптеген мамандықтар бар. Әлеуметтік желілерде осы екі саланы қатар алып жүріп, табысты болудың жолдарын көрсететін жандар өте көп. Бірақ, дегенменде оңай олжаға қарық болғанша, еңбекпен тапқан нан, бәрібір қымбат боалды. Жастарға да осы қағидаларды берік ұстанғанын қалаймын. Қазіргі таңда оңай ақша табудың жолдары жетерлік. Оны үйде отырған жұмыссыз адамдардың ермегі деп түсінемін. Мен болашаққа басқаша қараймын. Егер адам сол мамандыққа икемденсе, ретін тапса, жақсы көрсе, онда одан артық ештеме де керек емес деп ойлаймын. Жалпы ең қиындық мамандық – ол адам болып қалу! Сондықтан осы принципті берік ұстанамын!

Дәрігер - бұл мамандық. Осы мамандықтың түрлі салалары бар: хирург, педиатр, тіс дәрігері, көз дәрігері т.с.с

Медицина саласының фармацевт мамандығына таңдау жасаудамын. Фармацевт - бұл технологиялық процесің ерекшеліктерін ескере отырып, дәрілік түрлерді дайындау және оларды халыққа және емдеу-алдын алу мекемелеріне жіберу, сондай-ақ дайын дәрілік түрлер мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды босату жөніндегі маман.

Бұл мамандықты таңдау себебім, менің өмірім фармацевтикамен байланысты. Ес білгелі анам дәріханада фармацевт болып қызмет жасайды. Фармацевт мамандығына деген қызығушылық- бос уақытымды анамның қасында дәріханада өткізуім. Анамның дәріханаға келген адамдармен сұхбаттасуы, дәрі-дәрмектің нұсқаулығын түсіндіруі, жылы көңіл-күймен қарсы алуы сияқты іс-әрекеттері. Бұл мамандыққа деген бірінші талпыныс дәріханадағы барлық дәрі-дәрмектер мен медициналық құралдарды нұсқаулығын оқумен басталды. Қазіргі таңда фармацевт мамандығының тек тәжірибесінен өттім.

Ал теориялық білім алу үшін Алматы қаласындағы С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің Фармацевтика факультетіне оқуға түсу. Таңдаған мамандығыма қателеспегеніме сенімдімін. Ол үшін «ең бастысы –өз кәсібіңді жан – тәніңмен сүю және бар болмысыңмен бұдан да артығырақ жасауға ықыласты болу».

Мінез таңдаған мамандыққа үйлессе, жұмыс бабында үлкен жетістіктерге жеткізеді деп ойлаймын. Мысалы, фармацевт мамандығына тазалық, сабырлық, ұқыптылық, кішіпейілділік, ізденімпаздық сияқты қасиеттер болуы керек. Мен өз бойымда осы қасиеттердің барына сенімдімін. Сондықтан осы мамандықты таңдадым. Менің арманым осы мамандығымды жақсыға аяқтап диплом алып, білікті маман болу. Еліміздің «Дипломмен ауылға» бағдарламасын қолдана отырып, өзімнің туып өскен мекенімді қызмет жасау.

Гүлденген Қазақстанның, бүкіл әлемін назарын өзіне аударған сәтінде дамыған елдермен қарым – қатынасты одан әрі нығайта түсуде кішкене болса да өз үлесімді қосу. Мен бұл саланы – өмірлік мамандығым деп таңдадым. Сөзімді Жүсіпбек Аймауытов атамыздың мына бір өлең шумақтарымен қорытындылағанды жөн көрдім:

Көк жүзіне алаулы,  
Міндет емес ай болу  
Ең бастысы – қалаулы,

Кәсібіңе сай болу!

Мен таңдаған мамандық – менің болашағым! Әрбір бітіруші жас түлекке алдағы келе жатқан Ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары балл жинап, өз мамандықтарының иесі атануына тілектеспін! Кәсіптің нәпсің көру адамның арманы! Демек осы арманның барлық жандарда орындалсын!

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2018 жылдың 5 қазанында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында
2. «Выбор профессии» Александр Соловьев 2013 жыл, 237 бет
3. <http://krmc.kz/kz/fakultet-farmacija/> сайтынан алынды.

### «КҮЛКІ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ»

Атамекен ауылының, 7 «А» сынып оқушылары,  
Жуасхан А. , Мұса Ұ.  
Атамекен ауылының, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі  
Асанова Б. Б.  
asanova-botagoz@mail.ru

**Адамзат ең қуатты қаруға ие, ол күлкі.  
Марк Твен**

Біз әр күнімізді амандық-саулық сұрап, бір-біріміздің қал-жағдайымызды білуден бастаймыз. Сол сәтте біз күлімдейміз, бірақ оны сезіне бермейміз де, оның біздің денсаулығымызға қандай әсер қалдырып жатқанын да түсіне бермейміз.

Біз өзіміздің биылғы оқу жылындағы ғылыми – зерттеу жұмысымызда осы тақырып аясында зерделеп көргіміз келді. Яғни зерттеу тақырыбы : «Күлкі терапиясының адам денсаулығына әсері» Не себепті біз бұл тақырыпты таңдадық? Себебі мен Жуасхан Айымгүл болашақта психолог мамандығын таңдасам, Мұса Ұлас дәрігер болуды армандайды. Екуміздің де аңсаған арманымызға қол жеткізу үшін осы тақырыптың тигізер пайдасы өте зор.

Осыдан екі жыл бұрын мен басты рөлде Пэтч Адамс ойнайтын «Целитель Адамс» атты фильмді көрдім. Бұл фильмде күлкінің пайдасы қызықты туралы бірнеше мағұлмат берілген. Сол уақыттан бері менің көкейімде мынадай сұрақ туындады: Осы адамдар неліктен күледі? Оның пайда болу себептері қандай? Сұрақтарыма жауап іздеп талай оқулық беттерін парақтадым, интернет желісіне кірдім. Өзімнің сұрағыма қанағаттанарлық бірнеше жауап тауып қана қоймай, осы тақырып мені онан сайын еліктіре түсті, қызықтыра берді. Сол себепті де мен сыныптасым Мұса Ұласпен біріге отырып, биылғы оқу жылындағы ғылыми-зерттеу тақырыбын таңдауымыздың бірден-бір себептерінің бірі осы болды. Зерттеу барысында келесі гипотеза туындады: Егер біз күлкінің қыр-сырын зерттесек, зерттеу барысында оның адам ағзасына қандай көмегі тиетінін дәлелдеп бере аламыз.

Біз осы тарапта бірнеше оқулықтарды оқып, газат-журнал беттерінде берілген ақпараттарды жиыстырып, интернет желісі бойынша материалдар іздестіре бастадық. Тақырыпты зерттеу барысында алдымызға мынадай мақсат қоя білдік:

-Күлкінің адам денсаулығына қандай пайдасы бар екенін зерттеу;

-Адамзат өмірінде күлкінің маңыздылығын ашып беру;

Алға қойған мақсатқа жету үшін алдымен төмендегі берілген міндеттерді орындау керек болды. Олар:

- Адамзат баласына күлкіні сыйлаған табиғи құбылыстың қыр-сырын ашып көрсету;
- Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан «Ана мен бала орталығына» сапар шегу;
- Күлкі терапиясының адам денсаулығына оң әсер ететіндігі туралы қорытынды жасап, ұсыныс білдіру.

Зерттеу әдістері:

- Қосымша әдебиетпен танысу;
- Жұмыстың гипотезасын шығару;
- Практикалық жұмыс жүргізу;
- Байқау,қадағалау жүргізу;
- Қорытынды жасау және ұсыныс.

Өзара қарым-қатынас кезіндегі күлкінің атқаратын рөлі жөнінде айта кетсек, күлкі және оның басқаға әсер ету күші туралы талай ғалымдар өз еңбектерінде атап көрсеткен. Күлкі – сенің көңіліңнің толып, ризашылық күйде тұрғаныңды білдіреді. Зерттеу барысында дәлелденгеніндей- егер дүкенде сатушы күлімсіреп тұрып қызмет жасаса, оның тауарларының сатылуы 20 пайызға өсетіні дәлелденген. Күлімдеп тұрған адам қабағын түйген адаммен салыстырғанда айналасындағыларды өзіне магнит тәріздес тартады екен. Осы орайда ғалым В.Левидің мына сөздерін тілге тиек етеміз: «Біреу үшін күлімдеудің қажеті жоқ. Шынайы көңіліңнен шыққан күлкі ғана айналаңдағыларға әсер етеді. Және де біреу үшін күлме.

Дұрыс күле білу де өнер. Ол жүректен шығуы керек және де төмендегі ережені тудырды: «Күлейік! Күлкі біздің қаруымыз! Өленде атап көрсетілгендей: «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат».

Егер біз біреуге қарап күлетін болсақ, міндетті түрде қарама-қарсы тұрған адамның езуінде күлкі үйіріледі. Көңіліміз қанша құлазып тұрса да әрдайым күлімсіреп жүруді әдетке айналдырайық. Ғылыми түрде дәлелденген күлкінің төрт түрі бар екен, жәәне де оны адамдар күнделікті тіршілікте жиі қолданады екен. Олар: ерінді жымқырып күлу; ауызды қисайта күлу; ауызды ашып қарқылдап күлу; миығынан күлу. Күлкісіне қарап, адамның мінезін, ішкі жан-дүниесін шамалауға болады екен... Айғайлап күлу. Мұндай адамдар көбіне ашық мінезді, дені сау, көпшіл болып келеді екен, ал енді дыбыс шығармай ақырын күлгендердің мінезі тұйық болады. Қысқа күлу. Күштің, ақылдың, құпиялықтың белгісі. Мұндай адамдар үлкен қиындықтарды оңай жеңе алады. Үзіп-үзіп күлу. Көбіне жүйке жүйесі сыр берген күйгелек адамдар осылай күледі. Дәрекілікпен күлу. Мұндай адамдар жабайы, билікке ұмтылғыш, эгоист болып келеді. Күлгенде қандай қимыл жасайсыз? Күлгенде басыңызды артқа шалқайтсаңыз, аңқау, сенгіш адам болғаныңыз.

Күлкі-адамға көңіл-күйінің көтеріңкі жүруіне әсер ете отыра, денсаулыққа пайдасын тигізеді және өмірді ұзартады. Адам күлеген кезде дененің барлық мүшелеріне оң әсерін тигізеді. Күлкіден тыныс алу жиілейді, диафрагма қалыптасады, мойын, іш, бет бұлшық еттерінің жұмысы артады.

Күлкі эндорфин деп аталатын жақсы көңіл-күй гормондарын өндіруші алапат күш. Оның адамды емдей алатын да ғаламаты бар. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтірейік. Норман Казинс деген адамға дәрігер спондилит, яғни белдің жазылмайтын ауруы деген диагноз қойған және де қолдарынан ештеңе келмейтіні туралы ашық айтқан. Күндердің күнінде Казинс қонақ үйден бөлме алып, жан шыдатпас ауырсынуды ұмыту үшін күлкілі шығармалар оқып, комедиялы фильмдер қарай бастайды. Осылардың әсерінен ол күн бойы қарқылдап күлумен болады. Кейін бірте-бірте ауырсынулардың азайғандығын байқайды. Осылайша оның денсаулығы бірте-бірте қалпына келе бастайды. Бұған аң-таң болған дәрігерлер зерттеулер жүргізеді. Нәтижесінде аурудың жазылуына морфинге ұқсас бір заттың көмектескендігі анықталады.

Адам күлген кезде мұндай зат мида өндіріліп, ауырсынуды басады екен. Ал күлкі кезіндегі тыныстың ерекше ырғағының көмегімен бұлшық еттің тонусы қалпына келген.

Дәрігерлердің өзіне бұл ғаламдағы алғашқы жаңалық болды. Осы уақиғадан кейін Казинс «Ауру анатомиясы» атты кітабын жарыққа шығарды, ал ғалымдар – эндорфиндердің әрекетін зерттеуді бастауға мәжбүр болды. Эндорфиндер-бұл күлкі кезінде мимен өндірілетін

химиялық зат. Химиялық құрамы бойынша олар морфин мен героинге ұқсас және иммундық жүйені арттырады.

Ғылыми- зерттеу жұмыс барысында теориялық бөлімде бірнеше әдебиеттермен танысып, оқып , талдағаннан кейін біз іс жүзінде практикада күлкіні қолданып көрмекші болдық. Алдымен өзіміздің отбасымыз, мектептегі сыныптастарымыз және көшедегі бейтаныс адамдармен тәжірибе жүргізуді жоспарладық.

Мысалы күнделікті мектеп өмірінде сыныптастарымызбен күлімсіреп сөйлесек, олардың бізге деген көзқарастары да өзгергендігін байқадық. Бұрындары бір нәрсеге өтініш білдіргенде оны орындай қоймаса, күлімсіреген жүзімізді көріп орындауға тырысты. Ал, үйде ата-ана , бауырларымыз да бет-әлпетімізге қарап бойымызда бір өзгерістің пайда болғанын ашық айтты. Және де отбасымыздағы бір-бірімізбен ара қатынасымыз да жақсы жағына бет бұра бастады.

Ғылыми зерттеу жұмысымызды әрі қарай деректермен дәлелдеу үшін Нұр-сұлтан қаласында орналасқан «Ана мен бала орталығына»сапар шектік. Онкологиялық диспансердің бас дәрігерінің ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Түсіпбаева Ләйлә Қайырлықызы және онкопсихолог Қорлан Аманжолқызы ханымдармен сұхбаттасудың сәті түсті. «Біздің «Ана мен бала орталығында» онкологиялық ауруға шалдыққан балаларды қолдауға бағытталған «Күлкі терапиясы»акциясы жиі өткізіліп тұрады. Балалар сайқымазақтармен ойнап,концертке қатысады. Шара соңында оларға сыйлықтар таратылады. Бұл әдіс Қазақстанда қазір біртіндеп енгізіліп жатыр. Әдістеменің мән-мағынасына тоқталған әдіскер күлкі терапиясының балалардың денсаулығына игі әсер беріп жатқандығын атап көрсетті. Сайқымазақтар балалармен ойнайды,жұмыс істейді,әңгімелеседі.Нәтижесінде ауру синдромы төмендейді.Күлкі терапиясының баланың сауығып кетуінің жалпы үрдісін жақсартатыны белгілі.Ол иммундық жүйені,қан айналымы жүйесін жақсартады. Ісік ауруына шалдыққан балалар ауруханада ұзақ мезгіл емделеді. Сондықтан,күн сайын сырқатпен арпалысқан балалардың өмірін аз да болса жеңілдету үшін осындай акцияларды жүйелі түрде өткізу аса маңызды»-деп сөзін аяқтады Қорлан ханым.

Сонымен бірге Қазақстандық психолог-сарапшы Анна Кудиярова да қазіргі заманда күлкі терапиясының қандай оңтайлы жақтары бар екендігі туралы ақпарат беттерінде көп айтып кеткен.

"Әзіл-оспақ, күлкі – бұл адам жанының саулығы. Психотерапевтер күлкіні ауыр науқасқа шалдыққандарға пайдаланады. Бұл осы науқастарды қарайтын дәрігерлерге де жәрдем болады. Күлкі терапиясы сайқымазақ шоуы, концерт немесе КВН түрінде өтеді. ", — дейді ол.

Аталмыш тақырып аясында жүргізілген ғылыми –зерттеу жұмысыны қорытындылай келе, біз күлкінің адам денсаулығына қандай оң әсер ететіндігі туралы дәлелдемелер келтіріп, жан-жақты аша білдік. Табиғат адамзат баласына күлу мүмкіндігін тегіннен-тегін сыйламаса керек. Әрдайым күлімсіреп жүретін адамдардың өмірі басқаларға қарағанда ерекше, олар өмірге ризашылығын білдіріп, айналасындағыларға нұрын сеуіп жүреді. Дәрігерлердің өзі күліп жүретін адамның қарапайым тұмаумен сирек ауыратындығы туралы нық сеніммен айта алады.Сондықтан да көп ауырмау үшін ешқандай ақысыз, сатып алмайтын күлкінің біздің денсаулығымызға тигізер пайдасы ұлан ғайыр.

Осы орайда Кристоф Вильгельмнің мына сөздері тілге тиек бола алады: « Барлық дене қимылдарының ішінде — күлкі ең келістісі, ол ас қорытуға, қан айналымына қолайлы әсер етіп, барлық ағзалардағы өмірлік күшке серпін береді Ал өз халқымыздың ұлы ғұламасы, қазақ батыры Бауыржан Момышұлы былай деп тұжырымдаған: «Ой жетпейтін жер болмайды, күлкі жеңбейтін жау болмайды». Сондықтан әрдайым күлімсіреп жүруге тырысайық!

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Абайдың қара сөздері және интернет желісінен алынған мәліметтер.
2. Данилова А. «Күлкі бөлмесі»/аудармасы/
3. Ноткин Б. «Об улыбке по – научному» / 1988. 10 бет/ аудармасы

4. Шиманская В., Шиманский Г. Монсики «Эмоция дегеніміз не және онымен қалай достасуға болады?»/аудармасы/

#### «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» -ТӨРТІНШІ ИНДУСТРИАЛДЫ РЕВОЛЮЦИЯ ШАРТЫНДА»

Ақмола облысы, Целиноград ауданы №5 Ақмол орта мектебі,  
10 «А» сынып оқушысы Кабдул Нұрай Маратқызы  
Ақмола облысы, Целиноград ауданы №5 Ақмол орта мектебі,  
Психолог, өзін-өзі тану мұғалімі Хожатова Раушан Естаевна  
[kazhikova\\_raushan@mail.ru](mailto:kazhikova_raushan@mail.ru)

Өзін-өзі тану адамға өзін-өзі анықтауға, жақсы қасиеттерін ашуға, өзіне адалдыққа, өзінің абыройын сақтай отырып үнемі адам, осы сөздің толық мағынасында, болып қалу үшін қажет. Негізінде, адамзаттың барлық тарихы өзіндік адамгершілікті үнемі және үздіксіз жетілдіру процесі болып табылады. Өзін-өзі тану, білім мағынасының құндылығын күшейтуге отырып, жеке тұлғаның риясыз сүйю, өзіне және өз күшіне сену, жақсылық жасау, көп білу және өзін-өзі жетілдіру, дене, психологиялық, рухани, әлеуметтік және шығармашылық дамуда үйлесімділікке жету қабілетін ашады және дамытады.

Назарбаева Сара Алпысқызы: *«Өзін-өзі тану» курсы адамның өзін-өзі табуына, ең жақсы қасиеттерін ашуға, өзінің кейпін өзгертпеуге, адамгершілігін және әрқашан адам қалпын сақтауға көмектеседі. Негізінде, адамзат тарихының өзі адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі жетілдірудің тұрақты және үздіксіз процесі болып табылады.»* -деп өзін-өзі тану пәнін мектеп арасында дамытқан болатын.

*Өзін-өзі тану пәнінің басты мақсаты:*

- рухани адамгершілік білім беру;
- өзінің өмірлік позициясын анықтау;
- қандай да бір мәселелерді адамгершілік нормаларға сәйкес сындарлы шешу;
- өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау;
- адамдарға қолдан келгенше көмек беру, туыстарына және жақындарына қамқорлық көрсету;
- өзімен-өзі үндестікте өмір сүру;
- адамгершілік тұрғысынан таңдауға даярлығын таныту және өз ойы, сөзі мен ісіне жауапты болу;
- қоғамға қызмет ету дағдыларын жүзеге асыру.

Педагог – тәрбие беру басымдылықтарының негізгі жолсерігі. Тәрбие үрдісінің ақырғы нәтижесі оның кәсіби –тұлғалық қасиеттеріне байланысты. Мейірімділік, кішіпейділік ортасы, педагогикалық қолдауды күшейту, балаларға белсенді сенім арту – бала тұлғасының адамгершілік – рухани қалыптасуының негізгі қалаушы жағдайлар.

«Өзін-өзі тану» пәні туралы менің ұсынысым: «Өзін-өзі тану» пәнін психологиялық аспектілерімен байланыстыру (жеке тұлға, индивид ретінде).

«Өзін-өзі тану» бала мен жасөспірімнің рухани-адамгершілік мәдениетінің дамуына, өз өмірінің мәнін түсінуге, өзінің «Менін» түсіну арқылы адамның жоғары болмысын, өзін-өзі тануға бағытталған пән. «Өзін-өзі тану» пәні мәдениеттің, жалпы адами құндылықтың, адамның шығармашылық қабілеттілігін дамыту, өзінің қайталанбас даралығын ұғыну, әрбір оқушы өзінің табиғи қабілеттілігін ашуды дамытуға бағытталған. «Өзін-өзі тану» пәнінің негізін құрайтын руханилық-зияткерлік, этикалық және эстетикалық негізгі үш өлшемнің бірлігінде дәлелденеді. Пәннің базалық мазмұны төрт негізгі бөлікті қамтиды: адамның өзін-өзі тануы; адам және қоғам; адам және қоршаған орта; адамзаттың рухани тәжірибесі. Өзін-өзі танудың пәндік аймағы әрбір оқушының өзінің табиғи қабілеттілігін ашуға және өзінің ішкі әлемін



ашудағы шығармашылық шамасына, өзінің қайталанбас даралығын ұғынуға бағытталған мақсатты оқыту барысын ұйымдастыруға болжанған.

Сабақтар адамзаттың рухани мұрасының жақсы үлгілеріне жүгінеді. Оларды жиі «Халық даналығы» сабағы деп атайды. Оқушылар өздерінің ішкі әлеміне талдау жүргізеді және өзінің жеке әрекетіне баға береді, өзінің жеке «Менің» сыртынан жолдар іздейді, ұғынады, үйренеді, өзінің ойын, сөзін және әрекетін талдайды, өзінің жағымсыз қасиеттерін жеңіп, жағымды қасиеттерін жетілдіреді [1].

Өзін-өзі тану сабақтарында оқытушымен ашық диалог жүргізіледі, әлеуметтік-рөлдік ойындар мен тренингтерде адамдардың өзара қарым-қатынас әлемі зерттеледі, өмірлік бақылаулары бойынша пікір алмасады, қоғамға қызмет етудің практикалық дағдылары дамытылады. Өзін-өзі тану ерекшелігін есепке ала отырып, денсаулық сақтау әлеуетіне ие әр түрлі стандартты емес сабақ түрлері пайдаланылады. Осы бағытта басты рөл оқытудың және тәрбиелеудің заманауи әдістерімен, психологиялық біліммен, балалардың жас ерекшеліктерінің есебімен педагогикалық барысты өз бетінше құрастырудағы ептілікті білетін мұғалімге бұрылады. Өзін-өзі тану мұғалімі сабақта жеке тұлғаның шығармашылық шамасын ашуға, оның қабілеттілігіне және мүмкіншілігіне көмектесетін әртүрлі дәстүрлі және дәстүрлі емес интерактивті нысандар және оқытудың әдістерін пайдаланады. Рухани адамгершілік білімінің ерекшеліктеріне сәйкес, оқушылардың саны емес, олардың оқудағы жетістіктерінің сапалы бағалары маңызды. «Өзін-өзі тану» пәні өзін-өзі дамытудың және өзін-өзі жеке тұлғаландыруды актуализациялаудың, оқушылардың маңызды өмірлік ептілікке және кеңінен шоғырланудың дағдыларына ие болуларына көмектесу және қолдау көрсетуге қажетті жағдай болып табылады.

**«Өзін-өзі тану» курсы – бұл**, ең алдымен жаһандану кезеңінде бақытты өмір сүре алатын, қоршаған ортаны сақтай алатын, өмірлік ұстанымы басқа адамдарды түсіне алатын, өз әлемінің ұлттық бейнесін қорғай отыра, түрлі мәдениет пен өмірлік тәжірибелерге құрметпен қарайтын рухани ағарған адамды, Ғаламшар азаматын және бір мезетте Қазақстанның азаматын қалыптастыру, жеке тұлға ретінде дамыту жүйесі. «Өзін-өзі тану» философия және психология, педагогика және тарих, дінтану және мәдениеттану, әдебиет, ұлттық психология, этика, эстетика, әлеуметтану сияқты гуманитарлық және жаратылыстану ғылыми пәндерді байланыстырған жұмылдырылған база тәріздес [2].

Шынында, біз сыртқы әлемді түсіну және меңгеруді үйрендік, алайда өзіміздің ішкі әлемімізді зерттеуді және түсінуді ұмыттық, яғни өз-өзімізді. Қазіргі заманғы адамзат кең байтақ бүкіл әлемді жаулап алып жатқанын мақтан тұтады, алайда біз өз өзімізді жаулай алмағанымыз анық. Ілгерілеу мен білімнен қандай пайда, егер адам ызадан, ашкөздіктен, қызғаныштан, қайғы-қасіретпен және өзгелерге қайғы-қасірет келтіріп өмір сүруден құтыла алмай жүргенде. Осы туралы қазақтың ұлы классиктері де айтқан. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердиев ғалымдарға барлық білім беру мекемелерінде міндетті «Ар-ұждан ғылымын» жасау және енгізуді ұсынған болатын. Қазақтың аса көрнекті ақыны және ойшылы: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады. Олар: барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді». Өзін-өзі тану сабақтарын ар-ұждан сабақтары деп атауға болады, себебі ар-ұждан барлық рухани-адамгершілік құндылықтарын айқындаушы болып табылады. Бүгінгі күні Шәкәрім Құдайбердиевтің арманы орындалды деуге болады, себебі өзін-өзі тану сабақтары Қазақстанның барлық жалпы білім беретін мектептерінде жүргізіледі. Руханилық - бұл «адамның сол немесе басқада жоғары құндылықтарға ұмтылуы, адамның өзін өзгертуге талпынуы, өзінің өмірін сол мақсатқа жақындатуы және ішкі үйреншіліктен босатылуы» (В.И. Даль).

«Өзін-өзі тану» бағдарламасы баланың отбасындағы өмірімен, отбасылық дәстүрмен танысуға мүмкіндік туғызады. Отбасы және мектеп алдындағы мақсат-міндеттер ортақ: дені сау, қабілетті, дарынды, рухани-адамгершілігі мол жеке тұлғаны тәрбиелеу. Адамгершілік – рухани тәрбиенің қайнар көзі саналатын «Өзін-өзі тану» пәні баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүюге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретуге, ұрпақ бойына жалпы адамзаттық

құндылықтарды, адамгершілік принциптер мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. Жас ұрпақты оқытып қана қою аз, оларды жаңаша дағдыларға тәрбиелеу қажет. Ғылыми технология адамның ұшқыр ойлы, терең білімді, озық тәрбиелі болуын талап етеді. Сондықтан рухани-адамгершілік тұрғысынан білім беру әр тұлғаның азаматтық қабілетінің жоғары болып, олардың кез келген ортада белсенділік көрсете алатын қабілеттерін жетілдіру. Өзекті болып отырған мәселелердің ішіндегі білім жүйесін ізгілендіруде «Өзін – өзі тану» пәні іргелі рөл атқарады. «Өзін-өзі тану – өмірді тану», – деп айтқандай көне грек философы Сократ. Басты мақсат – әр адамның өмірден өз орнын табуына ықпал ету. Өзін – өзі тану пәні әлемнің ең басты құндылығы – адам және адамның өмір сүру үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделеді. Өмірдің осындай қарапайым ақиқатына – ұлттық құндылықтарды меңгере отырып, баланы халқының адал ұлы мен қызы болуға нағыз адам деген ардақты атқа лайық болуға жастайынан үйрету. Қазіргі қоғам талабы да осыны көздеп отыр емес пе? Осы мақсаттарды жүзеге асыруда балалардың кішкентай кезінен ата-аналарына, туған-туысқандарына қоятын «Мынау не?», «Мынау кім?», «Неге олай?», «Неге бұлай?» деген сұрақтарына дұрыс та нақты, дәлелді де тиянақты жауап беріп, оның танымдық сұраныстарын қанағаттандыра отырып, жан – жақты тәрбиелеудің негізі осы өзін-өзі тану пәнінде жатыр. Өзін-өзі тану пәні адамның қоршаған ортаны дұрыс қабылдауынан, оларға деген дұрыс қарым-қатынасынан басталады. «Баланы – жастан» деген халық мәтелі тегін айтылмаған. Кішкентай кезінен тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, ұйымшылдыққа, отаншылдыққа тәрбиеленген бала адамгершілігі мол азамат болып шықпақ. Осындай жауапты да күрделі міндет жүктелген «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдері мен балалар, ата-аналары арасында өзара түсіністік, сыйластық, бір-біріне деген құрметі бірінші кезекте тұруы, яғни өзара дос-құрбыларына, дәрежесі, құқығы тең адамдарша тілдесулері де жақсы нәтижеге жеткізеді. Осындай жағдайлардың жүзеге асуына «Өзін-өзі тану» пәні көмектеседі. Сабактың негізгі мазмұнында балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру мен қанағаттандыруға, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға арналған алуан түрлі этикалық ойындар мен жаттығулар қолданылады. Балаларды мейірімділікке, достыққа, сүйіспеншілікке, сыйластыққа, түсінушілікке баулып, баланың бойында жалпы адамзаттық қасиеттерді сіңіруді көздейді[3].

Бала тәрбиесінің алтын қазығы – туған ұясы, өз отынын басындағы ата- ана тәрбиесі, өнегесі. Ұлы ғалым, философ Әбу Насыр әл – Фараби “ Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі” деген екен. Бұдан шығатын түйін, бала тәрбиесіне ең әуелі оның өз ата – анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы ,ақыл – ойы, сана – сезімі, адамгершілігі әсер етпек. Бала ата – ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңгісі [4]. Жас ұрпақты жан – жақты жетілген, ақыл – парасатты, ой- өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Халықтық педагогикадағы ұрпақ тәрбиесіне келетін болсақ: бұрын қазақ халқының әрбір отбасы өзінің ұрпағын ақылды, ержүрек, жарамды етіп тәрбиелеуді жеке басының жұмысы деп қарамай, ұлтының, Отанының ертеңі, болашағы тұрғысынан өзінің қоғамдық борышы деп қараған. Сондықтан әрбір ата- ана баласын ар – намысты болуға, адамгершілікке , мейірбандыққа, тектілікке, кісілікке, атамекенін сүйеге, Отанын қорғауға дайын тұруға баулыған.

«Рухани мұраға сүйінбеген елдің жұлдызы жанбайды демекші, заман ағымы талап етіп отырған ата-бабаларымыздың қалған әдеби мұраларымызды, халқымыздың өсиетін, өнегесін дәріптеп, дәстүрін таңғажайып тапқырлығын, олардан қалған ескірмейтін көне сөздерді, мақалдар мен мәтелдерді бүгінгі ұрпаққа үлгі –өнеге болатындай, келер ұрпаққа тәлім-тәрбие беретіндей ғасырлар қойнауынан сыр шерткен асылмұраларымызды рухани-адамгершілік білім беруде тиімді қолдану – «Өзін-өзі тану» пәні бастауы бұрыннан болған, біздің арғы ата-бабаларымыздан келе жатқан жақсы дәстүрлеріміздің жалғасы іспеттес деуге болады.

Қорыта айтқанда, «Өзін-өзі тану» курсының бүгінгі таңда бала тәрбиелеуде маңыздылығы өте зор. Бұл пән адамды жеке тұлға ретінде тәрбиелеуге бағыт ұстайды. Әрбір жеке тұлға, жеке азамат өмірдің мәнін түсініп, өзіндік орнын табуы үшін ішкі мүмкіндіктерін аша білуі қажет.

Ғасырлар бойы ұрпақтан -ұрпаққа жеткен халқымыздың мол мұрасы осы пән арқылы келесі ұрпаққа жетіп жатса – біздің де мақсаттарымыздың орындалғаны.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Алматы: Компьютерно-издательский центр Ин-та философии и политологии МОН РК, 2002. ¾ С.
2. Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б. Жарикбаев, С.К.Калиев. — Алматы: Рауан, 1995. — С.
3. «Өзіндік таным». Рухани-адамгершілік тәрбие беру журналы. №2-5, 2003ж;
4. Самопознание.Kz «Дәуір» баспасы №7,8. 2011ж сыныптарға арналған әдістемелік құрал С.Назарбаева 2010ж;

### COVID 19 - ПРИГОВОР ИЛИ НОВАЯ СТУПЕНЬ НАУКИ.

Калиева Айя Айбековна  
ученица 9 «Г» класса СШЛ №2 г.Кокшетау  
Алимов Архат Аликович  
магистр педагогических наук по специальности биология,  
преподаватель КГУ им.Ш.Уалиханова  
[arkhat-95@mail.ru](mailto:arkhat-95@mail.ru)

COVID-19 является зоонозным вирусом. Господствующей среди эпидемиологов является точка зрения, что источником вируса были летучие мыши [1, с. 156].

Затем вирус — или напрямую, или через другое животное — попал к человеку. Надо сказать, что такой переход случается крайне редко, это происходит с одним из миллиона или даже миллиарда вирусов, для этого должно совпасть множество условий. Однако если это произошло, что дальнейший процесс происходит очень активно: иммунитет очередного носителя не приспособлен к вирусу, он может быть гораздо более патогенным, вызывать серьезные осложнения и даже смерть. Кроме того, он быстро размножается [1, с. 132].

Чаще всего от животных к людям переходят как раз коронавирусные инфекции COVID-19. Их так называют, потому что на электронной микрофотографии или на срезе они напоминают корону. Этот вирус часто вызывает простуду и среди людей встречается достаточно часто [1, с. 156].

На начальной стадии заболевшие COVID-19, как полагают, заразились в основном от зоонозного источника на оптовом рынке морепродуктов в Китае [1, с. 156].

В мире в 2020 году активно ведутся три проекта, которые должны позволить в ближайшем будущем получить точные сведения о конкретике происхождения вспышки. Эти проекты включают в себя ранние расследования случаев заражения коронавирусом, а также исследования на обнаружение COVID-19 у различных летучих мышей, пресмыкающихся и морских животных в южных провинциях Китая [3, с. 202].

В библиотеке научных трудов о коронавирусе, опубликованных на сайте Национального центра биотехнологической информации США (NCBI) был обнаружен любопытный материал, который опубликовали летом 2019 г. ученые из южнокорейского университета Халлима, шанхайского университета Фудань и Международного исламского университета Малайзии. Ниже наиболее интересный фрагмент доклада:

«За последние десятилетия мы видели несколько эпидемий респираторных инфекций от новых вирусов, которые произошли от животных. Инфекции, включая атипичную пневмонию (коронавирус SARS-CoV), ближневосточный респираторный синдром (коронавирус MERS-CoV) и свиной грипп серьезно угрожали мировому здравоохранению. С учетом неправильного

использования антибиотиков и массовых международных путешествий распространение устойчивых к карбапенемам грамотрицательных бактерий вызывает серьезные опасения. Эти инфекции с эпидемическим и пандемическим потенциалом представляют огромную угрозу общественному здоровью в Азиатско-Тихоокеанском регионе и требуют более эффективной системы предотвращения и контроля», — говорится в научной работе «Появляющиеся респираторные инфекции угрожают общественному здоровью Азиатско-Тихоокеанского региона» [2].

Ученые из медицинской школы Duke-NUS в Сингапуре при этом отметили в своей работе «Вирусы в летучих мышах и потенциальная передача их животным и человеку», наличие вирусов, способных породить эпидемии, которые передавались от летучих мышей. В частности, «речь идет о коронавирусе SARS, вирусах Hendra и Nipah. Также летучие мыши могут быть причиной распространения вируса Эбола и коронавируса MERS. Они вообще могут быть хранилищем большого количества известных и неизвестных вирусов, многие из которых могут передаваться человеку. Знания биологии и иммунологии летучих мышей ограничены, и у ученых нет ясного понимания основных факторов, влияющих на передачу вирусов от летучих мышей» [2].

В январе 2019 года сингапурские ученые опубликовали последние развернутые экспериментальные данные о том, как летучие мыши могут передавать вирусы. Специалисты из Университета Гонконга заметили, что летучие мыши являются наиболее эффективными распространителями коронавирусов, а юг Китая — идеальным местом, откуда может начаться глобальная пандемия. В их работе «Глобальная эпидемиология коронавирусов летучих мышей», можно прочесть следующее: «Летучие мыши — второй по численности вид млекопитающих и потенциальные переносчики самых разнообразных вирусов. Они являются единственной группой млекопитающих, способных к длительному полету, что позволяет им распространять вирусы и увеличивать вероятность межвидовой передачи [2].

До эпидемии атипичной пневмонии в начале 2000-х годов летучие мыши не были известны в качестве носителей коронавирусов. За последние 15 лет у них обнаружили более 30 коронавирусов с секретированными полными геномами, и намного больше, если в них нет геномных последовательностей» [3, с. 202].

В многочисленных работах китайские ученые указывали на то, что наибольшую опасность для людей представляют рынки диких животных и рестораны в Южном Китае, где продают или готовят летучих мышей. Их наличие приводит к межвидовой передаче коронавирусов и может спровоцировать разрушительные глобальные вспышки заболеваний, считают они [4, с. 242].

В ходе международной научной кооперации в 2016—2017 гг. в южных провинциях Китая поймали для исследований 1779 летучих мышей и 32 из них оказались переносчиками коронавирусов [2].

«Два новых альфа-коронавируса, коронавирус летучей мыши *Rhinolophus sinicus* HKU32 (Rs-BatCoV HKU32) и коронавирус летучей мыши *Tylonycteris robustula* HKU33 (Tr-BatCoV HKU33), были обнаружены у китайских подковоносых летучих мышей в Гуандуне и больших бамбуковых летучих мышей в провинции Гуйчжоу», — говорится в работе вирусологов Университета Гонконга. — Новые альфакоронавирусы летучих мышей подтверждают, что китайские подковоносые летучие мыши являются, несомненно, главными потенциальными хранилищами новых коронавирусов».

Планета Земля пережила, очень много смертельных инфекций, эпидемий и пандемий, и врачи всегда находили вакцины, и мы уверены, что пандемия COVID-19 не станет исключением.

### Литература:

1. Аманова Ш.Т. Изучение зоонозных вирусов // Актуальные проблемы современной науки. — Москва: Наука, 2006. -190 с.
2. <https://clck.ru/NC6dn>
3. Гунько Э.А. Вирусы Земли. — Украина: Наука, 2001.- 250 с.

## ПОЗИТИВНОЕ МЫШЛЕНИЕ – ПУТЬ К УСПЕХУ

Красавская Екатерина Петровна  
ученица 10"Б" класса, КГУ "Колутонская средняя школа"  
Жаканова Айгуль Азимжановна  
учитель самопознания, КГУ " Колутонская средняя школа "  
eka.kr8@gmail.com, zhakanova\_aygul@mail.ru

Однажды я задумалась, почему одни люди добиваются своей цели, а значит, и успеха, а другие, наоборот, становятся по своему развитию даже ниже, чем было раньше. В чем проблема?

И я поймала себя на мысли: «А на каком уровне буду я?»

Тогда я начала спрашивать у своих родителей про их окружение, их знакомых и родных, наблюдать за своими одноклассниками и за собой.

Каждое поколение находится примерно в одинаковых условиях: одно и то же образование, образ жизни, приоритеты. Конечно, эти пункты могут влиять на успех, но ведь есть много случаев, когда из не совсем богатой семьи выходили ученые, академики и т.д.

Тогда мелькнула мысль: «Способности?»

О, это неоспоримый факт. Но, если честно сказать, сколько людей, имея феноменальные способности, не смогли реализовать себя? И вот здесь-то я подумала: «А, может, все дело в том, что они были неуверенные или мышление у них было негативным?» Меня заинтересовала эта идея, и я решила ее более подробно изучить.

Что же такое негативное и позитивное мышление?

**Негативное мышление** - способ мышления, оперирующий отрицаниями, склонный к возражениям, видящий негативные стороны.

В категории проблем мыслят люди с негативным мышлением, в категории возможности - с мышлением позитивным. К негативному мышлению склонны слабые люди, которые страдают по прошлым неудачам или мечтают, что в будущем будет все классно (и одновременно боятся будущего).

**Позитивное мышление** — это оптимистичный взгляд на мир и происходящие события.

Приведу пример с мухой и пчелой. Для первой мир – помойка с отходами. Для второй – благоухающие цветочные поляны. И это привычная их обстановка – это и есть их образ жизни.

А ведь и также в жизни человека происходит тоже самое.

Много поучительных притч мною прочитано и в учебнике самопознания, и в интернете, в которых тоже говорится о том, как ты воспринимаешь мир, таков и он.

Есть такое выражение «розовые очки», и оно многими воспринимается негативно. А если посмотреть по-другому, большинство людей, которые добились успеха в этом мире, проявляли настойчивость, целеустремленность там, где другие отступили. Представим себе на минуту, что эти люди закинули свою идею, бросили все на полпути, потому что они стали думать, что у них ничего не получится, все плохо и т.д.

Наш мир остался бы на том же уровне, на котором был 100 или 1000 лет назад.

Их «розовые очки» помогли им рассмотреть возможность там, где другие видели только препятствия. Иногда «розовые очки» стоит снимать, чтобы критически оценивать происходящие события, сопоставлять полученные результаты с ожидаемыми. Но это совершенно не значит, что следует превращаться в пессимиста.

А ведь и у меня бывает так. Например, хочу научиться чему-либо – одно препятствие, второе препятствие и всё – я начинаю думать, ничего у меня не получится.

Как научиться мыслить позитивно?

Я просмотрела много разных видео и прочитала статьи. Выявила несколько способов:

- мотивирующие книги и видео;
- общение с позитивными людьми;
- дневник успеха;
- очищение речи от негативных слов;
- умение благодарить;
- аффирмации и афформации;
- проактивная жизненная позиция.

### **Мотивирующие книги и видео.**

Читая книги или просматривая видео, можно изменить свои взгляды.

### **Общение с позитивными людьми.**

Не зря говорят: «С кем поведешься, от того и наберёшься»

Хорошо, когда есть люди, которые своим примером настраивают на позитив. С ними всегда приятно и комфортно. Общение приносит удовольствие, притягивает позитивные мысли. Такие люди никогда не тянут вниз, не «подрезают крылья». Напротив, они уверенно движутся по жизни, вдохновляя и других к экспериментам и творчеству. Я бы хотела, чтобы я стала таким человеком для кого-нибудь из своих друзей или родных.

### **Дневник успеха.**

В него следует записывать все свои достижения, начиная со школьных лет, а можно еще и раньше. Если получалось раньше, соответственно, будет получаться и дальше.

### **Очищение речи от негативных слов.**

Слова – это идентификаторы человеческих мыслей и мировоззрения. Чем чаще человек произносит определенные слова, тем больше они влияют на его подсознание. Как мыслить позитивно, если звучит сплошной негатив? Необходимо раз и навсегда убрать из своего лексикона весь пессимизм и неуверенность, а также нецензурные слова.

### **Умение благодарить**

Быть благодарным, значит ценить то хорошее, что есть в жизни. По принципу обратной связи, раз добрые поступки вызывают чувство признательности, то и благодарность человека в ответ притягивает к нему добро.

Охотнее помогают тому, кто это ценит и умеет сказать спасибо. Тем более что в момент благодарности человек дополнительно подчеркивает для самого себя, что ему есть за что благодарить. Позитивное мышление укрепляется позитивными словами.

### **Аффирмации и афформации**

Аффирмации – это регулярное повторение жизнеутверждающих фраз, а афформации – позитивно заданные самому себе вопросы.

Например, «Одноклассники меня ценят и уважают» (аффирмация) или «Почему меня ценят и уважают одноклассники?» (афформация).

Позитивное мышление тесно связано с пониманием, что плохие и хорошие события в жизни человека в значительной степени определяются им самим. В большинстве случаев человек сам решает, как ему жить.

Умение брать ответственность за свою жизнь на самого себя – и есть проактивность.

Как мыслить позитивно, если «плывешь по течению» и проявляешь пассивность? Активная жизненная позиция отгоняет пессимизм, поскольку человек осознает, что именно от него зависит, будет успех или нет. Для достижения поставленной цели, он берет под контроль свои мысли, позитивно начинает оценивать свои возможности. Успех приходит к тому, кто ждет и верит в него.

Для себя я выбрала многие способы.

Я стараюсь мыслить позитивно. Когда у меня бывает плохое настроение, по-другому, негативным, я занимаюсь любимым делом: спортом или пением, или рисованием.

Из каждого негативного случая нужно извлекать пользу.

Например, пошел дождь, а у тебя были планы, погулять с друзьями в парке. Можно выбрать два варианта: остаться дома и слушать музыку, а можно устроиться вместе с друзьями в беседке и посоревноваться в рассказывании смешных случаев.

Достижение успеха становится возможным только тогда, если в него верить и прикладывать для этого все возможные усилия, отгоняя и тень сомнений.

### Литература:

1. Википедия. Интернет
2. Дейл Карнеги « Как перестать беспокоиться и начать жить»
3. Иван Зимбицкий «11 различий в мышлении богатых и бедных»

## ОТБАСЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

№2 ДБОММИ, 11 А сынып оқушысы  
Қуанышева М.Р.

№2 ДБОММИ, ағылшын тілі мұғалімі,

ТАУ университетінің педагогика және психология магистранты

Нуракенова А.Қ.

«Тұран-Астана» университеті, Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Иргебаева Н.М.

[sem.pav.2011@mail.ru](mailto:sem.pav.2011@mail.ru)

Бұл мақалада бала тәрбиесіне негізгі тікелей байланысы бар орта: отбасы мен білім беру мекемелерінің ықпалдастығы қарастырылады. Бала – жасы кәмелетке толмаған, жан-жақты тәрбиені қажет ететін, болашағынан көп үміт күттіретін жеке тұлға. Балаға тәрбие берушілер: *отбасы*, ата-ана, мектеп, мұғалім, қоршаған орта, жолдастар. Аталған орталар ынтымақтастығы арқылы бала тәрбиесін тиімді жүзеге асыру жолдары тұжырымдалған.

*Кілтті сөздер: отбасы, отбасы функциялары, тәрбие, ынтымақтастық.*

Баланың алғашқы әлеуметтену ортасы – отбасы. Адамның тұлғалық сапаларының жетіліп, қалыптасуы отбасындағы өзара қарым-қатынаспен тікелей байланысты. Отбасының баланың дамып, қалыптасуындағы ролін алмастыратын ешбір орта осы уақытқа дейін болған емес. Отбасының негізгі қызметі өмірге бала әкеліп, ұрпақ сабақтастығын, адамзат өмірін жалғастырумен қатар, баланы тәрбиелеп, мәдени-тарихи құндылықтарды бойына сіңіру, аға ұрпақтың тәрбиесін, әдет-ғұрпын сақтауға үйрету арқылы саналы, дүниетанымы кең азамат етіп тәрбиелеу. Баланың алғашқы әрекеті сыртқы заттық ортамен тікелей байланысты. Сыртқы іс-әрекетті бала әдетте ересектермен бірлесіп, олармен бірге жасайды, ол отбасында басталады.

Выготский, әрбір психикалық функцияның өмір сахнасында екі рет көрінетінін атап көрсеткен – алғашқысы ұжымдық, әлеуметтік іс-әрекет, одан кейінгісі баланың ішкі ойлау тәсілі [1, 406].

Алғашқы отбасындағы өзара түсіністік, ата-ана, аға, әпкелерімен өзара қарым-қатынас нормалары, жағымды әдеттер адамның ары қарайғы дамуында, басқа ортаға адаптациялануында үлкен рөл атқарады.

Л.С. Выготский психиканың дамуы туралы мәдени-тарихи концепциясында тұлға дамуында әлеуметтік ортаны тек бір фактор ретінде емес, ең басты даму көзі деп қарастыруды ұсынады. Баланың дамуында бір-бірімен тұтасып өрілген екі сызықтың болатынын: біріншісі табиғи пісу жолымен жүреді, екіншісі мәдениетті меңгеру, мінез-құлық және ойлау тәсілдерін меңгеруден тұрады деп санайды. Выготскийдің теориясында ойлаудың және басқа да

психикалық функциялардың дамуы олардың өздігінен болмайды, ол «психологиялық құралдарды» пайдалануының арқасында тіл, жазу, санау жүйесі сияқты белгілер мен символдар жүйесін баланың пайдалануынан туады [2,326]. Ал баланың отбасында басталған тұлғалық сапаларының ары қарай ғылыми негізде ұйымдастырылуы білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты талап етеді. Тек басқа адамдармен бірлестіктегі іс-әрекет бала дамуының басты көзі болып табылады. Сана диалог арқылы дамиды: баланың ересектермен диалогы немесе ересектердің бір-бірімен диалогы. Адам өзімен өзі қалғанда да қарым-қатынастың функциясын сақтайды. Выготский: «сөзді үлкен әлемнің кіші бөлшегі, организмнің тірі клеткасы, космосқа қатысты атом» ретінде санайды. Л.С. Выготский адамның дамуын – жаңа мүмкіндіктердің жинақталу кезеңінің жаңа дағдарыс кезеңімен алмасатын сатылы процесс деп қарастырады [3, 16]. Бұл түсінік адамзат дамуының теориялық негізін қалайды. Выготскийдің «жақын даму аймағы» түсінігі баланың әзірге өзінің орындауға мүмкіндігі жетпейтін, тек ересектермен бірлікте және солардың арқасында жүретін әрекеттер кеңістігі болып табылады..

Баланың әлеуметтік ортаға ену жолы,сонымен қатар жас ерекшелік кезеңдеріндегі дағдарыс әр адамда әр түрлі мерізімге созылады, соның ең күрделі кезеңі отбасында өтетіндіктен ата-ананың тұлғаның даму теориясынан хабардар болуы қажеттілік.

Отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүлтік және жеке мүлтік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы [4].

Отбасы – педагогикалық қатынас субъектісі. Бала үшін отбасы – ең алғашқы да аса белсенді тұлғалық қалыптасу көзі. Осыдан отбасында қабылданған көзқарастар, салт-дәстүрлер, ұстанымдар, әрекет-қылық үлгілері тұлға микроэлементіне бастау беріп, оның барша өмірінің негізгі сипатына ықпал етеді [5, 196 б.].

Отбасы әлеуметтік тұрғыдан қоғамда бірнеше негізгі функцияны атқарады, оның ішінде репродуктивтік (қайта өндіру), экономикалық (өндіру және тұтыну), қорғау (қауіпсіздік, денсаулықты сақтау), әлеуметтендіру (балаларды тәрбиелеу, аяқтандыру), коммуникативті (отбасындағы қарым-қатынас), т.б [6, 16]. Осындай күрделі міндет ата-аналардың құзырында. Орыс педагогы В.А. Сухомлинский: «Тәрбие – ол балалармен үздіксіз рухани тілдесу. Және өз балаларыңызды сүйе отырып, оларды сізді сүйуге үйретініңіз, үйретпесеңіз – қартайған шағыңызда көз жасыңызды төгесіз» [7, 56.] деп тәрбиеде қателесудің қасіретін атап көрсетеді. Әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабидің әйгілі: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» [8, 16] деп санауының мәні бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екендігін айғақтайтын басты дәлел.

